| Желтоқсан | Дене шынықтыру | - балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;<br>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;<br>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;<br>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. | Арақашықтықты сақтаймыз<br><br>Қаппен қалай секіреді?<br><br>Хоп-фитболдармен секіру<br><br>Бір, екі.. секіреміз!<br><br>Арқаннан екпінмен қарғу<br><br>Арқаннан тез қарғу<br><br>Бағытты өзгертіп жүру<br><br>Орыннан екі аяқпен қарғып секіру |
| | | **Негізгі қимылдар.**<br>***Еңбектеу, өрмелеу:*** жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан | Биікке секіріп шығу<br><br>Допты оң және сол қолмен жерге кезек-кезек ұрғылап, 5 м жерді жүріп өту |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>***Шанамен сырғанау.*** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Спорттық ойындар.**<br>***Хоккей элементтері.*** Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. | |
| | Сөйлеуді дамыту | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау | Қысқы ертегі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | дағдыларын жетілдіру;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>**Сөздік қор.**<br>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. | Қазақстан жалауы<br><br>Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем!<br><br>Шырша |
| | Көркем әдебиет | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді | Тәуелсіз елім — Қазақстаным!<br><br>Қ. Толыбаев «Кімнің тоны жылы?» (мазмұны бойынша әңгімелеу)<br><br>Кел, жаттайық! А.Асылбеков «Жаңа жыл»<br><br>«Екі аяз» ертегісін мазмұндау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. | |
| | Сауат ашу негіздері | - сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. | [с] дыбысы және Сс әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу.<br>[д] дыбысы және Дд әрпі, әріп таңбасын жазу.<br>[ы] дыбысы және Ыы әрпі, әріп таңбасын жазу.<br>[ы] дыбысы және Ыы әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу.<br>[м] дыбысы және Мм әрпі, әріп таңбасын жазу<br>[л] дыбысы және Лл әрпі, әріп таңбасын жазу<br>[к] дыбысы және Кк әрпі, әріп таңбасын жазу.<br>[қ] дыбысы және Кк әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу. |
| | Қазақ тілі | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы | Орман жануарлары<br>Т-Д дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау негіздері).<br>"Оқтауы бар түлкі" ертегісін әңгімелеу.<br>Ш-Ж дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері).<br>Қысқы табиғат құбылыстары.<br>Балалар қысты қарсы алады.<br>С-З дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>**Сөздік қор.**<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу. | орнын табу) мен әрпі (атау негіздері).<br>Қазақстанның қазба байлықтары. П-Б дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері).<br><br>Киім түрлері. Жаңа жылға дайындық<br>Ф-В дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері). |
| | Математика негіздері | - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;<br>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;<br>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;<br>- математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.<br>**Шама.**<br>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен | Заттарды салмақ бойынша салыстырайық<br><br>Үй шаруасына қалай көмектесуге болады?<br><br>Футболшылар қатарының реттік саны<br><br>Құстар мен гүлдер патшалағындағы "қосу" және "алу" белгілері |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.<br>Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. | |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;<br>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;<br>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;<br>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.<br>**Табиғатпен таныстыру**<br>Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. | Ақша қарды бақылау*<br><br>Қонаққа келген Аққала*<br><br>Қардың қасиеттері*<br><br>Қандай аңдар қыста ұйықтайды?*<br><br>Қыста құстардың қоректенуінің ерекшеліктері* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Жануарлар әлемі**<br>Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту.<br>Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.<br>Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.<br><br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. | |
| | Құрастыру | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру.<br>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.<br>Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді | Қоянға көмектесеміз<br><br>Ақ денелі, ақ сақалды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | пішінге өзгерте білуді бекіту. | |
| | Сурет салу | - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. | Қысқы ымыртта қарға жамылған алқап<br><br>Алан мен Дана би билеп жүр<br><br>Қылқаны қалың шырша<br><br>Аяздың қырау оюлары |
| | Мүсіндеу | - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту.<br>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. | |
| | Жапсыру | - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру.<br>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, | Қолғап<br><br>Бәйтерек<br><br>Үшбұрыштан шыршаны жапсырамыз<br><br>Аяз ата келіп қалды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. | |
| | Музыка | - музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;<br>- әннің сөзін анық айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді.<br>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. | Ғажайыптар әлемінде<br>Ертегі желісін жалғастыр<br>Алақай, қыс келді!<br>Желдің әнімен тербелейік<br>Отаным<br>Көк тудың желбірегені<br>Қош келдің, Жаңа жыл!<br>Жаңа жыл келді |
| | | **Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>**Билер.**<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Би шығармашылығы.**<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. | |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы «**Кәусар-Әли**»бөбекжай балабақшасы
Топ: мектепалды топ
Балалардың жасы: 5 жасар.
Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2022-2023 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыбы** |
|---|---|---|---|
| Қаңтар | Дене шынықтыру | - балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;<br>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;<br>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;<br>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. | Допты қолдан-қолға ауыстырып жүру<br><br>Допты жерге соғу ойындары<br><br>Екі тобық арасына доп қысып алып жүру<br><br>Екі тобық арасына доп қысып алып жүруді пысықтау<br><br>3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалату<br><br>Доппен жаттығулар |
| | | **Негізгі қимылдар.**<br>***Секіру:*** бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа | Доппен эстафеталар<br><br>Бөрене үстімен төрттағандап еңбектеу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>***Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды:*** бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>***Сырғанау.*** Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау.<br>**Спорттық ойындар.**<br>***Хоккей элементтері.*** Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу. | Еңбектеу жаттығулары<br><br>Кедергі заттардың арасынан хоп-фитболмен жүгіру |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.<br>Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.<br>Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау.<br>Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. | |
| | Сөйлеуді дамыту | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>**Сөздік қор.**<br>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. | Қысқы көрініс<br><br>Сөйлем түрлері. «Қысқы ойындар» суреті бойынша әңгіме құрастыру.<br><br>"Ақ тиін мен қасқыр" ертегісін сахналау.<br><br>Үй құстары |
| | Сауат ашу негіздері | - сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын | [е] дыбысы және Ее әрпі, әріп таңбасын жазу.<br>[ұ] дыбысы және Ұұ әрпі, әріп таңбасын жазу.<br>[ұ] дыбысы және Ұұ әрпі қайталау, әріп таңбасын жазу.<br>[і] дыбысы және Іі әрпі, әріп таңбасын жазу.<br>[і] дыбысы және Іі әрпін қайталау, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; | әріп таңбасын жазу.<br>[к] дыбысы және Кк әрпі, әріп таңбасын жазу.<br>[к] дыбысы және Кк әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу. |
| | | Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. | |
| | Көркем әдебиет | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. | Н. Жанаев «Ақ қоян» өлеңін оқу. Мазмұны бойынша әңгімелесу.<br><br>«Қолап» украин халқының ертегісі<br><br>Т. Тойбазарұлы «Құстар», «Қайтпай қалған қарлығаш». Әңгіме бойынша мазмұндау.<br><br>«Қаңтар мен Ақпан» ертегісі.<br><br>Қ. Аманжолов «Бала - біздің болашақ». |
| | Қазақ тілі | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда | "Алдар Көсенің сиқырлы шапаны" ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу. Ерекше жұмбақтар.<br>"«Сиқырлы дыбыстар мен әріптер әлеміне саяхат» (Өткен тақырыптарды қорытындылау)".<br>Қыс қызықтары. "Біз қармен қалай ойнадық" тақырыбын сурет бойынша әңгімелеу.<br>Жұп құрауға қабілетсіз дауыссыз дыбыстар. Х дыбысы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | шығармашылық дербестікті дамыту. | (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері). |
| | | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>**Сөздік қор.**<br>Аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. | |
| | Математика негіздері | - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;<br>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту; | Көктем мезгілінің есептері<br><br>Бау-бақшаның ағаштарына суды қалай жеткіземіз?<br><br>Достық үйінің құрылысы<br><br>Жалаушаларды ретімен қоямыз |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | - балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу; | |
| | | - математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету. | |
| | | **Геометриялық фигуралар.**<br>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. | |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;<br>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;<br>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;<br>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау. | Бөлме өсімдіктері*<br><br>Мамандықтар*<br><br>Тұрмыстық техника*<br><br>Саламатты өмір салты қағидалары*<br><br>Құстардың жылы жақтан қайтып келуі* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Табиғатпен таныстыру**<br>Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.<br>**Жануарлар әлемі**<br>Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.<br>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.<br>**Өсімдіктер әлемі**<br>Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. | |
| | Құрастыру | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру.<br>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені<br>кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. | Қар жауып тұр<br>Қысқы ағаш<br><br>Біз көмекшіміз<br><br>Жабайы аңдардың қысқы тіршілігі |
| | Сурет салу | - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере | Қысқы ойындарды ойнаған балалар<br><br>Қасқыр мен түлкі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану.<br>Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). | Жылы жақ жерінің жабайы жануарлары<br><br>Үкі |
| | Мүсіндеу | - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу. | |
| | Жапсыру | - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. | Аққала<br><br>Қыс түні<br><br>Бұзауым-ау, бұзауым!<br><br>Көгалда әтеш жүр |
| | | Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | келісіп атқару. | |
| | Музыка | - музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;<br>- шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алу.<br>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>**Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. | Жаңа жылдық сыйлықтар<br>«Щелкунчик» балеті<br>Қыс қызығы<br>Қыс әлемі<br>Зырлайды шанамыз<br>Оқу - білім азығы<br>Ақ тиін<br>Табиғат көрінісі |
| | | Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>**Билер.**<br>Қазақ халқынының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету.<br>**Би шығармашылығы.**<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. | |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы «**Кәусар-Әли**»бөбекжай балабақшасы
Топ: мектепалды топ
Балалардың жасы: 5 жасар.
Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыбы |
|---|---|---|---|
| Ақпан | Дене шынықтыру | - балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;<br>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;<br>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;<br>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. | Кедергілерден асу жаттығулары<br><br>Кедергілерден асу эстафеталары<br><br>Кедергі заттардың арасынан допты домалату<br><br>Кедергі заттардың арасынан допты домалатуды пысықтау<br><br>Биіктігі әртүрлі заттардың үстінен екі аяқпен секіру<br><br>Доптан аттап бір жанымен жүру |
| | | **Негізгі қимылдар.**<br>***Лақтыру, қағып алу, домалату:*** допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын | Заттардың үстіне және олардан жерге секіру эстафеталары<br><br>Гимнастикалық сатыда түрлі тәсілмен өрмелеу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>***Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:*** екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>***Шаңғымен жүру.*** Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу.<br>**Спорттық ойындар.**<br>***Хоккей элементтері.*** Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды | Қалай өрмелей аласыңдар?<br><br>Кедергі заттардың арасынан фитбол добын домалату |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.<br>Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.<br>Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. | |
| | Сөйлеуді дамыту | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>**Сөздік қор.**<br>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. | «Әңгімелеп үйренеміз. Л.Толстой «Екі жолдос».<br><br>"Құмырсқа қанағаты" ертегісі.<br><br>Компьютер пайдалы ма, әлде зиянды ма?<br><br>Дәрумендердің керемет күші |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Көркем әдебиет | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. | Қол не үшін керек?<br><br>«Алдар көсе ханды қалай емдейді?»<br><br>Ы. Алтынсарин «Аурудан аяған күштірек» (әңгімесін оқу, мазмұны бойынша әңгімелеу)<br><br>«Әз Наурызым, армысың!» (өлеңді жаттау) |
| | Сауат ашу негіздері | - сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. | [ү] дыбысы және Үү әрпі, әріп таңбасын жазу.<br>[ү] дыбысы және Үү әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу.<br>[и] дыбысы және Ии әрпі, әріп таңбасын жазу.<br>[й] дыбысы және Йй әрпі, әріп таңбасын жазу.<br>[ғ] дыбысы және Ғғ әрпі, әріп таңбасын жазу.<br>[г] дыбысы және Гг әрпі, әріп таңбасын жазу.<br>[ң] дыбысы және ң әрпі, әріп таңбасын жазу. |
| | Қазақ тілі | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда | Қар. Туынды сөздер.<br>Һ дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері).<br><br>"Түлкі мен сұр қасқыр" ертегісі.<br>Щ әріпі (артикуляциясы, тіл ұстарту, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | шығармашылық дербестікті дамыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>**Сөздік қор.**<br>Мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға).<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен | сөздердегі дыбыстардың орнын табу, атау негіздері).<br><br>Қыстайтын құстар<br><br>Ч дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері).<br><br>"Ақылды егінші" ертегісі. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. | |
| | Математика негіздері | - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;<br>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;<br>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;<br>- математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. | Табиғат заңдылықтарын ұстанайық<br><br>Жануарлар жұмбақ жасыруды бастайды<br>Жиыны қанша?<br><br>Бақшадағы жемістер.<br><br>Сандар әлемі |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы | Көктемде табиғат оянады*<br><br>Төрт түлік мал* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;<br>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;<br>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;<br>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.<br>**Табиғатпен таныстыру**<br>Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.<br>**Жануарлар әлемі**<br>Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.<br>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** | Қазақ халқының ұлттық аспаптары*<br>Шоқ жұлдыздар*<br>Жас бағбандар*<br>Ағаштың қасиеттері* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.<br>**Өсімдіктер әлемі**<br>Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | |
| | Құрастыру | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық<br>материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу. | Үкі - жыртқыш құс<br>Көшпелі халық баспанасы |
| | Сурет салу | - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі | Теңіз асты тұрғындары<br>Кемедегі капитанның саяхаты<br>Шай сервизіндегі ғажайып оюлар<br>Түнгі қала |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. | |
| | Мүсіндеу | - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту.<br>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. | |
| | Жапсыру | - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру.<br>Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.<br>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. | Ақылды қоян<br>Цирк қызметкерлері<br>Менің үйім осындай<br>Тазалықты сақта |
| | Музыка | - музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, | Жануарлар туралы әндер<br>Кел ән тыңдайық<br>Қыстайтын құстар<br>Күй тыңдайық, балақай |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қазақ тілі | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br>Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>**Сөздік қор.**<br>Егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, | Ғарышкер қалай атанам. Біздің ғарыштың планеталары.<br><br>И дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері).<br><br>Отан деген не? А.Пушкинннің "Балықшы мен балық" туралы ертегісін әңгімелеу.<br><br>Э дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)<br><br>Бердібек Соқпақбаев «Ағаштар неге ашуланды» әңгімесі. Ағаш түрлері.<br><br>Й дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)<br><br>«Достық» ертегісін баяндау. Достық дегеніміз не?<br><br>Ю дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері). |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. | |
| | Математика негіздері | - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;<br>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;<br>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;<br>- математикалық және интелектуалды-шығармашылық | Көліктер тұрағында.<br><br>Хайуанаттар бағындағы аңдарды көрдің бе?<br><br>Аптаның жеті күні<br><br>Жыл мезгілдерін ажырата білесің бе?<br><br>Туған жеріміз - Қазақстан! |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.<br>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.<br>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.<br>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. | |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;<br>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;<br>- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;<br>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу; | Менің достарым*<br>Ауа райын болжаймыз<br>Алақай, күз келді!<br>Нан — адамның күш-қуаты |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | - экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.<br>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу ); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.<br>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу.<br>Мемлекеттік мерекелердің Жеңіс күні, Отан қорғаушы күні маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.<br>**Жол қозғалысы ережелері.**<br>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.<br>«Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироскутер, сигвей)» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. | |
| | Құрастыру | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру.<br>Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру. | Балалық шаһар |
| | Сурет салу | - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.<br>Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық | Атқа мінген шабандоз<br>Жұпаргүл бұтағы<br>Менің атам егінші<br>Жазғы демалыс |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. | |
| | Мүсіндеу | - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.<br>Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін<br>сақтау. | |
| | Жапсыру | - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.<br>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. | Гүлденген ағаштар<br>Көгершіндер<br>Әуе шары қалықтайды<br>Тікенекті кактус |
| | Музыка | - заттармен қимылдар жасауды, сюжетті ойындарды сахналауды үйрету;<br>- музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындауды үйрету;<br>- балаларға арналған музыкалық аспаптарды ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерту.<br>- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. | Ғарышқа саяхат<br>Ғарышкерлер жыры<br>Атамекен<br>Атамекен, ақ мекен<br>Көктемгі ағаштар<br>Біз бақытты баламыз |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. **Музыка тыңдау.** Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. | Бақытты балалық шақ<br>Жеңіс күні<br>Біз Отанның сарбазы<br>Гүл көбелек<br>Көңілді көктем әндері<br>Біз мектепке барамыз<br>Қош бол, балабақша! |
| | | **Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>**Билер.**<br>Қазақ халқынының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету.<br>**Би шығармашылығы.**<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. | |

# ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
**Түркістан облысы, Ордабасы ауданы**
**«Кәусар-Әли» бөбекжай-балабақшасы ЖШС**

**Бекітемін:**
**балабақша меңгерушісі**
**Тореева М.Т**

# 2022-2023 оқу жылы
# Циклограммалық тақырыптық жоспары
# «Бәйтерек» МАД тобы

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **ҚЫРКҮЙЕК**<br>01.09. - 02.09.2022 ж. | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | 01.09.2022 | 02.09.2022 |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Әңгімелесу: "Балабақшаның ережелері", "Баланың тазалығы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | | | | **"Асхана бойынша кезекшілік".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".**<br>(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтау кезінде тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін шын ниетпен еңбектенуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| | | | | **Үстел үсті ойыны.**<br>"Лото. Қыздар мен ұлдардың киімдері".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу. Кімге, не керек? Қыздар мен ұлдардың киім түрлерін іріктейді. **(қазақ тілі, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | **Құрастыру ойыны. "Текшелер".**<br>Балалар текшелерден балабақшаны құрастырады.<br>**Дамытушы жаттығу.**<br>"Көзді жұмып тұрып, тепе-теңдікті сақтау".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту.<br>Шарты.<br>Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың бірінде кезегімен, тепе-теңдікті сақтау.<br>Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікті ұзақ сақтап тұруды үйрету. **(дене шынықтыру, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | |
|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | Педагог балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, енді тақтадағы суретке қарап, жаттығуларды бірге орындайық!<br>- «Би». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, орамал ұстаған қол төменде.<br>1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>3 - орамалмен айналып билеу.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Биші қыз». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қою.<br>1 - қолды жоғары көтеру, бір аяқтың ұшымен тұру.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Паровоз». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ қатар қойылады, жұппен тұру.<br>1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру.<br>2 - сызық ортасына келгенде тарап кету.<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Қарлығаш». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, қол төменде.<br>1 - екі қолды екі қапталға жаю.<br>2 - бір аяқты артқа созу, қарлығашты бейнелеу.<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Іздер». Бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады.<br>1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру.<br>2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру.<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Аққұтан». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ қатар қойылады, қол төменде.<br>1 - бір аяқпен тұру, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>3 - бір аяқпен тұру, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу<br>- «Достар». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, жұппен тұрады.<br>1 - жұптар қол ұстасады.<br>2 - жұптасып айналу.<br>3 - бастапқы қалыпқа келу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **09.00-.09.20** | пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Ас - адамның арқауы. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.20-09.30** | | | | «Балабақша» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балабақшада өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері туралы әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.35** | | | | **Математика негізі**<br>"Мен және менің достарым".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сандар жолағымен таныстыру, алты саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру; "бір" цифрымен таныстыру.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Біздің балабақша тақырыбында әңгімелесу".<br>Мақсат-міндеттері. "Біздің балабақша" тақырыбында әңгімелесу, балабақша | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дыбыс және әріп".<br>Мақсат-міндеттері. Оқушыларды сөздің құрылымын, әріптер мен дыбыстардың ерекшелігін ажыратуды үйрету. Сөздік қорын, ауызша сөйлеу тілін дамыту.<br>**Сурет салу**<br>"Гүл бағымызда өскен аққекірелер".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды серуен кезіндегі бақылаудан кейін және елестету нәтижесінде қылқалам мен гуашь (акварель) бояулары арқылы аққекірелердің қарапайым сұлбаларын салуды үйрету. |
| **2- таңғы ас** | | | | және балабақшадағы күн | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тәртібі, күнделікті әдептілік ережелері туралы ұғымдар қалыптастыру.<br><br>**Музыка**<br>"Білімің - бұлағың"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күйді тыңдай отырып, сыр-сипатын ажырата білуді үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Күз келді балабақшама!"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жанды және жансыз табиғат нысандары жөнінде негізгі ұғымдарын кеңейту; балабақша маңайында ауа райын бақылау кезінде күзгі құбылыстарды байқап, бір-бірінен ажырата білуді үйрету. | **Дене шынықтыру**<br>"Тақтайшаның үстімен адымдап жүру".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға тақтайшаның үстінен аяқтың ұшымен және өкшемен адымдап жүруді үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Ш. Шаяхметов «Білімің - бұлағың» (өлеңімен танысу)"<br>Мақсат-міндеттері. Балабақшаға, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білімің – бұлағың» өлеңін оқу, балаларға үйрету, сөздердің мағыналарын түсіндіру. |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | **Күнді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері. Күнді, оның | | **Құмырсқаны бақылау**<br>Мақсат-міндеттері. | **Күнді бақылауды жалғастыру. (танымдық іс-әрекет, қарым-** | **Аспанды бақылау. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өсімдіктер мен<br>ағаштар, жәндіктер<br>және барлық тіршілік<br>иелері үшін<br>маңыздылығын<br>бақылауды<br>жалғастыру.<br>Экологиялық міндет:<br>күн сәулесінің адам<br>мен өсімдіктердің<br>тіршілігі үшін<br>құндылығын көрсету.<br>**Көркемсөз**<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн<br>шықты,<br>Жер үстіне нұр<br>шықты!<br>**Еңбек: жәшіктерге<br>құм толтыру.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың бойында<br>еңбекке<br>құштарлықты ояту.<br>**"Қарақұс пен<br>балапандар"<br>қимыл-қазғалыс<br>ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тәрбиешінің нұсқау-<br>бұйрықтарын тыңдай<br>білуге дағдыландыру, | | Құмырсқалардың<br>пайда болуының<br>ерекшеліктері,<br>олардың тіршілік<br>етуінің көріністері<br>туралы білімдерін<br>кеңейту; сыртқы<br>дүниеге<br>қызығушылықты<br>ояту.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Қатар-қатар қара нар,<br>Аспанменен пара-<br>пар,<br>Алды биік, арты жар.<br>(Құмырсқа.)<br>**Көркемсөз**<br>Қадыр Мырза Әли<br>"Құмырсқа".<br>Қаламайды құмырсқа<br>Қаңғыруды, билеуді.<br>Тыным алмай,<br>ырысқа<br>Толтырады илеуді.<br>Тапқан заты ауыр<br>боп,<br>Түссе бірі әлекке,<br>Қауымдасқан бауыр<br>кеп,<br>Келеді тез көмекке.<br>Ауыртпалық<br>көрмедім | **қатынас іс-әрекеті,<br>зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Серуендеуге, күнге<br>қызығушылықты<br>ынталандыру.<br>Күннің кешке төмендеу<br>түсетінін көрсету, күннің<br>салқындау болғанын<br>сезінуге шақыру.<br>**"Күн мен жаңбыр"<br>қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды белгі бойынша<br>жан-жаққа шашырап<br>жүгіруге және бір-біріне<br>соғылмай, бір жерге<br>жиналуға дағдыландыру;<br>вестибуляр аппаратын,<br>кеңістікті бағдарлау<br>қабілетін жетілдіру;<br>ептілікке, достыққа<br>тәрбиелеу.<br>Шарты: балалар "күн"<br>сөзін айтқанда барлығы<br>қыдыруға шығады. Ал<br>«жаңбыр» сөзі айтылғанда<br>ашылып тұрған<br>қолшатырдың айналасына<br>жиналады.<br>**"Кеглиді қағып ал"** | **әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға<br>аспанның әсемдігін көруге<br>бейімдеу; қадағалау барысында<br>бұлтты ажырата білу, аспан<br>бұлтты, бұлтсыз болғанын<br>байқату; бұлттың қозғалысы<br>және өзгерісі жөнінде<br>бақылағанда қадағалауды<br>дамыту; табиғаттың әсемдігін<br>тамашалауға тәрбиелеу.<br>Ашық аспанда бұлтты байқау<br>оңайырақ, оның баяу<br>қозғалатынын, бірте-бірте<br>үлкейіп, өзінің түрін<br>өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын<br>массаға айналатынын немесе<br>азайып еритінін атап өтуге<br>болады.<br>Жұмбақ.<br>Көзі жасты – жылауық,<br>Келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса, жылайды,<br>Жадыраса, құлайды. (Бұлт.)<br>Тақпақ.<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін!<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>**"Не жөнінде айтылады?"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қаракұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қаракұстың "ұясы" сызылады. Педагог: "Қаракұс!" деп, белгі бергенде "қаракұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. | | Олар алып жықпайтын.<br>Қиындық аз дер едім<br>Түбі жеңіп шықпайтын.<br>Неге?<br>Айтсақ дұрысын:<br>Демей ұсақ, ірісің,<br>Бірі істейді бәрі үшін,<br>Бәрі істейді бірі үшін!<br>**Еңбек:** алаңдағы жерді қопсыту.<br>Мақсат-міндеттері. Келесі жылы егін егу үшін жерді дайындауды үйрету.<br>**Қимылды ойын. «Қақпан», «Аттар».**<br>Мақсат-міндеттері. Жылдамдық пен төзімділікті дамыту.<br>**Жеке жұмыс:** баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру.<br>Мақсат-міндеттері. Төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. **(қазақ тілі, көркемсөз, сөйлеуді дамыту,** | **жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың еркін ойындары. | **ойыны. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Сын-сипаты бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды).<br>**"Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.<br>**Еңбек әрекеті:** қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу.<br>Құралдары: қолғаптар, қаптар.<br>Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру керек.<br>**Балалардың еркін ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын тақырыбын өз бетінше таңдауды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балапандар қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тізбекті бұзбауға тиіс.<br>Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң, ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады.<br>Педагог ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек.<br>**Жұмбақ.**<br>Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты,<br>Ұшады кешке дейін дамыл таппай ...<br>(Күн.)<br>**Болжам.** Батар күн қызыл шапаққа малынып барып ұясына кірсе, ертеңінде күн ыстық болатынын білдіреді. | | **дене шынықтыру, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еркін ойын. "Қу түлкі".** Мақсат-міндеттері. Жүгіру қабілетін дамыту. **(танымдық іс-әрекет, қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекет, дене шынықтыру, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Түскі ас 12.50-13.10** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы 13.10-15.30** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бесін ас 15.40-16.00** | Ауа ванналары.<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру.<br>Қолдарымыз қайда?<br>Шығарайық алға.<br>Жеңімізді түрейік,<br>Жуынып көрейік.<br>Су астына салайық,<br>Уқалайық, сипалайық.<br>Қандай тамаша!<br>Қолдарымыз тап-таза.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.15 | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс<br>16.15-16.30** | **"Не естігеніңді айт?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жауаптарда толық сөйлемдерді қолдануды үйрету; сөздік қорын молайту, еске сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын барысы.<br>Педагог балаларға көздерін жауып, дыбыстарды мұқият тыңдауларын (құстардың дауысы, мәшиненің сигналы, әңгімелескен адамдардың дауыстары және тағы басқа) және нені естігендерін анықтауларын өтінеді. Балалар толық сөйлеммен жауап берулерін талап ету керек.<br>Ең көп сөзді айтқан бала, ойын | | **"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың адамның не істейтіні, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту және жүйелеу.<br>Ойын барысы.<br>Педагог балалармен әңгімелесу барысында айналамыздағы заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады. Ал үйлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. | **Вариативті компонент - Жас зерттеуші**<br>"Аквариумдағы балықтар"<br>Мақсат-міндеттер: балаларға табиғат бұрышындағы жануарларға (балыққа) күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін меңгерту; аквариум туралы білімдерін пысықтау.<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>"Ғажайып дорба".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>Дорба, әртүрлі ойыншықтар мен заттар.<br>Шарты.<br>Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап тануға тырысуы; көрген заттың | **Вариативті компонент - Ағылшын тілі**<br>"Hello. Greeting. Letter Aa."<br>Мақсат-міндеттер: “Hello. What is your name?” лексикалық бірліктерімен таныстыру, жаңа Аа әрпін және осы әріптен басаталатын, apple, ant сөзін үйрету.<br><br>**Дидактикалық ойын. "Не жасырынғанын айт".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге қызығушылықтарын арттыру.<br>Шарты.<br>Жүргізушінің рөлін педагог, кейін балалардың бірі ойнайды. Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, бірақ оны атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. Алғашында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жеңімпазы болып саналады.<br>**"Сүйікті кітаптардың кейіпкерлерімен бірге саяхат" сюжетті-рөлдік ойын.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалар жазушыларына қызығушылықтарын ояту. Ертегі кейіпкерінің рөлін қабылдау қабілетін дамыту. | | Тәрбиеші балаларға: «Адам қандай заттарды жасаған?» сұрағын қояды. Ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (допты лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені жаратқан?» Ойын барысында тәрбиеші балаларға жақсы өмір сүру адамзаттың табиғатты пайдаланатыны, орманды өрттен қорғап, су тоғандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме өткізеді.<br>**"Жер, су, ауа" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. | қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау.<br>**(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері алынбалы пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). | қарапайым және нақтылы беріп жатады, содан кейін тапсырмалар күрделене бастайды.<br>Мысалы.<br>"Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді";<br>"Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның жайлы тынығуы үшін қызмет етеді".<br>**(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Балабақша".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақша және онда жұмыс істейтін мамандардың негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құру қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>Балабақшада жұмыс істейтін мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Балаларға берілген тапсырманың жауабын жылдам табуды үйрету.<br>Қоршаған ортаға қамқорлықпен карауға тәрбиелеу.<br>Тапқыр, шапшаң болуды үйрету. | Шарты.<br>Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындайды.<br>Олар үшін педагог белгілі бір бұрышты ұйымдастырып, әдемі безендіріп қояды.<br>Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын шеберлерге көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты зерттеп, жөндеп береді.<br>Ойыншылар шеберлерге жұмысының ақысын төлейді. **(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)** | аула тазалаушысына қажетті құралдар.<br>Шарты.<br>Балалар өз еріктері бойынша балабақша қызметкерлерін тағайындайды. Мамандардың рөлінде ойнайтын балалар өздеріне қажет құралдарды таңдап, белгілі бұрышқа жинайды.<br>Балабақшадағы балалар мен мамандарды ойнайтындар кім, олар қайда барып, не істейтінін өзара ақылдасып, жоспарлап алады.<br>Педагог диалогтар мен қарым-қатынастардың нығаюына ықпал жасайды, қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді жасап жатқаны немесе нені жасайтынын анықтап, балалардың алмасуын бағыттап жатады. **(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)** |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | **Жаңылтпаш.**<br>Тақпақ жаттап,<br>Айтсақ жақсы-ақ.<br>Жатта тақпақ,<br>Жатта тақ-тақ. | | **Шығармашылық уақыты.** "Қағаздан желдеткішті бүктеу арқылы құрастыру".<br>Мақсат-міндеттері. | **"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру. | **"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын туыстық атауларды білдіретін жаңа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | Балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс жасауға құштарлығын жетілдіру. **(шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі)** | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі)** | сөздермен толықтыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі)** |
| **Серуен 16.50-18.00** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>Сюжетті-рөлдік ойындар.<br>Театрлық қойылымдар. Көлеңке театры.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында білім тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Арт-терапиялық суреттерді бояу.<br>**Шығармашылық уақыты: "Қала көшесі".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың түрлі материалдардан (лего, құм) құрылыс жасауға құштарлығын жетілдіру.<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге** | Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау. Ата-аналарға кеңес. "Баланың белсенділігі — денсаулық кепілі". | | | | |

| | |
|---|---|
| **қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | |

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** **«»** мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)*** | **ҚЫРКҮЙЕК**<br>05.09.-09.09.2022ж. | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 05.09.2022 | 06.09.2022 | 07.09.2022 | 08.09.2022 | 09.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Балаларды бірінші күні толық құжатын алып, дене қызыуын өлшеп, денесін, терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылдайды. Бойы мен салмағын өлшеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Ата-аналармен балалардың күн тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Оқу қызметіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".** Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуді, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету, оларды дымқыл | **"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".** Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті | **"Ойыншықтарды тәртіпке келтіру".** Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс істегенде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуды үйрету. **(танымдық іс-әрекет, қазақ тілі, еңбек іс-әрекеті)** | көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Айналадағы табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық танытуға тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынтаны, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| | **Үстел үсті ойыны.** "Бұл үйде кімдер тұрады?" Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын арттыру, еске сақтауды дамыту. Шарты. Тәрбиеші үйдің терезесінен отбасы мүшелерінің суретін көрсетеді, балалар оларды атайды. | **Санамақ.** Бір дегенім - бесік, Шықтық содан өсіп. Екі деген - елім, Дала, туым, көлім. Үш дегенім - үміт, Үміт артар жігіт, Төрт дегенім - төзім, Төзе білем - өзім, Бес дегенім - бақыт, Бағалайтын уақыт. **(қазақ тілі,** | **Үстел үсті ойыны.** "Лото". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа тәрбиелеу. Әр бала ортақ атауға біріккен отбасы мүшелері киімдерінің | **Фотосуреттерді қарастыру. «Менің отбасым».** Фотосуретте бейнеленген өздерінің отбасы туралы әңгімелеу. **(шығармашылық іс-әрекет, қаза тілі)** | **Құрылыс ойындары «Үй құрастырамыз».** Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттыру. Ойын атрибуттары. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог балаларға өз үйлерін құрастыруды ұсынады. **(танымдық іс-әрекет,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | суреттерін жинайды. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)** | | **зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | Педагог балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, енді тақтадағы суретке қарап, жаттығуларды бірге орындайық!<br>- «Би». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, орамал ұстаған қол төменде.<br>1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>3 - орамалмен айналып билеу.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Биші қыз». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қою.<br>1 - қолды жоғары көтеру, бір аяқтың ұшымен тұру.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Паровоз». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ қатар қойылады, жұппен тұру.<br>1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру.<br>2 - сызық ортасына келгенде тарап кету.<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Қарлығаш». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, қол төменде.<br>1 - екі қолды екі қапталға жаю.<br>2 - бір аяқты артқа созу, қарлығашты бейнелеу.<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Іздер». Бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады.<br>1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру.<br>2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру.<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Аққұтан». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ қатар қойылады, қол төменде.<br>1 - бір аяқпен тұру, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>3 - бір аяқпен тұру, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - «Достар». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, жұппен тұрады.<br>1 - жұптар қол ұстасады.<br>2 - жұптасып айналу.<br>3 - бастапқы қалыпқа келу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**09.00-.09.20** | Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>Арпа-бидай ас екен,<br>Алтын-күміс тас екен. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**09.20-09.30** | «Отбасы» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. **(танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Отбасы туралы мнемотехника бойынша тақпақ жаттау. **(танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет)** | Отбасы туралы мақал-мәтелдер жаттау. **(қазақ тілі, танымдық іс-әрекет)** | "Менің отбасым" тақырыбында отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар жасыру. Суреттер бойынша әңгімелеу. **(танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | "Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет**<br>**09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері**<br>"Буынға бөлейік"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сөз бен буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын үйрету | **Сауат ашу негіздері**<br>"Буынға бөлуді қайталау".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға сөз бен буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын пысықтау. | **Математика негіздері**<br>Себет толы жемістер.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды "бір" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру; заттарды санаумен цифрлау бойынша сәйкестендіруді пысықтау. | **Математика негіздері**<br>"Мен отбасымда нешіншімін?"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға реттік сан есімдер туралы ұғымдарын жандандыру; тура және кері санаудың негіздерін қалыптастыру. | **Сауат ашу негіздері**<br>"Сөзбен танысайық. Сөздер мен дыбыстар".<br>Мақсат-міндеттері. Сөз бен дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің бірнеше дыбыстан құралатынын, дыбыстардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2- таңғы ас** | **Қазақ тілі**<br>"Балабақшамен танысу. Ойыншықтар әлемі".<br>Мақсат-міндеттері. Тәрбиеленушілерді амандасу және қоштасу кезінде айтылатын сөз тіркестерімен таныстыру; үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуді, қарым-қатынас барысында әдептілік сөздерін қолдануды әдетке айналдыру; ойыншықтардың түрлері мен атауларын ажыратуды үйрету; [-ә], [-ө] дыбыстарымен таныстыру, сөздер мен сөз тіркестеріндегі [-ә], [-ө] дыбыстарын дұрыс дыбыстауды үйрету; ұқыптылыққа, қамқорлыққа, достық қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>"Бақшадағы жемістер".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында "бір" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру; заттарды санаумен цифрлау бойынша сәйкестендіру біліктіліктерін арттыру.<br><br>**Музыка**<br>"Оқу - білім азығы"<br>"Музыкалық үй" музыкалық-дидактикалық ойын.<br>Мақсат-міндеттері. Музыканың түрлерін ажырату қабілетін арттыру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Балабақша қызметкерлері туралы әңгімелесу.<br>Мақсат-міндеттері. "Біздің балабақша | **Қазақ тілі**<br>Дыбыстар мен әріптер.<br>Мақсат-міндеттері. Балалармен бірге сауат ашу әлеміне саяхат жасау арқылы дыбыстар мен әріптер туралы түсінік беру, оларды бір-бірінен айыра білуді үйрету және дыбыстау арқылы әріптерді айтқыза отырып, әріп сырын ұғындыру. Балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру, қаламмен жазуды үйрету. Балаларды балабақшаның тыныс-тіршілігімен таныстыру. Сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. Баланың зейінін арттыру, сөздік қорын, тіл байлығын | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Отбасында біз бесеуміз".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды отбасы мүшелерімен таныстырып, баланың тілдік қабылдау нәтижелерін, сөйлеу мәдениетін дамыту.<br><br>**Музыка**<br>"Сағындым, әже, сағындым"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды нотамен таныстыру және нота атаулары туралы түсінік беру; әнді мұқият тыңдау, мағынасын түсіну, сыр-сипатын ажыратуды үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Отбасы және туыстарым".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы, оның мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау, туыстық жайында ұғымдар беру; отбасының барлық мүшелерін дұрыс | дауысты және дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру.<br><br>**Мүсіндеу**<br>"Көмекшіміз".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тұзды қамырды жұмсарту; қамырдың үлкен кесегінен кіші кесекті үзіп алу, қамырды домалату, жалпайту, жаю, шымшып бір-біріне біріктіру әдістерін пайдалана отырып мәнті жасауды үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Төрт тағандап жүріп, допты баспен итеру".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау ережесін қалыптастыру; еңбектеп жүріп, допты баспен итеруді үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>М. Төрежанов «Қамқорлық».<br>Мақсат-міндеттері. Қамқорлық ұғымы туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>"Допты тез лақтырамыз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды сапта бір қатарда тұру және жүру; шашырап жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыруды үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>"Балабақша қызметкерлерінің еңбегі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың балабақшада қызмет ететін әр мамандық иелері жайлы түсініктерін бекіту, меңгерушінің қызметі туралы мәлімет беру; үйлесімді қарым-қатынас жасау, еске | қызметкерлері" тақырыбында әңгімелесу. | дамыту;<br>ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Паровоз алдыға басып барады".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір қатармен жүгіру; алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеуді үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Атаның сөзі - ақылдың көзі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың отбасы, оның мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау, атаның асыл сөздері жайында ұғымдар беру; атадан қалған асыл мұраны жеткізу. | атауды үйрету. | түсінік беру, әңгімені мұқият тыңдауды, диалог сөздерді мәнеріне келтіріп айтуға дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сақтау қабілеттерін дамыту. | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>Арпа-бидай ас екен,<br>Алтын-күміс тас екен. | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. **(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | **Бақшадағы сәбіз бен қызылшаны бақылау. (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Көгөністерге салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; көгөністерге тән ерекшеліктер туралы ойларын бекіту, олардың өсуіне қажетті жағдайларды атау.<br>Зерттеу. Сәбіз бен қызылшаның тұқымын анықтау (түсі, мөлшері).<br>Топқа (табиғат бұрышына) отырғызу үшін қызылша мен | **Күзгі орманды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Діңі мен жапырақтарының түсі бойынша қайың мен көктеректі ажыратуды үйрету, ағаш бөліктері (діңі, бұтақтары, түбірі) туралы ойды бекіту; туған өлкенің табиғатына сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гербарий үшін | **Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек:** көгөністерді жинауға арналған ұжымдық еңбек. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуді үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене** | **Торғайларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Торғайдың ерекшеліктері, тіршілік көріністері туралы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек:** қызылшаны жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Жұмыс істеуге дағдыландыру; ересектерге көмектесуге ынталандыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.** | **Қайың ағашын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Қайың ағашының белгілерін атау; оны басқа ағаштардан ажырату; ағаштың сұлулығына қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** көгөністерді жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Ұйымдасып жұмыс істеуді үйрету; топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қояндар мен қасқыр". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сәбізді қазып алу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** бақшадағы егінді жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Көгөністерді қазуды үйрету; топпен жұмыс істеуге ұмтылыстарын тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)**<br>**"Көгөністерді ата".**<br>Мақсат-міндеттері. Көгөністердің атауларын бекітіп, допты қағып алу іскерліктерін жетілдіру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** жүгіру техникасын жетілдіру. **(дене шынықтыру)** | көктерек пен қайың жапырақтарын жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Жапырақтарды ажыратуды үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)**<br>"Секірейік".<br>Мақсат-міндеттері. Ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Бөренелерден, тастардан, діндерден секіруге машықтандыру. | **шынықтыру)**<br>**"Қияр, қияр".**<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету; қимылдарды үйлестіруді, күшпен лақтыру дағдыларын жетілдіру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | **“Құстар мен мысық”, “Қарғалар” (мөлшері 2-3рет). (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың денсаулықты сақтауға, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | Балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді дамыту. | | | | |
| **Түскі ас 12.50-13.10** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы 13.10-15.30** | Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>Арпа-бидай ас екен,<br>Алтын-күміс тас екен. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бесін ас 15.40-16.00** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. **(дербес әрекет, мәдени-гигиеналық іс-әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15 | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30** | **Дидактикалық ойын. "Тергеушілер".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға әртүрлі заттарды | **Дидактикалық ойын.**<br>"Сөздер тізбегі".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды | **Вариативті компонент - Ағылшын тілі**<br>"How are you?"<br>Мақсат-міндеттері: “How are you?, I am fine, I am good, I am great, I am sad, Thank you!” лексикалық бірліктерін беру. | **Дамытушы ойын.**<br>"Сынық телефон".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Шарты.<br>Балалар бір тізбекке отырады. | **Дамытушы жаттығу. "Тыныс алуды реттеу".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды санау ырғағына сай тыныс алуға жаттықтыру; балалардың тыныс алу жүйесін нығайту, салмақтылыққа тәрбиелеу.<br>Шарты.<br>Педагог жаттығуды санау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кезекпен көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажетін екенін түсіндіреді.<br>Ойынның тағы бір нұсқасы: қалаған бала түрлі заттар жатқан қораптан белгілі затты өздігінен алып, оған сипаттама береді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Отбасы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдарын нығайту; отбасы мүшелерінің өз үйлерінде атқаратын рөлін пысықтау; үлкенге құрмет, жақындарына сүйіспеншілік сезімдеріне | нығайту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады.<br>Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді жылдам таба алмаған бала айыбын өтейді, өз өнерін көрсетеді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Үй құрылысы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін | **Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту.<br>Шарты.<br>Жүргізуші.<br>1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарларды, құбылысты көрсетеді.<br>2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен көрсетеді.<br>3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) | Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады.<br>Ойын басында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір рет көрсетеді.<br>Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді.<br>Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауысын шығарып жариялайды.<br>Егер баланың айтқан сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон ақаусыз істеді деп саналады.<br>Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды.<br>Бір айналым өткеннен | арқылы өткізеді. Содан соң жиі немесе сирек (терең дем алу) тыныс алу жаттығуларын ұйымдастыруға болады.<br>Жаттығуды жүргізуде белгілі санамақты немесе тақпақты, әнді айтқызып, жаттықтыруға болады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Театрландырылған қойылым.**<br>"Үйшік" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың естерінде әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>"Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, үйшіктің нақпішіні.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға "Үйшік" ертегісінің мазмұнын алдын ала қайталатады.<br>Балалар өз қалаулары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық-саймандар, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника және тағы басқа заттар мен киім үлгілері.<br>Шарты.<br>Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін өзара бөлісіп жатады, өздеріне қажет киім және құралдарды алып орындарына барады.<br>Педагог балалармен бірлесіп, күн тәртібінде қандай оқиғаны сомдау қажет екенін анықтап жатады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік | кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк мәшинелер, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар).<br>Шарты.<br>Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа | әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжеттік-рөлдік ойын.**<br>"Дәріхана".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Дәрі-дәрмектердің ойыншық пішндері, "Дәріхана" сөмкелері, ақ | кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп сөзді бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжеттік-рөлдік ойын.**<br>"Сұлулық салоны".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) туралы ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және нақпішіндері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); қолғап | бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында, автор рөлін педагог өзі алады, содан кейін балалардың арасынан автордың рөлін ойнайтын баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды ортаға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар иіліп, көрермендерге құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауға ие болады. Ойын соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлер әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, пысықтау сұрақтарын қояды. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | қатысатын мамандарға бөліне бастайды; өздеріне қажет киім мен құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог балалармен бірлесіп, ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Содан кейін балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіштерді қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып жатады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үй құрылысының | халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде алдын ала әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор сияқты мамандардың міндеттерін, дәріханада қандай дәрі-дәрмектер мен медициналық көмек көрсетуге арналған қандай құралдардың сатылатынын анықтайды.<br>Балалар дәріханашы мен провизор рөлдерін ойнау туралы қалауларын білдіреді, қалғандары тұтынушылар болады; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, өз орындарына барады. | (перчаткалар), халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар.<br>Шарты.<br>Педагог ойын алдында балалармен сұлулық салонынды қызмет ететін шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші жайында әңгімелесіп, суреттерімен таныстырады. Дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде балалармен алдын ала әңгімелеседі.<br>Балалар сұлулық салонында қандай маман, қандай құралдарды қолданатынын түсіндіреді.<br>Балалар сұлулық салонында қызмет ететін мамандарды таңдайды немесе санамақты қолданады; мамандар өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады; | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс мамандары ақылдасып, жұмысты жоспар бойынша істеудің арқасында жете алады. Үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, дене шынықтыру, қазақ тілі, шығармашылық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | Педагог тұтынушылар дәріханаға келіп, ойынды бастайтынын айтады.<br>Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюға жаттықтырады. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | балалардың қалғаны тұтынушылар болады.<br>Педагог мамандарға өз орындарын дайындап отыру керенктігі туралы, ал тұтынушылар өздеріне керекті қызметтерді дұрыс сөзбен немесе журнал бетіндегі суретті көрсету арқылы айтып түсіндіреді.<br>Алғашында, педагог диалогтарды реттеп жатады, балаларды сұрақтарды тиянақты түрде қоюға жаттықтырады.<br>**(танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | **"Менің отбасым", отбасы тақырыбында мақал-мәтелдер айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың сөйлеу тілін дамыту; отбасы туралы білімдерін жетілдіру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті,** | **"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың сөйлеу тілін дамыту.<br>Мысалы:<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық, | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Педагог үстелдің үстіне бірнеше затты қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап | **"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың сөйлеу тілін дамыту.<br>Мысалы:<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық, екеуіміз.<br>Бас бармағым - атам,<br>Балаң үйрек - апам,<br>Ортан терек - әкем, | **Санамақтар айтқызу.**<br>М. Қуанышбеков "Санамақ".<br>Екі көз бен қос құлақ<br>Бір бас пенен бір мұрын<br>Нешеу болды қос шырақ,<br>Санап шығар кім бұрын?!<br>Екі аяқ пен екі қол,<br>Бір ауыз бен бір тілің.<br>Нешеу болды, қане, бол,<br>Санап шығар кім бұрын?!<br>Сұқ саусағым суға барды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **танымдық іс-әрекет)** | екеуіміз.<br>Бас бармағым - атам,<br>Балаң үйрек - апам,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек - анам,<br>Кішкентай бөбек - мен.<br>Біз үйде нешеуміз?<br>Біз үйде - бесеуміз. **(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | тұрады. Педагог үстелден бір затты алып тастайды. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп көбейтуге болады. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Шылдыр шүмек - анам,<br>Кішкентай бөбек - мен.<br>Біз үйде нешеуміз?<br>Біз үйде - бесеуміз. **(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Ортаң қолым орақ орды.<br>Аты жоғым ағаш жарды,<br>Жұмсамапты алақаным,<br>Тек шынашақ - балапанын. **(танымдық іс-әрекет, қазақ тілі, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Серуен 16.50-18.00** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Тағамның атауын еске сақтау, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>**Театрлық қойылым.**<br>"Алма" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың естеріндегі әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, еске сақтау, ой-қиял, эмоциялық, пантомимикалық, қарым-қатынас қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>Алма ағашының пішіні, ертегіге қатысатын кейіпкерлердің (қоян, қарға, аю, кірпі) киімдері, маскалары.<br>Шарты. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Педагог балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады.<br>Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады.<br>Алғашында, педагог автор рөлін өзі алады, балалардың арасынан автордың рөлін орындайтын баланы ұсынуға болады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды алдыға шығарады. Қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар иіліп, көрермендерге құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауға ие болады.<br>Қойылым соңында балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша, ойыншықтар тақырыбында әндер жаттау. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында балабақша, ойыншық тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Арт-терапиялық суреттерді бояу.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Менің үйім - менің отбасым» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. «Отбасындағы еңбек тәрбиесі» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** **«»** мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | ҚЫРКҮЙЕК<br><br>12.09. - 16.09.2022 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 12.09.2022 | 13.09.2022 | 14.09.2022 | 15.09.2022 | 16.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Балаларды бірінші күні толық құжатын алып, дене қызыуын өлшеп, денесін, терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылдайды. Бойы мен салмағын өлшеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | «Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Өсімдіктерді құнарландыру".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. | **"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам және мұқият орындау. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-** | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру) Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптармен ұқыпты жұмыс | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларда өз төсегін ұқыпты ұстау дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқаға көмектесуге ұмтылыстарын тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету дербестігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **қатынас іс-әрекеті)** | істеу, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | мен дағдыларын дамыту. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| | **Құрылыс ойындары.**<br>«Иттің үйшігі».<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, жануарларға сүйіспеншілігін дамыту.<br>Ойын атрибуттары. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары.<br>Педагог балаларға өз үйлерін құрастыруды ұсынады.<br>**(танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет)** | **Үстел үсті ойыны.**<br>"Лото".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу.<br>Түрлерінің ұқсастықтарына қарай әрбір бала қандай да бір геометриялық пішінді алады, соған ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды.<br>**(танымдық іс-әрекет, қарым-** | **Үстел үсті ойыны.**<br>«Ойық ішіндегі заттарды орналастыру».<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың таным, зейін, қабілетін дамыту.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Менің сүйікті ертегім. «Ақымақ қасқыр» қазақ халық ертегісі.<br>Мақсат-міндеттері. Ертегіні оқып беру, мазмұндауды үйрету. Ертегі | **Үстел үсті ойыны.**<br>"Лото".<br>"Үй жануарлары".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу.<br>Карточкаларды түсіне қарай іріктеу.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Күнтізбені қалай қолдануға болады? (Қазақ халқының тәуліктегі уақытты мөлшерлеуі)".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың уақыт, тәулік бөліктері ұғымдары туралы | Қадыр Мырза Әли "Санамақ".<br>Бота, түйе,<br>Құлын, бие,<br>Торай, шошқа,<br>Қозы, қошқар,<br>Қодық, құлан,<br>Көжек, қоян,<br>Бақа, шаян,<br>Торғай, шымшық ...<br>Сен, қал!<br>Сен, шық! **(танымдық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>«Суыр, сұңқар, су қайда?" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға судың маңыздылығын және оның адамзатқа, құстарға, жануарларға табиғаттың жанды құбылыстарына қажеттілігін түсіндіру.<br>Суреттер бойынша әңгіме құрастыру. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Ауа райын болжаймыз"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи құбылыстарды (қар, жаңбыр, тұман, бұршақ) бақылауды үйрету, олардың нәтижелерін түсіндіру; табиғи құбылыстарға қатысты халық болжамдарымен таныстыру.<br>Логикалық жаттығу "Жыл мезгілдерін ретімен орналастыр".<br>Мақсат-міндеттері. Жыл мезгілдерінің ретін жатқа білуді үйрету; балаларды тез қимылдауға тәрбиелеу. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-** | кейіпкерлерінің рөліне еніп, айтатын сөздерін айтқызу арқылы байланыстыра сөйлеуді, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауды үйрету.<br>Дидактикалық ойын. "Ол қандай?"<br>Мақсат-міндеттері. Қажет сөздерді пайдаланып, ойыншыққа сипаттама беруді үйрету. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | білімдерін бекіту; қазақ халқының тәулік бөліктерінің атауларымен таныстыру, өз күнтізбе жоспарын осы атауларға сәйкестендіруге жатыттықтыру.<br>Жаттау жаттығуы: "Қазақ халқының тәулік бөліктері". **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **қатынас іс-әрекеті)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - басты оң жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - 4 - басты сол жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 2 - денені оң жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу<br>3 - 4 - сол жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - оң аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - оң аяқпен секіру.<br>1 - 4 - сол аяқпен секіру.<br>1 - 4 - екі аяқпен секіру. **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас 09.00-.09.20** | Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>М. Жаманбалиев "Екі қол".<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.20-09.30** | Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу. **(танымдық іс-** | Табиғат әлемі тақырыбында әңгімелесу. **(танымдық іс-** | "Керекті киімді тап" үстел-үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға қысқы | "Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгідері | "Жәндікті ата" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жәндіктер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету; зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды дамыту. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | туралы білімдерін толықтыру. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері**<br>"Сөйлеммен танысайық".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; сурет бойынша сөйлем құрауды, байланыстыра сөйлеуді үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Отбасы мүшелері".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы мүшелері мен туыстары туралы білімдерін дамыту және толықтыру, отбасы туралы ұғымдарын кеңейту; [-к] дыбысымен | **Сауат ашу негіздері**<br>"Сөйлеммен танысайық"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, сурет бойынша сөйлем құрауды, байланыстыра сөйлеуді үйретуді қайталау.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Отбасында кімдер бар?"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "екі" саны мен цифры жайлы білімдерін нақтылау; реттік сан туралы ұғымдарын | **Математика негіздері**<br>"Жұбын тап".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "екі" саны мен цифры жайлы білімдерін нақтылау; реттік сан туралы ұғымдарын жандандыру; заттарды санау арқылы салыстыру дағдыларын пысықтау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Тіл бірліктері (буын, сөз, сөйлем). Отбасы мүшелері."<br>Мақсат-міндеттері. Өзінің аты-жөнін, тегін атау; ата-анасының, | **Математика негіздері**<br>"Күнтізбені қалай қолдануға болады? (Қазақ халқының тәуліктегі уақытты мөлшерлеуі)"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың уақыт, тәулік бөліктері ұғымдары туралы білімдерін бекіту; қазақ халқының тәулік бөліктерінің атауларымен таныстыру, өз күнтізбе жоспарын осы атауларға сәйкестендіруге жатыттықтыру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>«Суыр, сұңқар, су қайда?" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ертегі арқылы судың маңыздылығын және судың адамзатқа, құстарға, жануарларға табиғаттың | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауысты дыбыспен танысайық".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға дыбыс туралы түсінік беру, дауысты, дауыссыз дыбыстардың ерекшелігі туралы түсінік беру.<br><br>**Жапсыру**<br>"Менің үйім осындай"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қағаз бетіне геометриялық пішіндерден үйдің дайындамаларын орналастыруды және желімдеуді үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Қанат үстімен ауыспалы қадам жасап жүру"<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныстыру, сөздер мен сөз тіркестеріндегі [-к] дыбысын дұрыс дыбыстауды үйрету; отбасы мен туыстық атауларды білдіретін сөздерді қазақ тілінде түсінуге, айтуға, қолдануға дағдыландыру; айтылым, тыңдалым және еркін диалогке түсу қабілеттерін дамыту; отбасы мүшелері мен жақындарына сүйіспеншілік пен мейірімділікке тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Спорт - көркі өмірдің".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей | жандандыру; заттарды санау арқылы салыстыра білу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Музыка**<br>"Менің әжем ең жақсы адам"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды нотамен таныстыру, нота атаулары туралы түсінік беру; әнді тыңдай отырып, мағынасын түсініп, сыр-сипатын ажыратуды үйрету.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Менің отбасым" тақырыбында әңгімелесу.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды отбасы мүшелерімен таныстырып, баланың тілдік қабылдау нәтижелерін, сөйлеу мәдениетін дамыту. **(зерттеу іс-әрекеті,** | бауырлары мен әпке-сіңлілерінің есімдерін атау; өзінің туған күнін айту; отбасындағы өз міндеттерін атау және орындау; сөзді тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру; ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру; оқу әрекетіне қызығушылығын дамыту; тыңда және түсіну, байланыстыра сөйлеу дағдыларын жетілдіру; балаларға сөйлем туралы түсінік беру; суретке қарап сөйлем құрау; балаларды ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Спорт – бейбітшілік елшісі.<br>Мақсат-міндеттері. | жанды құбылыстарына қажеттілігін түсіндіру.<br><br>**Музыка**<br>"Бақа, бақа, бақ-бақ".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды халық әнін тыңдай отырып, мағынасын түсінуді үйрету; бақа туралы әнді айту кезінде музыкалық-қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Саяхатшы балалар".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған табиғат туралы өрісін кеңейту; саяхаттау және жабайы табиғаттағы тәртіп ережелерімен таныстыру. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, музыка, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балаларға қанат үстімен ауыспалы қадаммен жүруді үйрету; баянат (рапорт) қабылдау ережесіне дағдыландыру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Менің сүйікті ертегім. «Ақымақ қасқыр» қазақ халқының ертегісі."<br>Мақсат-міндеттері. Ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуді үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, олардың сөздерін айтқызу арқылы байланыстыра сөйлеуді, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауды үйрету. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, музыка, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еңбектеу дағдыларын дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Ауа райын болжаймыз"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға табиғи құбылыстарды (қар, жаңбыр, тұман, бұршақ) бақылауды үйрету, олардың нәтижелерін түсіндіру; табиғи құбылыстарға қатысты халық болжамдарымен таныстыру.<br>Логикалық жаттығу.<br>"Жыл мезгілдерін ретімен орналастыр".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жыл мезгілдерінің ретін жатқа білуді үйрету; балаларды тез қимылдауға тәрбиелеу. **(қазақ тілі, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, танымдық** | **танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балаларда қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу дағдыларын дамыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Айболит» ертегісі<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды өзге халықтардың әдеби шығармаларымен таныстыру. Шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауды, кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым-қатынас әлемімен таныстыру, кейбір адамгершілік қасиеттерге сипаттама беруді үйрету; көркем сөйлеу қабілеттерін, адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Өзге | | |

<table>
<tr><td></td><td>іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</td><td></td><td>адамдарға мейірімділі, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту. (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>2- таңғы ас</td><td colspan="5">Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Серуенге дайындық 10.35-10.50</td><td colspan="5">Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</td></tr>
<tr><td>Серуен<br>10.50-12.30</td><td>Торғайларды бақылау. (зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттері. Торғай туралы білімді бекіту және бақылауды жалғастыру; сөздік қорларын торғай туралы көркемсөзбен байыту.<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы сыпыру. (еңбек іс-әрекеті)</td><td>Қайыңды бақылау. (зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттері. Қайыңға тән белгілерді бақылауды жалғастыру.<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Түскен жапырақтарды тырнауышпен</td><td>Жапырақтарды бақылау. (зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттері. Алтын күздің алуан түрлілігімен, "жапырақтың түсуі" ұғымымен таныстыру; табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақшадағы қоқыстарды жинау.</td><td>Көліктерді бақылау. (зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттері. Көліктерді мақсатына қарай ажырата білуді үйрету; жүргізуші мамандығына қызығушылығын, оның еңбек әрекеттерін игеруге ұмтылысын қалыптастыру.<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құрғақ жапырақтарды белгілі бір жерге жинау жолдары. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеу қабілетін</td><td>Жерде жатқан жапырақтарды бақылау. (зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жапырақтар туралы білімдерін бекіту; сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын молайту; ойлау, қиялдау қабілеттерін арттыру; табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл тұқымын жинау. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)** **"Ұядағы құс".** Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілік, зейін қабілеттерін, қимылдарды үйлестіруді дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтарын а қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-** | тырналау. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)** "Түстерді тап". Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша түстерді табу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтарын а қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. **(зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттері. Жұмыс істеу дағдыларын бекіту. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)** "Үйіңді тап". Мақсат-міндеттері. Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету, ойын ережелерін дәл орындау қабілеттерін дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері. (дене шынықтыру)** Бір аяқпен орнында секіру. Мақсат-міндеттері. Шапшаңдықты дамыту. | бекіту. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)** "Түрлі түсті көліктер". Мақсат-міндеттері. Заттарды пайдаланып (рульдермен), ойын арқылы белсенділікті дамытуды жалғастыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері. (дене шынықтыру)** Орыннан екі аяқпен секіру. Мақсат-міндеттері. Шапшаңдықты дамыту. | Жұмысты бірлесіп орындауға ұмтылысты дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)** “Аттар”. Мақсат-міндеттері. Балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; "Ер қанаты - ат" деген ұғымды қалыптастыру; жарыса ойнауға үйрету, ұлттық дәстүрді тәрбиелеу. Барысы. Балалар алаңда екі топқа бөлінеді. Үлкен шеңбер сызып, ортасында жалауша болады. Осы жалаушаны екі топ жарысып, белгіленген жерге жеткізу керек. Қай топ бірінші жеткізеді сол топ жеңіске жетеді. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекет)** | | | | **материалдармен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас 12.50-13.10** | Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>М. Жаманбалиев "Екі қол".<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы 13.10-15.30** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40** | Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеру, аяқты кезек-кезек сермеу.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Бесін ас 15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел | **Дидактикалық** | **Вариативті** | **Вариативті** | **Дидактикалық ойын.** | **Дидактикалық ойын.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.15 | **ойын.**<br>"Бұл қай мезгілде болады?"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілге қатысты құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын және жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды жауаптарын тек бір сөзбен ғана емес, құбылыстың не себептен болғанын түсіндіруге талпындыру қажет.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-** | **компонент - Ағылшын тілі**<br>"Saying goodbye. Letter Bb"<br>Мақсат-міндеттер: “Goodbye!, bear, bee” лексикалық бірліктерін беру. Қарым – қатынас дағдыларымен білімін қалыптастыру.<br><br>**Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: доп.<br>Шарты.<br>Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады | **компонент - Жас зерттеуші**<br>"Жер әлемі".<br>Мақсат-міндеттер: табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыру; ауа мен судың ластану себептерін, себеп-салдарлық байланыстарды түсіндіру.<br><br>**Дамытушы ойын.**<br>"Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту.<br>Шарты.<br>Жүргізуші.<br>1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл | "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары).<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи құбылыстардан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуды, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары.<br>Шарты.<br>Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады.<br>Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш- | **"Ұстап ал да, түсін ата".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың допты ұстап алып, аталған түске сай боялған белгілі затты (құбылысты, жануарды, құсты) жылдам атауға жаттықтыру; ой шапшаңдығын, түстерді ажырату, зейін қабілетін, дүниетанымын дамыту.<br>Құралдар. Доп.<br>Балалар шеңберде немесе қатарда отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе санамақ арқылы таңдалған балалардың бірі жүргізеді.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Цирк".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Аспазхана".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындардағы әдептілік, тамақтану әдебі ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлерінің (аспаз, даяшы, кассир, гардероб | (тұрады).<br>Алғашқы кезеңдерде жүргізуші рөлін педагог өзі атқаруы мүмкін, ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін жүргізуші допты әр балаға кезекпен "От!" не "Су!", не "Аспан!", не "Жер!"сөздерін айтып, допты қолдарына лақтырады.<br>Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, су асты жануарын атау, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жануар, жәндікті атау.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық** | арқылы көрсетеді. Балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезегімен көрсетеді.<br>3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Зообақ".<br>Мақсат-міндеттері. | ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды және тағы басқа.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Табиғи қорық".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға аяушылықпен қарауға, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек | ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, саламатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық құршық, костюмдер).<br>Шарты.<br>Педагог алдымен балалармен бірлесіп цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы әңгімелеседі; әрбір артист маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың еңбегінің қаншалықты қиын екенін түсіндіреді.<br>Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызметкері) киім үлгілері мен құралдары.<br>Шарты.<br>Алдымен педагог аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін әртүрлі тағамдарды дайындау қызметі және оның маңызы туралы балалармен әңгімелеседі.<br>Суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады.<br>Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы қолданылады.<br>Педагог балалармен бірлесіп ұсынылатын белгілі тағамдардың тізімдерін, мәзірді жасайды. Ол үшін педагог және балалар кешкі уақыттарда түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып | **іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің емханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет заттар мен | Балалардың түсінігіндегі зообақ, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообақта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екенін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Зообақ қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы; ойыншық жануарлар | қобдишасы, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде табиғи қорық туралы суреттерді қарап, Қазақстандағы табиғи қорықтар жөнінде бейнебаяндарды тамашалайды.<br>Балалар орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері сияқты мамандардың табиғи қорықта не істейтіні (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге кесіп алуға тапсырма береді; ауру аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны көбейіп кеткен жыртқыштарды атып алады), қандай құралдарды қолданатыны туралы талқылап алу керек.<br>Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады.<br>Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және | жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды.<br>Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды орындықтарға шақырады.<br>Әрбір өнерпаздың шығуын аса құрметпен жариялап, оған көрермендер тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды.<br>Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иіліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды мақтап, қошемет білдіретінін айту керек.<br>Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алады, ойында қолданады.<br>Педагог адамдардың келмей тұрып (балалар орындарында отырып), қызметкерлердің жұмысын бақылайды.<br>Барлық тағамдар әзірленіп болғанда, балалар (тұтынушылар) тамақтану залына шақырылады.<br>Даяшы келген тұтынушыларға мәзір ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға тағамдарды әкеліп, соңында "төлемді" жасайды.<br>Балаларға "даяшы" , "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айтқызу керек, балалар сол сөздерді пайдалануы тиіс. | құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; емханаға қажет жиһаз, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде ветеринардың жұмысы жайында суреттерді қарап, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін естеріне түсіріп, оқиды және ветеринарлық емхана жайында әңгімелесу керек.<br>Балалар ветеринар дәрігерінің жануарлар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қою қажеттілігін | және құстар; ойыншықтарға тор пішіндері.<br>Шарты.<br>Педагог ойыннан бұрын балаларға зообақ жайында суреттерді қарастырады, әлемдегі қорғауға алынған жануарлар жөнінде бейнебаянды көрсетеді.<br>Балалар ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші сияқты мамандардың қызметінің мәні неде, олардың қандай құралдарды қолданатынын туралы талқылап алу керек.<br>Балалар зообақта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты | құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып, белгілі орындарға қондырып, қимылға келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбай, оларды сақтап, тіршілік иелеріне көмек бере отырып, қорғана білу де керек. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | арқасында болады. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қойып жатады.<br>Ойын соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдардың әдемі және дәмді тағамдарды татуы үшін, аспазхана қызметкерлері көп еңбек етеді; "рақмет" және "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында шуламау, тамақты дұрыс шайнау, құралдарды дұрыс пайдалану - адамның қоғамдық жердегі ережелерді орындаудағы негізгі міндеті. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,** | талқылап алу керек.<br>Балалар ветеринарлық емханада қызмет атқаратын қызметкерлер кім болатынын өзара таңдайды.<br>Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам өзінің қасында тіршілік ететін жануарлар мен құстардың саулығы үшін, жабайы табиғаттағы аңдардың сақталуы | қолданады.<br>Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып белгілі орындарға қондырып, қимылдатады, қозғалысқа келтіреді.<br>Мамандар құстар мен аңдардың орындарын аралап, көмектерін көрсетеді.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбай, жоғалып бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну керектігі, оларға қамқорлық танытып, тіршілік етулеріне қолайлы жағдайлар туғызу | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** | үшін жауапты екендігін айтуы тиіс. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** | қажеттілігі туралы айту. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30** | Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу. **(танымдық іс-әрекет)** | "Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | Тақпақ айтқызу. Ескен Елубаев "Күзде".<br>Қайтқан құсты көрдің бе,<br>Қаптай ұшқан әуелеп?<br>Күткен күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп?<br><br>Қамба толды астыққа,<br>Алғыс саған, алтын күз!<br>Бір уыс дән шаштық та,<br>Арба қауын алдық біз!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Күз" тақырыбында сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету. **(танымдық іс-әрекет)** | Күз мезгіліне тән табиғи ерекшеліктерге байланысты жұмбақтар шешу. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі | | | | |

| | |
|---|---|
| **16.30-16.50** | мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Серуен**<br>**16.50-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |
| **Кешкі ас** | Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>М. Жаманбалиев "Екі қол".<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Отбасы тақырыбында әндерді үйрету. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында отбасы тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Арт-терапиялық суреттерді бояу.<br>**Театрландырылған қойылым.**<br>"Үйшік" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттері. Танмал ертегінің мазмұнын балалардың естерінде жаңғырту, еске сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>"Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, үйшіктің нақпішіні.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға алдын-ала "Үйшік" ертегісінің мазмұнын қайталатады.<br>Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады.<br>Алғашында, автор тарапын педагог өзі алады, содан соңғы жағдайларда балалардың да арасынан автордың рөлін сомдайтын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баланы ұсынуға болады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар көрермендерге иіліп құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауға ие болады. Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)**<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу. | Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. | «Менің достарым» тақырыбына әңгімелесу. |

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** «» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 19.09. - 23.09.2022 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.09.2022 | 20.09.2022 | 21.09.2022 | 22.09.2022 | 23.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Балалардың терісін, сыртқы көрінісін тексеру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру; балаларға жағымды орта ұйымдастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, оның сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін адал орындауды үйрету. Балаларға айтылатын нұсқаулар. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяққиімнен босату, | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Адал еңбектенуге, ересектерге көмектесуге ниетін тәрбиелеу. **(еңбек іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият жинау. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді, ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| | **Үстел үсті ойыны.** "Жалпы атауын бер". Мақсат-міндеттері. Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды. (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, қыздар мен ұлдардың киімдері). **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **Саусақ жаттығуы.** М. Әлімбаев "Он саусақ". Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты жоғары көтеру, бүгу) Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз) Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз) Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты | **Дидактикалық ойын.** «Домино». Мақсат-міндеттері. «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс аттқызу, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық | **Дидактикалық ойын.** «Суретті құрастыр». Мақсат-міндеттері. Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыруды үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Ойын шарты. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім өз суретін жылдам құрастырып, дұрыс атаса, сол бала жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті | **Дамытушы ойын.** "Мен өзіммен бірге жолға аламын". Мақсат-міндеттері. Логикалық ойлауды дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: заттардың суреттері бейнеленген карточкалар. Сипаттама. Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бірақ сапардың сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау қажет. Баладан бір суретті жеке алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көрсетеміз)<br>Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алдыға қарай созамыз) **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар. Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | бөлшектерін іздестіру. Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері. (көлемдері 7×8 см карточкалар). **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | сұраңыз. Суреттердегі заттар әртүрлі болуы керек. Мысалы, бала доптың бейнесін алады: "сіз демалыс кезінде доп ойнай аласыз, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға болады, өйткені ол батып кетпейді және тағы басқа." Бала суретті алдына қойып, әртүрлі жерге саяхаттау үшін не қажет болатынын айтуы керек (шөл далада, пойызда, ауылда). **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - басты оң жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - 4 - басты сол жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 2 - денені оң жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу<br>3 - 4 - сол жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - оң аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - оң аяқпен секіру.<br>1 - 4 - сол аяқпен секіру.<br>1 - 4 - екі аяқпен секіру. **(дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас**<br>**09.00-.09.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: әдептілік ережелерін бекіту.<br>Түскі асқа дайындық, дастархан жайу; қызметшілермен әңгіме; балаларға мәзірмен таныстыру, оны жариялау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық дизайнына аудару.<br>Көркем сөз<br>Нан – ардақты адал ас<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**09.20-09.30** | ҚР Рәміздері туралы әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | ҚР Елбасы мен президенті туралы әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Туған тіл туралы мақал-мәтелдерді жаттау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Астана қаласының суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Туған тілім - тұғырым" атты салтанатты жиын ұйымдастыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет**<br>**09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауысты дыбыстар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Дыбыс туралы түсінік беру, дауысты дыбыстың ерекшелігі туралы түсінік беру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Уақыт. Күн тәртібі және тәулік бөліктері".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ұғымындағы күннің бөліктері туралы білімдерін кеңейту.<br>Күндер, күн тәртібі | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауысты дыбыспен танысуды қайталау".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Дыбыс туралы түсінік беру, дауысты дыбыстың ерекшелігі туралы түсінік беруді қайталау.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Ауылдағы қызықтар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың уақыт пен тәулік бөліктері туралы білімдерін кеңейту; тәулік бөліктерін | **Математика негіздері**<br>"Тәулік бөліктерін қайталау".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың уақыт пен тәулік бөліктері туралы білімдерін кеңейту; тәулік бөліктерін ажыратуды, нақты атауды қайталау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Дауысты дыбыстар. Жуан және жіңішке дыбыстар". | **Математика негіздері**<br>"Қазақстанымды не үшін сүйемін?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың сандар қатарымен таныстыруды жалғастыру, тура және кері санауды үйрету.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Рәміздер - ұлттық құндылық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қазақстан Республикасы мемлекетінің рәміздері туралы түсіндіру. | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауыссыз дыбыспен танысайық"<br>Мақсат-міндеттері. Дыбыс туралы түсінік беру, дауыссыз дыбыстың ерекшелігі туралы түсінік беру.<br><br>**Құрастыру**<br>"Балабақша — біздің үйіміз"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға кірпіш және призма құрылыс материалдарын пайдаланып, балабақшаны құрастыруды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы тұрақты түсінік қалыптастыру; уақыт ұғымын нақтылау, уақытпен санасу қажеттілігін көрсету; [ү] дыбысының дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру; халық шығармашылығының үлгілері мен уақыт туралы мақал-мәтелдермен таныстыру. | ажыратып, нақты атауға жаттықтыру. **Музыка** "Табиғат көрінісі". Мақсат-міндеттері. Балаларды халық әнін тыңдау, мағынасын түсінуді үйрету; бақа туралы әнді айту кезінде музыкалық-қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру. | Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дауысты дыбыстар жуан және жіңішке болып бөлінетіні туралы түсінік беру. Есту, айту арқылы дыбыстарды түрлеріне қарай ажыратуды үйрету; ертегі тыңдатып, қиялдарын дамыту, ой-өрістерін кеңейту; әлемімен таныстыру | **Музыка** "Ана тілім". Мақсат-міндеттері. Балаларды тіл туралы әнді қызыға айта білуге үйрету; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** "Елімнің байлығы - тұз". Мақсат-міндеттері. Балаларды өлі табиғаттың үшін | **Дене шынықтыру** "Жіптің астымен тура және жанымен еңбектеп өту". Мақсат-міндеттері. Балаларды баянат (рапорт) қабылдау ережесіне дағдыландыру; жіптің астымен тура және жанымен еңбектеп өтуді үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет** "Ана тілім - байлығым". Мақсат-міндеттері. Біздің **зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **2- таңғы ас** | | **Сөйлеуді дамыту** "Табиғат тақырыбында суретпен жұмыс". Мақсат-міндеттері. Табиғат суреттеріне қарап әңгімелеуді үйрету. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | дыбыстарды дұрыс айтуға даярлау және артикуляциялық аппаратын дамыту; сөздер мен білуге құштарлықтарын арттыру; балаларды ұқыпты, таза, көркем жазуға дағдыландыру. **Дене шынықтыру** "Сапқа тұр". Мақсат-міндеттері. Балаларға гимнастикалық | компоненттерімен және қасиеттерімен таныстыру; тұздың өмір маңыздылығымен таныстыру; өздігінен тәжірибе жасауға қызығушылықтарын арттыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | мемлекетік тіліміз - ана тілі және әр ұлттың өз тілі болатынына түсінік беру. **(танымдық іс-әрекет,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | орындық үстінде ішпен еңбектеуді үйрету.<br>**Көркем әдебиет**<br>М. Жаманбалинов «Құлыншақ» (өлең). Құлыншақ» өлеңімен таныстыру; балаларды Мақсат-міндеттері. көркем әдебиеттегі адамгершілік еске сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайту, | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | **Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруды үйрету.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын** | **Ауа райының жағдайын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғи құбылыс - тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыстарды бақылауды үйрету; осы | **Қайыңды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Жыл мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды | **Жыл құстарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскен кезде құстардың тіршілігі; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен** | **Бақшадағы күзгі жұмысты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** жүйектерді үгінділермен толтыру.**(еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қарапайым еңбек тапсырмалары:** күзгі жапырақтарды жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Жұмыс істеуге құштарлықты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)**<br>"Аққу-қаздар", "Ұстап ал".<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрету; достық қатынастарды дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Мені қуып жет". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Дұрыс бағытта жүгіруді үйрету. | құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** учаскедегі қоқыстарды жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)**<br>"Кім жылдам", "Батпырауық және тауық".<br>Мақсат-міндеттері. Жүгіру, көтерілу, секіру қабілеттерін жетілдіру; реакцияны дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау | жалғастыру; ағашты табиғаттың бөлігі ретінде құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** аумақты тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге, қойылған мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)**<br>"Қайыңға қарай жүгір".<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауды үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Өзенді кесіп өт". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Бөренемен тіке және | **бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаш тұқымдарын жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тұқым жинауға ынталандыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)**<br>"Ит пен торғай".<br>Мақсат-міндеттері. Торғай мен итке тән қимылдары туралы білімді бекіту; олардың дауыстарына еліктеуді үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен лақтыру қабілетін бекіту. | Мақсат-міндеттері. Жұппен жұмыс істеуді үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)**<br>"Қай жерде жасырынғанын тап".<br>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлау.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттері. Жүру және жүгіру техникасын жетілдіру. **(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | жанынан жүру жаттығулары. | | |
| **Түскі ас**<br>**12.50-13.10** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық іс-әрекет)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**13.10-15.30** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: әдептілік ережелерін бекіту.<br>Түскі асқа дайындық, дастархан жайу; қызметшілермен әңгіме; балаларға мәзірмен таныстыру, оны жариялау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық дизайнына аудару.<br>Көркем сөз<br>Нан – ардақты адал ас<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**15.30-.15.40** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бесін ас**<br>**15.40-16.00** | Ұйқыдан тұрғаннан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін жамылған күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының бірнешеуін ғана орындайды; (төсекте жатқанда 2-3 минут гимнастика жасау балалардың ұйқысы ашылуына бағытталған). Жаттығуларды ояу балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады.)<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.15 | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: әдептілік ережелерін бекіту.<br>Түскі асқа дайындық, дастархан жайу; қызметшілермен әңгіме; балаларға мәзірмен таныстыру, оны жариялау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық дизайнына аудару.<br>Көркем сөз<br>Нан – ардақты адал ас | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30** | **Дамытушы жаттығу.** "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар. Суреттер жұптары (екінші суретте, бірінші суретке қарағанда көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады). Шарты. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретті көруге ұсынады. Балалар екінші суретте, біріншіге қарағанда не өзгергенін айтады, | **Логикалық ойын.** "Келешекте неге айналады?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам мен жан-жануарлар тіршіліктеріндегі білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана беруі мүмкін. Шарты. Педагог атаған жанды немесе жансыз объектіге, көрсеткен суретке қарап, объектінің немесе | **Дидактикалық ойын.** "Сөздер тізбегі". Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды орнатуды нығайту. Шарты. Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз қатесін өтейді, өнерін көрсетеді. **(зерттеу іс-әрекеті,** | **Дамытушы жаттығу.** "Не өзгерді?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар. Шарты. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтарды немесе заттарды ұсынады. Саны алғашында 6-дан басталады, содан соң 10-12-ге дейін жеткізуге болады. Ойыншықтар сапта тұрғанда балалар олардың реттік санын айтуы мүмкін. Балалар көзін жұмып, педагог ойыншықтардың қатардағы тұрғанын өзгертеді. | **Дидактикалық ойын.** "Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары). Мақсат-міндеттері. Балалардың белгілі құбылыстар салынған карточкаларды логикалық екі карточка жұптарына жинап, біріктіру; білімдерін жүйелей білу, еске сақтау, ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін дамыту; түрлі құбылыстарға қызығушылықтарды арттыру; ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі табиғи құбылыстар салынған сурет-карточкалар. Шарты. Балалар табиғат құбылыстарын шартты белгілі суреттерге қосып, логикалық жұптарды құрастыру керек. Логикалық жұптар тізбектері мына сияқты болуы мүмкін: тамшы - жаңбыр; тамшы - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айырмашылықтарын табады.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Аспазхана".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік сақтау, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруды үйрету, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. | құбылыстың келешекте неге айналатынын айту керек.<br>Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс келешекте не болады?"<br>Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн; жауын қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; іргетас; көшет; аяздың болуы; дән; жұмыртқа; қардың жауғаны; қар көктемде; желде сарғайған жапырақтар; кеш; көжек; көп еңбек; оқу оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-** | **қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Отбасы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдарын нығайту; отбасы мүшелерінің отбасында атқаратын рөлін пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық, саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа | Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың қай орынға ауысқанын айтады.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Үй құрылысы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк мәшинелері, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы | мұздардың шатырдан тамшылағаны; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - жапырақ - бұта; жапырақ - гүл және тағы басқа.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Театр".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалармен бірге театр қандай орын екенін, оның адамның өмірінде қандай маңызы барын ойын барысында анықтау; артист, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюмді әрлеуші, суретші, бет әрлеуші сияқты мамандары жайында біліктерін тиянақтау; жағымды қатынастарын қалыптастыру; мәдени орындағы тәртіп ережелерін пысықтау; мәнерлеп сөйлеуін дамыту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құралдар.<br>Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірге аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін тамақтандыру қызметінің маңызы туралы алдын ала әңгімелеседі.<br>Алдымен, атқарылатын жұмыстарда суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады.<br>Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы қолданылады, сонымен бірге педагог балалармен бірлесіп | **әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Пошта".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға поштаның қандай жер екенін түсіндіру, бұл жерде қандай мамандар қызмет ететіні туралы жалпы мағлұматтарды бекіту; ойын кезінде ауыспалы заттарды (хат, тапсырыс хат, бандероль, сәлемдеме) қолдануды үйрету; топтастармен бірге ойын желісіне қосылып, өз орнын табуға ынталандыру; ойлау, ой-қиял, қарым-қатынастық қабілеттерді дамыту; заттармен және заттарсыз әрекеттену біліктерін дамытуды; еңбекті құрметтеуге, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>"Пошта" жазуы, арнайы | заттар мен киім үлгілері.<br>Шарты.<br>Балалар өзара отбасы мүшелері рөлдерін бөлісіп жатады, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог балалармен бірлесіп, күн тәртібіндегі қандай оқиғаны сомдау қажет болатынын алдын ала анықтап жатады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** | басқалар).<br>Шарты.<br>Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын ала әңгімелеседі.<br>Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа қатысатын мамандарға бөліне бастайды; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, өз орындарына барады.<br>Педагог балаларға ойынды сәулетші бастайтынын айтады.<br>Содан кейін балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіш қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып жатады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу | достыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Сахна орны.<br>"Театр" жазуы; сахналық қойылымдарға қажет сахна макеттері (үйшік, ағаш, қаша және тағы басқа), мүмкіндігін қарай шымылдықтар), кейіпкерлердің костюмдері, кейіпкерлердің қолдануына қажетті құрал-жабдықтар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірге театрда қандай қойылымдар болатыны туралы суреттерді қарастырып, көрермендер мен артистер арасында қандай айырмашылықтардың болғанын анықтайды.<br>Қойылымның көрермендердің алдында әдемі өтуіне режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарықты беруші, костюмді әрлеуші, суретші, бет әрлеуші сияқты мамандардың орны туралы талқылайды.<br>Балалар әрбір маманның сахна қойылымын дайындауда қандай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұсынылатын белгілі тағамдардың тізімдерін, мәзірді жасайды. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақыттарда түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алады, ойында қолданады.<br>Педагог адамдардың келуі алдында (балалар орындарында отырып) қызметкерлердің жұмысын бақылайды.<br>Барлық тағамдар әзірленген кезде балаларды (тұтынушыларды) тамақтану залына шақырылады.<br>Даяшы келген тұтынушыларға мәзір ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға әкеліп, соңында "төлемді" жасайды.<br>Балаларға "даяшы", | бөлінген орындар; қаптау қағаз материалы, байлауға жіптер, қайшы; хат, тапсырыс хат, бандероль, сәлемдеме сияқты заттардың жасанды макеттері; қаламсаптар, маркерлер, маркалар салынған таңбалауыштар, қарындаш желімдер, телефон, руль.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірге поштаға экскурсияны ұйымдастыруы мүмкін немесе поштаның қызметі жайында суреттер мен бейнежазбаларды тамашалап, белгілі сюжеттер бойынша әңгімелеседі.<br>Алдын ала жұмысында педагог поштада еңбек ететін байланыс операторы, пошташы, байланысты атқарушы кезекші, экспедитор | | тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үй құрылысының сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс мамандары бірлесіп, ақылдасып, жұмысты жоспар бойынша істеуінің арқасында жетуге болады; үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** | әрекеттерді жасайтыны туралы шағын жаттығуларды алдын ала жасауларына болады.<br>Содан кейін қалаған балалар белгілі рөлдерді атқаруға өз қалауларын білдіреді, орындарын алып жатады.<br>Педагог алғашында режиссер міндетін өзіне алады, танымал ертегінің сюжетін таңдайды.<br>Педагог ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: сахна қойылымы көрермендерге қызықты болу үшін, тек артистер ғана емес, көптеген мамандар жұмыс істейді; еңбекті қадірлеу керек; театр - мәдени орындардың бірі, бұнда сыпайылық ережелерін ұстанады.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, қарым-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айтқызады, балалар сол сөздерді пайдалану керек. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қойып жатады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдардың әдемі және дәмді тағамдарды татуы үшін, аспазхана қызметкерлері көп еңбек етеді; "рақмет" пен "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында шуламау, тамақты дұрыс шайнау, құралдарды дұрыс пайдалану, адамның қоғамдық жерде ережелерді орындаудағы негізгі міндеті болып | сияқты мамандардың жұмысын түсіндіреді. Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы қолданылады. Қалған балалар поштаға келіп, өз қалаулары бойынша ауыспалы заттардың бірін алып, оларды ресімдейді, қызметкерлерге береді. Педагог ойын барысында балалардың атқаратын рөлдері бойынша қосымша сұрақтар қойып жатады, ойын желісінің дамуын қамтамасыз етеді. Балалар сұрақтарға жауап бере жүріп, өз рөлдерінің жаңа қырларын танып жатады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар арасында байланыс үздіксіз және жылдам болуы үшін, пошта қызметкерлері | | | **қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | табылады. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** | көп еңбек етеді; пошта - қоғамдық орындарының бірі болып, бұнда сыпайылық ережелерін сақтау керек. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** | | | |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Артикуляциялық жаттығулар. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең-тақпақтарды айтқызу. Асқаржан Сәрсеков "Туған елдің ұлымын". Аспанымдай мөлдірмін,<br>Жайлауымдай жазықпын,<br>Өзенімдей өршілмін,<br>Гүлдерімдей нәзікпін.<br><br>Қуат алған өзінен,<br>Туған елдің ұлымын.<br>Бақытты етіп өсірген<br>Отанымның гүлімін.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды өлшемі (көлемі) бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | Артикуляциялық жаттығулар. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Дидактикалық ойын. "Жұмбақ сан".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қосу мен алудың қарапайым математикалық әрекеттеріне дайындауға ықпал ету; алдыңғы және кейінгі сандарды алғашқы ондықта анықтау дағдыларын нығайтуға көмектесу.<br>Сипаттама.<br>Мысалы, үш санынан үлкен, бірақ бес санынан аз; қай сан үштен аз, баладан оны айтуды сұраңыз. Бала әртүрлі сандарды атайды, ал педагог аталған саннан көп немесе аз деп айтады. Содан кейін сіз баламен рөлдерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ауыстыра аласыз. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Серуен 16.50-18.00** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюлерін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: әдептілік ережелерін бекіту.<br>Түскі асқа дайындық, дастархан жайу; қызметшілермен әңгіме; балаларға мәзірмен таныстыру, оны жариялау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық дизайнына аудару.<br>Көркем сөз<br>Нан – ардақты адал ас<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Тілдер мерекесіне дайындық. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында табиғат тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық, танымдық ойындар, басқатырғыш ойындар. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес беру. | Ата-аналарға кеңес: "Үйдегі уақытты балабақшаның күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру". | "Балаға дұрыс сөйлеуді қалай үйретеміз?" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Отбасында саламатты өмір салтын сақтауға бағытталған дәстүрлер» тақырыбына сұрақ-жауап. |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** «» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | ҚЫРКҮЙЕК<br>26.09. - 30.09.2022ж. | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 26.09.2022 | 27.09.2022 | 28.09.2022 | 29.09.2022 | 30.09.2022 |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Балалардың дене қызуын өлшеу, жалпы сыртқы көрінісін тексеру, көңіл күйін байқау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке балалардың қалай қатысатыны және оларға қажетті оқу құралдары туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Өсімдіктерді құнарландыру".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің | **"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият, жылдам орындау. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегін жинау мен тәртіпке келтіру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету дербестігі мен дағдыларын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | кірлегенде сумен шаю. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарау, жұмысты ұқыпты істеу, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| | **Үстел үсті ойыны "Лото. Жыл мезгілдері".** Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа тәрбиелеу. Бұл қашан болады? Балалар жыл мезгілдерін көрсететін карточкаларды таңдайды. **(танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Үстел үсті ойыны "Лото. Жеміс-жидектер мен көгөніс.** Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс-жидек, көгөніс туралы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс айтқызу. Ойын шарты. Көгөністерді бақшаға, жеміс-жидектерді бауға орналастыру. Ойын іс-әрекеті. Үш үлкен карточкада бақша, бау мен гүлзар бейнеленген. Көлемдері 8×8см карточкалар және көгөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см | **Дамытушы ойын "Төлін тап".** Мақсат-міндеттері. Үй жануарларының төлін табу арқылы балалардың білімдерін бекіту. Үй жануарларының төлдерін табуды үйрету. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Саусақ жаттығуы "Топ, топ, добым домалақ".** Топ, топ, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап?<br>- Бір, екі, - деп, екі ұрдым, -<br>Шатырға сен секірдің<br>Үш, төрт, бес, - үлгердім<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>Алты, жеті, - дегенде,<br>Жеттің шоршып еденде.<br>Сегіз, тоғыз, он - дедім<br>Сайға сырғып жөнелдің<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Үстел үсті ойыны. "Сиқырлы сандар".** Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы сандар туралы білімдерін бекіту. Балалар сандар мозаикасын құрайды. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | карточкалар. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | 1."Секіртпені соз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, жіптің шетінен ұстау.<br>1 секіртпені шетінен ұстап, қолды алға созу.<br>2 жоғары көтеру, 3 кеуде тұсына әкелу. 4 бастапқы қалыпқа келу.<br>2. "Сағаттың тілі" жаттығуы:<br>Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстау, қолды жоғары көтеру.<br>1 оңға еңкею.<br>2 бастапқы қалыпқа келу.<br>3 солға еңкею.<br>4 бастапқы қалыпқа келу.<br>3. "Отыру" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде.<br>1-2 екі тізені бір-бірінен алшақ қою, секіртпемен қолды жоғары көтеру, сәл иіліп отыру.<br>2 бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Бүгілу, майысу" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпені екі шетінен ұстап, алға созған күйде етпетінен жату.<br>1-3 артқа қарай иілу, бір мезгілде аяқты көтере (аяқтың ұшын соза) секіртпемен қолды алға қарай жоғары көтеру.<br>4 бастапқы қалыпқа келу.<br>5. "Еңкею" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, секіртпені екі ұшынан ұстау, қолды төмен түсіріп тұру.<br>1 заттардан аттап жүру.<br>2 секіртпемен еркін секіру. **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Таңғы ас 09.00-.09.20** | Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан кейін беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Асты-шашпай, төкпей іш, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сораптамай баппен іш.<br>Ақырын алып қолыңа,<br>Шашпай же нанды да.<br>Келген асты алдыңа<br>Тауысып іш, қалдырма.<br>Тамақ ішер кезде біз<br>Сөйлемейміз, күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.20-09.30** | Алтын күз тақырыбы бойынша күз мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Күз" туралы жұмбақтар шешу. **(танымдық іс-әрекет)** | "Күз" туралы тақпақтар жаттау. **(танымдық іс-әрекет)** | "Күз" тақырыбына байланысты мнемокарталармен жұмыс істеу. Балалар суретке бойынша толық мәтінді құрастырады. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Мозаика. Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, олардың түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауыссыз дыбыстар". Мақсат-міндеттері. Дауыссыз дыбыстың ерекшелігін айту, балалардың ұғымындағы сөз, сөйлем, буын туралы ойларын қалыптастыру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Менің Отаным - | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауыссыз дыбыстарды қайталайық". Мақсат-міндеттері. Дауыссыз дыбыстың ерекшелігін айту, балалардың ұғымындағы сөз, сөйлем, буын туралы ойларын қалыптастыру.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Астанаға саяхаттап | **Математика негіздері**<br>"Әсем қалалар". Мақсат-міндеттері. Балаларды кеңістіктегі заттардың оң және сол жақта орналасуы туралы түсініктерін кеңейту; заттарды сандық мөлшері бойынша салыстыруды пысықтау. | **Математика негіздері**<br>"Саябақтың жапырақтарын кім санапты?"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сопақша мен үшбұрышты дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажыратуға жаттықтыру; заттардың салмағын өлшеміне қарай қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауысты мен дауыссыз дыбыстарды қайталайық". Мақсат-міндеттері. Дауыссыз дыбыстың ерекшелігін айту, балалардың ұғымындағы сөз, сөйлем, буын туралы ойларын қалыптастыру.<br><br>**Сурет салу**<br>"Жаңбырлы күн". Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінен ұқсастықтар табуға шақырыңыз.<br>Балалардың айтқан жауаптарын және бейнелі сөздерін мақтаңыз.<br>**Көркемсөз**<br>Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін,<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп,<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>**Жұмбақ**<br>Көз жасты – жылауық,<br>Келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса жылайды,<br>Жадыраса тарайды.<br>(Бұлт.)<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; | булануынан ауада әрдайым су буы болатынын, бірақ біз оны көрмейтінімізді түсіндіріңіз. Бу аспанға көтерілгенде аспанда бұлттар пайда болады. Олар кішкентай су тамшыларынан тұрады. Егер мұндай бұлт салқындаса, барлық тамшылар бірге жиналып, үлке және ауыр болып жерге түседі, жаңбыр жауады.<br>**Көркемсөз**<br>Күзгі көк бұлт мен болам,<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын,<br>Қаласам қазір сендерге,<br>Жаңбыр болып жауамын.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі.“Мен - түлкі!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, | шашылып үлгермейді. Бұршақ жауу - табиғи апат: ол егіндер мен өсімдіктерді құртады.<br>**Экологиялық міндет:** судың әр түрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау.<br>**Көркемсөз**<br>Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>**"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа | қатқан тамшылары. Егер бұршақ өте ауыр болса, олар жерге түседі. Қорытындылай келе, бұл ауа температурасына байланысты болатынын айту керек. Жерден жоғарыда ауа өте суық, ол жерден көтерілген буды суытады. Күзде жансыз табиғат құбылысына қызығушылығын дамыту.<br>**Көркемсөз**<br>Жаңбыр-жаңбыр жауады,<br>Тамшылары тамады,<br>Ойнап, ойнап, аламыз,<br>Ойын сауық саламыз!<br>Жау аяма нөсерле,<br>Сенсіз бір түп өсеме?<br>Құйып, құйып өтпесең<br>Бұлт жөніне көшер ме?<br>**Жұмбақтар**<br>Тіл былдыр, үні сылдыр.<br>(Жаңбыр.)<br>Қырда қылыш жарқылдайды.<br>(Найзағай.)<br>**Мақал-мәтел.**<br>Жаңбыр жауса – жер | Таза ауа, дем берші,<br>Мөлдір су, бізді салқындат.<br>**Дидактикалық ойын. "Батады-батпайды".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Заттардың қасиеттері, олардың салмағы туралы білімді бекіту.<br>**"Су қандай?"** Балалар суды сипаттайды.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Салыстырмалы сын есімдерді қалай таңдау керектігін үйрету.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығу.<br>**"Сумен ойындар".**<br>Үрлемелі бассейн немесе үлкен ванна және ойынға арналған ойыншықтар жиынтығы серуенге шығарылады. Балалар қайықтарды ұшырады, ыдыстарға су құяды, қуыршақтарды жуындырады және тағы басқа.<br>**Еңбек:** ойыншықтарды жуу (оларды өңдеуге болады), төсенішке жаю, кептіру.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жаққа, біресе екінші жаққа жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Д. Ахметова "Әткеншек".<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, | жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үйлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу.<br>Балалар кішкентай шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал ойын жүргізушісі (педагог) балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Содан кейін педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.<br>Осы жерден бастап, балалар"қу түлкіден" жан-жаққа қашып | машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер бойымен жүріп мына сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момақан,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті | ырысы.<br>**Еңбек:** жағалаудан қолөнерге жарайтын малтатастарды жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Ортақ мақсат үшін саналы жұмыс істеуді үйрету.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>жеткізбеуге тырысу, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып | **"Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлініп, бір-бірінің қолдарынан ұстап, «Айгөлек» әуенін айта келе: "Айгөлек-ау, айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек,<br>Осы топтың ішінен,<br>Анар атты қыз (Асан атты ұл ) керек!" - деп шақырады.<br>Анар күш жүгіріп барып, қолдарын үзіп өту керек. Қолдарын үзе алмаса, сол топта қалады. Үзіп қашып кетсе, екі топтың қай біреуі, қуып жетіп ұстау керек. Өзінің тобының балалары ұстап алса өз тобына қайтадан келеді. Баланың шапшаңдығын, күштілігін айтып мақтап жүреміз.<br>**"Мұхиттар толқиды" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Қиялды дамыту, ойластырылған бейнені қозғалыста көрсету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды бір жаққа бұрып, шеңбер ортасына қаратып тұрғызу керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.<br>**Еңбек:** балалармен бірге гүлзарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақ, бұтақтарды жинау, майысқандарын көтеру.<br>(еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Еркін ойын. "Күн мен жаңбыр".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың шығармашылығын, кеңістікті бағдарлауын, жылдамдығын, зейінін дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар | құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>**Еңбек:** аланды тазарту ұжымдық еңбегі.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу.<br>**Қозғалыстарды дамыту жыттығулары:** жүгіріп ұзындыққа секіру (кемінде 1м).<br>Мақсаты: ұшу ауқымын дамыту.<br>Далаға шығарылатын материалмен еркін ойын ойнау.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарын төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарын көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеуге міндетті.<br>"Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады.<br>Тышқан:<br>- Бұтақты да кемірдім,<br>Кітапты да кемірдім,<br>Мен осындай жемірмін,<br>Шиық-шиық, шиық-шиық. | алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала қаша жөнеледі. Ал диалог әрі қарай жалғасады:<br>- Бояудың бағасы қанша?<br>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген мөлшерде қаққылайды, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған | Еркін ойын ойнау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ашық аланда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді және тағы басқа. Тәрбиеші "Жаңбыр жауды!" дегенде, балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Бұнда жерден жоғары тұрған құрылғылардың үстіне шығып кету туралы келісуге болады (бөренелер, орындықтар, сатылар). Тәрбиеші "Күн шықты!" дегенде, балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. Бұнда келісілген негізгі қимылдың бірін орындап жүруге болады (тек қана секіру, арқаны алдыға қаратып жүгіру және тағы басқа)<br>Далаға шығарылатын материалмен еркін ойын ойнау.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-** | | Секектеймін ыршып та,<br>Кезікпеймін қырсыққа,<br>Ұстатпаймын мысыққа,<br>Түк-түк, түк-түк,<br>Қане, ортаға шық-шық!<br>Мысық:<br>- Мияу!<br>Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей,<br>"Шық-шық!" - дейді?<br>Бұл тышқанның өнерін,<br>Қане, байқап көрейін.<br>**Еңбек:** гүлзарларды суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ересектерге көмек көрсетуді; өсімдіктерге қамқорлық жасауды үйрету.<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бір бағытта екі аяқпен | бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**"Шеңбер" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Лақтыру ептілігін, икемділікті дамыту, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>Еркін ойын ойнау. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеті)** | | жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. Далаға шығарылатын материалмен еркін ойын ойнау. | | |
| **Түскі ас 12.50-13.10** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяққиімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныш, есікті тарсылдатпай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою.<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, әбден тазарғанша жуу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толыққанды дайын түрінде келуге машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы 13.10-15.30** | **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттері. Үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін пысықтау. Үстелдегі тағамға назар | **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, | **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттері. Майлықты қолдануды әдетке айналдыру. Нанды үгітпеу, | **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын гигиеналық іс-шараларға аудару, қол жуу ережелерін бекіту. | **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттері. Тамақтану дағдыларын қалыптастыру: оны дұрыс пайдалану, ас құралдары, майлық; үстел басында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аудару; этикет ережелерін қайталау.<br>**Көркемсөз**<br>Нан анасы бидаймын,<br>Елге астық сыйлаймын.<br>Дәнім толып піскенде,<br>Қауызыма сыймаймын.<br>Ақ, қарамын, сарымын,<br>Мен өнімді тарымын.<br>Халқым еңбек сіңірсе,<br>Қайтарамын қарымын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | Тамақтану кезінде асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан түйірлерін жерге түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айту әдеп үлгілерін қайталау.<br>**Көркемсөз**<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | орындықты дұрыс қою, тамақ үшін алғыс айту, ауызды шаю, тамақтануға жағымды қатынасты тәрбиелеу.<br>**Көркемсөз**<br>Тағы, міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дән саламын.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | **Көркемсөз**<br>Қуанады анашым,<br>Таза оның баласы.<br>Маңдайымнан сипайды,<br>Саусағының саласы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | тыныш отыру әдетін дамыту.<br>**Көркемсөз**<br>Ей, балалар, балалар,<br>Бар қасиет нанда бар!<br>Тоқаш, бөлке көп болар,<br>Тәттіге жұрт тоқ болар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бесін ас 15.40-16.00** | **Ұйқыдан біртіндеп тұру (музыка ақырын ойнап тұр).** | Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу.<br>**Тыныс алу** | Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен | Біртіндеп ұйқыдан ояту.<br>Жалпақ табандықтың алдын алу үшін түзету | Балаларды сипап ояту.<br>Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бойымызды жазайық<br>Қолымызды созайық<br>Жаттығулар жасайық<br>Ұйқымызды ашайық!<br><br>Балапандар ұйқыға кірісті.<br>Балапандар көреді түсті,<br>Ғажайып сиқырлы әлемді.<br>Балалар ұйқыдан оянады.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | **жаттығуы:**<br>Ку - ка - ре, ку - ка - ре – ку, ку - ка - ре - ку.<br>Табанды шынықтыру массаждары:<br>1. «Балапандар серуенге шықты» шиқ - шиқ - шиқ.<br>2. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру.<br>3. Ілгекті жолмен жүру.<br>4. Тастардың үстерімен жүру.<br>5. Кірпі тікенектеріне ұқсас төсеніштермен жүру.<br>6. Табандар арқылы жүру.<br>**Көркемсөз**<br>- Балапандарым, ұйқыдан тұрайық.<br>Түс мезгілі, түс мезгілі.<br>Балапандар ұйқыға кірісті.<br>Балапандар көреді түсті,<br>Ғажайып сиқырлы әлемді. | жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.<br>**Көркемсөз**<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Лақтай ойнақтап,<br>Тастан-тасқа секіріп,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | жаттығулары.<br>**«Ұшақ» жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Омыртқаның бұлшық ет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшық еттерін күшейту.<br>**Көркемсөз**<br>Ұйықтап жатқан кім екен?<br>Уақыт болды тұратын.<br>Жаттығуды жасайық,<br>Ұйқымызды ашайық!<br>Бізді күтіп тұрмайды,<br>Жылдам алға басайық!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | Толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Ұйқыдан кейін балалар өздігінен киіну дағдыларын бекітеді, ал қажет болған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі.<br>**Көркемсөз**<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір-біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға және солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу | | Балалар ұйқыдан оянады. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.15 | | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**16.15-16.30** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуенге дайындық**<br>**16.30-16.50** | **Дамытушы ойын.**<br>"Суретшінің қатесін тап".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер.<br>Балалардың жауаптары | **Дамытушы ойын.**<br>"Сынық телефон".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Шарты.<br>Балалар бір тізбекке отырады.<br>Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады.<br>Алғашында, педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір рет көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді.<br>Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын | **Дидактикалық ойын.**<br>"Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары).<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуды, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. | **Дамытушы ойын.**<br>**"Жылы сөздер қобдишасы".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, өмірге нық сеніммен қарау (оптимизм) сезіміне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер.<br>Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күн жаңбырлы болғанымен, | **Сөздік жаттығу.**<br>"Жаңа сөзді құрастырайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, еске сақтау қабілеттерін дамыту; ой шапшаңдығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемокарточкалар, түсі ақ карточка.<br>Шарты.<br>Педагог ұсынған мнемокаточкаларға қарап, сөзбен атап, одан жаңа түбірлес сөздерді тауып айту керек.<br>- Жаңбыр - жаңбырлы.<br>- Шатыр - қолшатыр.<br>- Күн - күндіз, күнтізбе, күнбағыс. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағы сияқты кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаш ұясында емес, аулада, ағаш үйшікте мекендейді", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және тағы басқа. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті,** | сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауыстап жариялайды.<br>Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады.<br>Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды.<br>Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** | Шарты.<br>Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауыштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады.<br>Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады.<br>Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды және тағы басқа.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті,** | біздің қолымызда қолшатыр бар", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды".<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атау салттары жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Туған күнді атап өтуге қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің | - Ай - Айжан, Айбол, Айнұр.<br>- Аяқ - аяққиім, аяқтау.<br>- Шаш - шашбау.<br>- Көз - көзілдірік, Аякөз.<br>- Қап - қолғап; қаптау.<br>- Сары - сарғыш, Саржал, тоқсары.<br>- Ақ - ақша қар, ақжелкен, аққала, Ақбала, Ақжан.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Мектеп".<br>Мақсат-міндеттері. Адамның білім алуында мектептің қандай маңызы барын балалармен бірге анықтау; мұғалімнің қызметі жөніндегі жалпы ұғымдарды тиянақтау; "сабақ", "үзіліс", "тақта", "үй тапсырмасы", "қоңырау", "сынып журналы", "күнделік" сөздерінің мәнін ойын барысында анықтау; оқу құралдарын пысықтау; нәтижелі қарым-қатынастарды құру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжеттік-рөлдік ойын. "Сән көрсету подиумы".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың "сән көрсету" және "подиум жолы" ұғымдарын қалыптастыру; фотосуретші, киім үлгісінің дизайнері, модель мамандығы туралы түсініктер беру; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін, дене бұлшық еттерін дамыту; адамды құрметтеу, төзімділікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Подиум жолының макеті, түрлі киім үлгілері, киім үлгілерінің сызбалары.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірге түрлі сән | <br>**Сюжеттік-рөлдік ойын.**<br>"Сұлулық салоны".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және модельдері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); қолғап (перчаткалар), халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен | **шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Көлік жөндеу шеберханасы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың түсінігіндегі көлік жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал- | жасанды нақпішіндері, журналдан қиылған суреттері; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірге әрбір отбасыда туған күннің қалай өтетіні жайында әңгімелеп, қолданатын түрлі қызықты жабдықтардың, қандай тәттілерді әзірлейтінін анықтайды; туған күнін атау салтының қайдан келгенін талқылайды.<br>Балалар туған күнін өткізу үшін, педагогпен бірге қандай әрекеттер тізбегі жасау керектігін жоспарлайды.<br>Содан соң қалаған балалар өздерінің сол жоспар бойынша қандай міндеттерді атқаратыны жайында айтады, қажетті құралдары алып, туған | қабілеттерін дамыту; тәртіптілікке, төзімділікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Үстел мен орындықтар; оқу құралдары, тақта, бор, көрсеткіш; педагогтің сынып журналы, күнделіктер.<br>Шарты.<br>Дайындық жұмысы ретінде балаларды мектепке эксурсияға ертіп апаруға болады.<br>Педагог балалармен бірге мектеп туралы суреттерді, кинофильмдерден (мысалы, "Менің атым Қожа") үзінділерді алдын ала қарап, мұғалім мен оқушылар туралы әңгімелеседі, мектептегі тәртіптің балабақшадағы тәртіпке ұқсамайтыны туралы айтады.<br>Алғашында, мұғалімнің рөлін педагогтің өзі ойнауы мүмкін, содан соң рөлді қалаған балаларға тапсыра алады.<br>Ойынның соңында мектепте үздік оқу үшін ізденімпаздық, төзімділік, ынта, тәртіпке бағыну |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | журналдарын, сәнді киімдерді көрсету туралы бейнежазбаларды көреді, зерттейді, олар жайында алдын ала әңгімелеседі. Әңгімелесулер барысында педагог балаларға сән көрсету, подиум туралы, киім үлгісінің дизайнері, фотосуретші, модель бала (қыз бала, ұл бала) туралы нақтылы түсініктерді ұсынады. Педагог көрнекі материалдарды дайындаған кезде балалар сән үлгілеріне көңіл аударуы керек. Балалар дизайнерді таңдап, ол киім үлгілерін дайындайды, модель балаларға киім үлгілерін көрсетеді; көрсетілім өткеннен кейін, сахнаға шығып, құрметін білдіреді. Фотосуретші - модель (сән үлгісін көрсетуші) балалардың жүрісі | қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар. Шарты. Педагог ойын алдында балалармен бірге сұлулық салонынды қызмет ететін шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші жайында әңгімелесіп, суретімен татанысады, дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде алдынала әңгімелеседі. Балалар сұлулық салонында қай маман, қай құралдарды қолданатынын түсіндіреді. Балалар сұлулық салонында қызмет ететін мамандардың рөлін бөліп алады немесе санамақты қолданады; мамандар өздеріне қажет киім мен құралдарды алып, өз орындарына барады; балалардың қалғаны тұтынушылар болады. Педагог мамандарға өз | жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук. Шарты. Педагог балалармен көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы), жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына | күніне дайындай бастайды. Туған күні иесін балалар санамақ арқылы тағайындау мүмкін. Оқу жылының аяғына дейін әрбір бала туған күнінің иесі болып үлгеру тиіс. Алғашында, педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: туған күннің әдемі өтуіне бірнеше себеп болады; қонақтардың дос болуы, тағамдардың дәмді болуы, ойын-сауық шараларының қызықты ойластырылғаны. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-** | сияқты қасиеттердің қажеттілігі жайында айтып, қорытынды жасауға болады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кезінде оларды фотосуретке түсіріп жатады.<br>Модель балалар өз киім үлгілерін подиум жолымен асықпай жүріп, көрермендерге киім үлгісін ұсынады. Ұлдар мен қыздардың жүрісі бөлек болады, бұны ескеру керек.<br>Қалған балалар көрермендер болып, өз орындарына қатарға отырады, көрсетілімді тамашалайды, қошемет көрсетеді.<br>Алғашында, педагог өз тарапынан ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қояды, өзі журналист ретінде ойынға қатысып жүреді.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: дизайнер болу үшін киім үлгісін әдемі | орындарын дайындап отыру жайында, ал тұтынушылар өз мұқтажын дұрыс сөзбен немесе журнал бетін көрсету жайында айтады.<br>Алғашында, педагог диалогтарды реттеп жатады, сұрақтарды тиянақты қоюға жаттықтырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** | барады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты тексеру және жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** | **әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салу керек, киімді әдемі тігу керек; модель (сән үлгісін көрсетуші) болу үшін әдемі жүріп, суретке, көрерменге киімнің үлгісін әдемі жағынан көрсету керек; фотосуретші суреттерін әдемі шығару керек; модельдер киімді киіп, көрермендерге тамашалату керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуен 16.50-18.00** | **Дидактикалық ойындар. "Геометриялық пішіндер".** Мақсат-міндеттері. Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып айтуды үйрету. Көрнекілік. Ою-өрнектер, геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы, | **Саусақ театры.** "Қасқыр және жеті лақ" ертегісін саусақ театры арқылы сахналау. **(шығармашылық іс-әрекеті)** | **"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде байланыстыра сөйлеуді дамыту; | **Бала тілін жаттықтыру.** Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Мұқатай Жылқайдарұлы "Күз" . Алма, өрікті қамбаларға Толтырды әкеп алтын күз. Шәкірт болып парталарға Отырды кеп алтын күз. | **"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Қаланың есте қаларлық жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді таңдау қабілетін дамыту. Барысы. Астана- еліміздің бас қаласы. Ол әдемі, үлкен қала. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | геометриялық пішіндер.<br>Барысы.<br>Балалар геометриялық пішіндерді пайдаланып, педагогтің тапсырмасына үндеместен жауап беруі тиіс (ұшбұрыш, шаршы, дөңгелек және тағы басқа). Тәрбиеші тапсырма береді, балалар оны орындайды.<br>Тапсырмалар:<br>а) дөңгелектерден біреуін артық етіп, ұшбұрыштарды қойыңдар (үш дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді);<br>б) мұндағы дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойыңдар (бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді);<br>в) дәл осындай пішінді көрсетіңдер (дөңгелекті көрсетеді) және осыларға сәйкес тапсырмаларды көрсетіңдер. | | бақылау, көрнекі зейін, еске сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Барысы.<br>Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусым бейнеленген суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы күрделендіре алады.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | Бұлт болып та Алатауға<br>Байланыпты алтын күз.<br>Дастарқанда таба нанға<br>Айналыпты алтын күз.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойын соңында қорытынды шығарылады. Қатені аз жіберген қатар ұтып шығады. Ойын барысында балалардың зейіні, қол қимылының жылдамдығы, дәлдігі қалыптаса бастайды және санауды, біреуі артық немесе кем санды табуды үйренеді. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп жинау, орнына ілу, аяққиімді түзу қоюды әдетке айналдыру,<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киінуді (шешіне) дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяққим сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяққиімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Алтын күз тақырыбында әндер жаттау. Күй тыңдату, аспаптармен таныстыру. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында алтын күз тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық, танымдық ойындар, басқатырғыш ойындар. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Еркін ойындар.<br>**"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың құбылыстар туралы білімдерін бекіту; ойлауды, еске сақтауды, зейінді дамыту.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші кез келген маусымға тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың, жыл мезгілінің атауын табуға міндетті.<br>Балаларды өз жауаптарын тек бір сөзбен айтып қана қоймай, жауабының себебін түсіндіруге ынталандыру.<br>**"Кім жылдам жинайды?" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Көкгөністер мен жемістерді ажыратуды үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Ойын шарты: тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көгөністер салынады.<br>Балалар екі топқа бөлініп тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша балалар ойынды бастайды. Ойын соңында қай топ заттарды жылдам, әрі дұрыс жинайды, сол топ марапатталады. Ойынды топ бөлмесінің ішінде немесе аулада ойнауға болады. Ойын 4-5 рет қайталанады. **(шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарда мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?» | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-анаға балабақшаға уақытында келуін ескерту. | Айына бір рет отбасы күнін өткізу. | "Қош келдің, Алтын күз!" атты тақырыбында жоба ұйымдастыру. |

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** **«»** мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 10.10.-14.10.2022 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 10.10.2022 | 11.10.2022 | 12.10.2022 | 13.10.2022 | 14.10.2022 |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру. "Баланы еңбекке тәрбиелеу" тақырыбына әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | "Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Өзіне тапсырылған іске жауапкершілік сезінуге тәрбиелеу, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен | "Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай | "Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуді, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарға қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, | "Топта ойыннан кейін тәртіп орнату". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау | "Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жабдықтарды ұқыпты ұстауға үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)** | тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Айналадағы қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, зерттеу іс-әректі)** | жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | қабілетін жетілдіру. **(еңбек іс-әрекеті)** | дамыту; суды үнемді пайдалануды үйрету. Өзінің және басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту. **"Фигура жаса" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіруге жаттықтыру. Ойын ережелері. Балалар ойын алаңынынң бүкіл жерінде жүгіріп жүреді. Белгі | **"Домино" дидактикалық үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Баланың топтамалар туралы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін табуды, дұрыс атауды, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес | **Үстел үсті ойыны.** "Дойбы". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсаты. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. **Дамытушы ойын.** "Көлеңкесін тап". Мақсат-міндеттері. Зейін, ойлау қабілетін, ынтасын дамыту. Балалар жануарлардың көлеңкесін суретімен | **Үстел үсті ойыны.** "Мозаика". Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттің бөлігін табуды және орнына орналастыруды үйрету. Тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу. **"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл | **"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту. **"Шымшықтың балапандары мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша алаңда жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдық пен ептілікті дамыту, табандылыққа тәрбиелеу. Балалар "торғайлардың" |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | берілген кезде орындарына жылдам тұрып, әртүрлі қимыл көрсеткен қалыпта тұра қалу керек. Шалқайып отыру, қолдарын көтеру, аяқтарын көтеру және тағы басқа. Тәрбиеші кімнің фигурасы қызықты екенін атап өтеді. Жыл соңына қарай ойын күрделене түседі, оған топтық фигуралар енгізіледі (жұппен,<br>үш). Педагог балаларға белгілі бір позициядағы фигураны ұсынуға кеңес беріледі: тұру, еңбектеген қалпында, отырған қалпында және тағы басқа.<br>**(дене шынықтыру)** | келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, қай бала бәрінен бұрын барлық карточкаларын қояды, сол бала ойында жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілер бейнеленген, көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**"Арқан тарту" ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ұлттық ойынды жаңғырту, ойынға қызығушылықтарын арттыру; ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; күш-жігерін дамыту, шыдамдылыққа, батылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлініп, арқанның екі ұшынан ұстап, белгіленген меже бойынша күш сынасып тартысады.<br>Берілген межеден асып | сәйкестендіреді.<br>**Саусақ жаттығуы .**<br>Бас бармақтай балақай, (бас бармақты ұстап)<br>Қайда болдың?<br>Мынау үлкен iнiммен (сұқ саусағын ашады)<br>Орманда болдым бүгін мен.<br>Ал мына бір інiммен (ортаңғы саусағын ашады)<br>Ас пісірдім бүгін мен.<br>Одан кейінгі інiммен (аты жоқ саусағын ашады)<br>Ботқа жедім мен енді.<br>Ал мына інiммен (шынашағын ашады)<br>Айттым ән мен өлеңді.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде келісімді сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, еске сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Барысы.<br>Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусым бейнеленген суретті қолына алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсынады және тапсырманы күрделендіре алады.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | рөлін сомдайды, санамақ арқылы "мысықты" таңдайды.<br>"Торғайлар" алаңның бір шетінде, орындыққа шығып отырады.<br>"Мысық" екінші жақта ұйықтаған болып отырады.<br>"Торғайлар" белгі бойынша алаңға жүгіріп шығып, қанаттарын жан-жаққа жайып жүгіреді.<br>Мысық оянып кетеді, "мияу-мияу" деп керіліп-созылып алады, шымшықтың балапандарын қуа жөнеледі. Олар үйдің төбесіне немесе ұяларына, өз орындарына бару керек.<br>Мысық шымшықтың балапандарын өз үйіне алып кетеді.<br>**Еркін ойын: "Орныңды тап".**<br>Мақсат-міндеттері. Жүгіруге жаттықтыру, төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | кеткен топ жеңіледі. Оларды өздеріне тартып алған топ мәреге жетеді. Ойын осылай жалғаса береді. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | | | **Көркемсөз**<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br><br>Таспен атып торғайды<br>Ұя бұзған оңбайды.<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбайды.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | Сапқа тізілу, оңға бұрылу, алға жүру; алға екі аяқпен секіріп жылжу, жүру және жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру, бірнеше бағанға қайта тұру.<br>Жалпы дамыту жаттығуларының кешені.<br>1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созады, алақандарын ашып-жұмады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қояды, екі қолдарын артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Өз орындарында тұру, басты оңға бұру.<br>3.2. Бастапқы қалып (осы жаттығуды сол жаққа 5 рет қайталау).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында.<br>4.1. Қолдарын жандарына созу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Таңғы ас 09.00-.09.20** | **Гигиеналық дағдылар** | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануға дағдыландыру; дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақты асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын жерге түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету.<br>Көркемсөз<br>Ө.Тұрманжанов "Нан".<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастарқан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар,<br>Теріп алып, қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.20-09.30</td><td>"Күз сыйы" тақырыбына әңгімелесу. (танымдық іс-әрекет)</td><td>Жемістердің суреттерімен дидактикалық ойындар ойнау, сөздерді буынға бөлу. (танымдық іс-әрекет)</td><td>Көгөністердің пайдасы туралы әңгімелесу. (танымдық іс-әрекет)</td><td>"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы туған жерлері туралы білімдерін бекіту, Отанына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Барысы.<br>Педагог балалармен бірге қаланың көрікті жерлерін бейнелейтін суреттерді қарастырады. Педагог балаларға ойын ережелерін түсіндіреді,</td><td>Балаларда эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Күн шуағын жинаймын.<br>Достарыма сыйлаймын.<br>Күн жылуын аямасын,<br>Шуағымен аяласын.<br>Достық деген бәйтеректі<br>Барлық бала саяласын.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тұтас суретті бөлшектерден қалай құрастыруға болатыны туралы бұрыннан белгілі ережені естеріне түсіреді. Ойыншылардың санына сәйкес суреттерді таратады. Педагог ойынды "Бастаймыз!" сөзімен ашып береді. Балалар бөліктерден тұтас суреттерді құрастырады. Суретті бірінші құраған балаларға таңбалауыштар таратылады. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс- әрекет 09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері** "[р] дыбысы және Р р әрпі". Мақсат-міндеттері. Айтылу ерекшелігіне байланысты [р] дыбысының дауыссыз дыбыс екенін балалардың өздеріне анықтату, Р р әрпімен таныстыру. | **Сауат ашу негіздері** "[р] дыбысы және Р р әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері. [Р] дыбысын жеке, буында, сөзде, сөз тіркесінде, сөйлемде анық айтуға машықтандыру.<br><br>**Математика негіздері** "Күзгі жапырақтар | **Математика негіздері** "Күзгі жапырақтар шашуы." Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында "төрт" саны туралы түсінік қалыптастыру, 4 цифрын тану және 4-ке дейін жылдам санауды жаттықтыру; "төрт" жиын санының екі ең | **Математика негіздері** "Нанның артығы болмайды" Мақсат-міндеттері. Балалардың он саны көлемінде тура және кері санай білу қабілетін арттыру; ұзындығы бес түрлі жолдардың ұзындығын, беттестіру, тұстастыру | **Сауат ашу негіздері** "[о] дыбысы және О о әрпі". Мақсат-міндеттері. [о] дыбысымен таныстыру, айтылу ерекшелігіне қарай [о] дыбысының дауысты дыбыс екенін, жуан естілетінін өздеріне анықтатқызу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>"Күз сыйлары".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды көгөністер туралы өлеңмен таныстыру; «күзгі егін» ұғымын дамытуды жалғастыру; көгөністер мен жемістер, геометриялық фигуралар туралы білімдерін нақтылау; мәтіндегі көгөністердің атауларын нақты айтқызу, көгөністер туралы өлеңді мәнерлеп оқуға дағдыландыру; зияткерлік картамен жұмыс істеу кезінде қазақ тілінде көгөністер мен жемістер туралы қарапайым сөйлемдер құрастыруды үйрету; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; | шашуы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ұғымында "төрт" саны туралы түсінік қалыптастыру, 4 цифрын тану және 4-ке дейін жылдам санауды жаттықтыру; "төрт" жиын санының екі ең кіші элементтері"бір" және "үш", "екі" мен "екіден" құрылатынын меңгерту.<br><br>**Музыка**<br>"Менің балапандарым қайда?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың музыканы бар ықыластарымен тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдап, мажорлық және минорлық сипаттағы әндерді ажыратуды үйрету.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Жемістер мен көгөністер".<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінің байлықтарын | кіші элементтері "бір" және "үш", "екі" мен "екіден" құрылатынын меңгерту; ағаштарды бір-бірінен ажыратуды, дұрыс атауды үйрету; ағаштарды жапырақтарының ерекшелігі бойынша ажырату дағдысын қалыптастыру; логикалық ойлау, еске сақтау, көру қабілетін дамыту; табиғатқа жанашыр болуға, байқампаздыққа, тиянақтылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Ұ, Ү дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)."<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды [ұ], [ү] дыбыстарымен, Ұ ұ және Ү ү әріптерімен таныстыру. Ұ және Ү | және логикалық ойлау амалдары арқылы салыстыру дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Жемістер мен көгөністер".<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінің байлығын түсіндіруді пысықтау.<br><br>**Музыка**<br>"Бауырсақ"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді айтуда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Жыл құстары".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға құстар туралы білім беру, құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы түсініктерін | **Құрастыру**<br>"Бидай алқабы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды "квиллинг" құрастыру әдісімен таныстыру; қағаз жолақшаларын орау техникасына үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Қатар орналасқан таяқтардан екі аяқпен аттап секіру"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға екі аяқпен бірге, бар пәрменімен секіруді, аяқтың ұшымен түсуді, қол мен аяқ қозғалысының үйлесімділігін сақтауды үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Күләш Ахметова «Алтын дән» (өлең).<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды «Алтын дән» өлеңімен таныстыру; балалардың еңбекке қызығушылығын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ересектердің еңбегін құрметтеуге, еңбекқорлыққа, табандылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Бір орында екі аяқпен секіру".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бір орында екі аяқты қосып, тұрған жерін айналып секіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүруге дағдыландыру; ептілікке тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Күз мезгіліндегі маусымдық өзгерістер".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың табиғаттағы жыл мезгілдеріндегі | түсіндіру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | әріптерін ауада жазып көрсету, [ұ], [ү] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естуді, ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. Ұ және Ү дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету, [ұ], [ү] дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Салт аттылар"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларда заттарды | кеңейту. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, музыка)** | үйрету; еске сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | маусымдық өзгерістер туралы ұғымдарын жетілдіру; табиғаттағы ауа райының жай-күйін бақылауды және табиғат күнтізбесіндегі бақылау нәтижелерін атап өтуді үйрету. **(қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | аттап өту; заттардың арасымен екі аяқты қосып (арақашықтығы 4 м) секіру.<br><br>**Көркем әдебиет** "Жұмбақтар әлеміне саяхат" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Жұмбақтар туралы түсінік беру. Жұмбақты толық тыңдауды, жауабын табуды үйрету. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын еске сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)** | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяққиімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяққиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінуді, киімді, аяққиімді таза ұстауға баулу;<br>- басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | **Бақылау. "Көгөністер - тірі дәрумендер". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық** | **Бақылау. "Көгөніс өсірушілер мен бағбандардың еңбегі". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-** | **Бақылау. "Азық-түлік дүкеніне саяхат". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-** | **Көгөніс бақшасындағы жұмысты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-** | **Күнді, күн сәулесінің қозғалысын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көгөністер туралы білімдерін бекіту (көгөністердің атаулары, олардың бөліктері), ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды үйрету (иісі, дәмі, сыртқы түрі мен жанасуы бойынша).<br>**Көркемсөз**<br>Көгөністі көп ектік,<br>Өссін, піссін деп ектік,<br>Көктемде еккен көгөніс,<br>Күзде берді көп өнім.<br>- Балалар, сендер жақсы білесіңдер, көктемде табиғат жаңаша күйге енеді. Жаңадан шөп шығып, өсімдіктер өседі. Осы кезде бау-бақшаны баптап, көгөністер отырғызамыз. | **әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жемістердің атауларын жинақтау, жалпылауды дұрыс қолдану («көгөністер», «жемістер»); көгөніс өсірушілер мен бағбандар жұмысының мазмұны мен табиғаты туралы ойларын бекіту, көгөністер өсіру бойынша жұмыстардың жүйелілігі, техниканы пайдалану және олардың көгөніс өндірісіндегі рөлі туралы балалардың білімдерін нақтылау. Ересектердің көгөніс бақтарындағы, бақтардағы, саябақтардағы жұмысына, көгөністер мен жемістерді ауыл немесе қаланың көшелерінде тасымалдау, оларды дүңгіршектер мен дүкендерде, көгөніс базарларында сату | **әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жемістер туралы ойларды қорыту, көгөніс дүкеніндегі сатушының жұмысы туралы балалардың ойларын кеңейту.<br>- Біз бүгін витаминді салатқа көгөністер сатып алу үшін көгөніс дүкеніне экскурсияға барамыз.<br>- Балалар, қайсыларың дүкенге аналарыңмен бірге бардыңдар?<br>- Онда не істедіңдер? (Балалардың жауаптары.)<br>Педагог балалардан екі-екіден сап түзеуді сұрайды, содан кейін ол балаларға көшедегі жүріс-тұрыс ережелері, жол ережелері туралы еске салады.<br>Педагог балалармен бірге дүкенге барады, содан кейін көгөніс бөліміне апарады.<br>- Балалар, біз дүкеннің азық-түлік бөліміне | **әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Арамшөптерден бұрын жас көшеттерді бақылау; бақтағы өсімдіктердің барлығы бірдей емес екендігіне назар аударту, оларды салыстыру, мәдени өсімдіктер, арамшөптер мен көшеттерінің арасындағы айырмашылықты көрсету.<br>- Арамшөптер мәдени өсімдіктердің өсуіне кері әсер етеді, олар қоректік заттарды, ылғалды алып, күн сәулесін жауып тастайды.<br>Арамшөптерді тамырымен жұлып, бақшадан алып тастау керек. Не үшін?<br>"Арамшөптерді тап."<br>Жердегі барлық өсімдіктер қажет, егер олар адамдарға қажет болмаса, онда құстар, жәндіктер мен | **әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Жансыз табиғаттың алуан түрлілігі, көкжиектер туралы түсініктерін кеңейту; қызығушылықты тәрбиелеу; табиғаттағы өзгерістер мен күннің позициясы арасындағы байланысты орнату қабілетін дамыту; жансыз табиғаттың алуан түрлілігі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Жұмбақ.**<br>Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты,<br>Ұшады кешке дейін дамыл таппай. (Күн.)<br>- Балалар, күн жоғары болған кезде өте ыстық болады. Таңертең және кешке күн төменірек болады, сондықтан ол онша ыстық емес. Күннің шығатын және бататын уақыттарын бақылап отырыңдар. Күн бататын жерді белгілеңдер.<br>**Болжам.**<br>- Күн көзі күз айларында бұлттанып батса жаңбыр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көгөністердің бірнеше түрлері бар. Адамдар оларға жаз бойы су құйып, күтіп-баптайды. Әрбір көгөніс дәнегінен (тұқымынан) пайда болып өседі. Біздің күнделікті жеп жүрген көгөністер бау-бақшаның өнімі. Көгөністердің адам ағзасына пайдасы мол. **"Бақшашылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балалардың көгөністерді бірлесіп жинауларын ұйымдастыру. Ойын ережесі: тәрбиешінің белгі беруін күтіп, эстафетаны жалғастыру. **Еңбек:** бақшадағы жұмыс. Көгөністерді жинау. **(еңбек іс-** | бойынша бақылау жүргізілді. Сабаққа көгөністер мен жемістердің 5-6 түрі дайындалады, көгөніс өсірушілер мен бағбандардың еңбек құралдары бейнеленген суреттер жиынтығы және кейбір ауылшаруашылық техникасы (трактор, қызылша жинайтын комбайн, картоп отырғызушылар және тағы басқа) дайындалады, көгөністер мен жемістер туралы жұмбақтар. Сабақтың басында педагог көгөністер мен жемістерді балалармен бірге тексереді, балаларды «көгөністер» мен «жемістерді» жалпылауды жіктеуге және түсінуге машықтандырады, олар туралы жұмбақтар ойлап табуды үйретеді. Педагог балалардың көгөністер мен жемістер | келдік.<br>- Мұқият қарайық. Дүкеннің осы бөлімінен не сатып алатынымызды айтыңдаршы?<br>Балалар дүкен терезесін мұқият қарап шығады, көгөністер мен жемістерді атайды. Дүкеннің осы бөлімінде көптеген түрлі көгөністер сатылады.<br>- Көптеген түрлі көгөністер сататын дүкеннің мұндай бөлімі қалай аталады?<br>- Дәл солай! Көгөніс бөлімі.<br>Тәрбиеші балаларға көгөністер мен жемістерді көрсетеді, балалар көгөністер мен жемістердің аттарын атайды және қысқаша сипаттама береді.<br>Тәрбиеші:<br>- Балалар, дүкенде жұмыс істейтін тұтынушыларға қызмет көрсететін адамның кәсібінің атауын есте сақтадыңдар ма? | жануарлар олардың дәндерімен қоректенеді. Табиғатта бәрі бір-бірімен байланысты, әр шөптің түрі, табиғаттағы әр гүл кездейсоқ емес, бір өсімдік басқасының өсуіне қажет.<br>Қорытынды: арамшөптер отырғызылған өсімдіктердің қалыпты өсуіне кедергі келтіреді.<br>**Жұмбақтар.**<br>1. Бақшада өседі, көп өнімдерін береді. (Көгөніс.)<br>2. Жер астында жез қазық,<br>Жеуге болар ас қазық. (Сәбіз.)<br>3. Әр желінің асты толған көк қоян,<br>Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям. (Қияр.)<br>**Эксперименттік іс-әрекет. "Бақша арамшөптен арылмаған жағдайда** | болады.<br>- Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяз болады.<br>- Күн құлақтанып батса, ауа райы жылынуға бет алғаны.<br>**Тәжірибе. "Күн сәулесі".** Мақсат-міндеттері. Заттың жарығы мен бейнесін бірнеше рет қалай көрсетуге болатынын мысалмен көрсету керек (оны көрінбейтін жерде көру).<br>**Эксперименттің барысы.** Күн шуақты күні балалар күнді "қоянға" қарайды. Оны қалай алуға болатынын талқылаңдар (айнадағы жарық шағылысы). Олар қабырғадағы «қоянға» күн түскен жерде басқа айна қойса не болатынын біледі (ол тағы бір рет шағылысады). Балалар педагогтің сөздерінің дұрыс екеніне тәжірибе арқылы көз жеткізеді.<br>**Еңбек:** ағаштардан жерге түскен бұтақтарды жинау. **(еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Бақшадағы көгөністерді жинауға атсалысып, ересектер мен жолдастарына белсенді түрде көмек көрсеткен балаларды мақтау.<br>**"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды:<br>Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк | қайда өсетіндігі және оны кім өсіретіні туралы түсініктерін тиянақтайды: ауыл тұрғындары, көгөніс өсірушілер мен бағбандар оларды қандай өсіретінін анықтайды, мамандық атауы, жұмыс орны (көгөніс бағы, егістік, бақ) туралы білімдерін бекітеді. Көгөніс өсірушілер мен бағбандар мол өнім өсіруге тырысып жатқанын баса айтады, олар татулықта жұмыс істейді. Олар өсірген көгөністер мен жемістер қалаға әкелінеді, адамдар оны дүкендерден және базардан сатып алады. Қалада тұратын ересектер мен балалар дәмді көгөністер мен жемістерді жейді және ауыл тұрғындарына жұмыстары үшін алғыс айтады.<br>**"Бақшаға не** | - Дұрыс! Сатушы мамандығы. Сатушы өте қажет жұмыс және қиын жұмыс. Сатушы әр өнімнің қанша тұратынын, көгөніс базасынан қанша әкелінгенін білуі керек. Әр өнімді дұрыс өлшеу керек, чекті дұрыс жазып, ақшаны дұрыс санау керек. Дүкендер таңертеңнен кешке дейін жұмыс істейді, онда әрдайым адамдар көп болады.<br>- Сатушы жұмыс күні қатты шаршайды, балалар дүкенге анасымен бірге келгенде қыңыр мінез көрсетіп, айқайлап жатса, сатушының басы ауырып, есептеу кезінде қате жіберуі мүмкін. Балалар, мен мұны әрдайым есте ұстауларыңды сұраймын. Дүкенде ешқашан шу шығармаңдар және сатушыны жұмысына | **не болады?"**<br>Тәжірибенің мақсат-міндеттері: болашақ егін үшін арамшөптердің рөлін эксперименталды түрде көрсету.<br>Эксперименттің барысы: балабақшаны жүйелі түрде арамшөптермен тазарту арқылы балалар бір егіннің кішкене учаскесіне қол тигізбейді. Біраз уақыттан кейін олар арамшөптердің мәдени өсімдіктерге қарағанда тез өсетініне сенімді болады. Соңғысы, жарықтың жетіспеушілігінен зардап шегеді, өсуден айтарлықтай артта қалып, жұқа, әлсіз болады. Себілген тұқымдарды көру үшін оларды шөптен ұзақ іздеу керек.<br>**"Ақсақ үйрек" украин ұлттық қимыл-қозғалыс** | Мақсат-міндеттері. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Заттарды жылжыту" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты: ептілікті дамыту.<br>Ойын барысы: жерге 8-10 метр қашықтықта 2-4 шеңбер (диаметрі 50 см) салынады. Бір шеңберге бірнеше түрлі заттар орналастырылған (түйреуіштер, текшелер, ойыншықтар), екіншісі бос қалады. Бала бос шеңберде тұрып, ересек адамның белгісі бойынша осындағы заттарды бір шеңберден екінші шеңберге бере бастайды. Екі топ бір уақытта ойнай алады.<br>**"Осындай бола ма, болмай ма?" дидактикалық ойыны.**<br>Сұраққа жауап беруді және жауабын түсіндіруді үйрету. Күзде қар жауа ма? Күн шығып тұр, жаңбыр жауып тұр? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсы қарсыласын арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.<br>**"Көбелектер" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша жүгіру бағытын, тоқтамай, өзгерте білуге машықтандыру; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды үйлестіру қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог ойын барысында "Оңға!", | **отырғызылып жатыр?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды белгілері бойынша (өсу орнына қарай, қолданылуына қарай) жіктеуге дағдыландыру, тез ойлауды, есту зейінін дамыту.<br>- Балалар, сендер бақшаға не отырғызатынын білесіңдер ме? Мен әртүрлі заттарды атаймын, сендер мұқият тыңдап жауап бересіңдер. Егер мен бақта өсетінді атайтын болсам, «иә» деп жауап бересіңдер, ал егер бақшада өспейтін болса, «жоқ» деп жауап бересіңдер. Кім қате жіберсе, сол ұтылады».<br>Тәрбиеші:<br>- Сәбіз.<br>Балалар:<br>- Иә!<br>Тәрбиеші:<br>- Қияр. | кедерге келтірмеңдер. Әрине, балалар, кез келген адам сыпайы және әдепті сөйлескенде риза болады. Дүкеннен тауар таңдауға және сатып алуға көмектесетін адамдарға жылы сөздер айтуды ұмытпаңдар, олар қуанып қалады.<br>Балалар сатушыға көрсеткен қызметі үшін, ал сатушы балаларға тауарды сатып алғаны үшін алғыс білдіреді.<br>Тәрбиеші:<br>- Осымен, балалар, азық-түлік дүкеніне саяхатымыз аяқталды. Біз салатқа қажетті көгөністерді сатып алдық. Енді, балалар, біз балабақшаға оралайық. Көгөністерімізді асханаға алып барып, кешкі асқа жаңа салат дайындай аламыз.<br>(Тәрбиеші жаяу жүргіншілер ережесін балалармен бірге қайталайды!) | **ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың секіру дағдысын, күш-жігерін, шыдамдылығын дамыту.<br>Алаңда бір аяғымен жүру дағдысын жетілдіру, мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: "Күн шықты, ойын басталды"; ойын шарттарын сақтау (екі аяғын қатар жерге қоймау керек).<br>**"Ыстық картоп" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Доптың шеңбер бойымен берілуін қамтамасыз ету.<br>Ойыншылар шеңберге тұрады, ойыншылардың бірі допты қолына ұстайды. Музыка әуенімен немесе дабыл дауысы бойынша балалар допты шеңбер бойымен бір-біріне береді. Музыка тоқтаған бойда | **"Өз бүршігіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Гүлдерді ажыратуды, белгі бойынша әрекет етуді үйрету; жүгіру кезінде жаттығу.<br>**Еркін ойындар.** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | "Солға!", "Кері!", "Алға!" деп, белгілер беруі мүмкін. Балалар кездейсоқ айтылған белгілерді ести жүріп, жүгіру бағыттарын жылдам өзгертіп, ары қарай қимылдау тиіс. Демалу кезеңін ескеруге болады. Балалар "Гүлдер!" атты белгі бойынша өз орындарына тоқтап қала алады. **Еркін ойындар.** | Балалар:<br>- Иә!<br>Тәрбиеші:<br>- Қызылша.<br>Балалар:<br>- Иә!<br>Тәрбиеші:<br>- Өрік.<br>Балалар:<br>- Жоқ!<br>**"Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шартына сай ойнауды баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар!<br>Бір, екі, үш! Ал | **"Тауық қорасындағы түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жалтарып жылдам жүгіруді, қимылдарды үйлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту.<br>Алаңның бір жағында "тауық қора" орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады.<br>Алаңның қарама-қарсы жағында "түлкінің іні" орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. "Тауықтар, жем шаштым!" - деп жүргізуші (педагог) ойыншыларды алаңға шақырады. "Тауықтар мен балапандар серуенге шығады, жүреді, ұшады, жем шоқиды".<br>"Түлкі!" деген белгі | қолында добы бар ойыншы ойыннан шығады. Ойын жеңіске жеткен 2 ойыншы қалғанға дейін жалғасады.<br>Допты беру кезінде лақтырмау; допты қолынан түсіріп алғандар ойыннан шығарылады.<br>**Еңбек: ағаштардың түбін қопсыту.**<br>Мақсат-міндеттері. Ағаштарға күтім жасау, еңбекке баулу.<br>**Еркін ойындар.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады.<br>Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>**Еркін ойын.**<br>**"Көгөністер дүкені".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Көгөністер мен жеміс-жидектерді құмнан мүсіндеу.<br>Берілген ойын тақырыбында шығармашылық, белсенділік көрсеткендерді мақтау; ойынға қызығушылықтарын қолдау және дамыту.<br>Көгөністер мен жемістер туралы алған білімдерін бекіту. | естілген кезде "түлкі" інінен шығып, тауықтарға шабады, оларды ұстап алуға ұмтылады". "Тауық пен балапандар қораға қаша жөнеледі".<br>"Ұсталынды" деген баланы қолмен түртіп қалу керек. Балалар "қора" сызығынан асып кетсе, "түлкі" ұстай алмайды.<br>Ойын "түлкінің іні толғанша" қайталанады.<br>Басқа "түлкіні" ойнату үшін, санамақты қайта қолдану керек болады.<br>**"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Белгіленген орындарға аттап секіру дағдысын дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерді жетілдіру.<br>**Еркін ойындар.** | | |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында аяқкиімді, қалталардың шаң-тозаңын қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында аяқтарын жақсылап құрғату; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою.<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіну, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру.<br>Жеңдерін түру, қолдарын сабындау, суды жан-жаққа шашыратпау, тазалап жуу дағдысын дамыту.<br>Айнаға қарау, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау және тағы басқа. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас**<br>**12.50-13.10** | **Гигиеналық дағдылар.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Қолды дұрыс жуу, жеңді түру, қолды жуған кезде суды еденге шашпау, қолды сүлгімен құрғатып сүрту.<br>**Көркемсөз**<br>Алға жайып тұз-дәмін,<br>Келтіреді үй сәнін.<br>Ол халқымның ақ жаны,<br>Жақсы дәстүр маржаны,<br>Кеңпейіл де арайлы,<br>Осы жерден тарайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Өзін-өзі күту дағдылары, тазалық сақтау, дұрыс отыруды,<br>дастарқан басында ас құралдарын дұрыс пайдалануды қадағалау.<br>**Көркемсөз**<br>Ас ішуге тұрайық,<br>Қолымызды жуайық.<br>Сабын, суды аямай,<br>Тазалықты ұғайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Қолды ұқыпты жуу қабілетін нығайту.<br>Қолды мұқият сабындап жуу денсаулық үшін өте маңызды екенін түсіндіру.<br>**Көркемсөз**<br>Тазалап жүр тісіңді,<br>Кішкене де, ыңғайлы,<br>Тіс щеткасын пайдалан.<br>Тазалауға болмайды,<br>Щеткасымен басқа адам.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды өздігінен сүлгілерін тауып, беті-қолды мұқият сүрту дағдысын жетілдіру.<br>Сүртіп болған соң сүлгіні орнына ілу әдетін қалыптастыру; жуар алдында жеңдерің түру, бетті жуу, суды үнемдеу.<br>**Көркемсөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен.<br>Таңертең де, кешке де,<br>Жуын күндіз де, түсте де.<br>Су - тіршілік негізі,<br>Онсыз өмір сүрмейсің.<br>Гигиена егізі,<br>Су деп және білгейсің.<br>Су - табиғат байлығы,<br>Өзен-көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тамақтану кезінде әдептілік мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру.<br>Ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды үгітпеу, тамақты асықпай шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>**Көркемсөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де, кешке де,<br>Жуын күндіз де, кешке де,<br>Жуын күндіз де, түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы 13.10-15.30** | Тыныш ұйқы үшін қолайлы жағдайлар жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40** | Майтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолымен жүргізу.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>"Мөлдір су" ойын жаттығуы.<br>Ұйқымнан тұрайын,<br>Бетімді жуайын,<br>Осылайыша сақтайын,<br>Тазалықты лайым.<br>**(дене шынықтыру)** | Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді.<br>Содан кейін толық жуыну: қолды шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын.<br>Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.<br>Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшық еттерін нығайтады, денені тұтастай қорғайды.<br>**Көркемсөз**<br>Түскі ұйқы уақыты,<br>Төсегіме жатамын.<br>Ақ көрпемді жамылып<br>Тәтті ұйқыға батамын.<br>**(дене шынықтыру)** | Баяу ойналатын музыка қосылады, оған балалар біртіндеп оянады.<br>Біртіндеп көтерілу (музыка ақырын ойнайды).<br>**Көркемсөз**<br>Қарсы ал ерте күн көзің,<br>Төсегіңді жина өзің.<br>Саусағыңды сормағын,<br>Олақ, салақ болмағын.<br>Әдеп қыл ісіңді,<br>Тазалап жүр тісіңді.<br>Қарағанда айнаға,<br>Ұқыпты болсын киімің.<br>**(дене шынықтыру)** | Балаларды көңілдендіру.<br>**Көркемсөз**<br>Ұйқымыздан тұрайық,<br>Көзімізді ашайық.<br>Бізді күтіп тұрмайды,<br>Жылдам алға басайық!<br>**(дене шынықтыру)** | Төсек-орынды ретке келтіру: көрпе-жастықтың тысын ауыстыру.<br>**Көркемсөз**<br>Түс мезгілі, түс мезгілі.<br>Балапандар ұйқыға кірісті.<br>Балапандар көреді түсті,<br>Ғажайып сиқырлы әлемді.<br>Балалар ұйқыдан оянады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Бесін ас 15.40-16.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану кезінде балаларға ескерту: тамақты ұқыпты ішу, тамақпен ойнамау, | **Гигиеналық дағдылар**<br>Үстелді жабдықтау, тамақтану кезінде тазалық сақтауға қатытсы әрекеттерді орындау, өзіне-өзі | **Гигиеналық дағдылар**<br>Үстелді жабдықтау, тамақтану кезінде тазалық сақтауға қатытсы әрекеттерді орындау, өзіне-өзі | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қолды жуу ережелерін бекіту; тәрбиешінің тазалық туралы әңгіме айтуы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тамақ ішкен кезде сөйлеспеу.<br><br>**Көркемсөз**<br>Үсті-басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | қызмет көрсету дағдыларын бекіту.<br>**Көркемсөз**<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамыз да қаламыз.<br>Қиынсынып қашпаймыз,<br>Шынығамыз ертемен,<br>Көңілді әуен сазымен,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | қызмет көрсету дағдыларын бекіту.<br>**Көркемсөз**<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Көркемсөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дән саламын.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Көркемсөз**<br>Су ағызып шүмектен,<br>Беті-қолды жуамын.<br>Мойын, мұрын, құлақты,<br>Тазалатып тұрамын!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.15 | **Дидактикалық ойын. "Не артық?"**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар. | **Дамытушы жаттығу.**<br>"Қанша және қандай айырмашылықтары бар?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар: суреттердің жұптары (екінші суретте бірінші суретке | **Дидактикалық ойын.**<br>"Қарама-қарсы сөздер" (мезгілдер және құбылыстар).<br>Мақсат-міндеттері.<br>Заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы балалардың білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; | **Дамытушы ойын.**<br>"Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту.<br>Шарты.<br>1-нұсқа.<br>Педагог жұмбақтарды | **Дамытушы жаттығу.**<br>"Қанша затты көрсең, сондай санды көрсет".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың әркелкі орналасқан заттарды көзбен қарап, санап алу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуге ынталандыру; қабылдау, зейін қабілеттерін, ой шапшаңдығын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары.<br>Шарты.<br>Жүргізуші бір топтамаға және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек.<br>Заттардың жалпы саны төртеу болады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Азық-түлік" дүкені.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың "Азық-түлік" дүкені, сатушының қызметі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі | қарағанда, көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады).<br>Шарты.<br>Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретті көруді ұсынады. Балалар екінші суретте, біріншіге қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Аспазхана".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда | сөздік қорды байыту.<br>Шарты.<br>Балалар педагог ұсынған әрбір сөзге қарама-қарсы сөздерді атап отыруы тиіс.<br>- Лас - (Таза).<br>- Қараңғы - (Жарық).<br>- Түн - (Күндіз).<br>- Ылғалды - (Құрғақ).<br>- Жаңбыр - (Қар).<br>- Аспан - (Жер).<br>- Таң - (Кеш).<br>- Су - (Мұз).<br>- Су - (Бу).<br>- Жаз - (Қыс).<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Қонақ күтеміз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға "қонақты күту" ұғымы, "қонақ" пен "қонақ күтуші" (үй иесі) ұғымдарын түсіндіру; ойын | қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2-нұсқа.<br>Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезегімен көрсетеді.<br>3-нұсқа.<br>Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді.<br>Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Балабақша".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың балабақшаның қызметі | Құралдар.<br>Түрлі заттардың топтамалары кез келген жиындарда салынған көрнекілік карточкалары; үлестірмелі сандар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>**Театрландырылған қойылым.**<br>"Шалқан" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттері. Әйгілі ертегінің мазмұнын балалардың естеріне түсіру, еске сақтау, ой-қиял, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>"Шалқан" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, шалқанның нақпішіні.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға "Шалқан" ертегісінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Сөрелер, сөмкелер, қорапшаларда немесе пластик қаптарда жармалар, әртүрлі макарондар, қатты азықтар, сүт өнімдерінің қораптары (қап ыдыстары), түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, қаражат қағаздары.<br>Шарты.<br>Педагог бұдан бұрын балалармен азық-түлік дүкеніне саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Педагог балаларға дүкен жайында суреттерді, бейнежазбаны көрсетіп, "азық-түлік | әдептілік, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту және оны ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, алдымен аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін тағамдар әзірлеу қызметі және оның маңызы туралы әңгімелеседі. Бұл кезде суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады.<br>Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы | барысында рөлдедерді игерту; қазақ халқының қонақты күту дәстүрі жайында білімдерін кеңейту; адамға, үлкенді құрметтеуді, сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Ойын үшін жиһаздар, ойыншық кейіпкерлер немесе балалардың өздері рөлдерді сомдауы мүмкін; ойыншық ыдыстар мен тағамдардың жасанды пішіндері; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофон; әдемі қапталған сыйлықтар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірге әрбір отбасыда қонақты күту алдында қандай тағамдарды, тәтті-дәмділерді әзірлейтінін, үстелге ыдыстарды, тағамдарды, құралдарды қалай қоятындарын алдын ала анықтайды.<br>Балалар педагогпен бірге | жөніндегі, осы мекеме мамандарының негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құру қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>Балабақшада жұмыс істейтін мамандардың құралдары: мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушы.<br>Шарты.<br>Балалар балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды.<br>Мамандардың рөлін ойнайтын балалар өздеріне қажетті құралдарды таңдап алады, белгілі бұрышқа жинайды.<br>Тәрбиеленушілер мен мамандардың рөліндегі балалар қайсы, қайда барып, не істейтінін өзара ақылдасып, | мазмұнын қайталатады.<br>Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады.<br>Авторды балалардың арасынан ұсынуға болады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарады, олардың қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады.<br>Артист балалар көрермендерге иіліп құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауларға ие болады.<br>Қойылым соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекеттеріне талдау жасатады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тауарлары" сөзінің мағынасын, оларды сақтау үшін түрлі ережелерді ұстану керектігі жайында түсіндіреді. Балалар азық түрлеріне сүт, ет, нан өнімдері жататыны туралы әңгімелейді. Балаларға азықтардың сақталу мерзімі, азық-түлікті таза өнім күйінде тұтынудың маңыздылығын түсіндіру. Сатушы өз қалауы (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды сөрелерге орналастырады, бағаларын | қолданылады. Педагог балалармен бірге ұсынылатын белгілі тағамдардың тізімдерін, ас-мәзірді жасайды. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақыттарда түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алады, ойында қолданады. Педагог адамдардың келуі алдында (балалар орындарында отырып) қызметкерлердің жұмысын бақылайды. Барлық тағамдар әзірленген кезде балалар (тұтынушылар) тамақтану залына шақырылады. Даяшы келген тұтынушыларға мәзір ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді. Даяшы балаларға әкеліп береді, балалар "төлем" жасайды. Балаларға "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты | қонақ күткенде қандай әрекеттерді жасайтынын жоспарлайды. Балалар екі топқа бөлінеді: қонақтар мен үй иелері. Үй иелеріне дастарқанды әзірлеуге уақыт беріледі, қонақ болғысы келген балалар дайындықты бақылайды, балалардың қонаққа өнерін көрсетуі үшін педагог бөлек орын дайындайды. Қонақтар үй иелеріне қандай сыйлықтарды әкелетінін ойластырып, бәрін дайындап әкеледі. Алғашында, педагог ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Ойын аяғында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: қонақты күту үшін | жоспарлайды. Педагог диалогтар мен қатынастардың нығаюына ықпал жасайды: қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді жасап жатқаны немесе нені жасайтынын анықтап, балалардың алмасуын бағыттап жатады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** | **шығармашылық іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | анықтайды, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтады, оны сатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды ережелерге сай күтсе, сақтаса, олар бұзылмайды. Тауарлар сапалы болады, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстануы тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын | жаңа сөздерді айтқызу керек, балалар сол сөздерді пайдаланады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсендіру үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Адамдарды дәмді тағамдармен тамақтандыру үшін аспазхана қызметкерлері көп еңбектенетінін айту. Ойында"рақмет" пен "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында тыныштық сақтау, асықпай тамақтану, құралдарды дұрыс пайдалану, қоғамдық орындарда тәртіпке бағыну. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-** | тағамдарды сатып алып, оларды дайындап, дастарқанды жаю керек; қонақта үй иелері мен қонақтар өз өнерлерін көрсетеді, әңгімелеседі, жаңалықтармен бөліседі; қонақта әдептілік ережелерін ұстану керек (үй иесінің мүлкін бұзбау, әдепсіз сөздер айтпау, күтімге риза болу). **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрметтеу керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** | **әрекеті)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс<br>16.15-16.30** | Күз мезгіліне тән ерекшеліктер туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру.<br>Әртүрлі өлеңдер мен тақпақтарды айтқызу.<br>Рамазан Тышқанбаев "Жаңбыр".<br>Бұлттар,<br>Тұрмай ауа бер,<br>Жаңбыр бол да,<br>Жауа бер.<br><br>Жазыққа бар,<br>Тауға бар.<br>Бақшаға бар,<br>Бауға бар.<br>Белес-белес белге бар,<br>Сусап жатқан шөлге бар.<br><br>Әр тамшыңды | **Дидактикалық ойын. «Не артық?»**<br>Әр баланың алдына жемістер мен көгөністер араласқан суреттер беріледі. Артығын тауып, атауын дауыстап айтуды ұсынады. Жемістер мен көгөністерді ажыратады. Мысалы, алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда, орамжапырақ артық. Орамжапырақ көгөніс, қалғаны жемістер.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау.<br>1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян,<br>Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю.<br>Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі,<br>Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр.<br>2) Ыр - ыр - ыр - ырылдайды қасқыр,<br>Р а- ра - ра - бал жинайды ара,<br>Мір - мір - мір - қап-қара көмір.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **«Дәл осындай пішінді тап».**<br>Мақсат-міндеттерІ. Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атау, ажырату, салыстыруға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары.<br>Бала санына сәйкес құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер.<br>Ойынның мазмұны. Алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты | Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлеңдер мен тақпақтарды айтқызу.<br>Ескен Елубаев "Күзде".<br>Қайтқан құсты көрдің бе,<br>Қаптай ұшқан әуелеп?<br>Күткен күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп?<br><br>Қамба толды астыққа,<br>Алғыс саған, алтын күз!<br>Бір уыс дән шаштық та,<br>Арба қауын алдық біз!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үлессін,<br>Шалғын қаулап<br>Гүл өссін!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | | ашады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнынаілуді, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінуді, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу;<br>- басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен<br>16.50-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. Музыкалық-дидактикалық ойындар. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында алтын күз тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық, танымдық ойындар, басқатырғыш ойындар. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Еркін ойындар.<br>**"Не қандай болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды түсі, пішіні, сапасы, материалы бойынша жіктеуді үйрету; салыстыру, анықтамаға сәйкес элементтерді таңдау.<br>Педагог:<br>- Жасыл түстің не екенін айтайық. Қияр, қолтырауын, жапырақ, алма, көйлек, ағаш ... | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кең - өзен, жол, таспа, көше ... тағы басқа. Ең көп сөзді атаған бала жеңімпаз болады, әр дұрыс айтылған сөз үшін бала таңбалауыш алады.<br>**"Экологтар" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жағдай туғызу және әлеуметтік шығармашылықты ынталандыру, ойын сюжетіне сәйкес кіші топтарға бөлу, сөйлеу этикеті дағдыларын қалыптастыру. Экологтар жұмысының гуманитарлық бағыты, оның табиғатты қорғау қажеттілігі, әлеуметтік маңызы туралы балалардың ойларын кеңейту.<br>Ойын әрекеттері үлгісі: объектіні таңдау, аймақтың карталарымен, жоспарларымен жұмыс істеу; экологиялық паспорттарды зерттеу; экологиялық жағдайды зерттеу (су, ауа, топырақ үлгілері және тағы басқа); айыппұлдарды ұсыну; экологиялық жағдайды жақсарту бойынша жұмыс; суретке түсіру, бұзушылықтарды түсіру.<br>Ойын ортасы. Құрал-жабдықтар: жоспарлар, карталар, жер бедерінің сызбалары; «Қызыл кітап»; халаттар; саяхатшылар; бейнекамера; әртүрлі жануарлар мен өсімдіктердің төлқұжаттары. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | Әңгімелесу.<br>"Баланы еңбекке тәрбиелеу". | Ата-аналарға кеңес.<br>"Бала ұрыншақ болса". | "Отбасы - тәрбиенің бастауы" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналарға "Балаңызға ертегі оқисыз ба?" тақырыбында сауалнама жүргізу. | "Балабақшадағы жетістіктеріміз" тақырыбындағы көрме ұйымдастыру. |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** «» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | ҚАЗАН<br>17.10. - 21.10.2022ж. | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 17.10.2022ж | 18.10.2022ж | 19.10.2022ж | 20.10.2022ж | 21.10.2022ж |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Баланың денсаулығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. Тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Өсімдіктерді құнарландыру".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын | **"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді | **"Біз орындықтарды орнына қоямыз".** Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам және мұқият орындау. **(еңбек іс-әрекеті)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдап, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз"** Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға, еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне қызмет көрсету бойынша дербестігі мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. **(еңбек іс-әрекеті)** | сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | пайдалану, майлықтарды қолдану). Кітаптарға ұқыпты карауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | дағдыларын дамыту. **(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлау жаттығулары. **Еркін ойын. "Мысық пен тышқан".** Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, шапшаң ойнауға баулу; жүгірудің түр-түріне машықтандыру. Ойын барысы. Ойнаушылар дөңгелене тұрады. Мысық пен тышқанды таңдап алады. Балалардың | **Саусақ жаттығуы «Достық».** Біздің топта ұлдар мен қыздар дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді). Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу). Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес. Енді санауды | **"Тәулік бөліктері" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. **Дамытушы ойын "Камера".** Мақсат-міндеттері. Зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: лото карталары немесе басқа кез келген суреттер. Сипаттамасы. | **Үстел үсті ойыны.** "Нан қайдан пайда болады?" Мақсат-міндеттері. Балаға логикалық ойлауға үйрету, байланыстыра сөйлеуді дамыту, сөздік қорын кеңейту. Нан, күнбағыс майы және сиыр сүті дүкендерінде қайдан және қалай пайда болатыны туралы білімдерін толықтыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **Дамытушы ойын "Ғажайып нүктелер".** «Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады. Нүктелерді қосу, қарлығаштың суретін шығару. **(шығармашылық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады.<br>Мысық аппақ қарасақ,<br>Құйрығы сұр, тамаша-ақ!<br>Жебедей-ақ ұшады,<br>Көзін жаймен қысады.<br>Тырнақтарын үндемей,<br>Ашқан кезде инедей,<br>Тышқандардың тықырын,<br>Мысық естісе ақырын,<br>Аңдып аулап алады,<br>Мысық біздің жарады.<br>«Аңдып аулап алады» деген сөздерден кейін балалар тоқтайды, шеңбердің уәделескен жерінде екі бала қолын түсіріп, есіктен өтетін жер қалдырады, Тышқан мысықтан қашып, | аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).<br>Санайық жаңаша<br>Бір, екі, үш!<br>Желбіре жалауша,<br>Достықта біздің күш.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортаң терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балаға 5 секунд ішінде карточканы көрсету. Содан кейін оны алып тастау және онда не бейнеленгенін еске түсіруді ұсыну. Егер балаға жауап беру қиын болса, оған сұрақтар қойылады (қанша, қандай түсті және тағы басқа).<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | есікке қарай жүгіреді де, шеңбер жасап тұрғандардың қолының астынан өтуі мүмкін. Мысық тышқанды ұстап алатын кезде бұл рөлге басқа балалар тағайындалады, ойын осылай қайталана береді. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | Сапқа тізілу, оңға бұрылу, алға жүру; алға екі аяқпен секіру, жүру; жүгіру (30-40сек); жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығуларының кешені.<br>1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созады, алақандарын ашып-жұмады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қояды, екі қолдарын артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу сол жаққа 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Орындарында тұру, бастарын оңға бұрады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында.<br>4.1. Қолдарын жандарына созады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас 09.00-.09.20** | **Гигиеналық дағдылар** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Дағдыларды жетілдіру: шанышқыны бас бармақ және ортаңғы саусақпен ұстау, үстіңгі жағынан сұқ саусақпен ұстау.<br>Шеберлікті шыңдау: майды nанға пышақпен жағу.<br>**Көркемсөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен.<br>Таңертең де, кешке де,<br>Жуын күндіз де, түсте де.<br>Су - тіршілік негізі,<br>Онсыз өмір сүрмейсің.<br>Гигиена егізі,<br>Су деп және білгейсің.<br>Су - табиғат байлығы,<br>Өзен-көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.20-09.30** | **"Ас атасы — нан" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсат-міндеттері. Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық алдында нанның суретіне қарап сөйлемдер құрастыру. Тыйым сөздер, мақал-мәтелдерді сөйлемге қосып айту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Құймақты жай" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Пішінді, көлемді қабылдауды дамыту, балаларды өлшемді өсу (кему) ретімен көзбен анықтай білуге машықтандыру; көзді, визуалды қабылдауды дамыту.<br>Барысы.<br>Балалар картада | **Нан туралы тыйым сөздер, нақыл сөздер айту.**<br>1. Нанды шашуға, жерге тастауға, аяқпен басуға, рәсуа етуге, онымен ойнауға болмайды. Нан - негізгі ас, онсыз өмір жоқ. Ең алдымен, дастарқанға нан қойылады.<br>2. Жерде жатқан нанды жоғары көтеріп, адам | **Нан туралы мақал-мәтелдер жаттау.**<br>1. Ас атасы — нан.<br>2. Нан— тамақтың атасы, Ынтымақ — көптің батасы.<br>3. Нан бар жерде ән бар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Астық өсірушіге жұмыс істеу үшін не қажет?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ауылшаруашылық технологиясы, астық өсірушінің құралдары туралы білімдерін бекіту, визуалды қабылдауын, зейінін, еске сақтауын дамыту.<br>Барысы.<br>Балалар ауылшаруашылық техникалары мен астық өсірушінің құралдары бейнеленген суреттерді таңдайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көрсетілген құймақтарды ретімен нөмірлейді (1-ден 10-ға дейін), ең кішісінен үлкеніне дейін және кері ретпен.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | баспайтын жерге қою керек.<br>3. Нанды төңкеріп қоюға болмайды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-<br>әрекет<br>09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері**<br>"[о] дыбысы және О о әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды О әрпімен таныстыру. Құрамында [О] дыбысы бар сөздерді талдау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Біз дән егеміз". Ұн өнімдері. Ыдыс.<br>Мақсат-міндеттері. Нан, ұн өнімдері туралы толық түсінік беру; нан туралы өлеңмен таныстыру; нанға құрметпен қарау керектігін мысалдармен түсіндіру; нан туралы | **Сауат ашу негіздері**<br>"[т] дыбысы және Т т әрпі"<br>Мақсат-міндеттері: [т] дыбысымен және Т т әріпімен таныстыру. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуды үйрету.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Нан тағамдарының сөресі"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жылдам санай білу қабілетін арттыру; цифрларды тануды және ажыратуды | **Математика негіздері**<br>"Нан тағамдарының сөресі"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жылдам санай білу қабілетін арттыру; цифрларды тануды және ажыратуды жетілдіру; нанның дайындалу жолы жайлы түсініктерін пысықтау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Ы, І дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу | **Математика негіздері**<br>"Үйірімге қосылған құстар санын санайық"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "бес" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "бес" жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Нан қайдан келеді?"<br>Мақсат-міндеттері. Нан - адамның күш-қуаты деген ұғымды түсіндіру, "Нан қайдан келеді?" ертегісін оқып беру, нанның қайдан келетінін түсіндіру; балалардың ойлау және | **Сауат ашу негіздері**<br>"[т] дыбысы және Т т әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттері. Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.<br><br>**Жапсыру**<br>"Нан - дастарқан байлығы".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға шаршыны шеңбер етіп қию, тіктөртбұрыштардан жолақ қию арқылы нанның суретін тәрелкеге жапсыруды үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Басына қапшық қойып, бір жақ жанымен жүру"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға басына қапшық қойып, арқан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | идеялар мен мақал-мәтелдерді нақтылау; балаларға суреттер бойынша сөз тіркестерін құрастыру негізінде өлеңнің мазмұнын еске сақтауға дағдыландыру; қонақтарға сыпайы түрде қоңырау шалу үлгілерін айту, «Нанға құрмет» тақырыбы бойынша үйлесімді сөйлеуді, түбірлі сөздердің байланысын түсіну, жаңа мағыналарды есту арқылы ажырату, оларды түсіну қабілеттерін дамыту; сыпайылыққа, нанды құрметтеуге, адам еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Пәрменмен секірейік".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі | жетілдіру; нан және оның дайындалу жолы жайлы түсініктерін кеңейту.<br><br>**Музыка**<br>"Күй тыңдайық, балақай!"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Нан қайдан келеді?"<br>Мақсат-міндеттері. Нан адамның күш қуаты деген мағынаны түсіндіре отырып, "Нан қайдан келеді?" ертегісін оқып беріп, нанның қайдан шығатынын балаларға айту; шапшаңдық пен тапқырлықты дамыту. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | негіздері)."<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға [-ы], [-і] дыбыстары мен Ы ы, І і әріптерін таныстыру. Ы ы, І і әріптерін ауада жазып көрсету; [-ы], [-і] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, есту арқылы ажыратуды үйрету; буындарда, сөздерде дұрыс айтуды дағдыландыру; [-ы], [-і] дыбыстарының сөздің кез келген жерінде (сөздің басында, ортасында, аяғында) табуды жаттықтыру; [-ы], [-і] дыбыстарын сөздерде есту, мысал келтіру, сол сөздерді қатыстырып қарапайым сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру, ойын | шапшаң болу қабілеттерін дамыту.<br><br>**Музыка**<br>"Көкек".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көкек туралы әуенді қабылдауға қабілетін арттыру; күйді тыңдауда дыбысты есту қабілетін жетілдіру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Үй жануарларының төлдері (күшік)"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күшікпен таныстыру; ересектердің көмегімен күшікке қамқорлық жасауға дағдыландыру; ақыл-ойын дамыту; баланың қоршаған ортаға сүйіспеншілігін арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | үстімен бір жақ жанымен жүруді үйрету және допты тура домалату дағдысын жетілдіру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>А. Сарбөпин «Бір қап бидай».<br>Мақсат-міндеттері. Әңгімені оқу, мазмұндауды үйрету. Балалардың әңгіме желісі арқылы еске сақтау қабілеті мен сөздік қорын, зейінін дамытуды (пысықтау). **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарқында жүру; педагогтің белгісімен тоқтау, қозғалыс бағытын өзгертіп жүру; допты қабырғаға ұрып, қос қолмен қағып алуды үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Нан - адамның күш-қуаты"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға "нан - адамның күш-қуаты" ұғымын түсіндіру; нанның дастарқанға қандай еңбекпен келетінін туралы білімдерін жүйеге келтіру; балалардың ойлау және зияткерлік қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыландыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Үйлесімділікті сақтаймыз"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға гимнастикалық орындық астынан еңбектеуді; воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып қағып лақтыруды үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>А. Сарбөпин «Бір қап бидай».<br>Мақсат-міндеттері. Әңгімені оқуды, мазмұндауға үйрету. Балалардың әңгіме желісі арқылы есте сақтау қабілеті мен сөздік қорын, зейінін | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дамыту. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)** | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінуді, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу;<br>- басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | **Күнді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Күннің оның өсімдіктер, ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру<br>Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдіктердің | **Күннің биіктігін бақылау (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Күн энергиясының өсімдіктер, жануарлар мен адамдардың тіршілігіне әсері туралы білімдерін бекіту.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br>Таңмен көзін ашады, | **Ауаны бақылау (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ауаның қажеттілігі түсіндіру.<br>**Көркемсөз**<br>Жер шары дәу әсем.<br>Қоршаулы ауамен.<br>Ауасыз кім шыдар.<br>Ауасыз тұншығар.<br>**Жұмбақ**<br>Оңынан оқы,<br>тіршілік нәрі.<br>Солынан оқы, | **Аула сыпырушының еңбегін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Үлкендердің еңбегімен таныстыруды жалғастыру, аула сыпырушы еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>**Көркемсөз**<br>А. Меңдібай "Аула тазалықшысы".<br>Балабақша ауласында,<br>Көмектесем мен де оған, | **Құстарды бақылау (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Құстарға сүйіспеншілік пен мейірімділікті, оларға көмектесуге ұмтылуды тәрбиелеу; құстардың қоныс аудару себебін түсіндіру (қоныс аударатын, қыстайтын, көшпелі); құстарды басқа жануарлардан ажыратуды үйрету; балаларды қауырсын құрылымымен және олардың құстардың тіршілігіндегі маңызымен таныстыру.<br>Құстарды бақылау ережесі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тіршілігі үшін құндылығын көрсету.<br>**Көркемсөз**<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**Еңбек: құм жәшіктерін құммен толтыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бойына еңбекке құштарлығын ояту.<br>**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдауға дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ | Әлемге нұрын шашады. (Күн.)<br>**Көркемсөз**<br>Кең аспан ғой ай, күнің,<br>Қашаннан-ақ тұрағы.<br>Кейде кіріп бөлмеге,<br>Ол ойнады айнада.<br>Шомылады көлге де,<br>Шуақ шашып қайда да.<br>Күн неғұрлым жоғары болса, күн соғұрлым жылы әрі ұзақ болады.<br>АКүннің ыстығынан қар ериді, жер қызады және ерігген дақтар пайда болады. Шөп өсе бастайды. Табиғатта тағы не болып жатыр? (Экологиялық байланыстар туралы сенімді бекіту.) Күн қайдан шығады, күн қайда батады?<br>**Зерттеу қызметі**<br>Мақсат-міндеттері. Металл заттарға тиіп, күннің қай жерде көбірек | тіршілік нәрі.<br>Онсыз адам, аң, құс та семер бір мезетте. (ауа)<br>**Әңгімелесу.** Ауаның қандай қасиеттері бар? (түссіз, мөлдір, иіссіз).<br>Педагог:<br>- Қалай ойлайсыңдар, балалар, қай жердің ауасы жақсы? Қай жердің ауасы таза? Орманда ма, қалада ма? (Орман ауасы таза ғана емес, оның емдік қасиеті бар. Қаланың ауасы мүлдем басқаша: бензин мен автомобильден шыққан газдардың иісі шығады, шаң мен күйе бөлшектерімен ластанған. Мұндай ауа адамға да, өсімдіктерге де зиянды). Ойлап көріңдерші, балалар, қаланың ауасы қай кезде таза бола | Таң атқаннан кешке дейін,<br>Жинап қоқыс, қағаздарды.<br>Тынбай еңбек ететін<br>Құметтеймін, қадірлеймін,<br>Бар тазалық сақшысы.<br>Еңбексүйгіш адал жанды.<br>Ауланы да тазалайды,<br>Ағашты да бұтайды.<br>Су себеді гүлдерге де,<br>Шаршамайды, тынбайды.<br>Балаларға сұрақтар:<br>- Балалар, біздің балабақшамызда кімдер еңбек етеді?<br>- Ал, біздің ауламыздың әсем де, таза болуына кім қарайды?<br>- Аула сыпырушы қандай жұмыстар атқарады?<br>- Біз ол кісіге қандай көмек көрсете аламыз?<br>Аула сыпырушының балабақшада өзіндік орны бар. Ол балабақша ауласының тазалығына, гүлдер мен ағаштардың жақсы өсуіне, аулады сендерге зиян немесе кедергі келтіретін бөгде заттардың болмауына қарайды. Ол кісінің еңбегін дұрыс бағалап, | Педагог:<br>- Құстар өте үркек *(кез келген нәрседен шошынғыш, үріккіш)*, сондықтан, біз өзімізді тыныш ұстауымыз керек және шуламай жүреміз.<br>- Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе тамақтануына кедергі жасайсыңдар.<br>- Құстарға тас атуға, таяқ лақтыруға болмайды, олар тірі, олардың денесі ауырады.<br>Серуен аяқталғаннан кейін балаларды өздерінің бақылаулары туралы әңгімелесуге шақыру. Ерекше және қызықты нәрсені байқаған балаларға алғыс айту.<br>**Еңбек: қоқысты алаңнан жинау.**<br>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұжымда жұмыс істеуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>**"Құстың қауырсыны кімге барады?" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Көркемсөз** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқылы таңдайды.<br>Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады.<br>Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 баладан) тұрады.<br>Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады.<br>Педагог: "Қарақұс!" деп белгі бергенде "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап, тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады.<br>"Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды.<br>Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тізбекті бұзбауы тиіс.<br>Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" | жылынатынын анықтау.<br>Қандай түсті заттар тез қызады: қара ма, ақ па?<br>Күнге ұзақ уақыт қарау үшін нені қолдану керек? (Қара көзілдірік.)<br>**Еңбек: аула тазалаушыға алаңды тазартуға көмектесу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Үлкендерге көмектесуге ұмтылысты дамыту.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша | бастайды?<br>(Жаңбырдан немесе қалың қар жауғаннан кейін, жаңбыр тамшылары мен қар ауаны жуады, шаң мен күйені кетіреді).<br>Адамдар қала ауасын тазарту үшін не істеп жатыр? (Адамдар қалада ағаш отырғызады. Терек ағашы ауаны жақсы тазартады.)<br>**Еңбек: балалар алаңында жолдарды тегістеу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға және олардың тәрбиешілеріне көмек көрсету.<br>**"Көрші ойыны" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Ойнаушылар екі екіден отырады да, бір ойыншы жалғыз қалдырылады. Ойын жүргізушінің мақсаты – көршісіз қалған ойыншыға | көмектесіп отыруымыз керек. Қажетсіз заттарды кез келген жерге лақтыруға, ауланы бүлдіруге болмайды.<br>**Еңбек: аула сыпырушыға көмек жасау: кесілген бұтақтарды, жиналған қоқыстарды тасу.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Үлкендердің еңбегін бағалауға, көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады.<br>"Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" | Қарлығашпын мен,<br>Адамның тұрағымын.<br>Мекен етіп тұрамын,<br>Тазалаймын үй ішін.<br>Ел аузында мақтаулы,<br>Тазалықшымын төселген.<br>**Жұмбақтар**<br>Бұдыр-бұдыр балшықты,<br>Жинады да талшықты.<br>Ұқсатып қамытқа,<br>Үй салды жабыққа. (Қарлығаш.)<br>Ұзақ тектес құс,<br>Шіркей жеп.<br>Ауыл маңынан<br>Ұзап кетпес құс. (Қараторғай.)<br>Екі айыр құйрығы,<br>Қияқ мұрт қанаты,<br>Ұшқырлардың жүйрігі.<br>(Қарлығаш.)<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауды үйрету, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады.<br>Педагог ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек.<br>**Жұмбақ.**<br>Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты,<br>Ұшады кешке дейін дамыл таппай...<br>(Күн.)<br>**Болжам.** Кешке күн батыс жақ қызарып тұрса, ертеңінде күн ыстық болатынын білдіреді.<br>**Еркін ойын:** "Қу түлкі".<br>Мақсат-міндеттері. Жүгіру қабілетін дамыту. | ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұп құрайды. Қуғыншы мен қашқын шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрі қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашқын | көрші іздеу.<br>Ойын жүргізуші: «Саған кімнің көршісі керек?» деп сұрайды. Жалғыз ойыншы: «Маған Ақылбектің көршісі керек», деп жауап береді. «Көршіңмен аразбысың, әлде татумысың?» деп сұрайды. Егер ол араз болса, жалғыз ойыншыға көрші болады. Тату болса, тату болғаны үшін, (көршісін бермегені үшін) жаза тартады. Сыңар ойыншының ұйғаруымен көпшілік алдында өнер көрсетеді. Ал сыңар қалған ойыншы көрші іздейді. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**Жеке жұмыс: қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсат-міндеттері. Қимылдарды орындау кезінде өзін- | рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады.<br>Жүргізуші (немесе балалардың біреуі): "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - деп, ойынның басталуын жариялап, осы кезде ойыншылар ойын алаңына жүгіріп шығып, бір-біріне соқтықпай жүгіріп, белгілі қимылдарды жасап жүреді.<br>"Түн батты! Жапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - деген белгі сөздер айтылғанда ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Кім қимылдап не күліп қойса, соны "жапалақ ұясына" алып кетеді.<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдайды, ойын әрі қарай жалғасады.<br>Екінші нұсқасы. Ойын динамикасын жетілдіру мақсатында екі | басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен, "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту.<br>Еркін ойындар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | балаға қолын тигізіп немесе түртіп үлгерсе, қуыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Күн және планета" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Күннің айналасындағы планеталардың қозғалысы туралы білімдерін бекіту.<br>**Жеке жұмыс: ұзындыққа секіру.**<br>Мақсат-міндеттері. Секіру қабілетін, күші менептілігін дамыту.<br>Еркін ойындар. | өзі бақылауды үйрету.<br>**"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>Еркін ойындар. | "жапалақты" тағайындауға болады; екінші белгі бойынша ойыншылар "жапалақтарға" ұсталмай, өз ұяларына қайту керек.<br>**"Итеріспек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Күштілікке, ептілікке, ойын кезінде бірін-бірі түсінуді үйрету.<br>**Жаттығу ойындары.**<br>**"Кедергілер арасынан жүгіру".**<br>Мақсат-міндеттері. Затты құлатпай, кедергілердің арасынан ирелеңдеп жүгіруге жаттықтыру; дене тепе-теңдігін жетілдіру.<br>**Мақал-мәтелдер**<br>Ердің атын еңбек шығарар.<br>Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті.<br>Еркін ойындар. | |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскеден шығар алдында аяқкиім мен үсті-басын қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында аяқкиімнің табанын тазалау;<br>- ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.<br>Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас**<br>**12.50-13.10** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін пысықтау.<br>Үстелдегі тағамға назар аудару; этикет ережелерін қаталау.<br>**Көркемсөз**<br>Нан анасы бидаймын,<br>Елге астық сыйлаймын.<br>Дәнім толып піскенде,<br>Қауызыма сыймаймын.<br>Ақ, қарамын, сарымын,<br>Мен өнімді тарымын.<br>Халқым еңбек сіңірсе,<br>Қайтарамын қарымын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар,** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдану, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу.<br>Тамақтану кезінде асты асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстау, нан қиқымын түсірмей жеу, үлкендерге алғыс айту әдептерін қайталау.<br>**Көркемсөз**<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Майлықты қолдануға әдеттендіру.<br>Нанды үгітпеу, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, ауызды шаю, тамақтануды жақсы көңілмен қабылдауға тәрбиелеу.<br>**Көркемсөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дән саламын.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын гигиеналық процедураларға аудару, қол жуу ережелерін бекіту.<br>**Көркемсөз**<br>Қуанады анашым,<br>Таза оның баласы.<br>Маңдайымнан сипайды,<br>Саусағының саласы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Тамақтану әдептерін қалыптастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану, майлық қолдану; үстел басында тыныш болу әдетін дамыту.<br>**Көркемсөз**<br>Ей, балалар, балалар,<br>Бар қасиет нанда бар!<br>Тоқаш, бөлке көп болар,<br>Тәттіге жұрт тоқ болар,<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **қатынас іс-әрекеті)** | **гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | |
| **Күндізгі ұйқы 13.10-15.30** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдайлар жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40** | Велосипед жаттығуы. Аяқты кезек-кезек сермеу, аяқ пен қолды жоғары көтеру.<br>Майтабанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас 15.40-16.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Төсек жинау дағдысын жетілдіру. Жайманы түзету, төсек жапқышты жабу.<br>**Көркемсөз**<br>Кешкі ас келді,<br>Балалар үстелге жайғасты.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың киіну, аяқкиімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту**.**<br>**Көркемсөз**<br>Нан қиқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Қолды жуу ережелерін бекіту. Тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі**.**<br>**Көркемсөз**<br>Үсті-басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Әдептілік ережелерін бекіту.<br>Түскі асқа дайындық, дастарқан жаю; қызметшілермен әңгіме; балаларды ас мәзірімен таныстыру, оны жариялау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық әдемілігіне аудару.<br>**Көркемсөз**<br>Нан – ардақты адал ас<br>Кәрі-жас одан аттамас.<br>Ақ дастарқан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру.<br>**Көркемсөз**<br>Ерте тұрып таңнан,<br>Пісірді апам ақ нан.<br>Кетер емес әлі,<br>Таңдайымнан дәмі.<br>Жесем тоймай қаламын,<br>Әжемді еске аламын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **қатынас іс-әрекеті)** | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15 | **Дидактикалық ойын.** "Тергеушілер". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажет екенін түсіндіреді. Ойынның тағы бір нұсқасында бала өз қалауымен әртүрлі заттар жатқан қораптан бір затты алып, оған сипаттама береді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** | **"Сақина" аз қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Баланың алақанына жасыруға ыңғайлы сақина. Шарты. Ойыншылар жарты шеңбер құрып отырады, жүргізуші сақинаны алып, әрбір баланың алақанына сақинаны салғандай қимылдар жасайды. Алақанында сақинасы бар бала, жүргізуші оны шақырған кезде, орнынан жылдам қозғалып, шеңбердің тысына шығып кетуі керек. Ойыншылар сақинасы бар баланы байқаса, оны орнынан жібермей, ұстап алуға | **Дамытушы жаттығу.** "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жұпты суреттер (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады). Шарты. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретті көруді ұсынады. Балалар екінші суретте біріншіге қарағанда ненің өзгергенін айтады, айырмашылықтарын | **Дидактикалық ойын.** "Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап". Мақсат-міндеттері. Балаладың фонематикалық есту қабілеттерін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін арттыру; кез келген сөздің дыбыстық құрамы кестесіне қарап, аталған дыбыстың орнын табуға жаттықтыру; сөздік қорды байыту. Құралдар. Заттардың көрнекілік суреттері және олардың сөздеріне құрылған дыбыстық құрамының кестелері. Ойынның екінші күрделенген нұсқасы. Белгісіз сөздердің дыбыстық құрамдарының кестелері ұсынылады. Балалар кез келген кестеге қарап, сөздерді құрамына салып, педагог атаған дыбыстың орнын табады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-** | **Дидактикалық ойын.** "Суреттің тізбектегі орнын тап". Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; зияткерлікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>**Ө. Тұрманжановтың "Қайдан келдің бауырсақ?" өлеңінің сюжетін сахналау.** Мақсат-міндеттері. Нан өнімі туралы балалардың білімдерін нақтылау, пысықтау; мәнерлеп сөйлеу, жеке тұлғасының қабілеттерін дамыту; шығармашылыққа, достыққа, нанды құрметтеу сезіміне тәрбиелеу. Педагог екі баламен бірігіп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Отбасы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдарды нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері.<br>Шарты.<br>Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды | тырысады.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Ыдыс-аяқ" дүкені.<br>Мақсат-міндеттері.<br>"Ыдыс-аяқ" дүкені, ыдыс-аяқты сатушы маманның қызметінің ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; достық қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Сөрелер, ойыншық ыдыс-аяқтар, ыдыстарды орауға қажетті қағаздар, қораптар, себеттер, сөмкелер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, қаражат қағаздары. | табады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Аспазхана".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындардағы әдептілік, тамақтану әдебі ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Аспазхана | **әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Жанармай бекеті".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың жанармай бекеті жайындағы ұғымдарын нақтылылау; жанармай құюшы, есепші, дүкенде құрал-жабдық сатушы жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Жанарамай бекеті жазуы; жанармай құятын орын, автомобиль бағанасы мен шланг; рульдер, машиналардың жанармай бактарының жасанды модельдері; автомобильдерге арналған дөңгелектер. Машинаның автобак үлгісі ретінде шырынға бос тетрапакетті жіпке байлап, иыққа іліп | Өтебай Тұрманжановтың "Қайдан келдің бауырсақ?"өлеңінің мазмұнын сахналауға дайындалады, балалардың назарына ұсынады.<br>«Қайдан келдің, бауырсақ?»<br>Дастарқанда шашылып,<br>Жатты аппақ бауырсақ.<br>Бауырсаққа қызығып,<br>Қарап тұрды көзін сап:<br>Қайдан келдің, бауырсақ? - деп сұрады қуыршақ.<br>Дүкеннен келдім нан сатқан,- деді оған бауырсақ<br>Дүкенге келдің қай жақтан?<br>Наубайдан келдім нан жапқан.<br>Наубайға келдің қай жақтан?<br>Диірменнен келдім ұн тартқан.<br>Диірменге келдің қай жақтан?<br>Даладан келдім кең жатқан.<br>Жер-анам менің көсілген,<br>Диқандар мені өсірген.<br>Сахналаудың соңында педагог балалардан нанның қайдан келетінін тағы да сұрай алады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алып орындарына барады.<br>Педагог балалармен бірге күн тәртібіндегі қандай оқиғаны ойнау қажет екенін анықтап алады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. | Шарты.<br>Алдымен, педагог ыдыс-аяқты сататын дүкендегі сатушылардың міндеттері жайында балалармен әңгімелеседі.<br>Балаларға бұдан бұрын алған білімдерін тиянақтауға мүмкіндіктерді беру маңызды. Балалар ыдыс-аяқтың шыны, фарфор, темір, ағаш және пластик сияқты материалдардан жасалатынын, ыдыстардың адамның тұрмысына қажеттілігін (сұйықтарды сақтау, тағамды әзірлеу, тағамдарды салу) анықтайды.<br>Сатушы өз қалауы (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті | жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлерінің (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары.<br>Шарты.<br>Алдымен, педагог аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін әртүрлі тағамдарды дайындау қызметі және оның маңызы туралы балалармен әңгімелеседі.<br>Суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады.<br>Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы қолданылады.<br>Сонымен қатар, педагог балалармен бірлесіп ұсынылатын белгілі тағамдардың | алуға болады.<br>Шарты.<br>Педагог жанармай бекетінің қызметі, осында еңбек ететін жанармай құюшы, есепші, көлік жабдықтарын сатушы сияқты мамандар туралы суреттер және бейнежазбаларды көрсетіп балалармен әңгімелеседі.<br>Балалар жанармай бекетінде кім және қандай қызмет атқаратынын келісіп, рөлдерді бөліп (санамақ арқылы да анықтауға болады), өздеріне қажет киімдерді, құралдарды алып орындарына барады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, ойыншыларға әрекеттерін анықтайтын сұрақтарды қойып жүреді, өзі де қатысуы мүмкін.<br>Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады.<br>Сатушы тауарларды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтайды, сатып алушыларға тауарды мақтап, оны сатады.<br>Педагог сатушыға ыдыс-аяқты шағылып қалмайтын жерге сақтау керектігін, қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы айтып отыруы тиіс.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>Ойынның соңында қорытынды жасауға | тізімдерін, мәзірді жасайды. Ол үшін педагог және балалар кешкі уақыттарда түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алады, ойында қолданады.<br>Педагог адамдардың келмей тұрып (балалар орындарында отырып), қызметкерлердің жұмысын бақылайды.<br>Барлық тағамдар әзірленген кезде, балалар (тұтынушылар) тамақтану залына шақырылады.<br>Даяшы келген тұтынушыларға ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға тағамдарды әкеліп, соңында "төлем" | Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктердің еркін жүруін қамтамасыз ету үшін, жанармай құюшы үнемі орнында болуы керек, ол жұмысын жылдам және мұқият орындауға міндетті; жанармай бекетінде үнемі қауіпсіздік ережелерін сақтайды, бекетте сіріңке жағуға немесе темекі шегуге болмайды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | болады: тауарларды, ыдыс-аяқтарды ұқыпты сақтаса, сындырмаса, олардың сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік, қауіпсіздік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** | жасайды. Балаларға "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айтқызу керек, балалар сол сөздерді пайдалануы тиіс. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балаларды белсендіру ету үшін қосымша сұрақтар қойып жатады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдардың әдемі және дәмді тағамдардан дәм татулары үшін, аспазхана қызметкерлері көп еңбек етеді; "рақмет" және "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында шуламау, тамақты дұрыс шайнау, құралдарды дұрыс пайдалану әр адамның қоғамдық жердегі ережелерді | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | орындаудағы негізгі міндеті болып саналады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30** | Күз мезгілінде табиғат құбылысында болатын ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>Төленді Нұрмұхамедов "Жауын".<br>Қызыл отты қамшысы<br>Көкке жарқыл шашады,<br>Еркебұлан тамшысы<br>Домаланып қашады.<br><br>Жаңбыр жауып өтеді:<br>Қуанады сарғалдақ. | Тәулік бөліктері туралы әңгімелесу. Сұрақтар қою. Балалардың сұрақтарға толық жауап берулерін талап ету. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>Қастек Баянбаев "Таңертең".<br>Ерте тұрғым келмейді,<br>Бірақ тағы тұрамын.<br>Көзім түк те көрмейді,<br>Естімейді құлағым.<br>Суды ағызып ақырын,<br>Жуған болам бетімді.<br>Кешегі көп ақылым | **"Ұннан не жасалады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Танымдық қызығушылықты, ойлауды, көрнекі зейінді дамыту.<br>Барысы. Балалар ұннан жасалатын тағамдарды ғана атайды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **"Мамандықты ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Бидайды өсіру және одан нан өндірумен айналысатын мамандық түрлері туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту.<br>Барысы.<br>Педагог сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды (мысалы: комбайнмен жұмыс істейді, ... комбайнер және тағы басқа.)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **"Нан өнімдерін кім көбірек атайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Танымдық қызығушылықты, еске сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту.<br>Барысы. Шеңберде тұрған балалар әртүрлі нан өнімдерін атайды; осындай заттардың көпшілігін атаған жеңімпаз болады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |

<table>
<tr><td></td><td>Дала жайнап кетеді,<br>Бір шомылып алғанда-ақ!<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</td><td>Кеміп қалған секілді.<br>Бала баққа бүгін де<br>Барғым келе қоймайды.<br>Жақсы көрем үйімде<br>Кейде жеке болғанды.<br>Бірақ үйден шығамын<br>Қол ұстасып көкеммен.<br>Ашылып көз-құлағым,<br>Бала баққа жетем мен.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Серуенге дайындық 16.30-16.50</td><td colspan="5">Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяққиімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяққиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінуді, киімді, аяққиімді таза ұстауға баулу;<br>- басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</td></tr>
<tr><td>Серуен<br>16.50-18.00</td><td colspan="5">Түскі серуенде табиғатты бақылауды жалғастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</td></tr>
<tr><td>Серуеннен оралу</td><td colspan="5">Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</td></tr>
<tr><td>Кешкі ас</td><td colspan="5">Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында нан тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық, танымдық ойындар, басқатырғыш ойындар. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Еркін ойындар.<br>**Аз қимылды ойын: "Бауырсақ".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі тапсырмаларды орындау кезінде қимылдарды үйлестіру және кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру, ойын арқылы есту зейінін дамыту.<br>Бұл ойынға арналған доп кез келген мөлшерде болуы мүмкін. Ойыншылар өз орындарынан кете алмайды. Қатысушылар шеңбер бойымен бір-бірінен алыстау тұрады. Шеңбердің ортасында жүргізуші тұр. Ойыншылар допты аяқтарымен бір-біріне итереді, жүргізуші оны ұстап алуға тырысады. Олар допты айналдыра алады, ұрады, алдамшы қимылдар жасай алады. Допты жай алып кете алмайды. Жүргізуші қалағанының бәрін істей алады; допты аяқпен, қолмен ұстау, шеңберден шығару.<br>Жүргізуші допты ұстап үлгерсе, доп тиген ойыншының орнын алады. **(дене шынықтыру)**<br>**"Бауырсақ" театрландырылған ойын (саусақ театры).**<br>Мақсат-міндеттері. Ұжымда эмоционалды жағымды ахуал қалыптастыру, өзіңіздің және басқа балалардың іс-әрекеттерін қадағалай білу қабілетін дамыту.<br>Атрибуттар: ертегі кейіпкерлері (қоян, қасқыр, аю, түлкі, атасы, әжесі, тоқаш) және үй мен орманның әшекейлері.<br>Алдын ала жүргізілетін жұмыс: ертегілерді бейнежазбадан қарау, иллюстрацияларды қарау, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін оқыту.<br>Ойын ережесі: 7 бала ойнайды, педагог ойынға жетекшілік етеді. Тәрбиеші рөлдерді бөлуге көмектеседі және кейіпкерлердің орындау ретін анықтайды<br>Ойын әрекеттері: ойын үйден басталады. Әже тоқаш пісірді. Ол орманға қарай домалап кетті. Онда ол қоянды, қасқырды, аюды кездестіріп, бәрінен аулақ кетті. Бір түлкі айласын асырып, бауырсақты жеп қойды.<br>Нәтижесі. Тәрбиешінің көмегімен ертегіні сахналау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | Кеңес.<br>"Баланың бос уақытын тиімді пайдалану". | Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру. | "Отбасымен серуенге шығу" тақырыбында көрме ұйымдастыру. | Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер.<br>Көзге арналған түзету гимнастикасы. | Ата-аналарға арналған ұсыныс.<br>"Балаңыз сырқаттанып қалса ..." |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** «» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 23.10. - 28.10.2022ж. | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Сенбі*** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 23.10.2022ж. | 24.10.2022ж. | 25.10.2022ж. | 26.10.2022ж. | 27.10.2022ж. | 28.10.2022ж. |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Баланы ауа райына байланысты киіндіру керектігін ата-аналарға ескерту. | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | Еңбек: аланды тазалау ұжымдық жұмысы. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуді, ұжымдық еңбектің құндылығын көрсетуді үйрету. "Көп еңбегі көңілді" екенін түсіндіру. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу | | | Еңбек: жолды, ауланы сыпыру. Мақсат-міндеттері. Тапсырмаларды орындауға ұмтылысты тәрбиелеу, оң нәтижеге қол жеткізуге бейімдеу. | Еңбек: ағаштарды суару. Мақсат-міндеттері. Ағаштардың өсуіне қажетті жағдайлар туралы білімдерін бекіту, ағаштың айналасындағы саңылаудың себебін түсінуге, еңбекке жауапкершілікпен | Еңбек: құрғақ шөпті, бұталардың жанындағы қоқыстарды тазалау. Мақсат-міндеттері. Шөп, арамшөптер мен сәндік гүлдерді ажыратуды, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | | | Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | карауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | еңбекке жауапкершілікпен карауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **"Құстардың ұшуы" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Үстел үсті ойыны."Лото".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың зейін, логикалық ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, | | | **"Қараторғай ұялары" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу.<br>Алаңда дөңгелек шеңберлер сызылады: ойнаушылардың санынан кем болады. Бұл торғайлардың ұялары. | **"Бір, екі, үш! Ағашқа жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Ағаштарды дінінен, жапырақтарынан тану.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын. "Керісінше айт!"**<br>Ойын барысы. Балалар шеңберге құрады. Тәрбиеші ортада тұрып, | **"Ұя басқан тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу.<br>Балалар балапандарды, ал тәрбиеші ұя басқан тауықтың рөлін ойнайды. Бөлменің немесе алаңның бір |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Еркін ойын. "Аққу-қаздар".**<br>Мақсат-міндеттері. Ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын шарты. Ойынға қатысушы балалардың біреуі - қасқыр, екіншісі - құс бағушы болады. Қалған балалардың бәрі «Аққу-қаздың» рөлін ойнайды.<br>Балалар үлкен алаңға шығады. Алаңның оң жағында құс бағушы бала мен аққу-қаздар болып ойыншылар тұратын жер сызықпен белгіленеді. Сол жақта қасқыр жасырынады. Ойын басталғанда құс бағушы аққу-қаздарды | | | Барлық балалар қараторғай болады. Олар алаңда емін-еркін жүгіріп, ұшып жүреді. «Үйге қайтыңдар» белгісі бойынша барлығы ұяларға жүгіреді. Балалардың біреуі ұясыз қалады. Ойын бірнеше рет қайталанады. Тәрбиеші ойынның аяқ кезінде (балалар әлі жүгіріп жүрген кезде) тағы бір дөңгелек сызып қояды. Балалар қайтып оралғанда бәрінің де ұясы бар болып шығады.<br>**Көркемсөз**<br>Тоқылдақтар тоқылдап | допты лақтырады. "Көлшік – кішкентай, ал өзен- … (ұзын). Үй-аласа, құбыр (кран) – ұзын, шыбық-жіңішке, ағаш-жуан, үстел-үлкен, ал орындық - кішкентай".<br>**Көркемсөз**<br>Қызыл, жасыл гүл ектік,<br>Баптап күтіп түрленттік.<br>Қалмасын деп қуарып,<br>Апта сайын суғардық.<br>Гүлдендіріп бөлмені,<br>Бөлмеде гүл қаулады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**"Соқыр теке" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын | жағында қоршалған орын үй болады (жалаушалар тізбектеле жіп 40-50 см биіктіктегі ағаштардың немесе бағандарының арасымен тартылады). Үйде балапандарымен ұя басқан тауық отырады жем іздеп кетеді. Біраз уақыттан кейін ол: «Ко-ко-ко-ко» деп балапандарын шақырады. Бұл сигналда естіген балапандар жіптің астынан өтіп, тауыққа келеді. **(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын. "Қай бағытқа жүрсең, сонда** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | далаға шығарып жібереді. Аққу-қаздар сызықтан асып, алаңның ортасында шашылып жүреді. Қасқыр қимылсыз отырады. Біраз уақыттан кейін құс бағушы қаздарды шақырады.<br>- Қаздар, қаздар, қаңқылда!<br>- Қулар, қулар, саңқылда!<br>- Тойдыңдар ма далада?<br>- Иә, иә, иә!<br>- Ендеше үйге қайтыңдар.<br>- Жоқ, жоқ!<br>- Неге?<br>- Қыр астында қасқыр бар.<br>Осы соңғы сөз айтылғанда ғана қасқыр қаздарды қуалауға ұмтылады. Ал аққу-қаздар үйге (сызықпен белгілеген жерге қашады). Қасқыр оларды ұстауға тырысады. Ұсталғандар ойыннан шығып қалады.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | | | Ешбір тыным көрмейді<br>Ағашты қанша тессе де,<br>Жұмысы бір өнбейді.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын. "Қателеспе".**<br>Мақсат-міндеттері. Жылдамдықты дамыту; ойнау дағдыларын бекіту.<br>Ойынның барысы. Тәрбиеші күннің немесе тәуліктің әртүрлі әрекеттерін атайды. Балалар бір сөзбен жауап беруі керек: «Таңғы ас ішеміз», "Жуынамыз" және тағы басқа.<br>**(дене шынықтыру)** | ережелерін сақтап, әділ ойнауға баулу; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды, тепе-теңдікті сақтауды, үйлестіре білуді, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар шеңбер құрып тұрады.<br>"Соқыр текені" санамақ арқылы тағайындайды. Содан кейін "текені" ортаға шығарып, көзін байлап, бір орында айналуды сұрайды. Балалар осы кезде: "Бір, екі, үші! Соқыр теке, бізді ұста!" - деп "соқыр текені" қолымен түртіп қойып, одан | **іздегеніңді табасың".**<br>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.<br>Педагог балалар білетін ойыншықтарды әр жерге тығып тастайды.<br>Тәрбиеші айтады: Егер…<br>Оңға бұрылсаң – қуыршақты табасың; солға бұрылсаң – қоян ойыншығын табасың; алға жүрсең – тышқан ойыншығын табасың. Қай бағытқа бұрылғың келеді? Қайда барасың? Бала өз қалауынша бағытын таңдайды және нені іздейтінін айтады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | айнала қашып жүреді.<br>"Соқыр текенің" өзін түрткен баланы ұстап алу керек және оны тану, есімін атау.<br>Педагог балалар тым алшақ қашып кетпес үшін, үлкен шеңберді сызып қояды. Ойыншылар сол шеңберден аспай ойнау керек. Шеңберден шығып кеткен бала, ойыннан шығады. Кім ұсталып қалса, сол "соқыр теке" рөлінде ойынды жалғастырады.<br>**(дене шынықтыру)** | Ойыншықты тапқан соң, қай бағытқа барғанын және қай жерден тапқанын әңгімелейді.<br>**Көркемсөз**<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау-бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары,<br>Ұя жасап қарсы алды.<br>**(танымдық іс-әрекет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | 1. "Қанат қағып қарлығаштай" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады.<br>1 - "Қолымызды созайық". Қолды алдыға созып айқастыру.<br>2 - "Қанатымызбен серпін алайық". Қолды артына созып айқастыру.<br>3 - "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру.<br>4 - "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет).<br><br>2. "Сағат тіліндей қозғалайық".<br>Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей". Төмен қарай еңкею. | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" сөздерімен сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау.<br><br>3. "Билетейік аяқты" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа жаттығуды 2 рет орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**09.00-.09.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Тамақтану кезінде әдепті мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру.<br>Ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық, шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды үгітпеу, тамақты асықпай шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (ас үшін алғыс айту, тазалық сақтау, ұқыпты болу)<br>**Көркемсөз**<br>Дәмді ас тұр табақта,<br>Қане, жей ғой, асықпа!<br>Осы жолдардан кейін балалар таңғы асқа кіріседі. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарға дұрыс отыруын бақылайды.<br>Бала үстел басында дұрыс отырмаса, педагог оған дұрыс отыру керектігін ескертеді.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**09.20-09.30** | Жыл құстары тақырыбында әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | | | Құстар туралы қызықты мәлімет беру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | Құстар туралы тақпақтар жаттау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Құстар туралы мақал-мәтелдер жаттау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет**<br>**09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері**<br>"[у] дыбысы және У у әрпі".<br>Мақсат-міндеттері: [у] | | | **Математика негіздері**<br>"Құстар жылы жаққа ұшуға | **Математика негіздері**<br>"Қысқа қашаннан бастап дайындалу | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ш] дыбысы және Ш ш әрпі". |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | дыбысы және У әрпімен таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Жыл құстары. Ханс Кристиан Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу. Үй құстары."<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы жыл құстары және үй құсы туралы білімдерін кеңейту; «жабайы» және «үй құстары» жайлы түсініктерін дамыту. Г. Х. Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; құстардың жылы жаққа кетуі, құстардың дыбыс шығаруының ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту; құстардың дыбыстарының ерекшеліктерін | | | дайындалуда" пысықтау<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "бес" саны мен цифры туралы түсініктерін кеңейту, беске дейін жылдам санау дағысын қалыптастыруды пысықтау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Дауыссыз дыбыстар. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар. Жұп құруға қабілетті дауыссыз дыбыстар."<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы сөз туралы түсініктерін қалыптастыру; сөздердің "ұзынды- | керек?"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бес күн аралығындағы уақытты бағдарлауды үйрету, "бүрсігүні", "алдыңғы күні" ұғымдарын қалыптастыру; уақыттың үнемі бір жылдамдықпен жүретіні, адамның оны көп не аз істерімен толтыра алатыны туралы түсіндіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>«Сауысқан мен көкек» ертегісі" (пысықтау).<br>Мақсат-міндеттері. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту, жылы жаққа ұшып кететін құстардың түрлері, олардың ерекшеліктері туралы мәлімет беру, "Сауысқан мен | Мақсат-міндеттері: [ш] дыбысы және Ш ш әрпімен таныстыру.<br><br>**Сурет салу**<br>"Қаздар жылы жаққа ұшып барады".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тірек сызық бойына толық бейнені салу техникасымен таныстыру; қағаздың толық бетіне жылы жаққа ұшып бара жатқан қаздар үйірімін салуды үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Бір қатарға қойылған таяқтардың арасымен жүгіру".<br>Мақсат- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | көрсететін сөздерді айту, етістіктерді алмастыру дағдыларын, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; мұқият болуға, мейірімділік пен жанашырлыққа, батылдыққа, отанына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру .**<br>"Добым, добым, домалақ"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға шашырап жүруді; кедергілерден өтіп жүгіруді; доғаның астымен еңбектеуді (биіктігі 50 см) үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Жыл құстарының ұшу бағыттары".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұшатын және қыстайтын құстар туралы түсініктерін жетілдіру; құстардың қимылдарын бақылау, | | | қысқалығын" қолмен өлшеп айыра білуді үйрету; дауыссыз дыбыстардың түрлерімен танысу, сөзге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Жұп құрауға қабілетті дауыссыз дыбыстармен таныстыру. Фонематикалық естуді дамыту, парақша мен дәптерде жұмыс істеу барысында ұқыптылыққа үйрету. Балаларды мейірімділікке тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Добым, добым, домалақ" (пысықтау).<br>Мақсат-міндеттері. | көкек" ертегісін оқу және талқылау (пысықтау).<br><br>**Музыка**<br>"Күзгі вальс".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сыр-сипатын түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруды үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Бидай астығы".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерді тиянақтау; нан және оны дайындау | міндеттері. Балаларға 50 см биіктікке бір қатарға қойылған таяқтардың арасымен жүгіруді үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Орман дәрігері» ертегісі.<br>Мақсат-міндеттері. Ертегіні оқып беру, ертегі кейіпкерлерінің жағымды не жағымсыз қасиеттерін түсінуді үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Көкектің әні".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көкек туралы әуенді қабылдау қабілетін арттыру; күй тыңдағанда дыбысты есту қабілетін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | көргенін бойындағы біліммен байланыстырып, еркін сипаттауды үйрету.<br><br>**Математика негіздері** "Құстар жылы жаққа ұшуға дайындалуда". Мақсат-міндеттері. Балалардың "бес" саны мен цифры туралы түсініктерін кеңейту, беске дейін жылдам санау дағысын қалыптастыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | | | Балалардың шашырап жүру; кедергілерден өтіп жүгіру; доғаның астымен еңбектеу дағдыларын (биіктігі 50 см) үйретуді пысықтау.<br><br>**Көркем әдебиет** «Орман дәрігері» ертегісі. Мақсат-міндеттері. Ертегіні оқып беру, ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге баулу. Ертегіні тыңдауды үйрету.<br><br>**Сөйлеуді дамыту** «Сауысқан мен көкек» ертегісі. Мақсат-міндеттері. Жыл құстары туралы | туралы білімдерін кеңейту; зерттеу қызметіне ұмтылысын, білімқұмарлықты дамыту; үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Сауат ашу негіздері** "[у] дыбысы және У у әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [у] дыбысына берілген сөздерді оқуға дағдыландыру. [у] дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болатынын түсіндіру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, музыка, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | жетілдіру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру, музыка, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | білімдерін кеңейтіп, жылы жаққа ұшып кететін құстардың түрлері, олардың ерекшеліктері туралы мәлімет беру, "Сауысқан және көкек" ертегісін оқу және талқылау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)** | | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқкиімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | **Құстарды бақылау (жалғасы) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,** | | | **Құстарды бақылау (қарым-қатынас іс-әрекеті,** | **Құстарды бақылау. "Орман құстары". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық** | **Саябақтағы құстарды бақылау. (қарым-қатынас** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттері. Біздің ауданда кездесетін құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстарды сыртқы түрінен тану қабілетін, құстарды бақылауға қызығушылықтырын дамыту. Әңгімелесу: жазда құстар көп болатынына назар аударыңыз, олар әртүрлі дауыста ән айтады, балапандар туралы алаңдайды. Жаздың басында құстардың сайрағанын естисіз, бірақ оларды көру қиын: олар ұяларында отырады немесе жасыл жапырақтарда қалықтайды. Олардың кішкентай балапандары бар, оларды тамақтандыру және жылыту қажет. Құстардың қандай пайда әкелетінін айту, | | | **танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Зерттеу. "Күз мезгілінде қалалық жердегі құстар не жейді?"** Мақсат-міндеттері. Балалардың құстардың сыртқы түр-түсі, тіршілік етуі, мінез-құлық ерекшеліктері және оларды қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кеңейту; құстарға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **Зерттеу барысы.** - Құстар не жегенді ұнатады? - Коректі қайдан табады? - Құстар туралы не білетінімізді еске түсірейік? | **іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы құстардың тіршілік ету ортасына бейімделуі туралы, құстардың күзгі тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. Құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. Әңгімелесу. - Айналаға мұқият қараңдар, балалар, қандай құстарды көресіңдер? (балалардың жауаптары) - Ал, құстар қай жерде көбірек өмір сүреді? Қалада ма, орманда ма? - Орман құстарының қандай түрін білесіңдер? - Жаз мезгілінде құстарды | **іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттері. Құстарды адамның достары ретінде қабылдай білу дағдыларына машықтану. Аулаларында немесе жақын маңдағы саябақта құстарды бақылауды ұсыну. Құстар адамдарды көргенде жасырынып қалатыны немесе ұшып кететінін бақылау. Құстардың адамның мекеніне жақын жерге қоныстанатынына көңіл аудару. Құстардың жылдың әр мезгілінде тіршілік етуінің |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жұлдызқұрттардың не<br>істеп жатқанын<br>қадағалау, балалардың<br>назарын қарлығаштар<br>мен шымшықтың<br>қаншалықты жылдам<br>ұшатынына, жәндіктерді<br>қалай аулайтынына<br>назар аудару маңызды.<br>Қарлығаштардың ұясын<br>көрсету, балапандарына<br>қорек әкеліп беретінін<br>бақылау.<br>**Көркемсөз**<br>Жыл құстары келді деп,<br>Балдырғандар мәз<br>болды.<br>Қос қанатты желпілдеп,<br>Көлге үйрек-қаз қонды.<br>**Дидактикалық ойын**<br>**(А) және жаттығу (Б)**<br>**А.** «Сипаттама бойынша<br>тап» **-** тәрбиеші<br>құстарды сипаттайды,<br>балалар болжайды.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сипаттамалық әңгіме,<br>зейін, үйлесімді сөйлем<br>құрастыру,<br>ұқсастықтары мен<br>айырмашылықтарын<br>таба білу қабілетін | | | Тапсырма:<br>құстарды<br>бақылау. Білу<br>керек: күзде<br>құстар не жейді,<br>қаладан қоректі<br>қайдан табады.<br>- Балалар,<br>тапсырма<br>түсінікті ме?<br>- Құстарды<br>бақылау ережесін<br>еске түсірейік.<br>Құстарды<br>бақылау ережесі.<br>Құстар өте үркек.<br>Құстардың<br>қасында<br>тыныштық сақтап,<br>шуламай жүру<br>керек.<br>Құстарға қарай<br>жүгіруге<br>болмайды,<br>олардың<br>демалуына немесе<br>қоректенуіне<br>кедергі<br>жасайсыңдар.<br>Құстарға тас атуға<br>немесе таяқ<br>лақтыруға | мазалайтын мәселе<br>неде?<br>- Барлық құстар<br>жазда маңызды<br>істермен<br>айналысады. Олар<br>балапандарын<br>қоректендіреді.<br>Таңертеңнен кешке<br>дейін ересек құстар<br>мен жәндіктерді<br>аулайды,<br>балапандарын<br>қоректендіреді. Әр<br>жұп құстың бір<br>балапаны емес,<br>бірнеше балапаны<br>бар, оларды<br>қоректендіру керек.<br>Балапандар көп<br>қорек жейді және<br>жылдам өседі. Тіпті<br>бір ай өткен жоқ,<br>бірақ балапандар<br>өсіп кетті. Енді<br>құстар<br>балапандарды<br>ұшуға, өздеріне<br>қорек табуды,<br>жауларынан<br>жасырынуды<br>үйретеді. Егер | ерекшеліктерін<br>салыстыру және<br>зерттеу.<br>Құстардың<br>қауырсындарын<br>қарастыру.<br>Әңгімелесу:<br>- Өздеріңе жақын<br>жерде тұратын<br>құстар туралы не<br>білесіңдер? Олар<br>немен және қалай<br>қоректенеді?<br>Қайда ұшады,<br>қайда ұя салғанды<br>ұнатады?<br>**Еңбек:** алаңға,<br>жолдарға су<br>шашу. **(еңбек іс-**<br>**әрекеті)**<br>Мақсат-<br>міндеттері. Шланг<br>пен суқұйғышты<br>мұқият<br>пайдалануды<br>үйрету.<br>**"Бұғы**<br>**аулаушылар"**<br>**қимыл-қозғалыс**<br>**ойыны. (дене**<br>**шынықтыру)**<br>Мақсат- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту.<br>**Б.** «Дауысын сал» — тәрбиеші құстарды атайды, балалар құстардың дауысын салады.<br>Мақсат-міндеттері: жеке дыбыстардың айтылуын бекіту.<br>**"Үкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Шапшаңдыққа, шыдамдылыққа, жылдамдыққа дағдыландыру.<br>Ойын барысы. Барлық ойншылар құстар, бір бала үкі болады.<br>"Күн" белгісі бойынша құстар алаңда ұшып жүреді, қанаттарын қағып жүріп, дәндерін шоқиды.<br>"Түн" деген белгі бойынша барлығы тоқтап, қимылсыз тұрады. Үкі ұшып келеді, қозғалатындарға қарап, оларды ұясына апарады. Содан кейін | | | болмайды. Құстар тірі, олардың да денесі ауырады.<br>Қорытынды: қалада тіршілік ететін құстар әртүрлі қорек жейді; құстар жәндіктерді аулайды.<br>**Еңбек:** алаңнан малтатастарды жинату. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Еңбектенуге ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға | балапандар мұны білмесе, онда олар қыстан шыға алмайды.<br>- Құстардың қандай пайдасы бар?<br>- Орман дәрігерін кім біледі?<br>- Орманға барғанда өзімізді қалай ұстаймыз?<br>- Орманда шуламаңдар! Неліктен? - Құстар қатты айқай-шудан қорқады, олар ұяларын тастап кетуі мүмкін. Сендерге орманның сиқырлы дыбыстарын тыңдай білу керек.<br>- Құстардың ұяларын бұзбаңдар! Неліктен? - құстардың жұмыртқалары мен балапандарына қол тисе, құстар басқа біреудің иісін сезеді және ұядан бас тартуы мүмкін.<br>- Ормандағы | міндеттері. Балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" рөліне санамақ арқылы бір-екі бала тағайындалады.<br>Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қайтадан "күн" белгісі беріледі, үкі ұясына тығылады, балалар – алаңда ұшып жүреді. Ойын осылай бірнеше рет қайталанады.<br>**"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>Еркін ойындар.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады. Жүргізуші (немесе балалардың біреуі): "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - деп, ойынның басталуын | құстарды алып кетуге болмайды! Неліктен?<br>- Орманнан құстарды алып кетуге болмайды, олардың өміріне қауіп төнеді. Орман - құстардың үйі. Олар өз қоректерін өздері қалай табу керектігін ұмытып, тұтқында өліп қалуы мүмкін.<br>- Орманда от жағуға болмайды! Неліктен?<br>- Ағаш өте жылдам жанады. Өрттен шыққан ұшқындар ағаштарға тиеді, бүкіл орман өртенеді, өсімдіктер, жануарлар, құстар және адамдар өледі.<br>Қорытынды. Құстар әртүрлі болады, көптеген құстар зиянды жәндіктерді жояды.<br>**Еңбек:** бақшаны суару. **(еңбек іс-** | қолмен түртіп, ұстап жатады. Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңімпазды анықтайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.<br>**Аз қимылды ойын. "Суық-ыстық". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту.<br>Жүргізуші затты жасыратын кезде оған карауға болмайды.<br>Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жариялап, осы кезде ойыншылар ойын алаңына жүгіріп шығып, бір-біріне соқтықпай жүгіріп, белгілі қимылдарды жасап жүреді. "Түн батты! Жапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - деген белгі сөздер айтылғанда ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Кім қимылдап не күліп қойса, соны "жапалақ ұясына" алып кетеді. Келесі жолы басқа жапалақты таңдайды, ойын әрі қарай жалғасады. Екінші нұсқасы. Ойын динамикасын жетілдіру | **әрекеті)** Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің бұйрықтарын тыңдауды үйрету, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. Педагог: "Қарақұс!" | жүргізуші кіріп, бөлмеден затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... (сөздерін айтып жасырылған затты табуға көмектесед). Еркін ойындар. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мақсатында екі "жапалақты" тағайындауға болады; екінші белгі бойынша ойыншылар "жапалақтарға" ұсталмай, өз ұяларына қайту керек. **Дидактикалық ойын. "Құстарды сана". (танымдық іс-әрекет)** Мақсат-міндеттері. Сан есімдерді зат есіммен үйлестіру жаттығулары (бір торғай, екі торғай және тағы басқа). **Жеке жұмыс: көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері: дене тепе-теңдігін дамыту;ептілікке | деп, белгі бергенде "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тізбекті бұзбауы тиіс. Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілері қайта сайланып, ойын қайта басталады. Педагог ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау | |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td>тәрбиелеу.<br>Тура жүру, тақтайдың (бөрененің) ортасында тоқтап, "қарлығаш" фигурасын көрсету (екі қолды жан-жаққа созу, дене түзу, бір аяққа тұрып екінші аяқты артқа қарай жоғары көтеру, түзу созып тұру), содан кейін жүруді жалғастыру, тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяқпен түсу, екі қол екі жақта.<br>Еркін ойындар.</td><td>керек.<br>"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттері. "Қақпаға"допті өткізуді, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады.<br>Еркін ойындар.</td><td></td></tr>
<tr><td>Серуеннен оралу 12.30-.12.50</td><td colspan="6">Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскеден шығар алдында аяқкиім мен үсті-басын қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында аяқкиімнің табанын тазалау;<br>- ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру.<br>Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.<br>Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Түскі ас<br>12.50-13.10** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларды өз бетінше киінуге, аяққиімді киюді үйрету, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту; шкафтан киім алу және оны шешкеннен кейін орнына қою, бәрін ұқыпты бүктеу қабілеттерін қалыптастыру.<br>**Көркемсөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен.<br>Таңертең де, кешке де,<br>Жуын күндіз де, түсте де.<br>Су - тіршілік негізі,<br>Онсыз өмір сүрмейсің.<br>Гигиена егізі,<br>Су деп және білгейсің.<br>Су - табиғат байлығы,<br>Өзен-көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)** |
| **Күндізгі ұйқы<br>13.10-15.30** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары<br>15.30-.15.40** | "Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұру, белді бүкірейту, басты төмен түсіру).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Бесін ас<br>15.40-16.00** | Тамақты бастар алдында<br>Қолыңды, бала, жуып жүр!<br>Ас ішуді алғыспен<br>Аяқтау туралы біліп жүр.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес** | **Дамытушы ойын.** | | | **Дидактикалық** | **"Ұшты-ұшты"** | **"Сөйлемді** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15 | **"Құстардың көлеңкесі".** Мақсат-міндеттері. Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып, орнына орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атауды, сөзбен сипаттауды үйрету. **(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Мақсат-міндеттері. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>**"Құстар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттері. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. | | | **ойын.** «Ғажайып нүктелер». Мақсат-міндеттері. «Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады. Нүктелерді қосып, қарлығаштың суретін шығарады. **(шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға құстарға тән белгілерді сөзбен сипаттауды және оларды сипаттамасынан тануды үйрету. Балаларға ақылды болуды үйрету. Зейін, есте сақтау, | **дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Есту зейінін дамыту. Балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануды үйрету. Зейін, еске сақтау, сөйлеу және логикалық ойлауды дамыту. Құстарды құрметтеуге тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынды үй ішінде де, сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс немесе зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді, ұшпайтын зат айтылғанда тырп етпей отырады. Қателескен бала айып өтеу үшін тақпақ айтады немесе ән салады. | **аяқта" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Құбылыстар арасындағы себеп-салдар байланысын түсінуді үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға арналған жаттығу жасау. Мақсат-міндеттері. Балаларға сөйлем құрауды үйрету. Зейін, еске сақтау, байланыстыра сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені…», |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ойынның барысы. Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың қасына келеді. Мысық ұйқысынан оянады, құстарды қуады. **(дене шынықтыру)** | | | сөйлеу және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші құстың қимылдарын бейнелейтін немесе оларға сөздік сипаттама беретін жүргізушіні тағайындайды, басқа балалар болжап табу керек. **(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Екі рет жаңылса, айып шарты ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді. Ұшты-ұшты, сұңқар ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, қарға ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, арба ұшты! (қол көтермейді) **(дене шынықтыру)**<br><br>**Еркін ойын. "Торғайлар мен мысық"** Мақсат-міндеттері. Балаларға ойынның шартын бұзбай ойнауды, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейін, байқағыштық, жүгіру дағдыларын дамыту. Ойын барысы. Жерді шеңбермен белгілеу керек /диаметрі 5-6 м/. Ортада тәрбиешімен | «Балалар бастарына қалпақ киді, өйткені…», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені…». **“Құстардың ұшып келуі” қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру. Балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойынның барысы. Балалар (құстар) қанаттарын жайып, алаңның барлық жеріне |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тағайындалған бала жүреді. Ол мысық болады. Қалған балалар шеңбердің сыртында торғайлар болып жүреді. Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады. Ұсыныс: мысық ақырын барып, торғайларды ұстауға тырысады (ақырын | ұшады. “Боран” деген белгі бойынша құстар ағаштарға тығылады. Тәрбиеші “Боран тынышталды” деген кезде ағаштардан жерге түседі, ұша бастайды. **(танымдық іс-әрекет, дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ғана қолын тигізеді). **(танымдық іс-әрекет, дене шынықтыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30** | **Жаңылтпаштар айтқызу.**<br>Атам бақ аралады,<br>Ағам тал аралады.<br>Асан көл жағалады,<br>Асыл ат тағалады.<br><br>Шырағым шұбат іш,<br>Шұбатты сұрап іш.<br>Шұбатты ішпесең,<br>Бітпейді бұла күш.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | **Бала тілін дамыту.**<br>"Сауысқан" (ел аузынан).<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқандатқан сауысқан.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Түстерді ажырата білу, атауын жылдам атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларға өсімдіктерді түсі бойынша топтастыруды, әдемі гүл шоқтарын жасауды үйрету.<br>Барысы.<br>Үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі түсті жапырақшалар тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға | **"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуді үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету.<br>Барысы.<br>Педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың атауларын атайды, балалар сол жерде өсетіндерін ғана таңдайды. Егер олар өссе, балалар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | түсі, пішініне сәйкес келетін гүлді табады. **(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | қол шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез келген қимылды таңдауға болады), егер олай болмаса, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және тағы басқа. **(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | |
|---|---|
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяққиімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяққиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінуді, киімді, аяққиімді таза ұстауға баулу;<br>- басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Серуен 16.50-18.00** | Түскі серуенде табиғатты бақылауды жалғастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында нан тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық, танымдық ойындар, басқатырғыш ойындар. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Еркін ойындар.<br>**"Кім алғыр?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Бөлшектерден бүтін құрау қабілетін дамыту.<br>**Шығармашылық уақыты. "Қағаздан балапанды бүктеу арқылы құрастыру".**<br>Масқат-міндеттері. Балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс салуға құштарлығын дамыту.<br>Мүсіндеу.<br>**"Құстарға ұя жасаймыз".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды жыл құстары туралы білімдерін кеңейту, қыстап қалатын құстарға ұя не үшін керектігі туралы мәлімет беру. | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | Ата-аналармен жұмыс. Балаларды үйде және балабақшада сауықтыру, шынықтыру әдістеріне бірыңғай көзқарасты қалыптастыру. | | | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | "Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысының түрлері" әңгімелесу. | Әңгіме жүргізу. «Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру». |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** **«»** мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 31.10. - 04.11.2022ж. | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 31.10.2022 | 01.11.2022ж | 02.11.2022ж | 03.11.2022ж | 04.11.2022ж |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Күз мезгілінде болатын мерекелер туралы ақпарат беру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау; өсімдіктердің сыртқы түріне, құрылымына назар аудару, өсімдіктен шаңды | **"Бөлме өсімдіктеріне бүріккіш пистолеттен су бүрку".** Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою, тамақтанғаннан кейін ыдыстарды | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяққиімнен босату, | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрену. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кетіру әдісін таңдауды үйрету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығының ретсіздіген көру. Ортақ игілік үшін ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеп жинау. Еңбекке баулу, тәртіпті байқауды, ұжымда бірге еңбек етуді үйрету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **қатынас іс-әрекеті)** |
| | **Үстел үсті ойыны «Бауда, әлде бақшада?»** Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажыратуды үйрету. **(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.** | **Саусақ жаттығуы.** М. Әлімбаев "Он саусақ".<br>Жалғыз саусақ тіпті де,<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды<br>Жүгіртеді қаламды<br>...<br>Өнерлі екен он саусақ!<br>Қала салсақ, жол | **«Суреттер құрастыру».** Мақсат-міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды, әңгіме құрастыруды үйрету, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру. | **Үстел үсті ойыны.** «Төртінші не артық?» Балаларға 4 сурет беріледі, бала олардың ішіндегі артық суреттің атауын атайды. Мысалы: етік, күртеше, малақай, гитара. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)** | **Еркін ойындар** Мақсат-міндеттері. Балаларды ересек адамның көмегімен ойын үшін ыңғайлы орынды таңдау, ойын ортасын ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту және пысықтау; сәйкес заттың бейнесін дұрыс табуды және атауды, оның атқаратын қызметі жайында сөйлемдер құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру.<br>Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см | салсақ ...<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **(танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас әрекеті)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | карточкалар.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>**08.55-09.00** | 1. "Қанат қағып қарлығаштай" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады.<br>1 - "Қолымызды созайық". Қолды алдыға созып айқастыру.<br>2 - "Қанатымызбен серпін алайық". Қолды артына созып айқастыру.<br>3 - "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру.<br>4 - "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет).<br><br>2. "Сағат тіліндей қозғалайық".<br>Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей". Төмен қарай еңкею.<br>"Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" сөздерімен сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау.<br><br>3. "Билетейік аяқты" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа жаттығуды 2 рет орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас**<br>**09.00-.09.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.<br>**Көркемсөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пен күшікке. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дән саламын.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.20-09.30** | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік! | **"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды құстарға тән белгілер бойынша сипаттауды және оларды сипаттама арқылы тануды үйрету.<br>Барысы. Жүргізуші құстардың әдеттерін бейнелейді және олардың белгілерін сипаттайды, балалар жүргізушінің жасырып отырған құсын табады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **"Мысық пен тышқан".**<br>Тышқан қашты мысықтан, (еденде саусақтарымен қашуды көрсетеді)<br>Қатты, қатты жүгірді. (жылдам жүгіреді)<br>Орын тапты қуыстан, (екі қолының саусақтарын айқастырады)<br>Зәресін мысық ұшырды.<br>Қарады мысық тесіктен, (жан-жаққа қарайды)<br>Тышқанға "Бері шық," - деді. (қабағын түйеді)<br>Еденді ұрды «Тук-тук» деп, (еденді жұдырығымен тоқылдатады)<br>Тырналады, кетпеді. | **«Жұбын тап».**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу.<br>Ойын атрибуттары. Жемістер мен көгөністерге байланысты текшелер.<br>Ойынның барысы. Ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойынды бастайды. Аты аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар | **Үстел ойыны.**<br>«Сурет бойынша жинастыр».<br>Мақсат-міндеттері. Танымдық қабілеттерін дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | (еденді тырналайды)<br>Былай-былай тартады.<br>(жұдырықты ашады)<br>Бұза алмады қамалды.<br>Амалы құрып мысықтың,<br>Үйіне қарай қайтады.<br>Қуанып тышқан есікті, (жұдырығына қарап үрлейді)<br>Жәй ғана кеп үрледі.<br>«Алақай, есік ашылды!», - деп, (құшақтарын айқара ашады)<br>Ініне қашып үлгерді.<br>(қайта жүгіредіі)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | текшелерді ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол жеңеді.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ш] дыбысы және Ш ш әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттері: [ш] дыбысы мен әрпін таныту, сөз ішіндегі [ш] дыбысының ерекшелігін меңгерту, [ш] | **Сауат ашу негіздері**<br>"[с] дыбысы және С с әрпі".<br>Мақсат-міндеттері. Өткен дыбыстарды қайтау, еске сақтау қабілетін арттыру. Жаңа [С] дыбысымен таныстыру, сөз, сөйлем құруды | **Математика негіздері**<br>"Суретші нені бейнеледі?" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сыр-сипатын | **Математика негіздері**<br>"Көліктер қай жақтарға бағыттайды?"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "алты" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны | **Сауат ашу негіздері**<br>"[с] дыбысы және С с әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: [С] дыбысын буында қайталауды, сөзде анық айтуды үйрету. [С] дыбысын буын, сөз ішінде дұрыс ажыратуды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбысы арқылы берілген сөздерді оқыту, жаздыру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Үй жануарлары және төлдері. "Жеті лақ" ертегісін әңгімелеу.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; үй жануарларының төлдерінің атауларын бекіту; үй жануарларының дыбыс шығару және қозғалу ерекшеліктерін еске түсіру; үй жануарларының пайдасы туралы түсініктерін дамыту; көрнекі сызбаларды қолданбай ертегінің мазмұны бойынша диалог құрауды, | үйрету.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Суретші нені бейнеледі?"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда"бүрсігүні" , "ертең", "бүгін", "кеше", "алдыңғы күні" сияқты уақыт бөлігі жайлы ұғымдарын қалыптастыру.<br><br>**Музыка**<br>"Əн салайық".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сыр-сипатын түсіну және эмоциямен көрсетуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруды үйрету. | түсінуді, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруды үйретуді пысықтау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>К-Г дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері).<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға [-к], [-г] дыбыстары және К к, Г г әріптерімен таныстыру; [-к], [-г] әрпін ауада жазып көрсету; [-к], [-г] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, дыбысты есту арқылы ажыратуды | тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "алты" жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту; саны алтыға тең заттарды салыстырғанда беттестіру және тұстастыру амалдарын қолдануды жаттықтыру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Күз көрінісі" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттері. Өлеңді оқып беру, өлең мазмұны бойынша сұрақтар қою; зейінін дамыту, сөздік қорларын кеңейту, сөйлеу мәдениетін дамытуды пысықтау.<br><br>**Музыка**<br>"Ұшағым".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілді | **Мүсіндеу**<br>"Күзгі саябақ".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың күз туралы білімдерін аша отырып, күзгі бақтың әсемдігін, көріктілігін түсіндіру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Ішпен еңбектеу".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды 50 см биікке қатарлата орналастырылған таяқтардың астынан ішпен еңбектеп өтуді үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Үш дос» қазақ халық ертегісінің қойылымын (пысықтау).<br>Мақсат-міндеттері. Қазақтың халқының ауыз әдебиетіндегі тұрмыстық ертегілермен таныстыруды жалғастыру. Өзінің қимылын серіктестің қимылымен байланыстыруды үйретуді пысықтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мұқият болуды, қарапайым сөйлемдер құруды үйрету; ертегілердегі жануарлардың мінез-құлқын адамдардың мінез-құлқымен салыстыруды, қарапайым қорытынды жасауға дағдыландыру; балаларды үй жануарларына қамқор болуға, ертегілерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Бірнеше қатарға тізілу".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көлбеу басқышпен өрмелеуді, гимнастикалық қабырғаға өтуді, сатыдан ұстап қайта түсуді үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Күз көрінісі".<br>Мақсат-міндеттері. Өлеңді оқып беру, өлең мазмұны бойынша сұрақтар қою; зейінін дамыту, сөздік қорларын кеңейту, сөйлеу мәдениетін дамыту. | үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-к], [-г] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; [-к], [-г] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру арқылы, сөздік қорларын толықтыру. Ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу; әдемі, таза жазуға дағдыландыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Бірнеше қатарда эстафета ойындары".<br>Мақсат-міндеттері. | әнге ықыласын ояту; әннің сөздік мазмұнын түсіне білуге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауды үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>"Адамның қысқа дайындығы".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың күз мезгілінде еңбектің жемісін көретіні туралы түсініктерді тиянақтау; "суармалау" ұғымын қалыптастыру; бақшада және егінде өсірілген өнімдердің астығы базарға шығарылып, көпшіліктің қажет өтейтін ойындар арқылы көрсету. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Сиқырлы магнит елінде"<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту, қыс мезгіліне тән белгілерді білу және таба алуға үйрету; қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге үйрету; қоршаған ортамен танысу арқылы баланың ой - өрісін дамыту; табиғатты қорғап, аялауға және әсемдігін бағалай білуге тәрбиелеу. | | Балаларға заттардың арасымен жүру; биіктіктен секіруді үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Үш дос» қазақ халық ертегісінің қойылымы".<br>Мақсат-міндеттері. Халық ауыз әдебиетінің тұрмыстық ертегілермен таныстыруды жалғастыру. Өзінің қимылын серіктестің қимылымен байланыстыруды үйрету. | | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)** | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | **Торғайдың күз мезгіліндегі тіршілігін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық** | **Көгершіндерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-** | **Теректі бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-** | **Маусымдық өзгерістерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-** | **Жаяу жүргіншілерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
<tr><td>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары<br>15.30-.15.40</td><td colspan="5">Біртіндеп ұйқыдан ояту.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу үшін түзету жаттығулары.<br>«Ұшақ» жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері. Омыртқаның бұлшық ет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшық еттерін күшейту.<br>Көркемсөз<br>Ұйықтап жатқан кім екен?<br>Уақыт болды тұратын.<br>Жаттығуды жасайық,<br>Ұйқымызды ашайық!<br>Бізді күтіп тұрмайды,<br>Жылдам алға басайық!<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Бесін ас<br>15.40-16.00</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды дағдыға айналдыру; дұрыс тамақтану мәдениетін, асты асықпай шайнауды, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету.<br>Көркемсөз<br>Ө.Тұрманжанов "Нан – ардақты адал ас".<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі-жас одан аттамас.<br>Ақ дастарқан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар,<br>Теріп алып, қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.15</td><td>Дидактикалық ойын.<br>"Ортақ қасиеті бойынша топқа біріктір".</td><td>Дидактикалық ойын. "Дұрыс па? Бұрыс па?" (етістік арқылы сипаттау)<br>Мақсат-міндеттері.</td><td>Дамытушы ойын.<br>"Жылы сөздер қобдишасы".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды адам, күн</td><td>Дамытушы жаттығу.<br>"Не жоқ?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың</td><td>Дамытушы ойын.<br>"Қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Балаларды заттардың (құбылыстар, жан-жануарлар, адамдар, ұғымдар) ортақ қасиеттерін байқап, оларды біріктіріп, түсіндіре білу қабілеттерін арттыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу; дүниетанымын кеңейту. Құралдар. Заттар немесе суреттер жиындары (жыл мезгілдері, түрлі өсімдіктер, жабайы аңдар, құстар, түрлі материалдардан жасалған заттар). Педагог өзінің қалауынша көптеген себептерге сүйеніп, тапсырмалар санын реттейді. Педагог осы жаттығуды ауызша да жүргізе алады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу** | Балаларға белгілі жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қимыл-қозғалыс ерекшелігін сөздермен сипаттауды тыңдатып, сипаттама дұрыс немесе дұрыс еместігін анықтату, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқыр шаңқылдамайды, ұлиды", "жел тамшыламайды, соғады, еседі", "құс жорғаламайды, ұшады", "балық ұшпайды, жүзеді" және тағы басқа. | райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, өршіл көзқарас (оптимизм) сезімін тәрбиелеу. Құралдар. Адам, күн райы, тәулік, жыл мезгіліне тән құбылыс, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбеккор адам", "Күн жаңбырлы болса да, біздің қолымызда шатыр бар", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды". **(қарым-қатынас іс-** | қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар. Шарты. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтарды немесе заттарды, жазықтықта әрқалай орналастырып, бір топ күйінде ұсынады. Саны алғашында 6-дан басталады, содан соң 10-12-ге де жеткізуге болады. Балалар көзін жұмып тұрады, педагог ойыншықтардың бірін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың жоқ екенін атайды. Ойын бірнеше рет қайталанады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық** | **құрылғанын айт".** Мақсат-міндеттері. Балаларда геометриялық пішіндерді ажырату, санау, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі геометриялық пішіндерден құрылған бейнелердің сызбалы суреттері. Шарты. Балалар түрлі геометриялық пішіндерден құрылған суреттерге кезегімен қарап, қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айту керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Жол жүру ережесі".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жол жүру ережелері, көшедегі қозғалыстар, жол қозғалысына қатысушы тараптар: жүргізуші, полицей, жүргінші жөніндегі ұғымдарын нығайту; олардың жол жүру ережесін сақтаудағы атқаратын рөлі неде екенін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Бағдаршам, жол жүрудің негізгі белгілері, жүргіншілер жолы және үйлердің кескіндері; рульдер, ысқырық; қуыршаққа | Педагог тапсырмаларды тек жануарларға немесе тек құбылыстарға байланысты бере алады. Бұл ойынның нұсқалары көп.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Ұшақпен сапар".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ұшақпен сапарға шығу қандай әрекеттерден тұратынын, әуежайдың қандай орын екенін түсіндіру; ұшқыш-пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың | **әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Автобус".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар: жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздің ережелерін меңгерту, ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастар құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың | **іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Кememен саяхат".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екенін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, | **әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Көлік жөндеу шеберханасы".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арбалар.<br>Шарты. Педагог балалармен бірге дайындық жұмыстары ретінде жол қозғалысы жайында суреттерді қарап, түрлі жағдаяттармен бейнебаяндарды тамашалайды.<br>Балалар жолдағы қозғалысқа қатысатын жүргізушілер, полицей, жүргіншілер сияқты адамдардың міндеттерін анықтайды.<br>Балалар көше қозғалысына қатысатын мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады (жүргізушілер, полицей, жүргіншілер). Жол қозғалысына қатысушылар өз | қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы жаңа білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар: "ұшақтың борты" - орындықтарды екі қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш-пилоттың алдында тұратын ұшақты жүргізуге арналған батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық | белгілі қатарда тізіліп тұруы; билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері.<br>Шарты.<br>Педагог ойынды өткізуге дейін жолаушыларды тасымалдау, жол ережелерін сақтаудың маңызы туралы балалармен әңгімелеседі. Бұндай жұмыстар үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады.<br>Балалар жүргізуші мен бақылаушыны санамақ арқылы таңдайды.<br>Педагог (бақылаушы) балаларды автобус | сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері);<br>капитанның алдында кемені жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті. | балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы), жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды.<br>Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | рөлдеріне сай қажет киім үлгілерін және құралдарды алып орындарына барады. Алғашында, педагог жол қозғалысын өзі сипаттап отырады, балалар сол әңгімелеуге сай қимылдап жатады.<br>- Көліктер үшін бағдаршамның қызыл шамы жанды!<br>- Көлік жүргізушілері, не істейсіңдер?<br>- Жүргізушілерге қызыл жанса, жүргіншілер үшін қандай шам жанады?<br>- Жүргіншілер, жасыл шам жанды!<br>- Жүргіншілер, сендер не істейсіңдер?<br>- Жүргіншілер, жолдан қалай өтесіңдер?<br>- Полицей аға, бұнда бір мәшине қызылға өтіп кетті! Не істеу керек? | чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған ұшу алдында, ұшу барысында және аяқталған кезде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті.<br>Шарты. Педагог дайындық жұмысында ұшақпен сапарға шығу үшін, билеттерді салып алу қажеттілігі; ұшақпен ұшу алдында әуежай терминалында тіркеуден өтіп, содан кейін ұшақ бортына өтуге болатынын анықтайды.<br>Балалар әуежай, ұшақ салоны сияқты жерлерді суреттер және бейнежазбалардан алдын ала көріп түсінеді. | салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауды қолдану туралы келісіп алады) салонға өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді.<br>Жүргізуші "есік жабылды" сияқты сөздерді естігеннен кейін автобусты жүргізіу әрекетін көрсетеді (рульді бұрайды).<br>Педагог аялдамаларды жариялап жатады. Егер мүмкіндік болса, өз дауысымен айтылған қажетті хабарламаларды жазып алып, қолдануға болады. Салоннан шыққан және ішіне кірген балалар жолаушы рөлдерін атқарады. Бұнда егде жастағы адамдарға | Шарты.<br>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кеме саяхатына шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кемемен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды.<br>Балалар дайындық барысында теңіз порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді.<br>Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы басқа мамандық иелерінің қандай қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан | алып, өз орындарына барады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты тексеру керек; жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Осындай желі бойынша ойын жалғасады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: жолда ешқандай апат болмауы үшін, көліктер сынбай, жүргіншілер аман-сау болуы үшін, жол ережелерін қатаң түрде сақтау керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | Педагог стюардесса, пилот, бақылаушы полицей, есепші мамандарының адамдарды ұшақпен тасымалдау үшін қандай әрекеттер жасайтынын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары қойылады, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ арқылы) мамандардың міндеттері үлестіріледі.<br>Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады.<br>Педагог балаларға ұшақпен саяхаттау өте қызықты болатынын ойын барысында жеткізіп отыруы тиіс.<br>Алғашында, педагог балалардың | орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады.<br>Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін қосымша сұрақтар қояды.<br>Ойынның соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Автобусқа отырып жол жүру кезінде көптеген жалпы ережелер болады, оның орындалу шарттарын қадағалау керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің міндеттері үлестіріледі.<br>Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады.<br>Педагог балаларға кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі тиіс.<br>Алғашында, педагог балалардың жеке мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады.<br>Мамандар өз орындарына барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді, кеме бортына шақырылады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Мамандар өз орындарына барған кезде, балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтіп, ұшақ салонына шақырылады. Стюардессалар көпшілікке жариялайтындай бірнеше ережені ескеруі керек: қол жүгін орнына салу; смартфондарды өшіру; қауіпсіздік белбеуін тағу; салонда шуламау, көршісіне кедергі жасамау; ұсынған тағамды алу; демалу; ұшақ қонғаннан кейін белбеуді шешу, қол жүгін алып шығу. Стюардессалар мен ұшақтың пилотына | | Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше ережелерді орындау керек; тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз порты мен кеме борты - қоғамдық орындардың бірі; кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қажетті нұсқауларды беріп жүргені дұрыс; балалар өз рөлдерін міндеттерін біртіндеп меңгеріп алады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: ұшақпен сапарға шығу кезінде көптеген ерекше ережелерді орындау керек; жолаушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; әуежай мен ұшақ салоны - қоғамдық орын; ұшақ - ерекше әуе көлігі, оны жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30** | **Дидактикалық ойын. "Қазынасы бар сандық".** Мақсат-міндеттері. | **Дидактикалық ойын. «Шектес сандарды ата».** Мақсат-міндеттері. | **Балалармен "Көлік" тақырыбында әңгімелесу.** Сюжетті-суреттер | **"Көлік түрлері" тақырыбында әңгімелесу.** Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. | **Қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу.** Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Көрнекі құралдар. Қорап (сөмке); қорапқа (сөмкеге) салынған кез келген жеуге болатын (жеуге болмайтын) заттар. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекет)** | Балалардың ойынға қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын ережесі. Бұл ойын үшін бірнеше бөліктен жасалған карточка болу керек. Торкөзге жазылған сандар, ал бір торкөзге сан жазылмайды. Балалар сол жоқ санды тауып алып атау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | қарастыру. Сұрақтар қою. Балалардың сұрақтарға толық жауап беруін талап ету. **(қарым-қатынас іс-әрекет)** | Оразақын Асқар "Машина".<br>Машина істе-серігің,<br>Жолға шықсаң-көлігің.<br>Айта қойшы, сен, інім,<br>Шығаратын оны кім?<br><br>Тас қорытып домнада<br>Металл құйса құрышшы,<br>Машинаны заводта<br>Жасар іскер жұмысшы.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Зайда Елғондинова "Светофор".<br>Көшеде ол тұрады,<br>Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса қызыл шырағы:<br>"Тоқта, жолдас!"-дегені.<br><br>Көшеде ол тұрады,<br>Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса сары шырағы:<br>"Ал, дайындал!"-дегені.<br><br>Көшеде ол тұрады,<br>Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса жасыл шырағы:<br>"Ал, өте бер!"-дегені.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Алдымен, топтағы аяққиімдерін далаға киетін киімін ауыстырады, орнына қояды, киімдерді ретімен киюді үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен 16.50-18.00** | **Итті бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-** | **Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштарды** | **Тікұшақты бақылауды жалғастыру.** | **Аула сыпырушының жұмысын** | **Сауысқанды бақылауды жалғастыру.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)** Мақсат-міндеттері. Жануарлардың сыртқы тұрқы, мінез-құлық ерекшеліктері туралы білімдерін дамыту; жануарлардың тіршілігіне қызығушылықты, оларға сүйіспеншілікті, қиын жағдайларда көмек көрсетуге ықыласты тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы қоқыстан тазалау. Мақсат-міндеттері. Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу; тазалыққа тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)** | **бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)** Мақсат-міндеттері. Ағаштар туралы білімді қалыптастыру (оларда не ортақ және қандай айырмашылықтар бар). **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** спорт алаңын жинау. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуді үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Қуып жет".** Мақсат-міндеттері. Кедергілерден жүгіру дағдыларын жетілдіру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға** | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)** Мақсат-міндеттері. Әуе көлігі туралы білімдерін бекіту; ұшқыштың кәсібіне қызығушылық тудыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы тазарту. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Ұшақтар". Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** "Өзенді жүзіп өт". Мақсат-міндеттері. Бөренемен тіке және жанынан жүру | **бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)** Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілін дамытуға үлес қосу; сыпырушының жұмысына қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу; табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қоршаған ортадағы заттарды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (белгілі жерге қоқыс жинау.) Мақсат-міндеттері. Қоқысты белгілі бір | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)** Мақсат-міндеттері. Сауысқан туралы білімдерін толықтыру, қыстайтын құстарға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (күзгі жапырақтарды жинау). Мақсат-міндеттері. Жұмыс тапсырмаларын ықыласпен орындауды үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Қарға мен ит", "Допты ұста".** Мақсат-міндеттері. Құстардың қимылдары мен дыбыстарына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Біз көңілді балалармыз".** Мақсат-міндеттері. Ойында мәтінді анық айтуды үйрету, ойын ережелерін сақтау. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Мақсат-міндеттері. Заттарды нысанаға дәлдеп лақтыру тәсілдерін жетілдіру; көзбен мөлшерлеуді үйрету, қимылдарды үйлестіруді, ептілікті дамыту; дене жаттығуларына оң көзқарас қалыптастыру. | **алып шығатын материалдармен ойындар:** ұзындыққа секіру. Мақсат-міндеттері. Секіріп жаттығу, екі аяқпен итеру; қимылдарды үйлестіруді жақсарту. | жаттығулары. | жерде жинау дағдыларын дамыту; ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; сыпырушының құралдарын жеке қарастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Құстар мен жаңбыр".** Мақсат-міндеттері. Балалардың бірге ойнауларына қолдау көрсету; ойындағы серіктестерімен өзара әрекеттесу қабілетін дамыту; аула сыпырушының жұмысымен танысу кезінде алған білімдерін ойын әрекетінде көрсетуге ұмтылуға ынталандыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** Мақсат-міндеттері. | еліктеуді үйрету; допты екі қолмен ұстау іскерліктерін жетілдіру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтауды, бір аяқпен тұрып, қолды белге қойып тік тұруды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Кеңістікті бағдарлау, уақытты мөлшерлеу, тепе-теңдікті және ырғақты сезінуді жақсарту. | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру.<br>Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.<br>Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды бекіту; дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асты асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету.<br>**Көркемсөз**<br>Ө.Тұрманжанов "Нан – ардақты адал ас".<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі-жас одан аттамас.<br>Ақ дастарқан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар,<br>Теріп алып, қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында нан тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық, танымдық ойындар, басқатырғыш ойындар. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**Сурет салудан ойын-жаттығу** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Автобус".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаздың толық бетіне автобусты салуды үйрету; автобустың құрылымындағы барлық бөлшектерді орнымен орналастыруды үйрету.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы". | «Балабақша және отбасы» спорт ойынына ата-аналар тізімін дайындау. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгімелесу. | "Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу. |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** «» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 14.11. - 18.11.2022ж. | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 14.11.2022ж. | 15.11.2022ж. | 16.11.2022ж. | 17.11.2022ж. | 18.11.2022ж. |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | "Баланы ғаламтордың зиянды әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Өсімдіктерді құнарландыру".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің коректік заттарды топырақтан алатынын, топырақтың құнары біртіндеп таусылатынын түсіндіру. | **"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру).** Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз"** Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға, еңбекке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **Үстел үсті ойыны. "Лото".** Мақсат-міндеттерІ. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу. **(танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Дамытушы ойын. "Әріптерді жинау".** Мақсат-міндеттері. Осы әріптерден сөздерді құрастыру, дыбыстық, әріптік талдау жасау қабілеттерін дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: бала санына қарай бойынша бөлінген алфавит. Сипаттама. Педагог әріптерді атайды, балалар оларды алфавиттен теріп алады, сөздер | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз"** Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға, еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек іс-әрекеті)** | **Дамытушы лото. "Геометриялық фигуралар".** Мақсат-міндеттер. Геометриялық фигуралар мен түстер туралы білімді нығайтады, зейін, қабылдау, логикалық ойлауды дамытады. **(танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**"Этикет ережелері".** Мақсат-міндеттер. Балалардың мінез-құлқы мен қарым- | **Үстел үсті ойыны. "Дойбы".** Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсат-міндеттері. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. **(танымдық іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құрайды. Дұрыс жазылған сөз үшін бала бір ұпай алады. Ойынның соңында көп ұпай жинаған бала жеңіске жетеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | қатынас мәдениетін қалыптастыру, этикет ережелерімен танысу, әртүрлі өмірлік жағдайларда балалардың мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, балалардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, балаларға қоғамда қажетті адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу, сөйлеуді дамытуға ықпал ету: дұрыс, дәл және әдемі сөйлеу, сөздік қорын байыту, зейін мен есте сақтауды дамыту. **(танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | **Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен)**<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. | | | | |

| | |
|---|---|
| | 1-таяқшаны алға созу;<br>2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру;<br>3-таяқшаны алдыға созып ұстау;<br>4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>5-таяқшаны алдыға созып ұстау;<br>6-бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау.<br>1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу;<br>3-4- бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау;<br>2-сол аяқты оның қасына алып келу;<br>3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;<br>4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1- таяқшаны жоғары көтеру;<br>2-оңға иілу;<br>3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас**<br>**09.00-.09.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.<br>Көркемсөз<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де, кешке де,<br>Жуын күндіз де, кешке де,<br>Жуын күндіз де, түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.20-09.30** | **Санамақтар айтқызу.**<br>Қасқыр қақты қақпаны.<br>- Ашыңдар, тез! - айтқаны.<br>Сол-ақ екен лақтар,<br>Титтей-титтей шұнақтар<br>Жан-жағына жүгірді,<br>Жасырынып үлгерді.<br>Бірі - төсек астына,<br>Бірі - пештің қасына,<br>Бірі - сәкі астына,<br>Бір - астына керует,<br>Бірі - тапқыр керемет,<br>Отыр бөшке түбінде,<br>Қанша лақ бар бұл үйде?<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Қажетті киімді ал".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету. Зейін, еске сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу.<br>Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киімді таңдау.<br>Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу.<br>Дидактикалық материал.<br>Бала санына қарай қуыршақтар мен олардың киімдерінің пішіндері. Қысқы көріністің суреттері.<br>Ойын барысы.<br>Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, олардың қысқы және жазғы киімдері бейнеленген. Педагог | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбасым мыналар;<br>Ең жақын адамдар<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар ...<br>Бәрін жақсы көремін<br>Еркелеймін, еремін!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **«Суреттерді орналастыр» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: торкөз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер.<br>Ойынның мазмұны. Балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы торкөздерге орналастырады.<br>**(танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **«Көзіңді жұм, қолыңмен анықта».**<br>Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кішкентай ұғымдарын бекіту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар.<br>Ойынның мазмұны. Балалар сипап сезу арқылы заттың ұзын-қысқалығын анықтайды.<br>Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді.<br>**(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жазғы және қысқы көріністерді білдіретін суреттерді көрсетеді. Балалар қуыршақтарға жыл мезгіліне сәйкес киімді кигізу керек. **(таным іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-<br>әрекет<br>09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ы] дыбысы және Ы ы әрпі".<br>Мақсат-міндеттері:[ы] дыбысын таныстыру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Орман жануарлары."<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы жабайы жануарлар, олардың тіршілік ету ортасы және тамақтануы туралы білімдерін кеңейту; аналық жануарлардың атауларымен таныстыру; төлдерінің аттарын | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ы] дыбысы және Ы ы әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттері: [ы] дыбысы және әрпі туралы білімін пысықтау. [ы] дауысты дыбыс екенін аңғарту, сөзді оқу, жазу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Хайуанаттар бағындағы аңдарды көрдің бе?"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "жеті" саны мен цифры туралы түсініктерін | **Математика негіздері**<br>"Хайуанаттар бағындағы аңдарды көрдің бе?" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттері: балалардың "жеті" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Т-Д дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері).<br>Мақсат-міндеттері. | **Математика негіздері**<br>"Жеті күн қасиеті".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға апта күндерінің белгілі тізбекте тұратыны туралы ұғымдары қалыптастыру, атауларын жаттату; жеті саны қатысатын ертегілер мен ұғымдарды пысықтау; «жеті қазына» және адамның өміріндегі жеті санымен байланысты ұғымдарды топтастыруды үйрету. | **Сауат ашу негіздері**<br>"[м] дыбысы және М м әрпі".<br>Мақсат-міндеттері: [м] дыбысы мен оның әріп таңбасы туралы түсінік беру. Сөздегі дыбыстарды екпін түсіріп айту арқылы тауып, түрлерін ажырата білу дағдыларын арттыру.<br><br>**Құрастыру**<br>"Чунга-Чанга аралынан пошта келді".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға қатты қағазды екіге және бірнеше рет қайтара |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бекіту; «Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды» мақалының негізінде жабайы табиғат туралы түсінігін дамыту; интеллектуалды карталарды модельдеу және қарапайым сөйлемдерді құру негізінде жабайы жануарлардың өмірі туралы қазақ тілінде әңгімелеуді үйрету; есту қабілеті мен зейінін, жадын, эмоцияларын дамыту; достыққа, жануарлар әлеміне қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Мергендікті шыңдайық".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттардың арасымен | қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру.<br><br>**Музыка**<br>"Музыкалық сағат".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың бақа туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдауды үйрету.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру. | Балаларға [-т], [-д] дыбыстарын, Т т, Д д әріптерін таныстыру; Т т, Д д әріптерін ауада жазып көрсету; [-т], [-д] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуды дағдыландыру; [-т], [-д] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; [-т], [-д] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі" пысықтау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіруді пысықтау.<br><br>**Музыка**<br>"Ертегілер әлемі".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың көңілді музыкаға қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдауды үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Табиғат ғажайыптары".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың табиғат туралы түсініктерін кеңейту; жаңбырдың табиғаттағы су айналымының | бүктеу әдісі бойынша пілді құрастыруды үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Алға жылжи отырып бір аяқпен секіру".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды алға жылжып, бір аяқпен секіру, екінші аяқпен үрмелі допты алға домалатуды үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Қоянның үйшігі» орыс халық ертегісі қойылымын қарау" пысықтау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды үлкендермен және құрдастарымен диалог құруды, ойнау, сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасауға түрткі болу; көркемсөзді қолданып, қысқаша сипаттама беруді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (арақашықтығы 3 м) жүгіруді үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Аңдар неге ұйқыға кетеді?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жабайы жануарлардың қысқы уақытқа дайындығы, қыста қалың ұйқыға батуы, тіршілігі туралы білімдерін ойын жағдайлары арқылы бекіту; жануарлар өміріндегі өзгерістердің өлі табиғаттағы өзгерістерге тәуелділігін анықтауды үйрету. | | сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыландыру. Жабайы жануарлардың мекені, қоректенуі туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Түрлі нысандарды көздеп түсіру".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға адымдап алға қарай жүру; доғаның астымен қолына допты ұстап еңбектеу (биіктігі 50 см); тепе-теңдікті сақтай отырып, орындықтың үстімен текшелерден аттап жүруді үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Қоянның үйшігі» орыс халық ертегісі қойылымын қарау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға үлкендер | айнымас бөлігі екеніне көз жеткізу; аврора және кемпірқосақ сияқты табиғи құбылыстардың айырмашылықтары туралы түсініктер беру. | пысықтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | және құрдастарымен диалог құруды; ойнау, сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасауды; көркемсөзді қолдануды, қысқаша сипаттама беруді үйрету. | | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)** | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Серуендеуге дайындық.<br>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде жүру ережелеріне баса назар аудару. Тәрбиеші көшедегі жағдайды өзі таңдайды.<br>4. Балалар өздері киінеді. Тәрбиешінің немесе басқа баланың көмектесуіне болады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | **Шыршаларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу | **Қарғаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Қарға туралы білімдерін толықтыру; құстардың өміріне қызығушылықтарын | **Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Құстарды іздеріне қарап ажыратуды үйрету.<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын | **Шетенді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Шетеннің суық мезгілде жануарлар мен құстарға тигізетін пайдасы туралы білімдерін | **Қайың мен шетенді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін және оның көмегімен оны басқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұсақ қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Бос орын".** Мақсат-міндеттері. Шапшаңдықты, ептілікті дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Жалаушаға тезірек жет". Мақсат-міндеттері. Шеңбер бойымен сап түзей білу, еңбектеу жаттығулары. | арттыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топпен жұмыс істеуге құштарлықты ояту. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Қақпандар", "Лақтыру - ұстау".** Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындар барысында дербестікті дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** аяқтың ұшымен жүру. Мақсат-міндеттері. Қол мен аяқтың үйлесімді қимылдап жүру қабілетін бекіту. | қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты ұсақ тастардан және құрғақ бұтақтардан тазарту). Мақсат-міндеттері. Ұжымдық жұмысқа ынталандыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Лақтыр да, ұстап ал".** Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен ұстап алу және лақтыру іскерліктерін жетілдіру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту, екі зат арқылы секіру дағдыларын бекіту. | бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы тастарды жинау.) Мақсат-міндеттері. Ауладағы тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Ұшақтар", "Торғайлар мен мысық".** Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша қимылдарды жылдам орындауды және көрсетілген бағытта жүгіруді үйрету, достыққа тәрбиелеу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Себетке дәл түсір". Мақсат-міндеттері. Дәлдікті, көзбен мөлшерлеуді дамыту. | салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; ағаштарға сипаттама беру, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Жүгіру техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі қимылдарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.<br>Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас 12.50-13.10** | **Гигиеналық дағдылар.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін үйрету; этикет ережесі.<br>**Көркемсөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де, кешке де,<br>Жуын күндіз де, кешке де,<br>Жуын күндіз де, түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде. **(мәдени-** | | | | |

<table>
<tr><td></td><td>гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы 13.10-15.30</td><td colspan="5">Ұйықтауға ыңғайлы жағдай жасау.</td></tr>
<tr><td>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40</td><td colspan="5">Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастылы).<br>Аяқ массажы.<br>Мақсат-міндеттері. Төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатынын үйрету.<br>Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау .<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Бесін ас 15.40-16.00</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін үйрету; этикет ережесі.<br>Көркемсөз<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де, кешке де,<br>Жуын күндіз де, кешке де,<br>Жуын күндіз де, түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15</td><td>Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз</td><td>Дидактикалық ойын. "Не артық?"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы</td><td>Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту;</td><td>Дидактикалық ойын. "Не, қайда мекендейді?"<br>Мақсат-міндеттері. Жабайы аңдар, құстар, үй</td><td>Дамытушы жаттығу. "Шапшаңдар сайысы".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың құстар жайындағы</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және жағымды жақтарын жақсы тануды, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; өршіл көзқарас (оптимизм) сезіміне, достыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер.<br>Ойынның нұсқалары көп.<br>Мақал-мәтелдерге мысалдар.<br>1. Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады.<br><br>2. Бітер істің басына, Жақсы келсін қасына.<br><br>3. Жақсының қадірін | жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары.<br>Шарты. Жүргізуші бір топтамаға және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек.<br>Заттардың жалпы саны төртеу болады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Кітапхана".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың кітапхана жайында ұғымдарын нығайту; | реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арысында жасырынған санды тауып атауда жаттықтыру; зейін, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Ветеринарлық емхана".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің | жануарларының қайда мекендейтіні туралы балалардың білімдерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту.<br>Құралдар.<br>Жабайы аңдар, құстар, үй жануарлары және олар мекендейтін орындар салынған суреттер.<br>Ойынның бірнеше нұсқасы бар.<br>1-нұсқа.<br>Тек бір суретке қарап, жануарды және оның мекен ету ортасын табу.<br>Жануарды және оның мекен ету ортасын білдіретін жұптарды құрастыру.<br>2-нұсқа.<br>Өздік ойын түрінде өткізу.<br>Жануардың мекен | білімдерін тиянақтау; ой шапшаңдығын, елестету, сөйлеу қабілеттерін дамыту; зеректікке, білгірлікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: құстардың суреттері.<br>Шарты. Жұмбақты шешкен балалар өздері атауын тапқан құс туралы не білетінін баяндайды.<br><br>Талдың басында,<br>Жемі бар қасында.<br>Там тұр саялы,<br>Достарға аялы. (Құс ұясы.)<br><br>Сирағы ұзын,<br>Тырнағы ұзын.<br>Балықты сүзбей,<br>Ұстайтын шоқып,<br>Тұмсығы біздей.<br>(Тырна.)<br><br>Екі айыр құйрығы,<br>Қияқ мұрт қанаты,<br>Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш.) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30** | **Санамақ**<br>Санайық жаңаша<br>Бір, екі, үш!<br>Желбіре жалауша,<br>Достықта біздің күш.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортаң терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Артикуляциялық жаттығулар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Бала тілін дамыту. Тақпақ жаттау.**<br>Төлеу Шахановтың тақпақтары.<br>"Тиін"<br>"Аңдып тұрған жау жоқ па?"-<br>Деп, қарайды ол жан-жаққа.<br>Шыбын жаны тәтті ғой,<br>Тәтті-ау бірақ жаңғақ та.<br><br>"Бақа".<br>Келсем көлге жақындап,<br>Жағың тынбас бақылдап. | Жұмбақтар мен жаңылтпаштарды қайталау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Кім, қайда тұрады" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>Көрнекі құралдар. Әртүрлі жануарлардың тобы (үйірі, отары) мен олардың үйлерінің суреттері, қарындаштар.<br>Барысы.<br>Әр жануардың үйі қайда екенін анықтау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ауырмай ма таңдайың,<br>Күні бойы тақылдап?<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | қарындашпен сызық жүргізу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балаларға киімдерін ретімен киюді, жыл мезгіліне сәйкес киімдер киіну (қалың не жұқа) керектігін түсіндіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен<br>16.50-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскеден шығар алдында аяқкиім мен үсті-басын қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында аяқкиімнің табанын тазалау;<br>- ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру.<br>Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.<br>Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттері. Тамақтану кезінде әдепті мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды үгітпеу, тамақты асықпай шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыпты болу керектігін түсіндіру.)<br>**Көркемсөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де, кешке де,<br>Жуын күндіз де, кешке де,<br>Жуын күндіз де, түсте де, | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</td><td colspan="5">Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)<br>Өнер бұрышында ертегілер тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30</td><td>"Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер.<br>Көзге арналған түзету гимнастикасы.</td><td>Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімдерін жетілдіру.</td><td>«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».</td><td>Баланың қабілеттері туралы әңгімелесу.</td><td>Баланың тәрбиесі туралы сөйлесу.</td></tr>
</table>

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** «» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 28.11. - 02.12.2022ж. | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 28.11.2022ж | 29.11.2022ж | 30.11.2022ж | 01.12.2022ж | 02.12.2022ж |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Ата-аналарға баланың балабақшадағы тәртібі туралы айту; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, балаларға өсімдіктің | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; өсімдіктердің жапырақтарына ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)** Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Еңбек етуге ниеттерін тәрбиелеу, ересектерге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шаңын кетіру әдісін таңдауды үйрету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығындағы тәртіпсіздікті байқау. Ортақ игілік үшін шынайы ниетімен еңбектенуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көруді, ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | көмектесуге ынталандыру. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| | **Үстел үсті ойыны. "Бұл қашан болады?" (лото)** Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу. Балалар жыл мезгілдерін көрсететін карточкаларды таңдайды. **(қарым-қатынас іс-** | **Дамытушы ойын. "Ғажайып музыкалық аспаптар".** Мақсат-міндеттері. Балалардың тыңдау, ән салу қабілетін дамыту. Өнерге баулу. Ойын барысы. Балаларға түрлі аспаптардың әуенің қосып, қай аспаптың дыбысы екенін анықтауды үйрету. | **"Бұл қай кезде болады?»** Мақсат-міндеттері. Балалардың тәулік уақыты туралы түсініктерін бекіту; шыдамдылыққа баулу. Нұсқаулық: бала күннің әртүрлі уақыттарына қатысты сюжеттер бейнеленген суреттер жиынтығын алады. Балалар кезекпен | **Дамытушы ойын. "Лабиринт".** Мақсат-міндеттері. Балалардың танымын дамытуға арналған жаттығу. Ойынның барысы. 1. Балаларға дайын лабиринт (аю мен апан) беріледі, балалар тез-тез орындап шығады. 2. Аю мен апан туралы әңгімелесу. 3. Аюдың суретін салудың дәстүрден | **Дамытушы ойын . "Дәрігерге не керек?»** Мақсат-міндеттері. Балалардың мамандықтар туралы білімдерін қорытындылау және жұмысқа байланысты белгілі бір пәндердің мақсаты туралы білімдерін кеңейту; қолдың ұсақ моторикасын, сөйлеуді, сөздерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **(музыка)** | уақытты бөлігін атайды және олардың суретін сипаттайды (мысалы, "бұл таңертең, өйткені біз жаттығу жасаймыз"). **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | тыс технологиясын қолдану. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)** | логикалық түрде құру қабілетін дамыту. Нұсқаулық: үстелде қиылған суреттер бар (мысалы, құралдар). Балалар барлық эпизодтарды жинайды. Алынған суреттердің мақсатын түсіндіріңіз. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | **Жалпы дамыту жаттығулары. "Қаражорға" биі.**<br>**1.** Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br><br>**2.** Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br>1- оң аяқты алға созу, оңға қарай иілу, қолды бүгу, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>2 - сол аяқты алға созу, солға қарай иілу, қолды бүгу, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.** Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br>1 - сол аяқты алға созу, оң қолды жоғары көтеру, сол қолды алға созу, сол қолды оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>2 - оң аяқты алға созу, оң қолды жоғары көтеру, сол қолды алға созу, сол қолды оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br><br>**4.** Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1- екі аяқты бірге ұстау, қолды 2 жаққа созу, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br><br>**5.** Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br>1 - аяқты айқастыру, қолды белге ұстау, иықты алға және артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br><br>**6.** Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - екі аяқты кезек көтеру, қолды белге ұстау, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас<br>09.00-.09.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қажет болған жағдайда майлықты қолдану дағдысын бекіту.<br>**Көркемсөз**<br>Су деген — өмір көзі,<br>Тіршіліктің нәрі бұл.<br>Су болмаса оянбайды,<br>Табиғаттың барлығы.<br>Таза болсаң судай бол,<br>Бәрін жуып кетірген.<br>Жақсы болсаң жердей бол,<br>Бәрімізді өсірген.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық<br>09.20-09.30** | **«Суреттер құрастыру».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бірнеше | **"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.** | **"Сипаттамадан тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. | **Дидактикалық ойын.<br>«Сыңарын тап».**<br>Мақсат-міндеттері. | **Дидактикалық ойын.<br>"Менің қайда және кім болып жұмыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шағын суреттен мазмұны бір үлкен суретті құрастыруды үйрету; әңгіме құрастыру, тіл байлығы мен ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | Мақсат-міндеттері. Балаларды тез ойлануға тәрбиелеу.<br>Ойын барысы.<br>- Балалар, сендермен ойын ойнаймыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып шығады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Сөйлеуді дамыту (сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіру мүмкіндігі); белгілі бір заттарды, тіршілік иелерін біріктіретін ұғымдар туралы білімді бекіту.<br>Сипаттама. Балалар жауап беруге тиіс сұрақтарды дайындау.<br>Мысалы:<br>* түрлі түсті қанаттары бар әдемі жәндік, ұшуды ұнатады, балшырынмен қоректенеді (көбелек);<br>* көлік, ұзын, бірнеше бөліктен тұрады, темір рельстермен жүреді (пойыз);<br>* жабайы жануар, орманда тұрады, айға қарап ұлиды (қасқыр);<br>* жабайы жануар, қызыл шашты, | Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздық пен шапшаңдықты үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі. Геометриялық пішіндерді қақ ортасынан бөлу. Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады, балалар геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | **істейтінімді тап".**<br>Мақсат-міндеттері. Мамандық түрлерінің атауын еске сақтау, қиялын, ынтасын дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ертегілерде айлакерлігі айтылады (түлкі);<br>* сары қабығы бар жеміс, дәмі қышқыл (лимон).<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ш] дыбысы және Ш ш әрпі".<br>Мақсат-міндеттері: [ш] дыбысы және Ш ш әрпімен таныстыру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Қысқы табиғат құбылыстары. Балалар қысты қарсы алады.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту; аяз туралы түсінік беру; жұмбақтар, өлеңдер, әңгімелер | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ш] дыбысы және Ш ш әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттері: [ш] дыбысы мен әрпін таныту, сөз ішіндегі [ш] дыбысының ерекшелігін меңгерту, [ш] дыбысы арқылы берілген сөздерді оқыту.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Жыл мезгілдерін ажырата білесің бе?"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы "сегіз" саны мен цифры | **Математика негіздері**<br>"Жыл мезгілдерін ажырата білесің бе?" қайталау<br>Мақсат-міндеттері. Балаларда "сегіз" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білуді жаттықтыруды пысықтау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>С-З дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері).<br>Мақсат-міндеттері. | **Математика негіздері**<br>"Қазақстан жерінің есепсіз байлығы".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың он көлеміндегі сандарды тура және кері санау дағдыларын үйрету; Қазақстан жерінің есепсіз байлығын білдіретін таңбалауыштарды он санының көлемінде сәйкестендіруді үйрету.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Кел, жаттайық! Ә. Асылбеков «Әдептілік әліппесі" пысықтау. | **Сауат ашу негіздері**<br>"[қ] дыбысы және Қ қ әрпі".<br>Мақсат-міндеттері: [қ] дыбысы мен әрпін таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Буындарды, қысқа сөздерді оқуды үйрету.<br><br>**Мүсіндеу**<br>"Қыс ғажабы".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды мүсіндеудің "есу", "домалақтау", "шиыршықтау" әдістерін пайдаланып, ұлпа қарды мүсіндеуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы түсініктерін бекіту; табиғат пен адамның өзара байланысы; қысқы құбылыстардың ерекшеліктері туралы түсініктерін дамыту; қазақ тіліндегі жұмбақтар, өлеңдер мен әңгімелерді ажыратуды және сөйлем құрастыра білуге дағдыландыру; сөздерді нақты дыбыстармен айтуды үйрету арқылы артикуляцияны дамыту; қыста және жылдың басқа уақыттарында табиғат құбылыстарын салыстыруды үйрету, кездейсоқ қорытынды жасау; есту зейінін, қиялын, шығармашылыққа қызығушылықты дамыту; табиғат пен қоршаған ортаға сүйіспеншілікке | туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білуді жаттықтыру.<br><br>**Музыка**<br>"Желтоқсан".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың желтоқсан туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге және музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратуды үйрету.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Кел, жаттайық! Ә. Асылбеков «Әдептілік әліппесі».<br>Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру. | Балаларды [-с], [-з] дыбыстары және С с, З з әріптерімен таныстыру, әріптерді жазуды көрсету; [-с], [-з] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>[-с], [-з] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету; [-с], [-з] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру; қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгілінің | Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіруді пысықтау.<br><br>**Музыка**<br>"Отаным".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бойында туған жеріне мақтаныш сезімін ән айтқызу арқылы қалыптастыру; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Қысқы құбылыстардың сыры".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс және басқа жыл мезгілдеріне тән құбылыстарды пысықтау; қысқы құбылыстар жөнінде ұғымдарын тиянақтау, | үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Хоп-фитболдармен секіру"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға хоп-фитболдармен (секіргіш гимнастикалық доптар) секіруді үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Ә. Дүйсенбиевтің «Қыс» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу" қайталау.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Табиғат құбылыстарының сұлулығын сезінуді үйретуді пысықтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Арақашықтықты сақтаймыз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға қадамды алмастыра жүру; орнынан биіктікке секіру; құрсаудың ішіне кіру (биіктігі 50 см), көлбеу басқышқа шығу; шеңбер жасағанда қолды жан-жаққа созып тік тұру дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Қыстың сыры".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды табиғаттағы, ауа райындағы, өсімдіктер әлеміндегі, адамдардың киіміндегі қарапайым маусымдық өзгерістерді байқауға | | туралы өз ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Қаппен қалай секіреді?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға жүру мен жүгіруді қайталап кезектестіру; арқаннан аттап секіру; допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5-2 м) басынан асыра лақтыруды үйрету; қадамды алмастыра жүру дағдыларын дамыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Ә. Дүйсенбиевтің «Қыс» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. | түсініктерін кеңейту; кез келген ауа райын болжай білу қабілеттерін жобаны құрастыруда пысықтау; көркемсөздің мағынасы мен әдемілігін, даладан бақылаған құбылыстардың әсемдігін байқауға баулу; зеректікке, зияткерлікке, достыққа тәрбиелеу. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шақыру; табиғат күнтізбесіндегі табиғат пен ауа райының жай-күйін бақылау нәтижелерін белгілеуді үйрету. | | Табиғат құбылыстарының сұлулығын сезінуді үйрету. | | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Балаларға киімдерін ретімен киюді, жыл мезгіліне сәйкес киімдер киіну (қалың не жұқа) керектігін түсіндіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | **Маусымдық өзгерістерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттері. Қыстың басында табиғатта қандай өзгерістер болатыны туралы түсінік қалыптастыру (түн ұзарады, күн қысқарады); қыстың | **Бақшаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттері. Қысқы бақтағы маусымдық өзгерістермен таныстыру, зерттеу қызметіне қызығушылықты арттыру. **Зерттеу.** Қардың тереңдігін | **Торғайды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құс - торғай. Торғай туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; құстарға арналған жемшашарды таза ұстауды үйрету. **Ересек адамдармен бірге орындалатын** | **Қардың түсуін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қыста жауатын қардың жауы туралы білімдерін бекіту. **Зерттеу.** Ақ қағазға ұшып келе жатқан | **Шетенді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттері. Шетен туралы білімдерін кеңейту; қыста шетенді бақылауды жалғастыру. **Зерттеу.** Аяз түскенге дейінгі және аяз түскеннен кейінгі жидектерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басталуына тән белгілерді ажыратуды, оларды өлеңдерден тани білуді үйрету.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаш тамырларын қармен толтыру.<br>Мақсат-міндеттері. Тіршілік иелеріне көмектесуге тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Аққала ойыны".**<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау қимылдарын | қарөлшеуішпен өлшеу; қыста топырақтың күйін анықтау.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** учаскедегі қардан мүсіндерді тұрғызу.<br>Мақсат-міндеттер. Қардан мүсіндер құрастыруды үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Жапалақ", "Соқыртеке".**<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету, зейінді дамыту, тапсырманың дұрыстығын бақылау; кеңістікті бағдарлай алу қабілеттерін жетілдіру.<br>**Өзіндік еркін ойын** | **қарапайым еңбек тапсырмалары:** жемсауытты қардан тазарту, құстарға жем шашу.<br>Мақсат-міндеттері. Еңбекке қызығушылықты ояту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Нысанаға тигіз".**<br>Мақсат-міндеттері. Ұшатын заттың бағытын ұстануды, қимылдарды дұрыс есептеуді және орындауды үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қар кесектерін алыста тұрған нысанаға лақтыру.<br>Мақсат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді дамыту. | қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаштардың тамырларын қармен жабу.<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Аққала ойыны".**<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету. | салыстыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** жолдағы қарды тазарту.<br>Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушыға көмектесу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жалаушаға дейін кім бірінші жүгіреді?" ойыны (дене шынықтыру).**<br>Мақсат-міндеттері. Доғаның астымен жорғалап жүру дағдыларын машықтандыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсат-міндеттері. Орнынан ұзындыққа секіру техникасымен жаттығуды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындау кезінде өзін-өзі тоқтата алуды үйрету. | **әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** "Нысанаға тигіз" ойыны. Мақсат-міндеттері. Затты лақтыру күшін дамыту. | | | жалғастыру. |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.<br>Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Түскі ас<br>12.50-13.10** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қажет болған жағдайда майлықты қолдану дағдысын дамыту**.**<br>**Көркемсөз**<br>Су деген — өмір көзі,<br>Тіршіліктің нәрі бұл.<br>Су болмаса оянбайды,<br>Табиғаттың барлығы.<br>Таза болсаң, судай бол,<br>Бәрін жуып кетірген.<br>Жақсы болсаң жердей бол,<br>Бәрімізді өсірген.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)** |
| **Күндізгі ұйқы<br>13.10-15.30** | Ұйықтауға ыңғайлы жағдай жасау. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары<br>15.30-.15.40** | Нүктелі массаж. Суық тиюуіне және тұмауға қарсы жаттығуларды орындау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.<br>- Тамағымыз ауырмау үшін, тамағымызды қолмен жоғары - төмен уқалау.<br>- Түшкірмеу, тұмауратпау үшін, сұқ саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Қолымызды маңдайға қойып уқалау.<br>- Құлағымыз ауырмау үшін, сұқ және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалау.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**15.40-16.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қажет болған жағдайда майлықты қолдану қабілетін жетілдіру**.**<br>**Көркемсөз**<br>Су деген — өмір көзі,<br>Тіршіліктің нәрі бұл.<br>Су болмаса оянбайды,<br>Табиғаттың барлығы.<br>Таза болсаң, судай бол,<br>Бәрін жуып кетірген.<br>Жақсы болсаң жердей бол,<br>Бәрімізді өсірген.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.15 | **Дидактикалық ойын. "Маталар жәрмеңкесі".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи және жасанды мата түрлерін ажыратуды үйрету; мата түрлерін қолмен ұстап, саусақпен сипап көру, өзара салыстыру сияқты зерттеу тәсілдерін үйрету. Түйсік, зейін, ойлау, сөйлеу | **Дамытушы жаттығу. "Не жоқ?"**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, еске сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Түрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Шарты. Педагог балалардың алдына таныс | **Дидактикалық ойын. "Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың фонематикалық есту қабілетін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; кез келген сөздің дыбыстық құрамына көрсетілген кестеге қарап, аталған дыбыстың орнын | **Логикалық ойын. "Келешекте неге айналады?"**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам және жан-жануарлардың тіршіліктері туралы білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа | **Дамытушы жаттығу. "Қанша затты көрсең, сонша санды көрсет".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың әркалай орналасқан заттарды, көзбен көріп, санап алу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуге ынталандыру; қабылдау, зейін, қабілеттерін, ой |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттерін дамыту; талғампаздыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Табиғи маталар кескіндері: мақта мата (сиса, батист, атлас, джинсы), зығыр мата; жүн мата (драп, киіз мата); жібек мата (шифон, жаккард, атлас); жасанды маталар (вискоза, плащ матасы).<br>Педагог қанша мата түрін зерттеуге болатынын, қалыптасқан жағдайларға сүйеніп, ойынды ұйымдастырады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Киімдер" дүкені. | ойыншықтарды немесе заттарды, жазықтықта әрқалай орналастырып, бір топ күйінде ұсынады. Алғашында саны 6-дан басталады, содан кейін 10-12-ге де жеткізуге болады.<br>Балалар көзін жұмып тұрады, педагог ойыншықтардың бірін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың жоқ екенін айтады.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Аспазхана".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: | табуға жаттықтыру; сөздік қорды байыту.<br>Құралдар.<br>Заттардың көрнекілік суреттер мен олардың сөздеріне құрылған дыбыстық құрамының кестелері.<br>Ойынның күрделі нұсқасы. Белгісіз сөздердің дыбыстық құрамдарының кестелері ұсынылады. Балалар кез келген кестеге қарап, сөздерді кестесініе салып, педагог атаған дыбыстың орнын табады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Супермаркет".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға | тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін.<br>Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана беруі мүмкін.<br>Шарты.<br>Педагог атаған жанды немесе жансыз объектіге, көрсеткен суретке қарап, объектінің немесе құбылыстың келешекте неге айналатынын айту керек.<br>Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс келешекте не болады?"<br>Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жасыл | шапшаңдығын дамыту.<br>Құралдар.<br>Түрлі заттардың топтамалары кез келген жиындарда салынған көрнекілік карточкалары; үлестірмелі сандар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Кітапхана".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың кітапхана жайында ұғымдарын нығайту; кітапханашының атқаратын рөлі неде екенін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Кітаптарға сөрелер, түрлі кітаптар; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар.<br>Шарты.<br>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен бірге дүкенге саяхатты ұйымдастыруы | аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынас құруды үйрету, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірге аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін тағамдар әзірлеу қызметі және оның | "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны туралы мәлімет беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқкиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машинасының макеттері.<br>Шарты.<br>Педагог дайындық жұмысы ретінде | жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн наубайханада; жауын қыста; балапан өскенде; бұзау өскенде; түн күн шыққан кезде; күшік өскенде; іргетастың үстіне кірпіш қаланғанда; көшет өскенде; аяз күн жылынғанда; дән егістікке егілгенде; жұмыртқа жарылғанда; қардың қатты борғанда; қар көктемде; желде сарғайған жапырақтар; кеш түскенде; көжек өскенде; көп еңбектенген адам; оқу оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт ашығында неге айналатынын айтқызу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірге дайындық жұмыстары ретінде кітапхана жұмысы, кітапханашы қызметінің мәні туралы суреттер бойынша әңгімелейді, үлкен кітапханалар жайында бейнежазба, фотосурет тамашалайды.<br>Балалар кітапханашы жұмысын қалай атқарып (оқырманнан берілген кітап үшін карточканы алу, толтыру), қандай құралдарды қолданатыны, оқырманның міндеті мен құқысын қалай іске қосуға болатынын біліп алуы тиіс. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мүмкін. Балаларға дүкен туралы суреттер мен бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататыны, киімдердің маусымдық киім және сырт киім, ішкиім болып бөлінетіні жайында түсіндіреді.<br>Киімдердің үтіктеліп, сатып алушының алдына әдемі күйінде ұсынылуы керектігі жайында айтылуы тиіс.<br>Сатушы немесе бірнеше сатушы өз қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады.<br>Сатушы тауарларды | маңызы туралы әңгімелеседі. Бұл кезде суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады.<br>Балалар рөлдерді санамақ арқылы бөліп алады.<br>Педагог балалармен бірге ас тізімін жасайды. Ол үшін педагог және балалар кешкі уақытта түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алып ойында қолданады.<br>Педагог адамдардың келуі алдында (балалар орындарында отырып) қызметкерлердің жұмысын бақылайды.<br>Барлық тағамдар әзірленген кезде балалар (тұтынушылар) | балалармен әңгімелесулер, супермаркет жайында суреттерді, бейнежазбалар мен жарнамалар көрсетіп, супермаркетте кез келген тауарды табуға мүмкіндігі барын түсіндіреді.<br>Супермаркеттің іші кең болатыны, тауарлар көптеген сөрелерде топтасып орналасатыны жайында айтылуы тиіс. Супермаркетте сатушы емес, кеңесші мен есепшілер (есептеу машинасы) көп болатыны, кеңесшілер тауарларды сөрелерге уақытында орналастырып, сатып алушыларға тауарды таңдауға көмектесетіні, есепшілер тек таңдалған тауарларды санап | **Сюжетті-рөлдік ойын**.<br>"Аурухана".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР дәрігер, хирург, мейірбике) туралы ұғымдарды нығайту; медицина қызметкерлерінің ауруханада атқаратын рөлі неде екенінанықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, саламатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, қолғаптар (перчаткалар); ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер | Балалардың арасынан кітапханашылар өз ниеттеріне байланысты таңдалады немесе санамақ қолданылады.<br>Алғашында, педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.<br>Ойын соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі ережелер - тыныштық сақтау, қатты сөйлемеу; кітаптарды ұқыпты ұстау, оқып болған кітаптарды кітапханаға қайтару. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтаыд, оларға тауарларды сатады. Ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгіленген жерге киімдерін кигізіп жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, олардың сапасы сақталады, жылдам | тамақтану залына шақырылады. Даяшы келген тұтынушыларға мәзір ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді. Даяшы балаларға әкеліп береді, балалар "төлем" жасайды. Балаларға "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айтқызу керек, балалар сол сөздерді пайдаланады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. Ойын аяғында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Адамдарды дәмді тағаммен тамақтандыру үшін, аспазхана қызметкерлері көп еңбектенетінін айту. | беріп, қанша қаражат төлеу керектігін айтатыны туралы балалар білу керек. Балалар ойынға қатысатын кейіпкерлерді санамақ арқылы таңдайды, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, арба, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады; кеңесшілер балаларға не таңдау керектігі туралы кеңес айтып жатады, есепшілер есептейді. Педагог диалогтарды, қатынастарды, сөйлеу тізбектерін реттеп отырады, қосымша және тиянақтау сұрақтарын қойып жатады. Ойын соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды | ойыншықтар. Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздері қаралатын жағдайлар туралы өзара келісіп алады. Шарты. Педагог дайындық жұмысында балалармен бірге медицина мамандары туралы әңгімелесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек. Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | Ойында"рақмет", "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында тыныштық сақтау, асықпай тамақтану, құралдарды дұрыс пайдалану, қоғамдық орындарда тәртіпке бағыну. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | жақсы күтсе, сапасы сақталып, жылдам сатылады; супермаркет - қоғамдық орын болғандықтан, ол жерде де әдептілік ережелерін ұстану керек; супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау қажет. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | құралдарын алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойын соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті айналысатын іс-әрекеттері қалай әсер ететінін анықтайды. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30** | **"Жұмбақты ойдан шығару" жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. | **"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны.** | **Жыл мезгілі туралы әңгіме.** Мақсат-міндеттері. Қарапайым | **Бала тілін дамыту. Тақпақ жаттау.** Төлеу Шахановтың тақпақтары. | **Шығармашылық уақыты. "Ғажайыптар қалашығы".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; дүниетанымын кеңейту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | Мақсат-міндеттері. Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | "Тиін".<br>- Аңдып тұрған жау жоқ па?-<br>Деп, қарайды ол жан-жаққа.<br>Шыбын жаны тәтті ғой,<br>Тәтті-ау, бірақ жаңғақ та.<br><br>"Бақа".<br>Келсем көлге жақындап,<br>Жағың тынбас бақылдап.<br>Ауырмай ма таңдайың,<br>Күні бойы тақылдап?<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Мақсат-міндеттері. Балалардың түрлі материалдардан (лего, құм) құрылыс жасауға құштарлығын жетілдіру. **(шығармашылық іс-әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 16.50-18.00** | Түскі серуенде табиғатты бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскеден шығар алдында аяқкиім мен үсті-басын қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында аяқкиімнің табанын тазалау;<br>- ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.<br>Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қажет болған жағдайда майлықты қолдану қабілетін жетілдіру**.**<br>**Көркемсөз**<br>Су деген — өмір көзі,<br>Тіршіліктің нәрі бұл.<br>Су болмаса оянбайды,<br>Табиғаттың барлығы.<br>Таза болсаң, судай бол,<br>Бәрін жуып кетірген.<br>Жақсы болсаң жердей бол,<br>Бәрімізді өсірген.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыс тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | Ата-аналарға кеңес. "Балаларды суықтан қалай қорғауға болады?" | Ата-аналарға тапсырма беру. | Жоба ұйымдастыру. "Жаңа жыл мерекесіне арналған көрме".<br>Жаңа жыл көрмесіне шырша жасау. | "Баланың қимыл белсенділігін қалыптастыру үшін отбасы қандай үлес қоса алады" тақырыбында әңгімелесу. | "Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу. |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** «» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 05.12. - 09.12.2022ж. | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 05.12.2022ж | 06.12.2022ж | 07.12.2022ж | 08.12.2022ж | 09.12.2022ж |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | «Тәуелсіз Қазақстан» салтанатты іс-шарасына арналған тақпақтар беру. Салтанатты іс-шараны өткізу туралы ата-аналармен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Бөлме өсімдіктеріне бүріккіш пистолеттен су бүрку".** Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінікті бекіту; өсімдіктерге | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою, тамақтанғаннан кейін ыдыстарды | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)** Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяққиімнен босату, | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрену. Еңбек етуге ниетін, ересектерге көмектесуге | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау; өсімдіктің сыртқы түріне, құрылымына назар аударуды, шаңды кетіру әдісін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығындағы тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін шынайы ниетпен еңбектенуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті байқауды, ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | таңдауды үйрету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| | **Аулаға қар жауды.** Мақсат-мідеттері. Балаларға аулаға қардың жауғаны туралы сюжетті бор мен қылқаламды қолданып, суретін салуды үйрету; суреттің бейнелерін, ағаш пен үйдің, сұлбасын салып, қардың суреттегі әртүрлі жерлеріне қылқаламның ұшымен немесе жақпалау техникасын пысықтау. **(шығармашылық** | **"Бұл не?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Логикалық ойлауды, есте сақтауды, тапқырлықты дамыту. Балаларға жанды және жансыз табиғатты сөзбен сипаттауды үйрету. Зейін, еске сақтау, сөйлеу және логикалық ойлауды дамыту, ойынға қызығушылықты арттыру, тәрбиелеу. | **"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Құбылыстар арасындағы себеп-салдар байланысын түсінуді үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға жаттығу жасау. Балаларға сөйлем құрауды үйрету. Зейін, еске сақтау, байланыстыра сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. | **Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».** Мақсат-міндеттері. Балаларды әр аңның көлеңкесін тауып, өз орнына орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Аңдардың атауларын атап, оларды сипаттап айтуды үйрету. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-** | **Үшінші артық** Дидактикалық материал: үй және жабайы жануарлар бейнеленген карталар. Ойын барысы. Балаларға жануарлар бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар қай жануардың артық екенін анықтауы керек. - Қой, сиыр - үй жануарлары. Олар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **іс-әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын. «Ненің ізі?»** Мақсат-міндеттері. Байқампаздыққа, ұқыптылыққа үйрету. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, қазақ тілі)** | Ойын барысы. Тәрбиеші жанды немесе жансыз табиғат туралы ойлап, оның белгілерін атай бастайды, ал балалар оны жалғастырады. Мысалы: жұмыртқа - сопақ, ақ, үлкен, үсті қатты, азық-түлік түрі, дүкенде сатылады, жеуге болады, одан балапандар шығады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені…», «Балалар бастарына қалпақ киді, өйткені…», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені…» **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | **әрекеті, қазақ тілі)** | адамның жанында тұрады. Түлкі - жабайы жануар, ол орманда тұрады. Түлкі - бұл орман жануары, жабайы аң және тағы басқа. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, қазақ тілі)** |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | **Жалпы дамытушы жаттығу**<br>**1.** Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.<br>1 - оңға бір адым жасау, қолдарын жанына жіберу.<br>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>**2.** Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол белде.<br>1 - оңға еңкею, сол қолын басына қою.<br>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>**3.** Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.<br>1-2 отыру, қолдарын алға созу;<br>3-4 бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">4. Бастапқы қалып: жерде отыру, қолдарын артқа түзу тірейді.<br>1 - аяқтарын түзу ұстау, жоғары көтеру "бұрыш" жасау (иықтарын түзу ұстау).<br>2 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: тізеге отыру, қолды белге қою.<br>1- денені оңға бұру, оң қолды сол жақ аяқтың өкшесіне тигізу.<br>2- бастапқы қалып (3-4 жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: арқасымен жату, қолдарын бастарына қою.<br>1- оң аяғын түзу көтеру, саусақтарын башпайларына тигізу.<br>2 - бастапқы қалып (3-4 жаттығу сол жаққа орындалады, 5 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.<br>1-ден 4-ке дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-тен 8-ге дейін санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 екі аяқпен секіру, кідіріс жасау, жаттығуды 2-3 рет қайталау.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас<br>09.00-.09.20</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>Тағамның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың аттарын бекіту.<br>Көркемсөз<br>Ірімшікті кеміріп,<br>Тышқан отыр керіліп.<br>Мысық сүтті ішіп ап,<br>Бет жумайды ерініп.<br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br>Қазір жасап беремін.<br>Сүт ботқасын көп жесең,<br>Жылдам өсіп кетесің.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</td></tr>
| | **Сюжетті-рөлдік ойын.** **"Отбасы".** Мақсат-міндеттер. Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдардын нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Құралдар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері. Шарты. Балалар отбасы мүшелерінің | жіңішке емес, жуан болады" және тағы басқа. Педагог тапсырмаларды жануарларға немесе құбылыстарға ғана байланысты бере алады. Бұл ойынның нұсқалары көп. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** **Сюжеттік-рөлдік ойын.** **"Табиғи қорық".** Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсінік беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды | құрылған суреттерге кезегімен қарап, қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айту керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** **Сюжетті-рөлдік ойын.** **"Үй құрылысы".** Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, | айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеу жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңарып болып отырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** **Сюжетті-рөлдік ойын.** **"Автобус".** Мақсат-міндеттері. Балалардың автобуста қызмет | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог алдымен балалармен бірге күн тәртібіндегі қандай оқиғаны ойнау қажет екендігін анықтап алады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | қорғаудағы атқаратын рөлі неде екенін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері.<br>Шарты.<br>Педагог бірге дайындық жұмыстары ретінде табиғи қорық туралы суреттерді қарастырады, Қазақстандағы табиғи қорықтар жөнінде бейнебаяндарды тамашалайды. | сызбалар, ойыншық жүк мәшинелері, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік және тағы басқалар).<br>Шарты.<br>Педагог құрылысқа қатысатын мамандар туралы балалармен алдын ала әңгімелесіп алады.<br>Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, өз орындарына барады.<br>Педагог балалармен бірге ойынды сәулетші | ететін мамандар: жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық көліктегі әдептілік және қауіпсіздің ережелерін меңгерту, оны ұстануға ынталандыру; қарым-қатынасты сыпайылық негізінде құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері.<br>Шарты. Педагог балалар мен | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балалар орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері сияқты мамандардың табиғи қорықта не істейтіні (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге кесіп алуға тапсырма береді; ауру аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны көбейіп кеткен жыртқыштарды атып алады), қандай құралдарды қолданатыны туралы талқылап алу керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын | бастайтынын айтады. Содан кейін балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіштерді қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын қадағалайды, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үй құрылысының сапасы жақсы болуы үшін құрылысшылар ақылдасып, жұмысты жоспар бойынша істейтінін айтады, үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау | жолаушыларды тасымалдау, жол ережелерін сақтаудың маңызы туралы ойынды өткізуге дейінгі күндері әңгімелеседі. Бұндай жұмыстар үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады. Балалар жүргізуші мен бақылаушыны санамақ арқылы таңдайды. Педагог (бақылаушы) балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауды қолдану туралы келісіп алады) салонға өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлем жасауды көрсетеді. Жүргізуші, "есік жабылды" сияқты | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | алып, белгілі орындарға қондырып, қимылға келтіреді.<br>Педагог ойын соңында балалармен бірге қорытынды жасай алады: жабайы табиғаттың заңдылықтарын бұзуға болмайды, адам табиғатқа зиянын тигізбей, оған қамқор болуға тырысу керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | сөздерді естігеннен кейін автобусты жүргізу әрекетін көрсетеді (рульді бұрайды).<br>Педагог аялдамаларды жариялап жатады. Мүмкіндік болса, дыбыстық хабарламаларды өз дауысымен жазып, қолдануға болады. Салоннан шыққан және ішіне кірген балалар жолаушы рөлдерін атқарады. Бұнда егде жастағы адамдарға орын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсендіру үшін қосымша сұрақтар қояды.<br>Ойынның соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Автобуспен | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жол жүру кезінде көп ережелер болады, олардың толық орындалуын қадағалау керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30** | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Артикуляциялық жаттығулар айтқызу. Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау.<br>1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян,<br>Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю.<br>Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі,<br>Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр.<br>2) Ыр-ыр-ыр-ырылдайды қасқыр,<br>Ра-ра-ра- бал жинайды ара,<br>Мір-мір-мір- қап- | **«Суреттер құрастыру».**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға шағын суреттерден мазмұнды үлкен суретті құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | **Қызықты логикалық есептер шығару.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойлау жаттығуларына машықтандыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **Бала тілін дамыту. Тақпақ жаттау.**<br>Төлеу Шахановтың тақпақтары.<br>"Түлкі".<br>Жем іздеп жүгіріп,<br>Аңшыдан тығылып.<br>Қақпанға жуымай<br>Жүреді, қуын-ай!<br><br>"Маймыл".<br>Кәмпитті толтырып уысқа,<br>Секірдің бұрыштан бұрышқа.<br>Жолдасың таңырқап қарайды,<br>Қызғаншақ болуың дұрыс па?<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қара көмір. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 16.50-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын еске сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында "Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнама. | "Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбындағы салтанатты іс-шараға байланысты тақпақ беру, іс-шараны өткізу туралы ата-аналармен әңгімелесу. | «Отбасындағы адамгершілік-патриоттық тәрбие». | Жадынама. "Қысқы серуенді баламен бірге қызықты және пайдалы өткізу". | |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** **«»** мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 19.12 - 23.12.2022 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 19.12.2022 | 20.12.2022 | 21.12.2022 | 22.12.2022 | 23.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Жаңа жыл мерекесіне байланысты болатын ертеңгілік, мерекелік кештер туралы ата-аналарға ақпарат беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Өсімдіктерді құнарландыру".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің коректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тайқтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| | **"Шатаспай есте сақта" үстел үсті ойыны.** Барысы. Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, машина, ат, әтеш т.б.). Педагог: - Қазір мен сендерге бірнеше сөздерді атаймын. Алдыңдағы суреттерге қарап, мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап ал да, оны бөлек жерге қой, | **«Дөңгелек, үшбұрыш және шаршыға ұқсайтын заттарды тап» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Пішіндерді қайталау, түстерді қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | **"Пазл"** Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын және қимылдарды үйлестіруді, тапсырманы жан-жақты қырынан көру қабілетін, логиканы дамытады; міндеттерді стратегиялық шешу дағдысын қалыптастырады; табандылық пен дәлдікті, қиялды, зейін мен есте сақтау қабілетін дамытады; өз бетінше шешім қабылдауға | **"Геометриялық пішіндерден аспалы көпір құрастырамыз" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы. Педагог геометриялық пішіндерді қолдана отырып, балаларға әртүрлі көліктерді құрастыруды ұсынады. **(танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық** | **"Жол белгілерін қою" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың жол жүру ережелері туралы білімдерін тиянақтау, жол белгілерін айыра білуге үйрету. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - деп нұсқау береді. Бірінші сөз оқылады. Балалар алдарындағы суреттен таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала педагог айтқан сөзді қайталап, өз заттарының ішінен байланыстыратын суретті алып, есінде сақтауы қажет. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | үйретеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **іс-әрекеті)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | ***Жалпы дамыту жаттығулары* (таяқшалармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды;3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды.<br>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру;<br>2 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау.<br>1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою;<br>2 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас<br>09.00-.09.20</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>Көркем сөз<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық<br>09.20-09.30</td><td>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен</td><td>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен</td><td>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен</td><td>Балаларда эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру; балаларға бір-бірімен</td><td>Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Үздіксіз ізде" (іздеу) 10-15 секунд бойы балаға айналасынан түсі (өлшемі, пішіні, материалы және тағы басқа) бірдей мейлінше көп зат табуды ұсыну.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы көремін.<br>Алақаным арқылы<br>Жылуымды беремін.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-<br>әрекет<br>09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері**<br>"[і] дыбысы және Іі әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: [і] дыбысы мен әрпін таныту; Іі әрпі және і әрпі бар сөздерді оқу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Алдар Көсенің сиқырлы шапаны" ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу.<br>Ерекше жұмбақтар.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ұғымындағы қысқы мерекелер туралы | **Сауат ашу негіздері**<br>"[к] дыбысы және Кк әрпі".<br>Мақсат-міндеттер: [к] дыбысы мен әрпін таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету.<br><br>**Математика негіздері**<br>Сыйлықтар әзірлейік.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бірден сегізге дейінгі сандардың және олардың құрамы жөніндегі | **Математика негіздері**<br>"Сыйлықтар әзірлейік" пысықтау<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бірден сегізге дейінгі сандардың және олардың құрамы жөніндегі түсініктерін тиянақтау; заттарды сипап- сезу арқылы анықтауға жаттықтыруды пысықтау.<br><br>**Қазақ тілі** | **Математика негіздері**<br>Саны он екі айлар тізбегі<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдың он екі ай тізбегімен таныстыру, әрбір жыл мезгіліне үш ай, жиыны он екі ай болатынын сызбалы түрде көрсетіп, реттілігін атап, жыл мезгілдерін бағдарлау амалдары туралы білімдерін жетілдіру. | **Сауат ашу негіздері**<br>"[к] дыбысы және Кк әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: [к] дыбысымен таныстыру. К дыбысына тіл ұстарта отырып сөз құрату, буын ішінде бекіту, дыбыстық талдау жасату.<br><br>**Сурет салу**<br>Аяздың қырау оюлары<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қылқалам түгінің ұшымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білімдерін кеңейту; «Алдар көсенің сиқырлы шапаны» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; жаңа жылдық мереке туралы ұғымды дамыту; зат есім мен сын есімді білдіретін сөздер туралы түсініктерін қалыптастыру; еңбексүйгіштік, адалдық, мейірімділік туралы түсініктерін дамыту; балаларды қазақ тілінде ертегі тыңдауды, ертегінің мазмұнын еске сақтауды, кейіпкерлердің есімдерін еске сақтауды, сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; достыққа, мейірімділікке, еңбекқорлыққа, ертегілерге сүйіспеншілікке | түсініктерін тиянақтау; заттарды сипап- сезу арқылы анықтауға жаттықтыру.<br><br>**Музыка**<br>"Щелкунчик" балеті.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әнді көтеріңкі көңіл-күйде эмоционалды орындай білуге, музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратып, биді әуеннің сипатына, ырғағына сай орындай білу қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем!"<br>Мақсат-міндеттер: жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін артырып, "Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем" атты | «Сиқырлы дыбыстар мен әріптер әлеміне саяхат»<br>(Өткен тақырыптарты қорытындылау)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың тілдік, дыбыстық мәдениетін дамыту және тәрбиелеу; дауысты және артикуляциясы бойынша жеңіл дауыссыз дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру; дыбыстарды дұрыс айтқызып фонематикалық естуді, яғни, дыбыстарды айыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алу, сөйлеу қарқыны, дауыстың биіктігі мен қаттылығы, дикцияны айыра алу қабілетін дамыту; сөз, сөйлем, буын туралы білімдерін | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем!" пысықтау<br>Мақсат-міндеттер: жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін артырып, "Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем" атты әңгімені оқып беру арқылы балалардың ойларын дамытуды пысықтау.<br><br>**Музыка**<br>"Аппақ әлем"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды аппақ қыс әлемі туралы әннің сипатын түсіне білуге үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Көрікті шырша<br>Мақсат-міндеттер: қыс мезгіліндегі мерекелер жайлы білімдерін кеңейту; шырша туралы білімдерін | шаршы немесе тіктөртбұрыш пішініне жіңішке немесе жуан келген, иректелген, бұрмаланған, нүктеленген ою элементтерін салу техникасын игерту; монотипия техникасын ұштау.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>5 метр қашықтықтан допты жерге соғу<br>Мақсат-міндеттер: балаларды 5 метр қашықтыққа алға жылжи отырып, оң және сол қолмен кезек-кезек допты жерге соғуға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Кел, жаттайық. А. Асылбеков «Жаңа жыл»" пысықтау<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіріп, қысқы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Биікке секіріп шығу<br>Мақсат-міндеттер: балаларды алға қарай жылжып, қос қолмен допты лақтырып, қайта қағып алу (арақашықтығы 4–5 м); 20 см дейінгі биіктіктікке секіру; сап түзеуден үш қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамытуды жалғастыру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Шырша неге жасыл?<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттардан аттап аяқ ұшымен жүру; оң және сол аяғын кезектестіріп секіру; кедергілер арасынан және қолды еденге тигізбей доға астынан еңбектеуге үйрету. | әңгімені оқып беру арқылы балалардың ойларын дамыту. | бекіту, оларды жеке талдап жұмысын дәлелдеп көрсету; өткен тақырыптарды қайталау, бекіту; балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту; топпен жұмыс істеуге, ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Биікке секіріп шығуды пысықтау<br>Мақсат-міндеттер: балаларды алға қарай жылжып, қос қолмен допты лақтырып, қайта қағып алу (арақашықтығы 4–5 м); 20 см дейінгі биіктіктікке секіру; сап түзеуден үш қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамытуды жалғастыруды пысықтау. | толықтыру, табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережесін қалыптастыру. | ойын түрлерін, қандай қыс мерекелі болатынын үйретуді пысықтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Көркем әдебиет**<br>Кел, жаттайық. А. Асылбеков «Жаңа жыл»<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіріп, қысқы ойын түрлерін, қандай қыс мерекелі болатынын үйрету. | | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Балаларды киінудің ретімен таныстыру қажет; жылдың кез келген уақытында киім мен аяқ киім қазіргі уақытта ауа-райына сәйкес болуы керек және балалардың бастарына күн өтпеуіне немесе жеңіл бас киімдер кию. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен**<br>**10.50-12.30** | **Қоғамдық көлікті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Қоғамдық көліктер туралы білімдерін бекіту, жол ережелерін білу; технологияға және | **Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту және тереңдету; табиғат құбылыстарына қызығушылығын | **Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - көктайғақ туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру; бақылау | **Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Желдің бағытын анықтау.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** | **Құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға құштарлығын қалыптастыру (құсты тану, оның денесінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ересектердің жұмысына қызығушылықты қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құмсалғыштағы құмды қазып алу.<br>Мақсат-міндеттері. Тапсырмаларды орындау кезінде жұмысқа деген оң көзқарасты, жауапкершілікті тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Түрлі-түсті көліктер". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша әрекет етуді үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсат-міндеттері. | қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** төбешіктерді құрастыру.<br>Мақсат-міндеттері. Бір-біріне деген достық қатынасты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім мерген?", "Ағаштың суретін сал". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыруға арналған жаттығулар; көзбен мөлшерлеуді дамыту; әртүрлі ағаштардың қарға бейнелеу қабілетін бекіту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** "Затты тап".<br>Мақсат-міндеттері. | дағдыларын дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** жолдағы қарды тазарту.<br>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қақпан", "Жануарлар".**<br>Мақсат-міндеттері. Ережелерді қатаң сақтай отырып, оңай секіруді, ойнауды үйрету.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. | қардан құрылыстар жасау.<br>Мақсат-міндеттері. Педагогке қардан құрылыс жасауға көмектесуге үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бос орын".**<br>Мақсат-міндеттері. Шапшаңдықты, ептілікті дамыту.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. | бөліктерін атау).<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** құстарға арналған қар асханасының құрылысы.<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп, тату жұмыс істеуге, жолдасына көмекке келуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ит пен торғайлар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Әртүрлі бағытта жүгіруді, кеңістікті шарлауды үйретуді жалғастыру.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, жылдам жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың ептілігі мен күшін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 20 см биіктіктен секіру дағдыларын бекіту. | Балабақша ауласында кеңістікті бағдарлай алуды бекіту. | | | |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас 12.50-13.10** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>Көркем сөз<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы 13.10-15.30** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас**<br>**15.40-16.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>Көркем сөз<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.15 | **Дидактикалық ойын.**<br>**"Бұл қай мезгілде болады?"**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгіл құбылыстары жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән | **Дидактикалық ойын.**<br>**"Не артық?"**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жемістер мен көгөністер жайындағы білімдерін пысықтау; жемістер мен көгөністерді сақтау ережелерін игерту; ойлау, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; жағымда қарым-қатынастарды құруға ынталандыру. | **Дамытушы ойын.**<br>**"Жылы сөздер қобдишасы".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне | **Дамытушы ойын.**<br>**"Суретшінің қатесін тап".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; | **Дидактикалық ойын.**<br>**"Адасқан сандар".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арысында жасырынған санды тауып атауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті.<br>Балаларды жауаптарын тек бір сөзбен ғана емес, құбылыстың не себептен болғанын түсіндіруге талпындыру қажет.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Киім тігу шеберханасы".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың түсінігінде киім тігу шеберханасы ұғымын бекіту; ойын барысында дизайнер, киім үлгісін пішуші маманы, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты | Шарты.<br>Жүргізуші бір топтамаға қатысты және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Жемістер мен көгөністер" дүкені.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың "Жемістер мен көгөністер" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; достық қарым-қатынасқа, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар. | тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Адам, ауа райы, тәуілік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер.<br>Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күн жаңбырлы болса да, біздің қолымызда шатыр бар", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды".<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Сұлулық салоны".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың сұлулық салоны | қоршаған әлем заңдылықтарына деген қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер.<br>Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары қарай емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала | жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Цирк".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мамандықтардың киім тігу шеберханасында қандай орын алатыны туралы түсініктерін тиянақтау; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін; төзімділікке, еңбексүйгіштікке, адамның еңбегін қадірлеу қабілетіне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Ілмектер, ойыншық тігін машинасы, ойыншық қайшы, ойыншық үтік, жіптер, мата үлгілері, бор, сызғыш, қарындаш, сәнді киімдердің суреттері басылған журналдар, киім үлгілерінің сызбалары.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, киім тігу шеберханасы туралы | Сөрелер, жемістер мен көгөністердің нақпішіндері, түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары.<br>Шарты.<br>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкеннің суретін, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" сөзінің мағынасын, жемістер мен көгөністерді сақтау үшін түрлі ережелерді ұстану керектігі жайлы түсіндіреді.<br>Сатушы өз қалауы (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті | қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және модельдері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар.<br>Шарты. | көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, аулада, ағаш үйшікте тұрады", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады", т.б..<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтар" дүкені".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "Ойыншықтар" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; | салтына тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер).<br>Шарты.<br>Педагог алдымен балалармен бірлесіп цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы әңгімелеседі; әрбір артист маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың еңбегінің қаншалықты қиын екенін түсіндіреді.<br>Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суреттерді қарайды, бұнда қызмет ететін мамандардың еңбегі жайында әңгімелеседі; түрлі сән журналдарын, сәнді киімдерді көрсету туралы бейнежазбаларды көреді, бәрін зерттейді.<br>Балалар дизайнер, киім үлгісін пішуші маман, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандарға бөлінеді, қолдарына қажетті жабдықтар алып, орындарына отырады.<br>Қалған балалар тұтынушылар болып, сән журналынан өздеріне киім үлгісін, тігіншімен бірге мата үлгісін таңдайды.<br>Алғашында педагог ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, | құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады.<br>Сатушы тауарларды сөрелерге орналастырады, бағаларын анықтап, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны сатады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сақтаса, олар бұзылмайды, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді | Педагог ойын алдында балалармен сұлулық салонында қызмет ететін шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші жайында әңгімелесіп, суретімен танысады дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде әңгімелеседі.<br>Балалар сұлулық салонында қандай маман қандай құралдарды қолданатынын түсіндіреді.<br>Балалар сұлулық салонында қызмет ететін мамандарды таңдайды немесе санамақты қолданады; мамандар өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады; балалардың қалғаны тұтынушылар болады.<br>Педагог мамандарға | жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары.<br>Шарты.<br>Сатушы өз қалауы бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон) ойыншықтардың бірін таңдап, өз қалауларын айтып жатады. Сатушы ойыншықтарды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтайды, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны | жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды.<br>Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды орындықтарға шақырады.<br>Әрбір өнерпаздың шығуын аса құрметпен жариялап, оған көрермендер тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды.<br>Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иіліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды мақтап, қошемет білдіретінін айту керек.<br>Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қояды, өзі журналист ретінде ойынға қатысып жүреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның әдемі киімді киім жүруі үшін көптеген мамандар еңбек етеді, еңбекті қадірлеу керек; ал еңбекте өте төзімді және шебер болу қажет. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін және сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | өз орындарын дайындап отыру жайында, ал тұтынушылар өз мұқтажын дұрыс сөзбен немесе журнал бетін көрсету арқылы білдіретінін айтады. Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, сұрақтарды тиянақты түрде қоюға жаттықтырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | "сатады". Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында болады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30** | **Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу.** "Шырша" (Әдібай Табылдиев)<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терледі,<br>Үйге кірді төрледі. | **Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу.** "Күміс қар" (Әли Ысқабаев)<br>Қырларды жапты күміс қар,<br>Далада жаңа тыныс бар.<br>Бұталар жалт-жұлт етеді | **Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу.** "Жаңа жыл" (Хамит Ерғалиев)<br>Жаңа жыл! Жаңа жыл!<br>Не әкелдің сен бізге?<br>Бау-бақшаң толған гүл,<br>Төлдерің семіз бе? | **Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу.** "Қыс" (Ізтай Мәмбетов)<br>Жаңа айлардың жаңа қары<br>Жапалақтап жауады.<br>Жайлы бір леп таралады,<br>Жаңғыртады ауаны. | **Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу.** "Жаңа жыл" (Хамит Ерғалиев) жалғастыру.<br>Жаңадан көп түрлі<br>Машина бергейсің,<br>Жаңадан көк сырлы<br>Үйлерге кіргейсің. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сылдырайды моншағы,<br>Шыршамыздың мол шамы.<br>Бізбен бірге жайдары<br>Жарқырады, жайнады.<br><br>Арайланды шыршамыз,<br>Айналамыз баршамыз!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Кәдімгі бейне хрусталь.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Бауырсақ, балмұздақ,<br>Концертке. .. молсың ба?<br>Бізді алға барғызбақ,<br>Сен жаңа жылсың ба?<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Ұйқыдағы баладайын,<br>Баладайын пәк жүрек.<br>Ұйып қапты қырда қайың,<br>Киім киіп ақ жібек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Жаңа жыл! Жаңа жыл!<br>Жаңалық ізде сен!<br>Жаңа ән, жаңа жыр<br>Жазып бер бізге сен!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 16.50-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | Кеңес:<br>"Қыс мезгілінде бала иммунитетін көтеру жолдары". | Кеңес: «Мектепке дейінгі ересек жастағы (5-6жас) балалардың сөйлеу тілінің дамуы». | «Отбасындағы тәрбие ерекшеліктері» кеңес. | Психолог кеңесі.<br>Мысалы: «Көпшілік орындарында ЖРВИ кезінде балалар өздерін қалай ұстау керек?». | Жобаның қорытындысын ата-аналармен бөлісу. |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** «» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 26.12 - 30.12.2022 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 26.12.2022 | 27.12.2022 | 28.12.2022 | 29.12.2022 | 30.12.2022 |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | «Салауатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарына әңгіме жүргізу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Өсімдіктерді құнарландыру".** Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің коректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз"** Мақсат-міндеттер. Балаларды өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; | **"Оқу құралдарымен шкафта тәртіпті сақтау".** Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге үйрету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Еңбек етуге ниеттерін тәрбиелеу, ересектерге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | көмектесуге үйрету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| | **«Таныс пішіндер доминосы».** Ойынның мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны. Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар | **Үстел үсті ойыны "Лото".** Мақсат-міндеттер. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Әрбір бала түрлерінің ұқсастықтарына қарай қандай да бір геометриялық пішінді таңдайды және соған ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **Фотосуреттер қарастыру. «Жаңа жыл мейрамы».** Мақсат-міндеттер. Фотосуретте бейнеленген жаңа жылдық мейрам туралы әңгімелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** Жаңа жылдық мейрамға ойыншықтарды мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет)** **"Кім жылдам жүгіреді?" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: шектеулі аумақта | **«Шаршы құрастыр».** Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған | **"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны. (танымдық іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту. **"Аю мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауды, сигнал бойынша әрекет етуге үйрету. **Еркін ойын: "Тыйым салынған** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлау жаттығулары **Еркін ойын: "Мысық пен тышқан". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды, ойын шартын бұзбай, шапшаңдықпен ойнауға баулу; жүгірудің түр-түріне машықтандыру. Ойын барысы. Ойнаушылар дөңгелене тұрады. Мысық пен тышқанды | **"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлауды жүзеге асыру. **Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді. Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына | жылдам жүгіруге жаттықтыру. **(дене шынықтыру)** | шаршының түсін айтады. 1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды. 2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?) 3-нұсқа: жеке немесе топпен, кім жылдам орындаса, күрделірек түрін беру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **"Өз орныңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: есту және көру зейінін дамыту. **(дене шынықтыру)** | **қозғалыстар".** Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Ойын барысы. Ойыншылар шеңберге тұрады, ортада -педагог. Ол олардың қайсысына тыйым салынғанын көрсетіп, әртүрлі қимылдар жасайды. Балалар тыйым салынғаннан басқа барлық қимылдарды қайталайды. Ойын ережелері. Кім тыйым салынған қимылды қайталаса, ол ойыннан шығарылады. Тыйым салынған қозғалысты 4 - 5 қайталаудан кейін өзгерту керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тағайындап алады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады.<br>Мысықай аппақ қарасақ,<br>Құйрығы сұр, тамаша-ақ,<br>Жебедей-ақ ұшады,<br>Көзін жаймен қысады.<br>Тырнақтарын үндемей,<br>Ашқан кезде инедей,<br>Тышқандардың тықырын,<br>Мысықай естісе ақырын,<br>Аңдып аулап алады,<br>Мысықай біздің жарады.<br>«Аңдып, аулап алады» деген сөздерден кейін балалар тоқтайды, шеңбердің уәделескен жерінде екі бала қолын түсіріп, есіктен өтетін жер | тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиеші белгіснен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және т.б. Және де орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз.<br>Ойын ережесі:<br>Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. | | | **әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалдырады, Тышқан мысықтан қашып, есікке қарай жүгіреді де, шеңбер жасап тұрғандардың қолының астынан өтуі мүмкін. Мысық тышқанды ұстап алатын кезде, бұл рөлге басқа балалар тағайындалады, сөйтіп ойын осылайша қайталана береді. | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды;3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды.<br>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау.<br>1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**09.00-.09.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарына дұрыс қолдануға, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу. Тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды қайталау.<br>Көркем сөз<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**09.20-09.30** | **Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(шығармашылық іс-әрекет)**<br>Жаңа жылдық әндер шырқау. **(музыка)** | **Зейінді дамытуға арналған жаттығу.**<br>"Зейінділік пен байқампаздық". Жүргізуші сайланызылар. Қалған ойыншылар сол жүргізуші есте сақтауы тиіс дене қалыбын ұстайды. Артынша жүргізуші бөлмеден шығады, ал ойыншылар (өзара келісіп) киімдерінде, дене қалыптарында бірқатар өзгеріс жасайды. Кірген жүргізуші барлығын бұрынғы күйіне келтіруі тиіс. Егер | **Шаттық шеңбері**<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамыз күлеміз,<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз. | **"Қажетті киімді ал".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу.<br>Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз.<br>Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу.<br>Дидактикалық материал.<br>Балалардың санына сәйкес қуыршақтар | **"Шырша туралы әңгіме құрастыру"**.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әңгіме жанры туралы білімдерін тиянақтау; әңгіме және тақпақ, жұмбақ туралы ұғымдарды жетілдіру; шыршаның өсу ерекшелігі мен адамның өмірінде алатын ойны туралы ұғымдар жиынтығын қалыптастыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жүргізуші барлық өзгерістерді тапса, ол ең байқампаз атанады.<br>**(танымдық іс-әрекеттер)** | **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | мен қуыршақ киімдерінің пішіндері. Қысқы көріністің суреттері.<br>Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, олардың қысқы және жазғы киімдері бейнеленген.<br>Мұғалім жазғы және қысқы көріністерді білдіретін суреттерді көрсетеді. Балалар қуыршақтарға жыл мезгіліне сәйкес киімді кигізу керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-<br>әрекет<br>09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ү] дыбысы және Үү әрпі"<br>Мақсат-міндеттер:<br>[ү] дыбысын және Ү әрпімен таныстыру.<br>[ү] дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасау. | **Сауат ашу негіздері**<br>"[и] дыбысы және Ии әрпі".<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды И дыбысымен таныстыру, дыбыстық талдау жасауға үйрету. | **Математика негіздері**<br>"Жыл мезгілдері" пысықтау<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды жылдың төрт мезгілі мен он екі ай тізбегімен таныстыру; жыл | **Математика негіздері**<br>Судың көлемін өлшеу амалдары<br>Мақсат-міндеттер:<br>балалардың шартты өлшем туралы ұғымдарын қалыптастыру; судың | **Сауат ашу негіздері**<br>"[и] дыбысы және Ии әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды И дыбысымен таныстыруды қайталау, дыбыстық талдау жасауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>Қыс қызықтары. "Біз қармен қалай ойнадық" тақырыбын сурет бойынша әңгімелеу.<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы қысқы спорттық ойын түрлері (коньки, хоккей, шаңғы) туралы түсініктерін кеңейту; оның ішінде іс-қимыл тәсілдері және қысқы ойын-сауықтың қандай да бір түрлері туралы түсініктерін дамыту; қыс мезгілінде көшедегі тәртіп ережелерімен таныстыру; мнемокарталар, іс-әрекеттер, пантомималар бар суреттерге сүйене отырып, балалардың қыс қызығы тақырыбы бойынша қазақ тілінде түсінік | **Математика негіздері**<br>Жыл мезгілдері<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдың төрт мезгілі мен он екі ай тізбегімен таныстыру; жыл мезгіліндерінің ерекшеліктері жайлы білімдерін пысықтау.<br><br>**Музыка**<br>"Қыс әлемі"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды аппақ қыс әлемі туралы әннің сипатын түсініп, түсіндіруге ынталандыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажыратып, атауға дағдыландыру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Шырша"<br>Мақсат-міндеттер: шырша туралы білімдерін кеңейту. | мезгіліндерінің ерекшеліктері жайлы білімдерін пысықтау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Жұп құрауға қабілетсіз дауыссыз дыбыстар. Х дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері).<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға [- х] дыбысының артикуляциясын нақтылау, Х х әрпінің таңбасын үйрету; [-х] дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуды үйрету; артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, көру және есту қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту | көлемін өлшейтін құрал-жабдықтармен таныстыру, суды өлшеуде қолданып, жаттықтыру; қардың қасиетін тануда, сумен іс-тәжірибелерді жасауды сөзбен де жеткізу білігін жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Шырша" пысықтау<br>Мақсат-міндеттер: шырша туралы білімдерін пысықтау.<br><br>**Музыка**<br>"Зырлайды шанамыз"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | үйретуді қайталау.<br><br>**Мүсіндеу**<br>"Аяз атадан келетін сыйлықтың қорапшасы"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі-түсті ермексаздардан шаршы, конус және цилиндр пішінді қорапшаларды мүсіндеуге үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Екі тобық арасына доп қысып алып жүру"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды екі тобық арасына доп қысып алып жүруге үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"«Екі аяз» ертегісін мазмұндау" пысықтау.<br>Мақсат-міндеттер: халық ертегілеріне деген қызығушылығын арттыру. Ертегіні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | беру дағдыларын дамыту; балаларды достыққа, зейінділікке тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Кезек-кезек допты жерге соғу<br>Мақсат-міндеттер: балаларда сызықтан аттап секіру; сап түзеуден үш қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу; тұрған орнында айналу дағдыларын дамытуды жалғастыру; балаларды әр қадам сайын допты алдынан қолдан-қолға ауыстыра отырып орындық үстімен, кедір-бұдыр тақтай үстімен жүруге үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Ақша қарды бақылау<br>Мақсат-міндеттер. | | қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту; «Қыс қызығы» тақырыбын пысықтау, қысқы ойындар туралы тақпақтарды жаттауға ынталандыру; жаңылтпаш, жұмбақ шешу арқылы тіл байлықтарын арттыру; ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс істеуіне, өзінің сөйлеу тілін қадағалауды тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Допты жерге соғу ойындары<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әр қадам сайын допты артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып орындық үстімен, кедір-бұдыр тақтай | Ғажайып сыйлықтар<br>Мақсат-міндеттер: кітап - сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. | түсініп тыңдай білуді пысықтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды дербес шығармашылық қызметке баулу; құрдастарымен және ересектермен бірлесіп іс-әрекет жасауды үйрету; танымдық қызығушылықтарын, қоршаған әлемге эстетикалық қатынасты қалыптастыруды дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | | үстімен жүруге үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"«Екі аяз» ертегісін мазмұндау".<br>Мақсат-міндеттер: халық ертегілеріне деген қызығушылығын арттыру. Ертегіні түсініп тыңдай білуге үйрету. | | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Балаларды киінудің ретімен таныстыру қажет; жылдың кез келген уақытында киім мен аяқ киім қазіргі уақытта ауа-райына сәйкес болуы керек және балалардың бастарына күн өтпеуіне немесе жеңіл бас киімдер кию. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | **Шетенді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде | **Шыршаларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. | **Қардың жауғанын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. | **Қардың тереңдігін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ. | **Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау.** Мақсат-міндеттері. Күректермен әрекет ету қабілетін бекіту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Шанамен жарыс". Мақсат-міндеттері. Аяғымен итере отырып, қар | Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ұжыммен қар тазалау. Мақсат-міндеттері. Ағаш күрекшені қолдану қабілетін бекіту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан-жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Туға дейін секіру, "Қақпада". Мақсат-міндеттері. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға | Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту. Мақсат-міндеттері. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың | Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар). **Бақылау:** балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)** Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп | Өнері жоқ, қолы жоқ,<br>Сурет салуды біледі.<br>(терезедегі қырау). **Ырым.** Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. **Бақылау:** шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. **Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)** «Қасқұлақтан» тығылып аланда бағдарлай білуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу. | жаттығу. | әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Нысанаға тигіз". Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету. | отыратын ойындарға қызықтыру. **Еңбек:** гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. **Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. | бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. **Еңбек:** мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас<br>12.50-13.10** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарына дұрыс қолдануға, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу. Тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды қайталау.<br>Көркем сөз<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы<br>13.10-15.30** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары<br>15.30-.15.40** | Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеру, аяқты кезекпен сермеу.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас<br>15.40-16.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарына дұрыс қолдануға, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу. Тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды қайталау.<br>Көркем сөз<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және | **Дидактикалық ойын.<br>"Ғажайып дорба".** | **Дамытушы ойын.<br>"Қимылдар тізбегі".**<br>Мақсат-міндеттер. | **Дидактикалық ойын.<br>"Не артық?"** | **Дамытушы ойын.<br>"Қандай және саны қанша** | **Дидактикалық ойын.<br>"Не артық?"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.15 | Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: дорба, түрлі ойыншықтар мен заттар.<br>Шарты.<br>Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап сезу арқылы тануға тырысуы; көргеннен кейін, заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Цирк".** | Балаларды белгілі қимылдар тізбегіне қарап, есте сақтап, тура сол қимылдар тізбегін дәлме-дәл қайта көрсетуде жаттықтыру; есте сақтау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; достыққа, ұйымшылдаққа тәрбиелеу.<br>Педагог немесе балалардың бірі қалған балалардың алдында бірнеше қимылдар тізбегінің (кешенін) көрсетеді. Балалар мұқият қарап болғаннан кейін есте сақтап, қимылдарды қайта жаңғыртады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** | Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдері бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары.<br>Шарты: жүргізуші бір топтамаға қатысты және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек.<br>Заттардың жалпы саны төртеу болады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** | **геометриялық пішіндерден құрылғанын айт".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларда геометриялық пішіндерді ажырату, санау, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдар. Түрлі геометриялық пішіндерден құрылған бейнелердің сызбалы суреттері.<br>Шарты.<br>Балалар түрлі геометриялық пішіндерден құрылған суреттерге кезегімен қарап, қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айту керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық** | Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары.<br>Шарты.<br>Жүргізуші бір топтамаға және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек.<br>Заттардың жалпы саны төртеу болады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер).<br>Шарты.<br>Педагог алдымен | **"Супермаркет".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны туралы мәліметтер беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқкиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машинасының | **"Ұшақпен сапар".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға ұшақпен сапарға шығу қандай әрекеттерден тұратынын, әуежайдың қандай орын екендігін түсіндіру; ұшқыш-пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы жаңа білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар: "ұшақтың борты" - орындықтарды екі | **іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Көлік жөндеу шеберханасы".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың түсінігіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын | **"Кітапхана".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың кітапхана жайында ұғымдарын нығайту; кітапханашы қызметі неде екенін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Кітаптарға сөрелер, түрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде кітапхана жұмысы, кітапханашы қызметінің мәні неде екендігін суреттер бойынша әңгімелейді, үлкен кітапханалар жайында бейнежазбаларды, фотосуреттерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалармен бірлесіп цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы әңгімелеседі; әрбір артист маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың еңбегінің қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды. Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды орындықтарға шақырады. Әрбір өнерпаздың шығуын аса құрметпен жариялап, | макеттері. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен әңгімелесулер, супермаркет жайында суреттерді, бейнежазбалар мен жарнамалар көрсетіп, супермаркетте адамның кез келген тауарды табуға мүмкіндігі барын түсіндіреді. Супермаркеттің алып жатқан орны кең және тауарлар көптеген сөрелерде топтасып орналасатыны жайында да айтылуы тиісті. Супермаркетте сатушы емес, кеңесші мен есепшілер (есептеу машинасы) көп болатыны, кеңесшілер тауарларды сөрелерге уақытында | қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш-пилоттың алдында тұратын ұшақты жүрзуге арналған батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған ұшу алдында, ұшу барысында және аяқталған кезде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті. Шарты. Педагог дайындық | ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук. Шарты. Педагог балалармен көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы), жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, | тамашалайды. Балалар кітапханашы жұмысын қалай атқарып (оқырманнан берілген кітап үшін карточканы алу, толтыру), қандай құралдарды қолданатыны, оқырманның міндеті мен құқысын қалай іске қосуға болатынын біліп алуы тиіс. Балалардың арасынан кітапханашылар өз ниеттеріне байланысты таңдалады немесе санамақ қолданылады. Алғашында педагог ойын барысын өзі сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оған көрермендер тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иіліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды мақтап, қошемет білдіретінін айту керек. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында болады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-** | орналастырып, сатып алушыларға тауарды таңдауға көмектесетіні, есепшілер тек таңдалған тауарларды санап беріп, қанша қаражатты беру керектігін айтатыны туралы балалар білу керек. Балалар ойынға қатысатын кейіпкерлерді санамақ арқылы таңдайды, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, арба, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады; кеңесшілер балаларға не таңдау керектігі туралы кеңес айтып жатады, есепшілер есептейді. Педагог диалогтарды, қатынастарды, сөйлеу тізбектерін | жұмысында ұшақпен сапарға шығу үшін, билеттерді салып алу қажеттілігі; ұшақпен ұшу алдында әуежай терминалында тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар әуежай, ұшақ салоны сияқты жерлерді суреттер және бейнежазбалардан алдын-ала көріп түсінеді. Педагог стюардесса, пилот, бақылаушы полицей, есепші мамандарының адамдарды ұшақпен тасымалдау үшін қандай әрекеттер жасайтынын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тек тиянақтау сұрақтары қойылады, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ) | өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты тексеру керек; жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі ереже - тыныштық сақтау, қатты сөйлемеу; тағы бір ереже - кітаптарды тазалықта ұстау, оқып болғаннан кейін кітапханаға қайтару. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеті)** | реттеп отырады, қосымша және тиянақтау сұрақтарын қойып жатады.<br>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; супермаркет - қоғамдық орын болғандықтан, әдептілік ережелерін ұстану керек; супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | мамандардың міндеттері үлестіріледі.<br>Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады.<br>Педагог балаларға ұшақпен саяхаттау өте қызықты болатынын ойын барысында жеткізіп отыруы тиіс.<br>Алғашында педагог балалардың мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады.<br>Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады.<br>Мамандар өз орындарына барған кезде, балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ салонына | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | шақырылады. Стюардессалар көпшілікке жариялайтындай бірнеше ережені ескеруі керек: қол жүгін орнына салу; смартфондарды өшіру; қауіпсіздік белбеуін тағу; салонда шуламау, көршісіне кедергі жасамау; ұсынған тағамды алу; демалу; ұшақ қонғаннан кейін белбеуді шешу, қол жүгін алып шығу. Стюардессалар мен ұшақтың пилотына қажетті нұсқауларды беріп жүргені дұрыс; балалар өз рөлдерін міндеттерін біртіндеп меңгеріп алады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: ұшақпен сапарға шығу кезінде көптеген ерекше ережелерді орындау керек; | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жолаушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; әуежай мен ұшақ салоны - қоғамдық орын; ұшақ - ерекше әуе көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30** | **Кітап бұрышындағы жеке жұмыс.** Мақсат-міндеттер: кітапқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **"Сәйкесін тап"ойыны.** Мақсат-міндеттері. Үстел ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **Жаңылтпаштар жаттау.** 1) Пеш үстінде бес мысық,<br>Пеш ішінде бес мысық<br>Бес күзетші ... бес пысық.<br>2) Үш кіші ішік піштім,<br>Бес кіші ішік піштім<br>Неше кіші ішік піштім?<br>3) Ұшып кетті үш құс,<br>Ұшып келді ұшқыш. | **"Суретті құрастыр" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білу қабілетін жетілдіру, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол | **Дидактикалық ойын. "Қыс мезгілінде не болады?"** Мақсат-міндеттері: қыс мезгілі кезіндегі табиғат құбылыстарын ажырата білу. Барысы: педагог балалардың алдына әр жыл мезгілінде болатын табиғат құбылыстары бейнеленген суреттер таратады. Осы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Ойынды қалаған бала жиналғанда, бір тұтас бейне-сурет болатын, ұсақ бөліктер жинақнамаларының бірін таңдап ала алады. Тұтас суретті құрастыру үшін, үстел басында 12 және одан да көп бөліктерді бір тұтас суретке жинау керек. Қажетті құралдар. Бірнеше (12 және одан да көп) бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар). **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | суреттердің ішінен бала, қыс мезгіліне байланысты суретті таңдап алады және де суретті бейнелеп береді. Мысалы: Далада айналаның барлығы аппақ. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 16.50-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жаңа жылдық сыйлықтар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | Баланың тәрбиесі жайында сауалнама. | «Салауатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарына әңгіме жүргізу. | "Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз." | «Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес беру. | Сауалнама: "Балаңызды үй жұмыстарына шақырасыз ба?". |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** «» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 02.01 - 06.01.2023 | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 02.01.2023 | 03.01.2023 | 04.01.2023 | 05.01.2023 | 06.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Әңгімелесу: "Ұйқы жетіспеушілігінің зияны" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу; үйде балалардың күн тәртібін сақтауды және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | | | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; | **"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".** Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпті сақтауға деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпті ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталануға, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** |
| | | | **"Қолғап" ертегісі**<br>Мақсат-міндеттер. Қолғап ертегісін оқып, ертегі желісіне байланысты қойылым қою.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Саусақ жаттығуы.**<br>"Қолғап".<br>Қане, қолғапты киеміз,<br>(алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып | **Үстел үсті ойыны.**<br>"Бұл үйде кімдер тұрады?".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын арттыру, есте сақтау.<br>Шарты. Тәрбиеші үй терезесінен ертегі желісіндегі кейіпкерлердің суретін көрсетеді, балалар оларды атайды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-** | **"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу.<br>Ойын барысы.<br>«Адам не істеді?» - тәрбиеші сұрақ қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау). **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**"Сиқырлы қолғап"**<br>Мақсат-міндеттер. Сиқырлы қолғап боямасын бояу. **(шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>Мақсат-міндеттер: Сиқырлы қолғапты геометриялық фигуралардан құрау. **(танымдық іс-әрекет)** | **әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дайын суретті бояу тапсырмасы.** Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған ертегі кейіпкерлері (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады. **(шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>**"Ненің құйрығы?"** Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Барысы. Бір күні таңертен орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып қалғанын көрді. Қоянда қасқырдың | лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені тудырды?». Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден шығып, оны өткізіп жібереді, бірақ егер ол сөзді ойлап тауып, атаса, оны қайтадан ойынға қосады.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**"Айна" қимылды ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: зейіні мен қиялын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлар мұңайып қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" сұрағына жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай?" (сұр, ұзын және т.б..). **(танымдық іс-әрекет)** | дамыту; қимылдардың реттілігін есте сақтауға жаттықтыру. Ойын барысы. Ойыншылар алаңда еркін орналасады және келесі тапсырмаларды орындайды: жүргізушінің артынан бір қимылды қайталау; жүргізушінің артынан бірқатар қозғалыстарды белгілі бір ретпен қайталау; құстың, жәндіктің қимылын қайталау. Үздік ойыншы жалпы дауыс беру арқылы анықталады және оған сыйлық немесе ұпай беріледі. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | **Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>«Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде.<br>1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - орамалмен айналып билеу; 4 - | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бастапқы қалыпқа келу.<br>«Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады.<br>1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру; 2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>«Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру.<br>1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру; 2 - сызық ортасына келгенде тарап кету; 3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.<br>1 - екі қолды екі қапталға жаю; 2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу; 3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады. 1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру; 2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру; 3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Аққұтан» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.<br>1 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау; 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Достар» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұрады.<br>1 - жұптар қолдарынан ұстап, ; 2 - жұптасып айналу; 3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**09.00-.09.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балада денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру.<br>*Көркем сөз*<br>Ерте тұрып таңнан,<br>Пісірді апам ақ нан.<br>Кетер емес әлі,<br>Таңдайымнан дәмі.<br>Кернейді хош иісің,<br>Тамсандырып үй ішін.<br>Жесем тоймай қаламын,<br>Әжемді еске аламын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**09.20-09.30** | | | "Қыс қызығы" тақырыбында әңгімелесу. **(қарым-** | Қысқы ойындарды ойнап жүрген балалардың суретіне | "Қысқы көрініс" тақырыбында әңгімелесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **қатынас іс-әрекеті)** | қарап әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.35** | | | **Қысқы демалыстар.** (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Қысқы демалыстар.** (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Қысқы демалыстар.** (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Серуендеуге дайындық.<br>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.<br>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | | | **Суықторғайды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Қоныс аударатын құстар туралы | **Қарлы боранды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Желді ауа райындағы қардың қозғалысы | **Қардағы іздерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Құстардың қардағы іздерін тану қабілетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | түсініктерін кеңейту; талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілетін дамыту. **Зерттеу:** құстардың іздерін қарастыру, оларды қарғаның ізімен салыстыру. Құстардың жануарлардан айырмашылығы неде? **(зерттеу іс-әрекеті)** **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қардан тазарту, ағаш тамырларын аяздан қорғау. Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім мерген?", "Ағаштың суретін сал". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Заттарды лақтыруға | туралы түсінік беру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** желді қарауға арналған айналмалы бағыттаушыны жасау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Бірлесіп шығармашылық жұмыспен айналысу қабілетін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бұрқасын". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Ойын мазмұнына сәйкес қимылдар жасау. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Секіру техникасын жетілдіру. | бекіту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қарлы қалашық салу үшін қар жинау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Топта жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру; жоспарлау жұмысы. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ізі бойынша таны", "Іздер". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Алға қарай секіру жаттығулары, қозғалыстың қарапайымдылығы мен дәлдігіне қол жеткізу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** 2-3 м арақашықтықта алға қозғалып, екі аяқпен секіруге жаттығу. Мақсат-міндеттер. Қимылдарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | арналған жаттығулар; көзбен мөлшерлеуді дамыту; әртүрлі ағаштарды қарға бейнелеу қабілетін бекіту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Жем салған дорбаны жеткіз".<br>Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. | | үйлестіруді жақсарту. |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас 12.50-13.10** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балада денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру.<br>Көркем сөз<br>Ерте тұрып таңнан,<br>Пісірді апам ақ нан.<br>Кетер емес әлі, | | | | |

| | |
|---|---|
| | Таңдайымнан дәмі.<br>Кернейді хош иісің,<br>Тамсандырып үй ішін.<br>Жесем тоймай қаламын,<br>Әжемді еске аламын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**13.10-15.30** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**15.30-.15.40** | Біртіндеп ұйқыдан ояту.<br>Жалпақ табандықтың алдын алу үшін түзету жаттығулары.<br>**«Ұшақ» жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Омыртқаның бұлшық ет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшық еттерін күшейту.<br>**Көркемсөз**<br>Ұйықтап жатқан кім екен?<br>Уақыт болды тұратын.<br>Жаттығуды жасайық,<br>Ұйқымызды ашайық!<br>Бізді күтіп тұрмайды,<br>Жылдам алға басайық!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** |
| **Бесін ас**<br>**15.40-16.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балада денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру.<br>Көркем сөз<br>Ерте тұрып таңнан,<br>Пісірді апам ақ нан.<br>Кетер емес әлі,<br>Таңдайымнан дәмі.<br>Кернейді хош иісің,<br>Тамсандырып үй ішін.<br>Жесем тоймай қаламын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әжемді еске аламын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.15 | | | **Дидактикалық ойын.**<br>"Логикалық жұптар" (спортшылар, спорттық құралдар)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың спортшылардың қандай жабдықтарды қолданатыны жайындағы білімдерін пысықтау; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; салауатты өмір салты қағидаларын қалыптастыру.<br>Құралдар.<br>Спортшылар мен олар қолданатын жабдықтардың сурет-карточкалары.<br>Шарты.<br>Балалар әрбір спортшыға қажетті жабдықтар түрін таңдап, логикалық жұптарды құрастыру керек.<br>Жұптар мына сияқты | **Дамытушы ойын.**<br>"Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту.<br>Шарты.<br>1-нұсқа.<br>Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді. Балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2-нұсқа.<br>Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезегімен көрсетеді.<br>3-нұсқа.<br>Шеңберде немесе | **Вариативті компонент. Жас зерттеуші**<br>"Туған өлкедегі қыс"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін нақтылау, қыс мезгіліне тән белгілерді білу және таба алуға үйрету.<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>"Дұрыс па? Бұрыс па?" (етістіктер арқылы сипаттау)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға белгілі жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қимыл-қозғалыстағы ерекшелігін сөздермен сипаттауды тыңдатып, сипаттаманың дұрыстығын не бұрыстығын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | болуы мүмкін: хоккейші - клюшка; футболшы - футбол добы; штангашы - штанга; боксшы - бокс қолғаптары; теннисші - теннис ракеткасы мен доп; шаңғышы - шаңғы; баскетболшы - баскетбол добы; мәнерлеп сырғанаушы - коньки; т.б.. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Үй құрылысы". Мақсат-міндеттер. Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Автобус". Мақсат-міндеттер. Автобуста қызмет ететін жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы туралы балалардың білімдерін тиянақтау; қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздік ережелерін меңгерту, ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, | анықтату, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқыр шаңқылдамайды, ұлиды", "жел тамшыламайды, соғады, еседі", "құс жорғаламайды, ұшады", "балық ұшпайды, жүзеді" және т.б.. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Спорттық жаттығу залы". Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Құралдар.<br>Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар).<br>Шарты.<br>Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа қатысатын мамандарға бөліне бастайды; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. | ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Автобус салонын білдіретін жасанды үлгі, қатарға тізілген орындықтар; билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп дайындық жұмысын өткізеді. Автобустың жолаушыларды тасымалдауы, жол ережелерін ұстанудағы негізгі қызметі мен маңызы туралы әңгімелеседі. Дайындық жұмыстары үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіледі, | Спорттық жаттығу залы туралы балалардың ұғымдарын нығайту; жаттықтырушы жайында, атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Спорт киімдері, ойыншық спорттық жабдықтар немесе макеттері.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде спорттық жаттығулардың маңызы, жаттықтырушы қызметінің мәні туралы суреттер, бейнежазбалар бойынша әңгімелейді.<br>Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Педагог балалармен бірлесіп, ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Содан соң балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіштерді қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үй құрылысының сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс мамандары бірлесіп, ақылдасып, жұмысты жоспар бойынша істеуінің арқасында | бейнежазбалар талқыланады. Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ арқылы жүргізушіні, бақылаушы таңдау амалы қолданылады. Педагог (бақылаушы) балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауға келісу керек) салонға кіргенде билетті алады, ойыншық смартфон арқылы төлем жасайды. Жүргізуші "есік жабылды" деген хабарламаны естігенде автобусты жүргізу қимылдарын орындайды. Педагог аялдамаларды жариялап жатады немесе дауысын дыбысты жазу құрылғысына жазып, уақыты келгенде | атқарып (тұтынушыны түрлі жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай жабдықтарды ұсынатыны, тұтынушының қандай таңдау жасайтыны туралы біліп алуы тиіс. Міндетті түрді спорттық жабдықтардың атауларын айтқызу керек (штанга, гір, жүгіру жолы, созу жабдықтары), балалар ойын барысында осы сөздерді еркін қолдана алады. Ниетін білдірген бірнеше бала жаттықтырушы рөлін атқарады, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады. Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жетуге болады; үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | қосып отырады.<br>Салоннан шыққан және кірген балалар өз рөлдерін атқарады, балалар көлікте үлкендерге орын беріп жатады.<br>Педагог ойын барысын өзі реттейді, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қойып жатады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: автобусқа отырып, сапарлау кезінде сақтауға тиіс ережелер көп, оны орындау шарт; салондағы тәртіп жүргізушінің жол ережелерін бұлжытпай орындауы арқылы қамтамасыз етіледі.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-** | сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады.<br>Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денең шымыр болу үшін, ерінбей жаттығу жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **әрекеті)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30** | | | **Дайын суретті бояу тапсырмасы.** Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады. **(шығармашылық іс-әрекеті)** | **Жаңылтпаштар айтқызу.** Аппақ, аппақ, бәрі аппақ,<br>Ақ қар аппақ, бәрі аппақ.<br>Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ.<br>Ақ сүт, айран, қант та аппақ. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Сәйкесін тап"ойыны.** Үстел үсті ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту. **(танымдық іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 16.50-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын еске сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қардың пайдасы тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | | | Кеңес беру. «Баланың ашуын қалай жеңуге болады?» | Кеңес беру. «Балаларды көшеде кауіпсіз жүруге үйретеміз». | «Салауатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарына әңгіме жүргізу. |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** «» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 09.01 - 13.01.2023 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 09.01.2023 | 10.01.2023 | 11.01.2023 | 12.01.2023 | 13.01.2023 |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру; балалардың балабақшада өздерін ұстауы жайлы ақпарат беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".** Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **08.30-08.55** | жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | балалардың ұғымында жапырақтардың ылғалды қажет етуі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | кезекшінің киімін кию үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяққиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **Дамытушы лото.** "Геометриялық фигуралар". Мақсат-міндеттер. Геометриялық фигуралар мен түстер туралы білімді нығайтады, зейін, қабылдау, логикалық ойлауды дамытады.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | **"Пазл".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі сюжетті суреті бар пазлды құрастыру үйрету, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштік қасиеттерін дамыту. Ісінің аяғына дейін жеткізуді қадағалап, шыдамдылыққа, байқампаздыққа | **"Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды. | **"Құрылыс ойындары "Робот".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**"Қажетті киімді алыңыз" дидактикалық** | **«Мозаика».**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Этикет ережелері".** Мақсат-міндеттер. Балалардың мінез-құлқы мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, этикет ережелерімен танысу, әртүрлі өмірлік жағдайларда балалардың мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, балалардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, балаларға қоғамда қажетті адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу, сөйлеуді дамытуға ықпал ету: дұрыс, дәл және әдемі сөйлеу, сөздік қорын байыту, зейін мен есте сақтауды дамыту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | үйрету. **(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап | **(қарым-қатынас іс-әрекет)**<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.** Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(шығармашылық іс-әрекет)** | **ойын.** Дидактикалық тапсырма: балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу.<br>Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз.<br>Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу.<br>Дидактикалық материал: балалардың санына қарай қуыршақтар мен олардың киімдерінің пішіндері. Қысқы және жазғы пейзаждың суреттері.<br>Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар мен қысқы және жазғы киімдер | Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары.<br>Ойынның барысы: Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, оның мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрасытруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсінің үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. **(танымдық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек.<br>Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады.<br>Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон**.**<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | | бейнеленген.<br>Мұғалім кезекпен жазғы және қысқы мезгілдердің суретін көрсетеді. Балалар қуыршақтарға сәйкес киім кигізу керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | **Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>«Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде.<br>1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - орамалмен айналып билеу; 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>«Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады.<br>1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру; 2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>«Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру.<br>1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру; 2 - сызық ортасына келгенде тарап кету; 3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.<br>1 - екі қолды екі қапталға жаю; 2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу; 3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады. 1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру; 2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру; 3 - бастапқы қалыпқа | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келу.<br>- «Аққұтан» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.<br>1 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау; 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Достар» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұрады.<br>1 - жұптар қолдарынан ұстап, ; 2 - жұптасып айналу; 3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**09.00-.09.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**09.20-09.30** | **Шаттық шеңбері**<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Жерге ұдайы нұр құйсын.<br>Мақсат-міндеттер. Қардың пайдасы тақырыбында әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | **«Табиғат досы»**<br>Қоршаған өмір әлемі,<br>Не деген көркем, әдемі!<br>Сол сұлулықты сақтайық,<br>Мадақтайық, мақтайық!<br>Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.<br>Мақсат-міндеттер. Қардың пайдасы туралы әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **«Қылқалам ханшасы»**<br>Жер-Ана, саған мың алғыс,<br>Сыйлайсың бізге қуаныш.<br>Жазда, күзде, қыста да,<br>Көркемсің көктем тұста да!<br>Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br><br>Мақсат-міндеттер. Қыс қызығы туралы әңгімелесу. | **Шаттық шеңбері**<br>Барлығымыз табиғатты сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!<br><br>Мақсат-міндеттер. Қыс туралы өздігінен сөйлем құрап, әңгіме құрау. Ойындар ойынау.<br>**(қарым-қатынас іс-** | **"Қажетті киімді ал".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу.<br>Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз.<br>Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу.<br>Дидактикалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мнемотехниканы қолдану.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | **әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | материал.<br>Балалардың санына сәйкес қуыршақтар мен қуыршақ киімдерінің пішіндері. Қысқы көріністің суреттері.<br>Ойын барысы.<br>Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, олардың қысқы және жазғы киімдері бейнеленген.<br>Мұғалім жазғы және қысқы көріністерді білдіретін суреттерді көрсетеді. Балалар қуыршақтарға жыл мезгіліне сәйкес киімді кигізу керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-<br>әрекет<br>09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері**<br>"[й] дыбысы және Йй әрпі".<br>Мақсат-міндеттер: Й дыбысы мен әрпін таныстыру. Й дыбысы бар сөздерге | **Сауат ашу негіздері**<br>"[й] дыбысы және Йй әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: Й дыбысы мен әрпін қайталау. Й дыбысы бар сөздерге | **Математика негіздері**<br>"Сиқырлы су" пысықтау<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың қар мен судың қасиеттері мен | **Математика негіздері**<br>Жануарлардың жұпты мен үштік топтары<br>Мақсат-міндеттер:<br>балалардың "тоғыз" | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ғ] дыбысы және Ғғ әрпі".<br>Мақсат-міндеттер: [ғ] дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру, [ғ] |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстық талдау жасай білуге үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Қар. Туынды сөздер."<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы қардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; қардың ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру; «қар», «қар ұшқыны» мысалдары, «ақшақар», «аққала» біріккен сөздер, яғни, екі түбірдің бірігуі арқылы жасалатын күрделі сөздер туралы білімдерін бекіту; судың көрінісі ретінде қардың еруі, мұздың қасиеттері туралы түсінік беру; мақалдың мысалында қардың адам өміріндегі маңыздылығын | дыбыстық талдау жасай білуге үйрету.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Сиқырлы су"<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қар мен судың қасиеттері мен ерекшеліктері жайлы білімдерін кеңейту; судың шартты өлшемі туралы ұғымдарын қалыптастыру; судың маңыздылығын түсіндіру; жылда санауға жаттықтыру; іс-тәжірибе жасау арқылы қорытынды жасай білу білігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлау, көру қабілетін, зейіндерін дамыту; ізденімпаздылыққа, тапқырлыққа, нақтылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка** | ерекшеліктері жайлы білімдерін кеңейту; судың шартты өлшемі туралы ұғымдарын қалыптастыру; судың маңыздылығын түсіндіру; жылда санауға жаттықтыру; іс-тәжірибе жасау арқылы қорытынды жасай білу білігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлау, көру қабілетін, зейіндерін дамыту; ізденімпаздылыққа, тапқырлыққа, нақтылыққа тәрбиелеуді пысықтау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Һ дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау)."<br>Мақсат-міндеттер. [-h] дыбысының | саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "тоғыз" жиын санын құрайтын элементтер түрлері жайлы түсінігін дамыту; сандардың өсу және кему нәтижелерін тұстастыру және беттестіру тәсілдері арқылы табуға үйрету.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Қысқы көріністі қайталау"<br>Мақсат-міндеттер: қалалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту.<br><br>**Музыка**<br>"Ақ тиін"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тиін туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге | дыбысына сөз, сөйлем табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету.<br><br>**Жапсыру**<br>"Аққала"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды дайын дөңгелек пішінді қағаздар арқылы аққала бейнесін құрастырып, ағаш бұтағы, қолғап, аққала бет әлпеті бейнеленген дайындамалардан аққаланы жапсыруға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Доппен жаттығулар<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тізені жоғары көтере отырып секіргіштен аттау арқылы жүру; 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндіру. Қазақ тіліндегі сөздерді мұқият тыңдауды, байқауды, «қар» сөзімен түбірлес сөздерді атауды үйрету; мнемокестелерге сүйене отырып, құрамында төрт және бес сөзге дейін сөйлемдер құрай білу дағдыларын дамыту; «қар» тақырыбына арналған өлеңдердегі сөздерді айтуға машықтандыру; «Ақшақар» ертегісіндегі мысалдар мен су туралы ақылды карта сызбасына сүйене отырып, қардың қасиеті туралы қорытынды жасауды үйрету; логикалық ойлауды дамыту. Байқағыштыққа, қызығушылыққа, достыққа, қоршаған әлемге сүйіспеншілікке | "Қысқы ойындар" Мақсат-міндеттер: балаларды әннің сөздік мазмұнын түсініп, шырқауда дауысымен эмоционалды жеткізуге ынталандыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Қысқы көрініс" Мақсат-міндеттер: қалалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту. | артикуляциясын нақтылай отырып Һ һ әрпін параққа бастырып жазуды көрсету; Һ дыбысын буында, сөзде, сөйлемнің ішінде дұрыс және анық айтуды үйрету; артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағыттауын қалыптастыру; көру және есту қабілетін дамыту, қолдың ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту; жаңылтпаш айту арқылы тіл байлықтарын арттыру, қыс мезгілі, қардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; | үйрету; әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Ақ ұлпа қар" Мақсат-міндеттер: қар жайлы білімдерін кеңейту, қардың қасиетін тәжірибе арқылы аша отырып, өзгеріске түсетінін түсіндіру. | асырып, оң қолмен лақтыруға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Н. Жанаев «Ақ қоян» өлеңін оқу. Мазмұны бойынша әңгімелесу" (қайталау) Мақсат-міндеттер: жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту, әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтуға, көргендері мен аңғарғандарын дұрыс мазмұндауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Екі тобық арасына доп қысып алып жүруді пысықтау"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды екі тобық арасына доп қысып алып жүруге үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Қонаққа келген Аққала"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қыс мезгілінде ойнатылатын ойындар туралы білімдерін тиянақтау; қысқы олимпиада ойындары туралы жалпы ұғымдар беру; ойындарға қатысу және бақылау нәтижесінде түсініктерді өздігінен айтуға үйрету. | | ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс істеуіне, өзінің сөйлеу тілін қадағалауды тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалату"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды 3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалатуға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Н. Жанаев «Ақ қоян» өлеңін оқу. Мазмұны бойынша әңгімелесу"<br>Мақсат-міндеттер: жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту, әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтуға, көргендері мен аңғарғандарын дұрыс мазмұндауға үйрету. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Серуендеуге дайындық.<br>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.<br>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | **Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту және тереңдету.<br>**Зерттеу.** Шөп өскен жерде терең қарды қазып алыңыз. Қар жамылғысының астында әлсіз жапырақтары бар, жерге басылған кішкентай жасыл өсімдіктерді көруге болады. Балаларға қар топырақтың салқындауына жол | **Қарға мен сауысқанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Сауысқан мен қарғаны салыстыруды, айырмашылықтарын табуды үйрету.<br>**Зерттеу.** Балабақша алаңынан құстардың іздерін іздеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** тұқым себуге жүйекшелерді | **Қар ұлпаларын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Ұлпақарлардың пішіні әртүрлі болатынына назар аудару; салыстыруға үйрету, танымдық белсенділікті дамыту.<br>**Зерттеу.** Қардың қайда тезірек еритінін байқау. Қолғапта ма, қолда ма? Неліктен? Қардан не пайда болады? **(зерттеу іс-әрекеті)**<br>**Ересек адамдармен** | **Қар тазартқышты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Көліктерді еңбекте қолданудың маңызы, олардың құрылымының ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту; технологияға деген қызығушылықты және ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Зерттеу.** Қар тазалайтын көлік пен жедел жәрдем көлігі екеуін салыстыру. | **Қардың түсуін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту.<br>**Зерттеу.** Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бермей, суықтан қорғайды деген тұжырымға жетелеу. **(зерттеу іс-әрекеті)** **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаштарға қар күреу. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Қамқорлыққа тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Әр түрлі аймақтарда не өседі?" (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Ағаштардың атауларын бекіту. | дайындау. Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасай білуге баулу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Пингвиндер", "Басып кетпе!"** Мақсат-міндеттер. Затты екі тізенің ортасына қысып алып, екі аяқпен секіру іскерліктерін дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Допты нысанаға лақтыру қабілетін бекіту. | **бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қардан лабиринт құрастыру. **(еңбек іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Істі соңына дейін жеткізуге үйрету; бірлесіп әрекет ету қабілетін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша зейінін және әрекет ету қабілетін дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Мұқият өт". Мақсат-міндеттер. Заттардың арасынан "жылан" секілді өту. | **(зерттеу іс-әрекеті)** **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** алаңдағы қарды тазарту және лабиринт құрастыру. Мақсат-міндеттер. Бірлесіп әрекет етуге, істі соңына дейін жеткізуге үйрету, еңбек дағдыларын тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аңшылар мен аңдар", "Ұсталма", "Тез ал, тез қой". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Моториканы нығайту; эмоционалдық саланы, ептілік пен батылдықты дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Көпірден өт".** Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтай | **тапсырмалары:** ағаштардың тамырларын қармен жабу. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасау қабілетін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Аққала ойыны". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Қар лақтыруды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | отырып жаттығу жасау. | |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты).<br>Аяқ массажы.<br>Мақсат-міндеттер: төсекте жатып, гимнастикалық жаттығуларды өздігінен жасауға машықтандыру.<br>Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** |
| **Түскі ас<br>12.50-13.10** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы<br>13.10-15.30** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары<br>15.30-.15.40** | Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу (музыка ақырын ойнайды).<br>Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** |
| **Бесін ас<br>15.40-16.00** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар. |

| | (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15 | **Дидактикалық ойын.** "Қарама-қарсы сөздер" (Заттың орналасу орны) Мақсат-міндеттер. Балалардың қоршаған адамдар, заттар мен құбылыстардың қасиеттері жайындағы білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту; эрудиция қабілеттеріне тәрбиелеу. Шарты. Балалар педагог ұсынған әрбір сөзіне қарама-қарсы сөздерді атап отыруы тиіс. - Оң жақ - (Сол жақ). - Ішінде - (Сыртында). - Төменде - | **Дидактикалық ойын.** "Ассоциациялар" (Қыс мезгілі) Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "қыс мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту. Құралдар. Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба. Қыс мезгіліне байланысты мнемокарточкалар. Шарты. Балалар қыс мезгіліне байланысты құбылыстарды, жанды және жансыз табиғатта болатын ерекшеліктерді атау керек. Педагог балалардың тақырыпқа деген | **Дидактикалық ойын.** "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары). Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды | **Дидактикалық ойын.** "Не жасырынғанын айт". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Шарты. Алғашында педагог, содан соң балалар біртіндеп жүргізушінің рөлін кезегімен атқарады. Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, нақты атауын атамайды, ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. | **Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер".** Мақсат-міндеттер. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар: доп. Шарты. Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады). Алғашқы кезеңдерде жүргізуші рөлін педагог өзі атқару мүмкін, ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін. Жүргізуші допты кезегімен әрбір балаға "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Жоғарыда).<br>- Ортасында - (Шетінде).<br>- Таязда - (Тереңде).<br>- Солтүстікте - (Оңтүстікте).<br>- Шығыста - (Батыста).<br>- Жақында - (Алыста).<br>- Оң жақ - (Сол жақ).<br>- Артында - (Алдында).<br>- Басында - (Аяғында).<br>- Соңында - (Басында).<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Спорттық жаттығу залы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Спорттық жаттығу залы туралы балалардың ұғымдарын нығайту; жаттықтырушы жайында, атқаратын | қызығушылығын ояту үшін тақпақты оқып беруі мүмкін, болмаса қыс туралы өздері білетін тақпақтарды кезекпен айтып бере алады.<br>Мысалы, А. Асылбековтің өлеңіне көңіл аударуға болады.<br>Қандай суық қыс деген?<br>Қалтырайды құс деген.<br>Құлақшынды кимесең,<br>Құлағыңды тістеген .<br>Қандай қызық қыс деген?<br>Бәрін шебер істеген.<br>Жерде, үйде, тауларда,<br>Боялған ақ түспенен.<br>Педагог көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойын барысына өтуі мүмкін. Егер балаларда қиындықтар туындап | қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады.<br>Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады.<br>Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады.<br>Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды.<br>Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б..<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Киімдер" дүкені.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың | Алғашында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым және нақтылы береді, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды.<br>Мысалы, "Бұл өсімдік, қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді", "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпал етеді".<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Кітапхана".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Кітапхана жайында балалардың түсініктерін нығайту; кітапханашының негізгі қызметін | сөздерін айтып допты қолға лақтырады.<br>Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді.<br>Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, судың астында мекен ететін жануарды атау, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жануар, жәндікті атау.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Ойыншықтар" дүкені".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың "Ойыншықтар" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Спорт киімдері, ойыншық спорттық жабдықтар немесе макеттері.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде спорттық жаттығулардың маңызы, жаттықтырушы қызметінің мәні туралы суреттер, бейнежазбалар бойынша әңгімелейді.<br>Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай атқарып (тұтынушыны түрлі жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай жабдықтарды | жатса, қыс туралы суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, көз алдынан алып қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоциацияларды айтуға ұсына алады. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Аурухана".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, | "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар.<br>Шарты.<br>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкен жайында | анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Кітаптарға сөрелер, әртүрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде кітапхана жұмысы, кітапханашы қызметінің мәнін білдіретін суреттер бойынша әңгімелейді, үлкен кітапханалар жайында бейнежазбаларды, фотосуреттерді тамашалайды.<br>Балалар кітапханашы жұмысын қалай атқарып (оқырманнан берілген кітап үшін | мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелеу.<br>Құралдар: сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары.<br>Шарты.<br>Сатушы өз қалауы бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон) ойыншықтарды бірін таңдап, өз қалауларын айтып жатады. Сатушы ойыншықтарды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға тауардың ұтымды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұсынатыны, тұтынушының қандай таңдау жасайтыны туралы біліп алуы тиіс. Міндетті түрді спорттық жабдықтардың атауларын айтқызу керек (штанга, гір, жүгіру жолы, созу жабдықтары), балалар ойын барысында осы сөздерді еркін қолдана алады. Ниетін білдірген бірнеше бала жаттықтырушы рөлін атқарады, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады. Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып | сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар. Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді. Шарты. Педагог дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында әңгімелесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, | суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататынын, киімдердің сыртқы киім, маусымдық киім және ішкі киім болып бөлінетіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтіктеліп, сатып алушыға әдемі күйінде ұсынылуы керектігі жайында да айтылу тиіс. Сатушы немесе бірнеше сатушы өз қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтайды, сатып | карточканы алу, толтыру), қандай құралдарды қолданатыны, оқырманның міндеті мен құқысын қалай іске қосуға болатынын біліп алуы тиіс. Балалардың арасынан кітапханашылар (өз қалауымен) таңдалады немесе санамақ қолданылады. Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге | жақтарын айтып, оны "сатады". Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денең шымыр болу үшін, ерінбей жаттығу жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек.<br>Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер | алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтып, оларды сатады.<br>Ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгіленген жерде киімдерді кигізіп көреді.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік | қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі шарттың бірі - тыныштық сақтау, қатты сөйлемеу; тағы бір шарт - кітаптарды тазалықта ұстау, оқып болғаннан кейін кітапханаға қайтару.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ететінін анықтайды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс<br>16.15-16.30** | **Жаңылтпаштар айтқызу.**<br>Аппақ, аппақ, бәрі аппақ,<br>Ақ қар аппақ, бәрі аппақ.<br>Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ.<br>Ақ сүт, айран, қант та аппақ.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)** | **"Ненің құйрығы?"**<br>Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып қалғанын көрді. Қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлар мұңайып қалды. Қасқырдың | **"Сәйкесін тап"ойыны.**<br>Үстел үсті ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | **Дайын суретті бояу тапсырмасы.**<br>Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады.<br>**(сурет салу)** | **"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" сұрағына жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын және т.б..) **(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет)** | | | |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 16.50-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тағамның атауын еске сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыс қызығы тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | Ата-аналармен әңгімелесу «Жыл мезгіліне сай балалардың киінуі. | Әкелермен әңгімелесу: «Бала тәрбиесінде кімнің орны басты рөл атқарады?» | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Кеңес: «Ойын – баланы дамыту құралы». | Экологиялық қайырымдылық шарасы «Гүл отырғызайық». Ата-аналармен топ бөлмесін безендіру. |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** **«»** мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 16.01 - 20.01.2023 | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Ата-аналарға "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" тақырыбында кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге |

| | |
|---|---|
| | бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.<br>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу. | «Қайрымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. | Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу. |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** **«»** мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 06.02 - 10.02.2023 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 06.02.2023 | 07.02.2023 | 08.02.2023 | 09.02.2023 | 10.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Ата-аналармен "Балаңызбен қыста серуендеуді қалайша жағымды және пайдалы етуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".** Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: | **"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".** Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпті сақтауға деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпті ұстау: жуу, кептіру, сүрту және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталануға, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **Санамақ.**<br>Жиналған соң достары<br>Қазтай өзі басқарды,<br>Қызықты ойын басталды:<br>Бірі болды бақшашы,<br>Екіншісі - егінші,<br>Үшіншісі - бақташы,<br>Төртіншісі - теңізші,<br>Бесіншісі - балташы<br>Алтыншысы - аспазшы<br>Жетіншісі - жылқышы | **Диалогқа негізделген сөзді-рөлдік жаттығу. «Не істейді?»**<br>Педагог балаларды жұптарға бөледі.<br>Педагог:<br>- Білесіңдер ме, балалар, мамандар кімдер үшін жұмыс істейді? Әрине, балалар, дұрыс айтасыңдар!<br>Адамдар үшін қызмет етеді. | **Жаттығулар**<br>Күні бойы, күні бойы,<br>Күні бойы, күні бойы,<br>Біздің қыздар секірді,<br>Оң аяқпен секірді,<br>Сол аяқпен секірді,<br>Алға қарай секірді,<br>Артқа қарай секірді,<br>Айналдыра секірді,<br>Айналдыра секіргішті<br>Биікке де секірді. | **Диалогтар ойыны. "Мамандықтар туралы жұмбақтар".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау, тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Шатаспай есте сақта" үстел үсті ойыны.**<br>Барысы.<br>Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, машина, ат, әтеш т.б.).<br>Педагог: "Қазір мен сендерге бірнеше сөзді оқимын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сегізінші - сырнайшы,<br>Тоғызыншы - тігінші<br>Оныншысы - орманшы.<br>Ермек Өтеутілеуов.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | - Қазір біз жұптарға бөлінеміз: бірің - мамандық иесі, екінші біреуің - тұтынушы боласыңдар.<br>- Мамандық иелері тұтынушының тілегін орындайды.<br>- Мысалы, ол дәрігер болса, емделушіні емдеу керек.<br>- Аспаз болса, онда не істеу керек? (Тұтынушыға тамақ дайындау керек.)<br>- Мұғалім болса, онда не істеу керек? (Оқушыны оқыту керек.)<br>- Шаштараз болса, онда не істеу керек? (Тұтынушының шашын қию керек.)<br>Жарайсыңдар!<br>Әрқайсы бетпердені киіп, сәйкес мамандықтың құрал-жабдықтарын алады:<br>- дәрігер - дәрігер | Екі саусақты кезек-кезек алға, артқа, солға, оңға секіртіп, үстел үстінде орындалатын жаттығу.<br>**(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | Алдарыңдағы суреттерге қарап, мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап алыңдар да, оны бөлек жерге қойыңдар", - деп нұсқау береді. Бірінші сөз оқылады. Балалар суреттерді таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала педагог айтқан сөзді қайталап, өз заттарының ішінен байланыстыратын суретті алып, есінде сақтауы қажет.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (бетпердесі), тонометр, дәрумендер сауыты;<br>- шаштараз - шаштараз (бетпердесі), ойыншық қайшы мен тарақ;<br>- аспаз - аспаз (бетпердесі), ойыншық пышақ, тақтайша, ойыншық көгөністер, мескей.<br>- мұғалім - мұғалім (бетпердесі) - әріп карточкалар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | ***Жалпы дамыту жаттығулары (арқанмен)***<br>1 - басты оңға ию, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға ию, 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - басты оңға бұру, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұру, 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - жоғарыға қарау, 2 - бастапқы қалып; 3 - төменге қарау, 4 - бастапқы қалып; 2 рет қайталау<br>2. бастапқы қалып: аяқ бірге, арқан төменде<br>1 - арқанды алға ұстау, 2 - жоғарыға көтеру, 3 - алға, 4 -бастапқы қалып; 4 рет қайталау<br>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда<br>1 - оң жаққа иілу, 2 - бастапқы қалып; 3 - сол жаққа иілу,<br>4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқанды алға ұстау<br>1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау<br>5. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда<br>1 - тізені бүкпей арқанды жерге қою, 2 - қол белде, аяқ алшақ тұру, 3 - тізені бүкпей арқанды алу, 4 - бастапқы | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалып; 4 рет қайталау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас<br>09.00-.09.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>***Бата беру***<br>Сұрасаң бата берейін<br>Үстем болсын мерейің<br>Ықыласпен қол жайсаң<br>Көп тілекті төгейін<br>Дастарханың мол болсын<br>Уайым қайғың жоқ болсын<br>Сұраганың алдыңнан<br>Іздемейақ көп болсын<br>Әумин<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық<br>09.20-09.30** | «Мен кім болып, қайда жұмыс істейтінімді тауып көрші?»<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | Мамандықтарға байланысты дидактикалық ойындар ойнау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | Менің арманымдағы мамандығым.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | "Алуан-алуан кәсіп" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-<br>әрекет<br>09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ә] дыбысы және Әә әрпі".<br>Мақсат-міндеттер: [ә] дыбысын және Ә әрпімен таныстыру. | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ә] дыбысы және Әә әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: [ә] дыбысын және Ә әрпін қайталау. Ә дыбысынан | **Математика негіздері**<br>"Үй шаруасына қалай көмектесуге болады?"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың он саны | **Математика негіздері**<br>"Үй шаруасына көмектесеміз" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың он | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ж] дыбысы және Жж әрпі".<br>Мақсат-міндеттер: [ж] дыбысын және Ж әріпін таныстыру. Артикуляция |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>"Мамандықтар жайында диалогтар".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту; қазақ тіліндегі "Қызықты мамандықтар" әңгімесінің мазмұнымен таныстыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Түрлі биіктіктегі заттардан қос аяқтап секіру"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі биіктік деңгейдегі заттар арқылы қос аяқтап секіруге үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Мамандықтар"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әртүрлі мамандықтар жөніндегі білімдерін | басталатын сөздерді анықтау.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Балықтың салмағын өлшеу" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шартты өлшемнің көмегімен (таразы) заттардың салмағын өлшеуді меңгерту; заттарды салыстыру арқылы ауыр және жеңіл екендігі жайлы түсінік беру.<br><br>**Музыка**<br>"Комбайншы"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың комбайыншы туралы әнді тыңдап, әннің сипатын ажырып, ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білу қабілетерін дамыту. | туралы ұғымдарын дамыту, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; он жиын санын құрайтын элемент түрлері жайлы түсініктерін жетілдіру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"[М] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)".<br>Мақсат-міндеттер: [М] дыбысының артикуляциясын нақтылау, М дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Кірпіштерден жерге қос аяқтап секіру жаттығулары"<br>Мақсат-міндеттер: балаларда доптан аттап бір жанымен | көлеміндегі сандар туралы түсініктерін дамыту, оны тану, атай білу цифрларды дұрыс атап, ажырата білу іскерлігін жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"«Құмырсқа қанағаты» ертегісі" (қайталау)<br>Мақсат-міндеттері: ертегіні оқып беру арқылы балаларға қанағатшыл деген мағынаны түсіндіру.<br><br>**Музыка**<br>"Бағдаршам"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білуге үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Кішкентай зерттеушілер"<br>Мақсат-міндеттер: әр | бойынша Ж дыбысын дұрыс айтуға үйрету.<br><br>**Жапсыру**<br>"Цирк қызметкерлері"<br>Мақсат-міндеттері: қағазды бүктеу әдісі арқылы жұмыс жасау дағдыларын дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Заттар үстіне және олардан жерге секіру эстафеталары"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұзын секіртпемен қос аяқтап секіру; допты бір қолмен еденнен ыршытып, қос қолмен қағып алуға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Бала - біздің болашақ» Қ. Аманжолов" (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: өлеңінің мазмұнын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңейту; топта жұмыс істеу дағдысын жетілдіру, ғылыми терминдер мен сөздерді сөйлеуде қолдануды үйрету. | **Сөйлеуді дамыту** "«Құмырсқа қанағаты» ертегісі" Мақсат-міндеттері: ертегіні оқып беру арқылы балаларға қанағатшыл деген мағынаны түсіндіру. | жүру; жылдамдыққа, кегльдер арасымен жүре отырып, жүрумен алмастыра отырып 100-120 м қашықтыққа жүгіру; орындықтан еңбектеп өтуді жүрумен алмастыру дағдыларын дамыту.<br><br>**Көркем әдебиет** "Бала - біздің болашақ» Қ. Аманжолов" Мақсат-міндеттер: өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңнің әр шумағын дауыс ырғағын келтіре отырып қайталау, жаттату. | түрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру; мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып, олардың маңыздылығы туралы білім беру. | ашу, өлеңнің әр шумағын дауыс ырғағын келтіре отырып қайталау, жаттату. |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | **Қарлы боранды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті,** | **Суықторғай мен самырқұсты салыстырмалы бақылау. (қарым-** | **Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті,** | **Күнді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-** | **Қарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **таным іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Желді ауа райындағы қардың қозғалысы туралы түсінік беру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** желді қарауға арналған айналмалы бағыттаушыны жасау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Бірлесіп шығармашылық жұмыспен айналысу қабілетін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Ұшақ".** Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру қабілеттерін дамыту; епті, жылдам болуға тәрбиелеу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене** | **қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Құстарға деген танымдық қызығушылықты тәрбиелеу; суықторғай мен самырқұсты салыстыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** тайғақ жолдарға құм шашу. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. **Еңбексүйгіштікке, ересек адамдармен бірге орындайтын қарапайым еңбек тапсырмаларын орындауға ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар", "Жемшашарлар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. | **таным іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін анықтай алу іскерліктерін жетілдіру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (төбешіктерді және жолдарды қардан тазалау) **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Сыпырғышты дұрыс қолдана білуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар және жаңбыр", "Мысықтар мен тышқандар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу. **Өзіндік еркін ойын** | **әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Күннің шығуы туралы білімдерін дамыту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (жолды қардан тазарту). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Басталған жұмысты соңына дейін жеткізуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қояндар", "Құстар мен мысықтар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Ережелерді сақтау арқылы ойнауды үйрету; ептілікті, зейінді дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жоғары лақтыр". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Допты жоғары | **әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Қардың қасиеті туралы балалардың білімдерін толықтыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауладағы қарды тазарту.) Мақсат-міндеттер. Жолдарды тазартуға нұсқау беру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары", "Жалауға кім тезірек жүгіреді?" (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Нақтылықты, ептілікті, жылдамдықты, тапқырлықты дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Кім жоғары секіреді?" (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Бір жерде тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді үйрету. | Әртүрлі бағытта жүгіруге жаттығулар жасау және белгі бойынша әрекет ету іскерліктерін дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Шаңғымен сырғанау дағдыларын жетілдіру. | **әрекеттері: "Секіргіштер". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды алға қарай секіруге үйрету. | лақтырып, оны қағып алуға үйрету; зейінді дамыту. | Биіктікке секіруге үйрету, күш пен ептілікті дамыту. |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас 12.50-13.10** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>***Бата беру***<br>Сұрасаң бата берейін<br>Үстем болсын мерейің<br>Ықыласпен қол жайсаң<br>Көп тілекті төгейін<br>Дастарханың мол болсын<br>Уайым қайғың жоқ болсын<br>Сұрағанның алдыңнан<br>Іздемейақ көп болсын<br>Әумин | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы<br>13.10-15.30</td><td colspan="5">Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</td></tr>
<tr><td>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары<br>15.30-.15.40</td><td colspan="5">Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.<br>Көркем сөз<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Лақтарша біз ойнақтап,<br>Тастан - тасқа секіріп,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Бесін ас<br>15.40-16.00</td><td colspan="5">Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.15</td><td>Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне</td><td>Дидактикалық ойын. "Логикалық жұптар" (Мамандық иелеріне қажетті құралдар).<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың мамандық иелерінің қандай құралдарды қолданатыны жайындағы білімдерін пысықтау; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;</td><td>Дидактикалық ойын.<br>"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі ертегінің кез келген кейіпкерінің айтылған сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстыра сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту,</td><td>Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын</td><td>Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?"<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың мезгілдерге тән құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға кез келген жыл</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгіліне тән құбылыс, зат, жан-жануар салынған суреттер.<br>Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін, мысалы, "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Қар қалың жауса да, бізге шанамен сырғанауға болады", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды".<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Сұлулық салоны".**<br>Мақсат-міндеттер. | мамандық иелеріне деген құрмет сезіміне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Мамандық иелері мен олардың құралдары салынған сурет-карточкалар.<br>Шарты.<br>Балалар әрбір мамандық иесіне қажетті құрал түрін таңдап, логикалық жұптарды құрастыру керек.<br>Жұптар мына сияқты болуы мүмкін: балташы - балға; суретші - палитра және қылқалам; мұғалім - көрсеткіш; капитан - штурвал; бақташы - кетпен; кірпіш қалаушы (құрылысшы) - кірпіш; жүргізші - руль, т.б..<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-** | сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.<br>Құралдар. Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Аспазхана".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік сақтау, | айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз өнерін көрсетіп, айыбын өтейді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Үй құрылысы".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа | мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті.<br>Балалар құбылыстың қайдан пайда болатынын, оның жыл мезгіліндегі ерекшелігін түсіндіруде ойларын толық қандыашып берулері тиіс.<br>Жыл мезгіліне тән кез келген табиғат құбылысы жайындағы көркем сөзді мысалға келтірген балалардың жауаптары үлгі болып саналады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Киім тігу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың түсінігінде сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және модельдері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына | **әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Мектеп".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Адамның білім алуына мектептің қандай маңызы барын балалармен бірге анықтау; мұғалімнің қызметі жөніндегі жалпы ұғымдарды тиянақтау; "сабақ", "үзіліс", "тақта", "үй тапсырмасы", "қоңырау", "сынып журналы", "күнделік" сөздерінің мәнін ойын барысында анықтау; оқу құралдарын пысықтау; нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту; тәртіптілікке, төзімділікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. | тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, оны ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп алдымен аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін тағамдар әзірлеу қызметінің маңызы туралы әңгімелеседі. Бұл кезде суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп | тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Құрылыс материалдар, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар).<br>Шарты.<br>Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпішті қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды; өздеріне қажет киім және құралдарды | **шеберханасы".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың түсінігінде киім тігу шеберханасы ұғымын бекіту; ойын барысында дизайнер, киім үлгісін пішуші маманы, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандықтардың киім тігу шеберханасында қандай орын алатыны туралы түсініктерін тиянақтау; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін; төзімділікке, еңбексүйгіштікке, адамның еңбегін қадірлеу қабілетіне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Ілмектер, ойыншық тігін машинасы, ойыншық қайшы, ойыншық үтік, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолданатын таңбалауыштар.<br>Шарты.<br>Педагог ойын алдында балалармен сұлулық салонынды қызмет ететін шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші жайында әңгімелесіп, суретімен татанысады, дәріханада қызмет ететін мамандар туралы балалармен дайындық жұмысында әңгімелеседі. Балалар сұлулық салонында қандай маман қандай құралдарды қолданатынын түсіндіреді.<br>Балалар сұлулық салонында қызмет ететін мамандарды таңдайды немесе санамақты қолданады; мамандар өздеріне қажет киім және құралдарды | Үстел мен орындықтар; оқу құралдары, тақта, бор, көрсеткіш; педагогтің сынып журналы, күнделіктер.<br>Шарты.<br>Дайындық жұмысы ретінде балаларды мектепке эскурсияға ертіп апаруға болады. Педагог балалармен бірге мектеп туралы суреттерді, кинофильмдерден (мысалы, "Менің атым Қожа") үзінділерді алдын-ала қарап, мұғалім мен оқушылар жайында әңгімелеседі, мектептегі тәртіптің балабақшадағы тәртіпке ұқсамайтыны туралы айтады.<br>Алғашында мұғалімнің рөлін педагогтің өзі ойнауы мүмкін, содан соң рөлді | жатады.<br>Балалардың рөлдерді ойнауға қалауын білдірулері ескеріледі, содан соң санамақ амалы қолданылады.<br>Сонымен қатар, педагог балалармен бірлесіп ұсынылатын белгілі тағамдардың тізімдерін, мәзірді жасайды. Ол үшін педагог және балалар кешкі уақытта түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алады, ойында қолданады.<br>Педагог адамдардың келуі алдында (балалар орындарында отырып) қызметкерлердің жұмысын бақылайды.<br>Барлық тағамдар әзірленген кезде балалар (тұтынушылар) | алып, орындарына барады.<br>Педагог балалармен бірлесіп, ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Содан соң балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіштерді қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып жатады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>Қорытынды ретінде педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс мамандарының ақылдасып, жоспар | жіптер, мата үлгілері, бор, сызғыш, қарындаш, сәнді киімдердің суреттері басылған журналдар, киім үлгілерінің сызбалары.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, киім тігу шеберханасы туралы суреттерді қарайды, бұнда қызмет ететін мамандардың еңбегі жайында әңгімелеседі; түрлі сән журналдарын, сәнді киімдерді көрсету туралы бейнежазбаларды көреді, бәрін зерттейді.<br>Балалар дизайнер, киім үлгісін пішуші маман, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандарға бөлінеді, қолдарына қажетті жабдықтар алып, орындарына отырады.<br>Қалған балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алып, орындарына барады; балалардың қалғаны тұтынушылар болады.<br>Педагог мамандарға өз орындарын дайындап отыру жайында, ал тұтынушылар өз мұқтажын сөзбен дұрыс айтып немесе журнал бетін көрсетулері керектігін айтады.<br>Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюға жаттықтырады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | қалаған балаларға тапсыра алады.<br>Ойынның соңында мектепте үздік оқу үшін ізденімпаздық, төзімділік, ынта, тәртіпке бағыну сияқты қасиеттердің қажеттілігі жайында айтып, қорытынды жасауға болады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | тамақтану залына шақырылады.<br>Даяшы келген тұтынушыларға мәзірді ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз тағамды әзірлеуді көрсетеді.<br>Даяшы балаларға тағамды әкеліп береді, балалар "төлемді" жасайды.<br>Балаларға "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айтқызу керек, балалар сол сөздерді пайдаланады.<br>Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды.<br>Адамдарды дәмді тағамдармен тамақтандыру үшін, аспазхана қызметкерлері көп | бойынша жұмыс істеуі керектігі; үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігі айтылады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | тұтынушылар болып, сән журналынан өздеріне киім үлгісін, тігіншімен бірге мата үлгісін таңдайды.<br>Алғашында педагог ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қояды, өзі журналист ретінде ойынға қатысып жүреді.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның әдемі киімді киім жүруі үшін көптеген мамандар еңбек етеді, еңбекті қадірлеу керек; ал еңбекте өте төзімді және шебер болу қажет.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | еңбектенетінін айту. Ойында"рақмет" пен "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында тыныштық сақтау, асықпай тамақтану, құралдарды дұрыс пайдалану, қоғамдық орындарда тәртіпке бағыну. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | **әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30** | **Шекербек Садыханов. "Құрылысшы".** Қолда темір қалағы, Саздан сарай қалады. Алматыдан аумайтын, Әсем қала салады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Аспаз боламын" Мақсат-міндеттер: балаларды кейіпкерлерге тән бөліктерді (құлақ, аяқ,) пропорцияны сақтап, қарапайым тәсілдерді домалату, қырнауыштың көмегімен басу, жалпайту, есу, созу пайдаланып, бөліктерін | **"Зейінді бол" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу. **(танымдық іс-әрекет)** | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Қысқы ағаш" Мақсат-міндеттер: балаларды қағазды түтік тәріздес етіп айналдыру арқылы қысқы ағашты құрастыруды үйрету. **(шығармашылық іс-әрекет)** | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Капитанның кемедегі саяхаты" Мақсат-міндеттер: балаларды көп қабатты кеменің суретін салуға үйрету; кеменің пішінінде корпусы, палуба, каюталар қатары сияқты құрылым бөлшектерін үйлесімді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құрамдастырылған тәсілмен біріктіре отырып аспазшы маманың мүсіндеуге үйрету. **(шығармашылық іс-әрекет)** | | | орналастыру іскерлігін дамыту. **(шығармашылық іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 16.50-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>***Бата беру***<br>Сұрасаң бата берейін<br>Үстем болсын мерейің<br>Ықыласпен қол жайсаң<br>Көп тілекті төгейін<br>Дастарханың мол болсын<br>Уайым қайғың жоқ болсын<br>Сұраганың алдыңнан<br>Іздемейақ көп болсын<br>Әумин<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); коректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.<br>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | Ата-аналарға кеңес. «Ұялшақтықты қалай жеңуге болады?» | «Баланың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру» атты кеңес. | Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | Психолог кеңесі. "Баланың сөйлеу тілін қалай дамытамыз?" | "Өзге қалаларға саяхат" тақырыбында фотокөрме ұйымдастыру. |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** **«»** мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **13.02 -17.02.2023** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 14.02.2023 | 15.02.2023 | 16.02.2023 | 17.02.2023 | 18.02.2023 |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Балалардың балабақшадағы тамақтану және ұйықтау әдебі, меңгерген дағдылар жайлы ақпарат беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Өсімдіктерді құнарландыру".** Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің коректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауға үйрету: | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. **(еңбек іс-әрекеті)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру).** Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдап, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сүйеніп,<br>өсімдіктердің<br>топырағын<br>құнарландыру<br>қажеттілігі туралы<br>айту, нақты іс-<br>әрекетпен көрсету.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | жеңді түру,<br>шүберекті сулау<br>және құрғатып сығу,<br>ластанған кезде оны<br>сумен шаю.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | | дұрыс пайдалану,<br>майлықтарды<br>пайдалану).<br>Кітаптарға ұқыпты<br>қарауға, жұмыс<br>істеуге, тәртіпті<br>сақтауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | еңбекке ұқыпты<br>қарауға тәрбиелеу;<br>өзіне-өзі қызмет<br>көрсету бойынша<br>дербестігі мен<br>дағдыларын дамыту.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **Үстел үсті ойын.**<br>**"Жартысын тап".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Зейінін дамыту,<br>байқампаздыққа<br>үйрету.<br>Балалар тұрмыстық<br>техниканың жарты<br>бөлігін табады.<br>**(қарым-қатынас іс-**<br>**әрекеті, таным іс-**<br>**әрекеті, зерттеу іс-**<br>**әрекеті)** | **"Үйдегі жиһаздар"**<br>**дидактикалық**<br>**ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Үй ішіне қажетті<br>жиһаздардың жеке<br>бөліктерін сөзбен<br>дұрыс айтуға<br>үйрету; бөлменің<br>ішіндегі жиһаздар<br>туралы айта білуге<br>жаттықтыру;<br>жиһаздары күтуге<br>тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас**<br>**іс-әрекеті, таным**<br>**іс-әрекеті, зерттеу**<br>**іс-әрекеті)** | **"Ұқсайды –**<br>**ұқсамайды"**<br>**заттармен**<br>**ойналатын ойын.**<br>Дидактикалық<br>міндеті.<br>Балаларды заттарды<br>салыстыруға түрі,<br>түсі, формасы,<br>көлемі, материалы<br>бойынша<br>ұқсастықтарын<br>байқауға үйрету;<br>байқағыштығын,<br>ойлауын, тілін<br>дамыту.<br>Ойын ережесі.<br>Екі затты алып,<br>оның<br>ұқсастықтарын<br>көрсету іскерлігі.<br>Кімді көрсетсе, сол<br>жауап береді.<br>Ойын әрекеттері: | **"Біздің**<br>**көмекшілеріміз**<br>**кім?" үстел үсті**<br>**ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ересектердің<br>жұмысын<br>жеңілдететін<br>тұрмыстық заттар<br>туралы балалардың<br>білімдерін бекіту.<br>**(қарым-қатынас**<br>**іс-әрекеті, таным**<br>**іс-әрекеті, зерттеу**<br>**іс-әрекеті)** | **Санамақ**<br>Санамақтың сан<br>түрін,<br>Кәне, біздер<br>санайық!<br>Онға дейін санды<br>біз<br>Қолымызға алайық!<br>Бір,екі, үш<br>Таңдайықшы түс.<br>Төрт,бес, алты<br>Тату доспыз жалпы.<br>Жеті, сегіз, тоғыз<br>Мынау - қоңыр<br>қоңыз,<br>Мына саным-он,<br>Қыста кием тон.<br>**(қарым-қатынас**<br>**іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұқсас заттарды іздеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | **Жалпы дамыту жаттығулары (лентамен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - 4 - лентаны екі қолдарымен ақырын жоғары көтеріп, саусақтарын қимылдату арқылы лентамен толқынды қимылдар жасайды; 5 - 6 - ленталарды қолымен тік ұстап, бір жанына екі шеңбер жасайды; 7 - 8 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары жанында.<br>1 - оңға бұрылу, сол қолын оң қолына тигізу; 2 - бастапқы калыпқа келу; 3 - 4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. 5 - 8 - лента ұстаған қолдарымен саусақ бастарын қимылдата отырып, аяқтың ұшымен өзін айнала адымдау бұру; 9 - 10 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын жанына жіберу.<br>1 - аяқты түзу ұстап, бір жанына қарай бұру, осы қимылмен бірге лента ұстаған қолды төмен түсіріп, айқастырып қою; 2 - бастапқы қалып; 3 - 4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығуды жасау кезінде аяқты бүкпей, тік ұстау керек (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - 3 - алға сәл иіліп, еңкею, қолды алдына түзу ұстап, лента ұстаған қолдарының саусақтарын қимылдатып, ленталарды толқындату; 4 - тез тіктеліп, лента ұстаған қолдарын артына жіберу; 5 - 6 - бастапқы қалып (жаттығу 8 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын артына түзу ұстау.<br>1 - тізені бүге отырып, аяғын алдына қойып, лента ұстаған қолдарын толқындатып, жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалып; 3 - 4 - келесі аяғымен жаттығуды қайталау (жаттығуды әр жағына 5-6 реттен қайталау).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. 1- 4 - лента ұстаған қолдарын оңға - жоғары, солға - төмен қимылдата отырып, өзін айналу; лентамен толқынды қимылдар жасау; 5 - 6 - бастапқы қалып (жаттығуды 4-5 рет қайталау).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - оң қолын жоғары, сол қолын артқа жіберу; 2 - қолдарын алмастырып, жаттығуды қайталау; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 8-10 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 8. Тыныс алу гимнастикасы.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| | **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; қайың мен тау гүліне апаратын жолды тазарту.) **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйіңді тап", "Балапандар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Шеңберге секіруді және бұйрық бойынша секіруді үйрету, өз үйлерін табу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** секіруге үйрету, тепе-теңдікті дамыту. **(дене** | **тапсырмалары** (қуыршақтарды шанамен сырғанату үшін қарды бір орынға жинау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойыны: "Қоймадағы тышқандар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Ептілікті дамыта отырып, доғаға тигізбей жорғалап жүруді үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,** секіруді үйрету, тепе-теңдікті дамыту. **(дене шынықтыру)** | (жолдарды сыпырғышпен сыпыру.) **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Жұмыс тапсырмаларын орындауға жаттықтыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы", "Қояндар мен қасқырлар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Өрмелеу, баспалдақтан секіру, жүгіру жаттығулары. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, моториканың дамуына ықпал ету** (жүгіру, секіру, қарды нысанаға лақтыру). **(дене шынықтыру)** | (құрылыс жасау үшін қарды бір жерге жинау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Тапсырманы жақсы орындауға үйрету; еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қақпан", "Қарға мен ұя". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша тез жауап бере отырып, бүкіл учаске бойынша жүгіруге үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Шанаға отырып, аяқпен итеріліу арқылы жалаушаға жылжуды үйрету. | **тапсырмалары** (жолдан ұжым болып қарды тазалау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасау қабілетін бекіту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйсіз қоян". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,** жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту. **(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шынықтыру)** | | | | |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас<br>12.50-13.10** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>*Салт-дәстүр. Ауыз тию*<br>Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы<br>13.10-15.30** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары<br>15.30-.15.40** | Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.<br>*Көркем сөз*<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Лақтарша біз ойнақтап,<br>Тастан - тасқа секіріп,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас<br>15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аудárту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15 | **Дамытушы жаттығу. "Тыныс алуды реттеу".** Мақсат-міндеттер. Балаларды санау ырғағына сай тыныс алуға жаттықтыру; балалардың тыныс алу жүйесін нығайту, салмақтылыққа тәрбиелеу. Шарты. Педагог жаттығуды алдымен белгілі ырғақпен санап отырады, балалар санау реті бойынша демді мұрынмен ішке тартып, ауызбен қайта шығарады. Балалардың тыныс алу реті қалыптасқаннан кейін педагог санауды жылдамдатып, балаларға жиі тыныс алудың жаңа үлгісін ұсынады. Тағы бір амал ретінде ақырын санауға болады. Бұл | **Дидактикалық ойын.** "Дұрыс па? Бұрыс па?" (Сын есім арқылы сипаттау) Мақсат-міндеттер. Балаларға белгілі жан-жануарлардың (адамның, құбылыстың) қасиеттерін сын есімдермен сипаттауды тыңдатып, сипаттаманың дұрыстығын немесе бұрыстығын анықтау; дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Алма текше емес, шар", | **Дамытушы ойын.** "Қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айт". Мақсат-міндеттер. Балалардың геометриялық пішіндерді ажырату, санау қабілеттерін, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі геометриялық пішіндерден құрылған бейнелердің сызбалы суреттері. Шарты. Балалар түрлі геометриялық пішіндерден құрылған суреттерге кезегімен қарап, қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айту керек. | **Дамытушы жаттығу.** "Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау". Мақсат-міндеттер. Балаларды көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту. Шарты. Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың біріне кезекпен тұрып тепе-теңдікті сақтау. Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікте тұру ұзақтығын реттеу керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік** | **Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".** Мақсат-міндеттер. Сандар тізбегі жайындағы балалардың білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның "көршілерін" немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кезде балалардың<br>тыныс алуының<br>тереңдігін қадағалау<br>керек.<br>Жаттығуды<br>барысында белгілі<br>санамақты, тақпақты,<br>әнді айтқызу арқылы<br>ұйымдастыруға<br>болады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Отбасы мүшелері<br>жөнінде балалардың<br>ұғымдардын<br>нығайту; отбасы<br>мүшелерінің<br>әрқайсының рөлі<br>туралы ойларын<br>пысықтау; үлкенді<br>құрметтеу,<br>жақынына<br>сүйіспеншілік | "қар ыстық емес,<br>суық", "туған күнде<br>көңіл-күй мұңлы<br>емес, көңілді<br>болады", "ағаштың<br>діңгегі өскенде<br>жіңішке емес, жуан<br>болады", т.б..<br>Педагог<br>тапсырмаларды тек<br>жануарларға немесе<br>тек құбылыстарға<br>байланысты бере<br>алады. Бұл ойынның<br>нұсқалары көп.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Дәріхана".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың дәріхана<br>қызметкерлері<br>(фармацевт,<br>провизор)<br>мамандықтары<br>жайында ұғымдарын | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Аурухана".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың<br>түсінігіндегі<br>медициналық<br>мамандықтар (бала<br>дәрігері, тіс дәрігері,<br>ЛОР-дәрігер, хирург,<br>мейірбике) жөнінде<br>ұғымдарды нығайту;<br>медициналық<br>қызметкерлердің<br>ауруханада<br>атқаратын рөлі неде<br>екендігін анықтау;<br>еңбекқорлыққа,<br>сыпайылыққа,<br>салауатты өмір<br>салтына тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Медицина<br>мамандарына қажет<br>заттар мен құралдар; | **ойын.**<br>**"Спорт залы".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың<br>спорттық жаттығу<br>залы туралы<br>ұғымдарын нығайту;<br>спорт<br>жаттықтырушысыны<br>ң атқаратын рөлі<br>неде екендігін<br>анықтау;<br>тәртіптілікке,<br>салауатты өмір<br>салтына тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Спорт киімдері,<br>ойыншық спорт<br>жабдықтары немесе<br>макеттері.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен<br>бірлесіп дайындық<br>жұмыстарында<br>спорттық<br>жаттығулар,<br>жаттықтырушы<br>қызметінің мәнін<br>суреттер,<br>бейнежазбаларды<br>көрсету арқылы<br>әңгімелейді. | **емхана".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың<br>ветеринарлық<br>емханада қызмет<br>атқаратын жануар<br>дәрігері, мейірбике,<br>күтуші жөнінде<br>ұғымдарды нығайту;<br>медициналық<br>қызметкерлердің<br>емханада атқаратын<br>рөлі неде екендігін<br>анықтау;<br>еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген<br>аяушылыққа,<br>қамқорлыққа<br>тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Ветеринарлық<br>емхана<br>қызметкерлеріне<br>қажет заттар мен<br>құралдар; ақ<br>халаттар,<br>перчаткалар;<br>емханаға қажет<br>жиһаз, сөмкелер;<br>ойыншық жануарлар<br>және құстар.<br>Шарты. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сезімдеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері.<br>Шарты.<br>Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог балалармен бірге күн тәртібіндегі қандай оқиғаны ойнау қажет екендігін анықтап алады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің | тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Ойыншық дәрі-дәрмектер.<br>"Дәріхана" сөмкелері; ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданылатын таңбалауыштар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде әңгімелеседі.<br>Балалар фармацевт, провизор сияқты мамандардың міндеттерін, дәріханада қандай дәрі-дәрмектер болатынын, медициналық көмек жасау үшін қандай құралдардың сатылатынын | ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар.<br>Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді.<br>Шарты.<br>Педагог дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында әңгімелесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек.<br>Балалар өздеріне ұнайтын | Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай атқарып (түрлі жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай жабдықтарды ұсынатыны, тұтынушының қандай таңдау жасайтыны туралы біліп алуы тиіс.<br>Міндетті түрді спорттық жабдықтардың атауларын айтқызу керек (штанга, гір, жүгіру жолы, созу жабдықтары), балалар ойын барысында осы сөздерді еркін қолдана алады.<br>Балалардың арасынан ниетін білдірген бірнеше бала жаттықтырушы рөлін ойнайды, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады. | Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде ветеринардың жұмысы жайында суреттерді қарап, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін естеріне түсіріп, оқиды, сондай-ақ ветеринарлық емхана жайында әңгімелесу керек.<br>Балалар ветеринар дәрігерінің жануарлар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қою қажеттілігін талқылап алу керек.<br>Балалар ветеринарлық емханада қызмет атқаратын қызметкерлер кім болатынын өзара таңдайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сақталуын қадағалайды, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | анықтайды.<br>Балалар дәріханашы мен провизор рөлдерін кімнің ойнайтынын анықтайды, қалғандары тұтынушылар болады; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог тұтынушылар дәріханаға келіп, ойынды бастайтынын айтады.<br>Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, сұрақтарды тиянақты түрде қоюға жаттықтырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денең шымыр болу үшін жаттығуларды ерінбей жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам өзінің қасында тіршілік ететін жануарлар мен құстардың саулығы үшін, жабайы табиғаттағы аңдардың сақталуы үшін жауапты екендігін айтуы тиіс. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**16.15-16.30** | **Мақал-мәтелдер жаттату.**<br>1. Әлсіз денеге ауру ұялайды.<br>2. Таза ауа – жанға дауа.<br>3. Байлық – байлық емес, денсаулық – байлық.<br>4. Денсаулық – зор байлық.<br>5. Тазалық – саулық негізі.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | "Дені саудың - жаны сау" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | **Жаңылтпаш айтқызу.**<br>Екі шөжем қанаттана алмады,<br>Қанаттана алмағаны - салақ қарағанымнан, -<br>Дұрыс тамақтана алмады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Саусақ жаттығуы. "Дәрумендер"**<br>Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)<br>Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)<br>Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді)<br>Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді).<br>Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандарын көрсетеді).<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Дәрумендер – денсулықтың қамқоршысы"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі-түсті ермексаздардан көкөністерді мүсіндеуде әртүрлі тәсілдерді пайдалану дағдысын бекіту. |
| **Серуенге дайындық**<br>**16.30-16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дандылар, дербес** | | | | |

| | |
|---|---|
| | **әрекет)** |
| **Серуен**<br>**16.50-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>*Салт-дәстүр. Ауыз тию*<br>Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** |

| | |
|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Жануарлардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); коректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.<br>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру.<br>Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | Мектепке дейінгі баланың жан-жақты дамуындағы театрлық іс-әрекет. | «Салауатты өмір сүру – салтымыз» отбасылық спорттық сайыстар. | Психолог кеңесі: «Баланың сөйлеу тілін дамыту». | Медбикеден кеңес: «Тазалық – денсаулық кепілі». | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** «» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 27.02 - 03.03.2023 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 27.02.2023ж | 28.02.2023ж | 01.03.2023 | 02.03.2023 | 03.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Ата-аналарға "Бала жиі ашуланатын болса ..." тақырыбында кеңестер беру; ата-аналарға баланың үйдегі тәртібіне көмек көрсету. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп"** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Ниеттеніп еңбектенуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)** | тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек іс-әрекеті)** | тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)** | тәрбиелеу, ересектерге көмектесу. **(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **«Түрлі - түсті гүлдер»** Ойынның мақсат-міндеттер: дұрыс таңдау жасай білуді, құрдастарымен ынтымақтастықта жұмыс жасау қабілеттерін дамыту. Құрал-жабдықтар: күлтелері алынатын жасанды гүл, қызыл және сары текшелер. Тәрбиеші ойынның әртүрлі нұсқаларын қолданады. Ойынның бірінші нұсқасы: Балалардың әрқайсысы гүлдің | **Ұлттық ойын. Теңге ілу** Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан | Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. **(сурет салу)** | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Қарлығаш - біздің досымыз" Мақсат-міндеттер: балаларды қарлығаш құсының дайындамаларын қағаз бетіне құрастырып, көктем мезгілінде құстардың жылы жақтан ұшып келетінін айтып, жапсыруға үйрету. **(шығармашылық іс-әрекет)** | **«Жіпті орау» музыкалық-дидактикалық ойын** Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, әуеннің аяқталуын сезіне білуге үйрету. Ойынның көрнекілігі: түрлі-түсті жіптер. Ойынның шарты: 2 топтан 2 бала шығады. Тарқатылған түрлі-түсті жіпті көңілді әуенді тыңдап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күлтесін жұлып алып, іштерінен тілек тілейді. Егер баланың тілегі өзінің жеке басына байланысты болса, балаға сары текше беріледі, егер тілегі әлеуметтік маңызға ие болса – онда қызыл текше беріледі. Ойынның соңында барлық текшелерді жинап алып, топтағы адамгершілік тәрбиесінің даму деңгейін анықтауға болады (бірақ оны балалармен талқылауға болмайды) және балаларға қандай тілектің ұнағанын, оның не себепті ұнағанын талқылауға болады.<br>Ойынның екінші нұсқасы:<br>Гүлдің бір күлтесін екі баланың алуына болады, олар ойланып және бірге | екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.<br>**(дене шынықтыру)** | | | тұрып орай бастайды. Музыка аяқталғанда қай баланың жібі көп оралса, сол бала жеңімпаз атанады. Музыкалық жетекші балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, екі топқа бөлінеміз. Әр топтан екі баладан шығып, көңілді музыканың әуенімен қолдарындағы жіпті орай бастайсыңдар. Қай топтың баласы тез, әрі көп жіп ораса, сол топ жеңіске жетеді.<br>**(музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келісе отырып, екеуіне ортақ тілек тілейді. Ойынды жүргізе отырып, педагог балалардың жолдастарына, қарт адамдарға, әлсіздерге қамқорлық жасағысы келетін тілектерін қолдайды. Педагог егер балалар шынымен қаласа, олардың барлық тілектері орындалатынын айтады. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | **Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br>1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br>1-2-отырып, құрсауды алдына шығару; 3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br>1-құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою.<br>1-2-тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру.<br>Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1-құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады.<br>Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**09.00-.09.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар,<br>Теріп алып, қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**09.20-09.30** | Көктем жаршысы - құстар тақырыбында әңгімелесу. Аналар мейрамдары туралы әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-** | Көктемнің ерекшеліктері туралы әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Көктемнің суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Көктем туралы тақпақтар жаттау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Көктем туралы ән айту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеті) | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-<br>әрекет<br>09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері**<br>"[б] дыбысы және Бб әрпіе қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: [Б] дыбысын және Б әріпін таныстыру. Артикуляция бойынша Б дыбысын дұрыс айтуға үйретуді пысықтау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Құстар - көктемнің жаршысы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды 8-наурыз мерекесімен ауызша құттықтау ерекшеліктерімен таныстыру; сөйлемдер үлгілері негізінде қазақ тілінде көктем туралы әңгіме құрауға үйрету. Құттықтауды модельдеуге арналған ауызша жаттығу: "Анамды | **Сауат ашу негіздері**<br>"[х] дыбысы және Хх әрпі".<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға [х] дыбысы мен әрпін таныту, оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Көктем мезгілінің есептері"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шартты өлшем көмегімен ұзындығы түрлі жолақтарды салыстыруға, сандар құрамы тізбегін құрастыруда жаттықтыру; тең туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br><br>**Музыка**<br>"Көктем әні керемет"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көктем туралы әннің | **Математика негіздері**<br>"Көңілді көктем дыбыстары"<br>Мақсат-міндеттері: балаларды жолақтардың көмегімен ұзындықты өлшеп, салыстыруға үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"[Р] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)".<br>Мақсат-міндеттер: [Р] дыбысының артикуляциясын нақтылау, буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Кегльдер арасымен төрт тағандап еңбектеу"<br>Мақсат-міндеттер: | **Математика негіздері**<br>"Көңілді көктем дыбыстары" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттері: балаларды жолақтардың көмегімен ұзындықты өлшеп, салыстыруға үйретуді пысықтау.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Менің анам" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыруды үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Ауылымды сағындым"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қазақи әуенмен таныстыра отырып, музыкаға деген қызығушылығын арттыру; музыкалық | **Сауат ашу негіздері**<br>"[х] дыбысы және Хх әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға [х] дыбысы мен әрпін таныту, оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Мүсіндеу**<br>"Қарлығаштың құйрығы неге айыр?"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Қарлығаштың құйрығы неге айыр?" ертегі желісін еске түсіре отырып, мүсінделінген пішін бөліктерін біріктіру арқылы оларды бір-біріне жапсыру және біріктірілген жерін саусақпен тегістеу арқылы қарлығашты мүсіндеуге үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Кегльдер арасымен төрт тағандап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құттықтаймын".<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Шелек ұстап жүгіру"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды су құйылған шелекті екі қолына ұстап жүгіруге үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Көктем мерекесі"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың "Халықаралық әйелдер күні" туралы ұғымдарын толықтыру; мерекемен құттықтау түрлерімен таныстырып, құттықтауды өздігінен немесе балалармен бірлесіп құрастыру амалдарын игерту; өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. | сипатын ажыратау білу, дыбысты есту және әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу, музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білу, әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білу қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Менің анам"<br>Мақсат-міндеттер: тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыруды үйрету. | балаларды бір аяқтан екінші аяққа алға айналдыра отырып және қос аяқтап ыршып секіруді алмастырып алға, артқа секіруге үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Ы. Алтынсарин «Аурудан аяған күштірек» (әңгімесін оқу, мазмұны бойынша әңгімелеу)"<br>Мақсат-міндеттер: анаға деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу, орын алған жағдайларды бағалай білуге дағдыландыру. Өмірдің әртүрлі жағдайларында саналы әрекет жасауға үйрету. | шығармалардағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Құстардың жылы жақтан қайтып келуі"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көктем мезгілінде қоныс аударатын құстар туралы түсініктерді нақтылау және кеңейту. | еңбектеу" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір аяқтан екінші аяққа алға айналдыра отырып және қос аяқтап ыршып секіруді алмастырып алға, артқа секіруге үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Ы. Алтынсарин «Аурудан аяған күштірек» (әңгімесін оқу, мазмұны бойынша әңгімелеу)" (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: анаға деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу, орын алған жағдайларды бағалай білуге дағдыландыру. Өмірдің әртүрлі жағдайларында саналы әрекет жасауға үйрету. |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | **Мұз сүңгісін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Жұмбақ. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз) **Бақылау.** Табиғат өзгерістерін бақылауды жалғастыру, қар ерігенде төбеден су тамшылап, аязбен ол сүңгіге айналды. Сүңгінің түр-түсіне назар аудару. Көшеде жүру ережелерін пысықтау (мұз сүңгілері бар үйлердің жанында жүрме). **Тәжірибе:** мұз сүңгісін қолда ұстау, бақылау, түрін, түсін анықтау. | **Қар суын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Жұмбақ. Жатты да жатты, Жылғаға жаратты. (Қардың еруі) **Бақылау.** Қар қалыңдығының өзгеруіне назар аудару. Күннің қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суына айналады. Қар суы күннің жарқырап тұрғанында және қыздырған жерінде пайда болады. Қар астынан пайда болған алғашқы көк шөпке назар аудару, көктемнің сұлулығына | **Маусымдық өзгерістерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру; көктемнің келуімен торғайлардың мінез-құлқындағы өзгерістерді көруге үйрету; құстарды бақылауға қызығушылықты ояту, оларды құрметтеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гүлзарды былтырғы шөптен тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)** | **Итті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Көктемгі жануарлардың тіршілігі туралы идеяларды жүйелеу; жануарлар тіршілігінің өзгеру себептерін табуға, себеп-салдар байланыстарын орнатуға үйрету; дәлелді сөйлеуді дамыту; қолға үйретілгендер үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** жерді қазуға қатысу. | **Тамшыны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Судың температураға байланысты өзгеруі туралы білімдерін бекіту; зерттеу қызметін үйрету. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** жерді қазуға қатысу. Мақсат-міндеттер. Ұйымдасып жұмыс істеу қабілетін бекіту; еңбекқорлықты қалыптастыру, жұмысты соңына дейін жеткізуге деген ұмтылыс. **Қимыл-қозғалыс ойындары:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қорытынды: мұз сүңгі - бұл қатқан су, күн жылы болғанда ериді.<br>**Қимылды ойын. «Қоймадағы тышқандар». (дене шынықтыру)**<br>Өрмелеу тәсілдерін орындау білімін бекіту. Ойынның ережесін сақтау. Белгі бойынша ұйымдасқан түрде ойнау.<br>**Еңбек.** Ауладағы еңбек. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Қоқысты балаларға жинауды үйрету және оларды белгіленген жерге апарту. Тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:** Сүйікті ойыншықтармен ойын.<br>Балалардың сүйікті ойыншықтарымен | қызығушылығын арттыру.<br>**Қимылды ойын. "Горелки" (орыс халқының ойыны). (дене шынықтыру)**<br>Жолдастарымен келісіп алаңда жүгіруге (және орындарына тұруды) үйрету. Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Өз бетімен ойындар.** Қар бетіне сурет салу. **(шығармашылық іс-әрекеті)**<br>Балаларды жерге қардың бетіне сурет салуға тарту, қызығушылықтарын артыру. Өзіндік талабын мадақтау. | Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?", "Әрі қарай және одан жоғары". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту; оңай, кедергіден оңай өтуге үйретуді жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** бір орында жоғары секіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Секіру қабілетін дамыту, күшін жылдамдықпен үйлестіру. | **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: ұжымдық жұмыс істеу қабілетін бекіту; еңбекқорлықты қалыптастыру, жұмысты соңына дейін жеткізуге деген ұмтылыс.<br>**Қимыл - қозғалыс ойындары: "Кілттер". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: секіру (бір аяғымен), шектеулі жерде кеңістікті бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; дәлдікті дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: секіру техникасын жетілдіру. (ұзын арқанмен жаттығулар) | **"Кілттер". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Секіру (бір аяғымен), тар жерде кеңістікті бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; дәлдікті дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Секіру техникасын жетілдіру (ұзын арқанмен жаттығулар). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көңілді ойнауын қадағалау. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыпты болып, жанашырлықпен қарап әрекет етуге тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас<br>12.50-13.10** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар,<br>Теріп алып, қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы<br>13.10-15.30** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>Шаңғы жаттығуы (екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созу, жинау, табанды төсек үстіне үйкеу). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас 15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15 | **"Сақина" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар: баланың алақанына жасырынатын шамадағы сақина.<br>Шарты.<br>Ойыншылар жарты шеңбер құрып отырады, жүргізуші сақинаны алып, әрбір балаға кезегімен сақинаны салған сияқты қимылдар жасайды. Алақанына жасырынып салынған сақинасы | **Дидактикалық ойын. "Маталар жәрмеңкесі".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды табиғи және жасанды маталар түрлерін ажыратуға жаттықтыру; мата түрлерін ұстап, сипау, көзбен қарау, салыстыру сияқты зерттеу тәсілдеріне үйрету; түйсік, зейін, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; талғампаздыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Табиғи маталар кескіндері: мақта | **Вариативті компонент. Жас зерттеуші**<br>"Құстар ұшып келгенде"<br>Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың пайдасы туралы мағлұмат беру; құстардың түрі, тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.<br><br>**Дидактикалық ойын. "Дұрыс па? Бұрыс па?" (қажетті етістіктермен сипаттау)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға жан-жануардың (адамның, | **Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың мезгілге тән құбылыстар туралы білімдерін тиянақтайды; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті.<br>Балаларды | **Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бар баланы жүргізуші шақырғанда орнынан ытқып шығып, шеңбердің тысына шығып кету керек. Ойыншылар сақинасы бар баланы байқаса, оны орнынан жібермей, ұстап алу керек.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Сұлулық салоны".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. | мата (сиса, батист, атлас, джинсы), зығыр мата; жүн мата (драп, киіз мата); жібек мата (шифон, жаккард, атлас); жасанды маталар (вискоза, плащ матасы).<br>Педагог қанша маталарды зерттеуге болатынын, қалыптасқан жағдайларға сүйеніп, ойынды ұйымдастырады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Киім тігу шеберханасы".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде киім тігу | құбылыстың) қимыл-қозғалысын білдіретін сөздерді тыңдатып, сипаттаманың дұрыс немесе бұрыстығын анықтатқызу, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту.<br>Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқыр шаңқылдамайды, ұлиды", "жел тамшыламайды, соғады, еседі", "құс жорғаламайды, ұшады", "балық ұшпайды, жүзеді", т.б.<br>Педагог жануарларға | жауаптарын тек бір сөзбен ғана айтпай, құбылыстың не себептен болғанын түсіндіруге талпындыру қажет.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Кітапхана".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың кітапхана жайында ұғымдарын нығайту; кітапханашы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Кітаптарға сөрелер, түрлі кітаптар; | **әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Аспазхана".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; сыпайы қарым-қатынас құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Аспазхана жиһаздары (үстелдер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және модельдері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар.<br>Шарты.<br>Педагог ойын алдында балалармен сұлулық салонынды қызмет ететін шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші жайында әңгімелесіп, суретімен татанысады. | шеберханасы ұғымын бекіту; ойын барысында дизайнер, киім үлгісін пішуші маманы, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандықтардың киім тігу шеберханасында қандай орын алатыны туралы түсініктерін тиянақтау; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін; төзімділікке, еңбексүйгіштікке, адамның еңбегін қадірлеу қабілетіне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Ілмектер, ойыншық тігін машинасы, ойыншық қайшы, ойыншық үтік, жіптер, мата үлгілері, | немесе құбылыстарға ғана сипаттама беруі мүмкін. Бұл ойынның нұсқалары көп болады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Дәріхана".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Дәрі-дәрмектердің модельдері. | оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде кітапхана жұмысы, кітапханашы қызметінің мәнін ашатын суреттер бойынша әңгімелейді, үлкен кітапханалар жайында бейнежазбалар мен фотосуреттерді тамашалайды.<br>Балалар кітапханашы жұмысын қалай атқарып (оқырманнан берілген кітап үшін карточканы алу, толтыру), қандай құралдарды қолданатыны, оқырманның міндеті мен құқысын қалай | мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, алдымен аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін тағамдар әзірлеу қызметі және оның маңызы туралы әңгімелеседі. Бұл кезде суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады.<br>Балалардың рөлдерді ойнауда нені қалайтыны, содан соң санамақ амалы қолданылады.<br>Сонымен қатар, педагог балалармен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде әңгімелеседі. Балалар сұлулық салонында қай маман, қандай құралдарды қолданатынын түсіндіреді. Балалар сұлулық салонында қызмет ететін мамандарды таңдайды немесе санамақты қолданады; мамандар өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады; балалардың қалғаны тұтынушылар болады. Педагог мамандарға өз орындарын дайындап отыру жайында, ал тұтынушылар өз мұқтажын дұрыс сөзбен немесе | бор, сызғыш, қарындаш, сәнді киімдердің суреттері басылған журналдар, киім үлгілерінің сызбалары. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, киім тігу шеберханасы туралы суреттерді қарайды, бұнда қызмет ететін мамандардың еңбегі жайында әңгімелеседі; түрлі сән журналдарын, сәнді киімдерді көрсету туралы бейнежазбаларды көреді, бәрін зерттейді. Балалар дизайнер, киім үлгісін пішуші маман, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандарға бөлінеді, қолдарына қажетті жабдықтар алып, орындарына отырады. | "Дәріхана" сөмкелері; ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданылатын таңбалауыштар. Шарты. Педагог балалармен дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор сияқты мамандардың міндеттерін, дәріханада сатылатын дәрі-дәрмектер мен медициналық көмек жасау үшін қандай құралдардың қажет болатынын анықтайды. Балалар дәріханашы мен провизор рөлдерін кімнің ойнайтынын | іске қосуға болатынын біліп алуы тиіс. Балалардың арасынан кітапханашылар өз ниеттеріне байланысты таңдалады немесе санамақ қолданылады. Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, ойынға өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: кітапханадағы | бірлесіп ұсынылатын белгілі тағамдардың тізімдерін, мәзірді жасайды. Ол үшін педагог және балалар кешкі уақытта түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алады, ойында қолданады. Педагог адамдардың келуі алдында (балалар орындарында отырып) қызметкерлердің жұмысын бақылайды. Барлық тағамдар әзірленген кезде балалар (тұтынушылар) тамақтану залына шақырылады. Даяшы келген тұтынушыларға мәзірді ұсынады, балалар тапсырыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | журнал бетін көрсету жайында айтады. Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, сұрақтарды тиянақты қоюға жаттықтырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | Қалған балалар тұтынушылар болып, сән журналынан өздеріне киім үлгісін, тігіншімен бірге мата үлгісін таңдайды. Алғашында педагог ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қояды, өзі журналист ретінде ойынға қатысып жүреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның әдемі киімді киім жүруі үшін көптеген мамандар еңбек етеді, еңбекті қадірлеу керек; ал еңбекте өте төзімді және шебер болу қажет. | анықтайды, қалғандары тұтынушылар болады; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог тұтынушылар дәріханаға келіп, ойынды бастайтынын айтады. Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, сұрақтарды тиянақты қоюға жаттықтырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | негізгі ережелер: тыныштық сақтау, қатты сөйлемеу; кітаптарды тазалықта ұстау, оқып болғаннан кейін, кітапханаға қайтару. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді. Даяшы балаларға әкеліп береді, балалар төлемді жасайды. Балаларға "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айтқызу керек, балалар сол сөздерді пайдаланады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Адамдарды дәмді тағамдармен тамақтандыру үшін, аспазхана қызметкерлері көп еңбектенетінін айту. Ойында "рақмет" пен "өтінемін" сөздерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | | қолдану, үстел басында тыныштық сақтау, асықпай тамақтану, құралдарды дұрыс пайдалану, қоғамдық орындарда тәртіпке бағыну. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30** | **"Көктем" тақпағын жаттау.**<br>Көктем қырға төрледі,<br>Төрт түлік мал төлдеді.<br>Бәйшешектер құлпырып,<br>Деп тұрғандай: «Көр мені!»<br>Жылы мезгіл жетіпті,<br>Тастадық біз етікті.<br>Қар көктемге жеткізбей,<br>Тауға шығып кетіпті! | **"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу.<br>Барысы. Педагог балаларға әртүрлі | **Санамақтар айтқызу.**<br>"Кел, санайық санамақ".<br>Бір, екі, үш,<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнеки, ұш!<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау - ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнеки, қон!<br>Асықпа да саспа,<br>Бірден қайта баста.<br>**(қарым-қатынас іс-** | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Анамның портреті"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ананың портреті салуға үйрету; екі көз, мұрын, ауыз сияқты бет мүшелерін мөлшерлеп, адамның бетін салу техникасын игерту. | Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп).<br>**(қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | К.Ыбырайұлы **(қарым-қатынас іс-әрекет)** | сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді. **(сөйлеуді дамыту)** | **әрекет)** | | |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 16.50-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар,<br>Теріп алып, қастерлеп, | | | | |

| | |
|---|---|
| | Торғайларға тастаңдар.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Ертеңгілікке дайындық.<br>Өнер бұрышында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.<br>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.<br>Мерекелік мерекелердің Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | Балаға ертегі оқудың маңыздылығы жайлы ата-анамен әңгімелесу. | "Ең әдемі гүлдер" жобасын ұйымдастыру. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Әкем, анам және мен – біз тату отбасымыз» жоба. | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** «» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 06.03 -10.03.2023 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 06.03.2023 | 07.03.2023 | 08.03.2023 | 09.03.2023 | 10.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Ата-аналарға "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады" тақырыбында кеңестер беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Орындықтарды жуу".** Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде өсімдіктерге жарық пен ылғалдың қажеттілігі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетеін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, | | **"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".** Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау; жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге ынтамен көмектесуге, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | | үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Армысын, науырыз!"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың Наурыз мейрамының ерекшеліктері мен ұлттық тағамдар жайлы түсініктерін кеңейту; геометриялық пішіндерді ажыратып, дұрыс атауды меңгерту; | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br>"Затпен жаттығу жасау икемі"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды гимнастикалық қабырғаның басына дейін сатыдан аттамай өрмелеп, басқа аралыққа ауысып төменге түсуге үйрету. | | **Қазақ тілінен ойын-жаттығу**<br>"[Ң] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)".<br>Мақсат-міндеттер: [И] дыбысы мен әрпімен таныстыру, артикуляциялық жаттығуларды жасауға үйрету, өз бетінше жұмыс | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"«Әз Наурызым, армысың!» (өлеңді жаттау)"<br>Мақсат-міндеттер: өлеңді оқып-үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру. Мерекелік көңіл-күйлерін көтеру, Наурыз туралы өз ойларын, көргендерін баяндауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттар жиынымен цифрларды сәйкестендіруге машықтандыру. | | | жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге баулу. | |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | **Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br>1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br>1-2-отырып, құрсауды алдына шығару; 3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br>1-құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою.<br>1-2-тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру.<br>Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1-құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас 09.00-.09.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | М. Жаманбалиев "Екі қол".<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.20-09.30** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Наурыз тойын бастайық,<br>Жақсы тілек айтайық.<br>Дастархандар жайылсын, | **«Тек жақсы қасиеттерді ата»**<br>Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) | | **«Эмоцияларды жаттықтырамыз»**<br>Ойынның мақсаты: елгезектікке, көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші балалардан:<br>- күзгі бұлт сияқты түнеруді; ашулы адамды; зұлым сиқыршыны;<br>- күлімдеген күннің көзін; қу түлкіні; қуанышты баланы;<br>- балмұздағын тартып алған ызалы баланы; көпірдегі екі қойды; итеріп жіберген адамды;<br>- орманда адасып | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Дала гүлге оранады,<br>Түрлі түске боянады,<br>Нұрлы көктем келген кезде<br>Табиғат та оянады.<br>**(қарым-қатынас іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қуанышты той болсын. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | кетіп қорыққан баланы; қасқырды көрген қоянды; иттен қорыққан мысықты;<br>- жұмыстан кейін шаршаған әкесін; ауыр жүк көтерген адамды; үлкен бұтақты сүйреп бара жатқан құмырсқаны;<br>- көп жұмыс істеген, бірақ анасына көмектескен бала сияқты демалуды; ауыр жүк әкелген жылқыны; жұмыстан кейінгі анасының эмоцияларын көрсетуді сұрайды. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | **әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері** "[һ] дыбысы және Һһ әрпі". Мақсат-міндеттер: әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. Оқудың түрлерін буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді | **Сауат ашу негіздері** "[һ] дыбысы және Һһ әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. Оқудың түрлерін буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді | | **Математика негіздері** "Армысын, науырыз!" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың Наурыз мейрамының ерекшеліктері мен ұлттық тағамдар | **Сауат ашу негіздері** "[я] дыбысы және Яя әрпі". Мақсат-міндеттер: Я я дыбысы мен әрпін меңгерту, сөзге дыбыстық талдау жасату, сөздерді буынға бөлгізу, ол арқылы берілген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұтас оқу, түсініп оқу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Бәйшешек" өлеңін мәнерлеп оқу".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Бәйшешек" өлеңін мұқият тыңдауға, өлең жолдарын қайталап есте сақтауға үйрету; қардың еруі туралы сөз тіркестері арқылы сөйлем құрастыру дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Қамшы ұстап шоқырақтап жүру"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қамшы ұстап шоқырақтап жүруге және аттай шоқырақтап жүрген кезде ұсақ заттар (қолорамалға түйілген тиындар) алып жүруге үйрету. | тұтас оқу, түсініп оқу.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Күн мен түн теңелетін күн"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көктемдегі Наурыз мейрамына байланысты оқиғаларды, күн мен түн теңелетін тәулік бөліктеріндегі құбылыстың принципін түсіндіру; жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту.<br><br>**Музыка**<br>"Менің сүйікті ауылым"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың музыкалық шығармалардағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу, музыка жетекшісімен ілесе | | жайлы түсініктерін кеңейту; геометриялық пішіндерді ажыратып, дұрыс атауды меңгерту; заттар жиынымен цифрларды сәйкестендіруге машықтандыру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Менің сүйікті ертегім. «Қотыр торғай» қазақ халық ертегісі". (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: ертегіні сахналату арқылы тіл байлықтарын жетілдіру. Сөйлесу барысында сұрақ қойып, оған дұрыс жауап беруге, сөздерді орнымен қолдана білуге жаттықтыру.<br><br>**Музыка**<br>"Тұсаукесер"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тұсау | сөздерді оқуға үйрету.<br><br>**Жапсыру**<br>"Қарлығаш - біздің досымыз"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарлығаш құсының дайындамаларын қағаз бетіне құрастырып, көктем мезгілінде құстардың жылы жақтан ұшып келетінін айтып, жапсыруға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Жаттығуға затты таңдаймын"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында және 6-8 м қашықтыққа алға қарай жылжу арқылы секіруге үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"«Әз Наурызым, армысың!» (өлеңді жаттау)" (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** "Көктемде табиғат оянады" Мақсат-міндеттер: балаларды көктемгі табиғат құбылыстарын бақылай білу қабілеттерін жетілдіру; көктемнің тән белгілері туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу. | ән айту, музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындау және музыкалық аспапта ойнау қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту** "Менің сүйікті ертегім. «Қотыр торғай» қазақ халық ертегісі". Мақсат-міндеттер: ертегіні сахналату арқылы тіл байлықтарын жетілдіру. Сөйлесу барысында сұрақ қойып, оған дұрыс жауап беруге, сөздерді орнымен қолдана білуге жаттықтыру. | | кесер әнін тыңдай отырып, оның сипатын түсіне білу қабілетін арттыру; наурыз туралы әнді үйретуде дыбысты есту қабілетін және бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдысын жетілдіру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** "Сиқырлы су" Мақсат-міндеттер: жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне судың маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру; балаларды судың қасиеттерімен таныстыру. | өлеңді оқып-үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру. Мерекелік көңіл-күйлерін көтеру, Наурыз туралы өз ойларын, көргендерін баяндауға үйрету. |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | **Көктемдегі** | **Талды бақылау.** | | **Бұршақтың** | **Бірінші будақ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **құбылыстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Жұмбақ.<br>Жылт-жылт еткен.<br>Жырадан өткен. (су)<br>**Бақылау.**<br>Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Жылғалардың пайда болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру.<br>Жинақталған тәжірибе арқылы табиғат құбылысының байланысын анықтау.<br>**Қимылды ойын: «Қармақ». (дене шынықтыру)**<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында | **(қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Тал туралы білімдерін бекіту, көктемде тал алғашқылардың бірі болып гүлдейтініне назар аудару.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** кіші топтың балаларына алаңды былтырғы қоқыстардан тазартуға көмектесу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Өз бетінше кіші топтың балаларына көмектесуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар мен торғайлар", "Мұқият бол". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Жан-жаққа шашырап | | **жауғанын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Бұршақ ұғымымен таныстыру; көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін атай отырып, бұршақ туралы түсінік беру; зейінді, есте сақтауды белсендіру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** бұталар мен ағаштардың кесілген бұтақтарын тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп тату-тәтті жұмыс істеуге, істі соңына дейін жеткізуге, еңбек нәтижесіне қуана білуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім** | **бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ, жетеді,<br>Ауызы жоқ ұлиды.<br>(Жел)<br>**Бақылау.** Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын ескеру. Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын, байқағыштығын дамыту.<br>**Қимылды ойын: «Түзу шеңбермен». (дене шынықтыру)**<br>Балаларға жаттығуларды шеңбер бойынша бірге орындауға үйрету. Қозғалыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады.<br>**Еңбек.** Аула маңын қоқыстан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)** Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікке тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар: «Қайық станциясы». (дене шынықтыру)** Қайықшалар жіберуге ұсыныс жасау. Өз еріктерімен пайда болған ойын тобын мадақтау. | жүгіруді, кеңістікті бағдарлауды дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** заттарды нысанаға лақтыру. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Қолдың күшін және көзбен мөлшерлеуді дамыту. | | **жылдам?", "Әрі қарай және одан жоғары". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту; кедергіден оңай өтуге үйретуді жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Алда кім бар?" (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Орташа қарқынмен бір-бірден бағанда жүгіруді үйрету. | келісімділігін жетілдіру.<br>**Еңбек.** Өсімдіктердің топырағын қопсыту. **(еңбек іс-әрекеті)** Аулада еңбекпен айналысу. Балаларды өсімдіктерді күтуге үйрету.<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)** Әткеншек тебу. Балалар арасында жақсы қарым-қатынасты қалыптастыру: достық қатынас, өзара көмек. |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас**<br>**12.50-13.10** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>М. Жаманбалиев "Екі қол".<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**13.10-15.30** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**15.30-.15.40** | Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас**<br>**15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аудартү; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және | **Дидактикалық ойын.**<br>**"Не, қалай** | **Дамытушы ойын.**<br>**"Қайда болғанымызды** | | **Логикалық ойын.**<br>**"Келешекте неге айналады?"** | **Дидактикалық ойын.**<br>**"Сөздер тізбегі".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.15 | **естіледі?" (табиғат құбылыстары).**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары.<br>Шарты.<br>Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады.<br>Таңбалауыштағы | **айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту.<br>Шарты.<br>1-нұсқа.<br>Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2-нұсқа.<br>Белсенді балалар ортаға шығып, кезекпен қимылдарды көрсетеді.<br>3-нұсқа.<br>Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша | | Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам мен жан-жануарлар тіршіліктеріндегі білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін.<br>Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана да беруі мүмкін.<br>Шарты.<br>Педагог атаған жанды немесе жансыз объектіге, көрсеткен суретке қарап, объектінің немесе құбылыстың келешекте неге айналатынын атау керек. | Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы.<br>Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз қатесін өтейді, өнерін көрсетеді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б.. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** <br><br> **Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені".** Мақсат-міндеттер. "Киімдер" дүкені, киім сатушысының | қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** <br><br> **Сюжетті-рөлдік ойын. "Кемемен саяхат".** Мақсат-міндеттер. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны | | Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс келешекте не болады?" Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн; жауын қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; іргетас; көшет; аяздың болуы; дән; жұмыртқа; қардың жауғаны; қар көктемде; желде сарғайған жапырақтар; кеш; көжек; көп еңбек; оқу оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-** | **Ұлттық ойын. Сиқырлы таяқ** Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның ережесін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмысының ерекшелігі туралы балалардың ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген), ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары, қуыршақтар.<br>Шарты.<br>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкен жайында | туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кемені жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық | | **әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Жедел жәрдем".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың "жедел жәрдем" ұғымы жөніндегі түсініктерін тиянақтау; дәрігер, мейірбике (мейірағა), жүргізуші, телефонда отыратын оператор сияқты мамандықтар жайында ұғымдарды пысықтау; медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Дәрі-дәрмектер мен ойыншық медициналық құралдары бар сөмкесі; "жедел | қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Автобус".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар: жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздік ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; қарым-қатынасты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататынын, киімдердің сыртқы киім, үстіге киілетін киім және іш киім болып бөлінетіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтіктелініп, әдемі күйінде сатып алушы алдына ұсынылу керектігі туралы да айтылуы тиіс. Сатушылар өз қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға | смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кемемен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар дайындық барысында теңіз порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді. Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы басқа мамандық | | жәрдем" жазуы бар макет; ақ халаттар, руль, телефон, жазуға кітапша, қаламсап. Шарты. Педагог балалармен жедел жәрдемде қызмет ететін мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Адамдардың жедел жәрдемді шақыру үшін қандай әрекеттерді жасау керектігін, жедел жәрдемнің телефон нөмірлерін анықтайды. Балалар өзара дәрігер, мейірбике (мейіраға), жүргізуші, үй иесі және тұтынушы болып бөлініп, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойын желісін | сыпайылық негізінде құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонының үлгісін білдіретін орындықтардың белгілі қатарларда тізіліп тұруы; билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері. Шарты. Педагог балалармен жолаушыларды тасымалдау, жол ережелерін сақтаудың маңызы туралы ойынды өткізуге дейінгі уақыттарда әңгімелеседі. Бұндай жұмыстар үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтып, оларды сатады. Ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгілі жерде киім кигізіп жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін | иелерінің қандай қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі тиіс. Алғашында педагог балалардың жеке мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. | | жалғастырып, кейіпкерлерге көмекші сұрақтар қойып, барысын қадағалайды. Балалар біртіндеп ойын желісін меңгеріп алып, өздері басқарады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: жедел жәрдемнің көмегі адамның денсаулығы жақсы кезде ғана қажет болмайды; жедел жәрдемде білікті мамандар еңбек етеді, олардың еңбегін құрметтеу керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады. Балалар жүргізуші мен бақылаушыны санамақ арқылы таңдайды. Педагог (бақылаушы) балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауды қолдану туралы келісіп алады) салонға өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші, "есік жабылды" сияқты сөздерді естігеннен кейін автобусты жүргізу қимылдарын көрсетеді (рульді бұрайды). Педагог аялдамаларды жариялап жатады. Егер мүмкіндіктер туындап жатса, өз дауысымен айтылған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді содан соң кеме бортына шақырылады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше ережелерді орындау керек; тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз порты мен кеме борты - қоғамдық орындардың бірі; кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-** | | | қажетті хабарламаларды жазып алып, қолдануға болады. Салоннан шыққан және ішіне кірген балалар жолаушы рөлдерін атқарады. Бұн жерде өз орындарын үлкендерге беру үлгісін көрсетуге болады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін қосымша сұрақтар қояды. Ойынның соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Автобусқа отырып, жол жүру кезінде көптеген жалпы ережелер болады, оның орындалуын қадағалау керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | | **әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30** | | Бала тілін дамыту. Жаңылтпаштар айтқызу. | | **Жұмбақтарды шешу. (ел аузынан)**<br>Кішкене ғана бойы бар<br>Тоғыз қабат тоны бар. (Жуа)<br><br>Аяғы жоқ жүреді,<br>Аузы жоқ сөйлейді. (Хат)<br><br>Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды. (Күн)<br><br>Асты тас, үсті тас,<br>Ортасында жанды бас. (Тасбақа)<br><br>Жабықта жарты нан. (Ай)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуен 16.50-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>М. Жаманбалиев "Екі қол".<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта |

| | |
|---|---|
| | құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Ертеңгілікке дайындық.<br>Өнер бұрышында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.<br>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.<br>Мерекелік мерекелердің Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы маңыздылығын түсіну, оларға белсенді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатысу. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | Балалардың суреттерінен көрме. «Анашым! Мен сізді жақсы көремін!» «8-наурыз Аналар мерекесі». | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | | Кеңес. "5-6 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы". | «Бүгін біз нені үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу. |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** «» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 13.03 -17.03.2023 | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 13.03.2023 | 14.03.2023 | 15.03.2023 | 16.03.2023 | 17.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | | | | | |
| | қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** "Табиғаттың жас көмекшілері" операциясы. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: байқау қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айна", "Күн мен түн". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба".** | | | | дамыту. **Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!" (шығармашылық іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Қуып жет". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру. | | | | |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас**<br>**12.50-13.10** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Ерте тұрып таңнан,<br>Пісірді апам ақ нан.<br>Кетер емес әлі,<br>Таңдайымнан дәмі.<br>Кернейді хош иісің,<br>Тамсандырып үй ішін.<br>Жесем тоймай қаламын,<br>Әжемді еске аламын.<br>*Салт-дәстүр. Қонақасы*<br>Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**13.10-15.30** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары 15.30-.15.40** | Ұйқыдан оянғаннан кейін, бірден төсекте жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (2-3 минут төсекте жатып жасалған гимнастика балалардың ұйқыдан ояу күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас 15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16.00-16.15 | **Дидактикалық ойын. "Ұстап ал да, түсін ата".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды допты ұстап алып, аталған түске сай боялған белгілі затты (құбылысты, жануарды, құсты) жылдам атауға жаттықтыру; ой шапшаңдығын, түстерді ажырату, зейін қабілетін, дүниетанымын дамыту.<br>Құралдар: доп.<br>Балалар шеңберде немесе қатарда отырады (тұрады). Ойынды педагог | | | | **Дидактикалық ойын. "Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың фонематикалық есту қабілеттерін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін арттыру; кез келген сөздің дыбыстық құрамының кестесіне қарап, аталған дыбыстың орнын табуға жаттықтыру; сөздік қорды байыту.<br>Құралдар.<br>Заттардың көрнекілік суреттері және олардың сөздеріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | немесе санамақ арқылы таңдалған балалардың бірі жүргізеді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Театрлық қойылым.**<br>**"Алдар Көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісі.**<br>Мақсат-міндеттер. Әйгілі ертегінің мазмұнын балалардың естеріне түсіру, есте сақтау, ой, қиял, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>"Алдар Көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің | | | | құрылған дыбыстық құрамының кестелері.<br>Ойынның екінші күрделенген нұсқасы. Белгісіз сөздердің дыбыстық құрамдарының кестелері ұсынылады. Балалар кез келген кестеге қарап, сөздерді құрамына салып, педагог атаған дыбыстың орнын табады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Азық-түлік" дүкені.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "Азық-түлік" дүкені, азықтарды сатушы қызметі жөніндегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | киімдері, үй шаруасына қажетті заттар мен жиһаздар. Шарты. Педагог балаларға "Алдар Көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісін қайталап оқып береді. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында автор рөлін педагог өзі алады, содан кейін балалардың арасынан автордың рөліне бір баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді ойнаған балаларды жеке қатарға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге | | | | ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, сөмкелер, қорапшаларда немесе пластик қаптарда жармалар, макарон түрлері, қатты азықтар, сүт өнімдерінің қораптары (қап ыдыстары), түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, қаражат қағаздары. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен азық-түлік дүкеніне саяхатты ұйымдастыруы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныстырып жатады. Артист балалар көрермендерге иіліп құрмет білдіреді, қошемет пен мақтауға ие болады. Соңында педагог балалардан шығарманың немен аяқталғанын анықтайды, кейіпкерлер әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | мүмкін. Педагог балаларға дүкен жайында суреттерді, бейнежазбаны көрсетіп, ""азық-түлік тауарлары"" сөзінің мағынасын, оларды сақтау үшін түрлі ережелерді ұстану керектігі жайында түсіндіреді. Балалар азық түрлеріне сүт, ет, нан өнімдері жататыны туралы әңгімелейді. Балаларға азықтардың сақталу мерзімі, азықтардың таза өнім күйінде тұту жайында білім беруі өте маңызды. Сатушы өз қалауы (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Сатушы тауарларды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтайды, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны сатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды ережелерге сай күтіп сақтаса, олар бұзылмайды, сапалы болады, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстану тиіс; сатушының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30** | | | | | |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен 16.50-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Ерте тұрып таңнан,<br>Пісірді апам ақ нан. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Кетер емес әлі,<br>Таңдайымнан дәмі.<br>Кернейді хош иісің,<br>Тамсандырып үй ішін.<br>Жесем тоймай қаламын,<br>Әжемді еске аламын.<br>*Салт-дәстүр. Қонақасы*<br>Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Ертеңгілікке дайындық.<br>Өнер бұрышында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.<br>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.<br>Мерекелік мерекелердің Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | "Ең әдемі гүлдер" жобасының нәтижесін қорытындылау. | | | | Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу. |

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** «» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 27.03 - 31.03.2023 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 27.03.2023 | 28.03.2023 | 29.03.2023 | 30.03.2023 | 31.03.2023 |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Өсімдіктерді құнарландыру".** Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. **(еңбек іс-әрекеті)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру).** Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. **(еңбек іс-әрекеті)** | шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. **(еңбек іс-әрекеті)** | | дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты карауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **«Игі істер қоржыны»** Түрлі-түсті қағаздан дөңгелектерді немесе жүрекшелерді қиып алуға болады. Әр күннің соңында балаға «қоржынға» бүгін қанша игі істер жасаса, сонша дөңгелек салу ұсынылады. Бала қиналған жағдайда, оған көмектесу керек. Мұндай ойын баланы игі істер жасауға ынталандырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**<br><br>**"Қоржынды** | **"Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне саяхат" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Тәрбиеленушілердің қазақ халқының салт-дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, сын тұрғысынан ойлауға, талқылауға үйрету, салт-дәстүрлерді құрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу** | **"Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **(танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет)** | **Вариативті компонент - Жас зерттеуші** "Зергерлік бұйымдар" Мақсат-міндеттер: ұлттық қолданбалы өнер туралы, алған түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізу, балалардың ұлттық бұйымға деген қызығушылығын, сана-сезімін, ынта-жігерін арттыру. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Өнер алды - қызыл тіл". Мақсат-міндеттер: балаларды жаңылтпаштармен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **безендірейік"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тіктөртбұрышты пішінді қағаздың, "қоржынның", бұрыштарына және ортасына симметриялық "қошқар мүйіз" оюын құрастыра білуге баулу.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | **іс-әрекеті)** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1-таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2-таяқшаны жоғары көтереді; 3-көкірек тұсына қояды ; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br>1-таяқшаны жоғары көтереді; 2-таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3-таяқшаны жоғары көтереді; 4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою.<br>1-отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1-таяқшаны жоғары көтеру; 2-таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3-таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4-бастапқы қалып. Жаттығу 6-8 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою.<br>1-2-таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде.<br>Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**09.00-.09.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Салт-дәстүр. Жолаяқ.*<br>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**09.20-09.30** | "Өнер көзі - халықта" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Өнер туралы тақпақтар жаттау, өнерлерін көрсету.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Өнерлі, атақты тұлғалар жайлы әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Өнер туралы мақал-мәтелдер жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | "Өнерлі өрге жүзер" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет**<br>**09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ю] дыбысы және Юю әрпі".<br>Мақсат-міндеттер: [ю] дыбысын және Ю әрпін таныстыру. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Домбыра туралы аңыз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қазақ тілінде домбыра | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ю] дыбысы және Юю әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: [ю] дыбысын және Ю әрпін қайталау. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйрету.<br><br>**Математика негіздері**<br>"Зымыранды ғарышқа ұшыру амалдарын игерейік"<br>Мақсат-міндеттер: | **Математика негіздері**<br>"Ғарыш әлемі"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ғарыш әлемі жайлы түсініктерін қалыптастыру; қағаз бетінде байдарлай отырып, "алыс", "жақын" ұғымдарын қалыптастыру; сөзерді түсініп, оған қарама-қарсы мағыналы сөздер табуға жаттықтыру. | **Математика негіздері**<br>"Ғарыш әлемі" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ғарыш әлемі жайлы түсініктерін қалыптастыру; қағаз бетінде байдарлай отырып, "алыс", "жақын" ұғымдарын қалыптастыру; сөзерді түсініп, оған қарама-қарсы мағыналы сөздер | **Сауат ашу негіздері**<br>"[ё] дыбысы және Ёё әрпі".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды Ё ё дыбысы және әрпімен таныстыру. Ұсынылған әрбір сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету.<br><br>**Мүсіндеу**<br>"Қобыз - көне аспап"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы аңызды мұқият тыңдауға үйрету; шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру негізінде мәтінді түсіну қабілетін дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Жіп арқылы бір-біріне доп лақтыру"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жіп арқылы бір-біріне бастан асырып доп лақтыруға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Шоқжұлдыздар"<br>Мақсат-міндеттер: балаларға астрономияны ғылымы туралы түсініктер беру, ғарыш ғылымы ретінде таныстыру; ғарыш, ғарышкерлер, планеталар, жұлдыздар, Күн жүйесі деге | балаларды алыс және жақын орналасқан объектілердің шынайы сипатын тануға, шамасын салыстыруға үйрету.<br><br>**Музыка**<br>"Қанатынмен самғатшы,өнер,мені"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды домбыраның дауысын қабылдай тырып, домбырамен орындалатын музыканың сипатын ұғыну және әуезін ажырата білу қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"«Күн мен Ай» ертегісі"<br>Мақсат-міндеттер: балаларға "Күн мен ай" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа монологтік және диологтік байланыстырып | **Қазақ тілі**<br>"Ғарышкер қалай атанам. Біздің ғарыштың планеталары".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың "ғарыш айлағы", "ғарышкер", "ғарыш" сөздерімен таныстыру; ым-ишара, ғарышкерлердің іс-қимыл кешенін орындау арқылы ойын білдіру қабілетін дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Бір-біріне асырып доп лақтыру"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды гимнастикалық орындық үстімен арақашықтығы баладан екі қадам қашықтықта қойылған толтырылған доптардан аттап жүруге үйрету. | табуға жаттықтыру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"«Күн мен Ай» ертегісі" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға "Күн мен ай" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа монологтік және диологтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырырып әңгімелеуін дамыту.<br><br>**Музыка**<br>"Айға ұшамын"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету. | сазбалшықтың кесегін созу, ойық жасау арқылы қобызды, сазбалшықтан кішкентай кесек үзіп алып, есу арқылы қобыздың ысқышын мүсіндеуге үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Допты бір-бірінен асырып лақтыру жаттығуын пысықтау"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға бір аяқтап секіруге үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Домбыра туралы аңыз" (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: аңыз туарлы түсінік беру. Аңызды оқып, мағынасын ашу, түсіндіру. Сөздік қорларын молайту. Қазақтың ұлттық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұғымдарды балаларға түсіндіру. | сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырырып әңгімелеуін дамыту. | **Көркем әдебиет** "Домбыра туралы аңыз" Мақсат-міндеттер: аңыз туарлы түсінік беру. Аңызды оқып, мағынасын ашу, түсіндіру. Сөздік қорларын молайту. Қазақтың ұлттық аспабы жайлы мағлұмат беру. Домбыраны қастерлеуге үйрету. | **Қоршаған ортамен таныстыру** "Ғарыш әлемі" Мақсат-міндеттер: балалардың ғарыш әлемі туралы ұғымдарын кеңейту; ғарыш кемесінің құрылысын сызба арқылы, өзге балалармен бірлесіп жобада іске асыруға үйрету. | аспабы жайлы мағлұмат беру. Домбыраны қастерлеуге үйрету. |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | **Бұтақтардың бүршіктенуін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** Тақпақ. Көк орманда көп ағаш, Өскен жақсы аралас. | **Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** Көк орманда көп ағаш. Өскен жақсы аралас. Ең әдемі менiңше | **Ағаштардың гүлденуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Жұмбақтар. Жаз болса жайнап, Саясында ән салып, Құстар жүрген сайрап. | **Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша). (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** Жұмбақ. Қар су болып жөнелді, Қалды дала жалаңаш. | **Теректі бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Тақпақ. Гүлдерге толы ауламыз, Біз өсеміз, толамыз. Бәріміз де ер жетіп, Үлкен жігіт боламыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ең әдемі меніңше,<br>Құс ұясы бар ағаш.<br>**Бақылау.**<br>Балалармен бүршіктерді бақылау. Балаларға ісініп бүр жарып тұрған бүрден жапырақтар шығып келе жатқанын көрсету. Күн жылынғанда ағаштардың бүршіктері ісінеді, содан жапырақтар пайда болатынын түсіндіру<br>**Тәжірибе.**<br>Құмырадағы бұтақ жылы жерде тез бүршік жарады.<br>**Қимылды ойын. «Лақтырып қағып ал». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшаңдықты ,тапқырлықты талап ету.<br>**Еңбек.** Балалар үлкендермен бірге көшет отырғызады.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | Құс ұясы бар ағаш.<br>**Бақылау.**<br>Балалардың назарын ақ қайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл жағдай көктемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту.<br>**Қимылды ойын. «Орман дақтары». (дене шынықтыру)**<br>Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ойын шарты | Бұл не?<br>(Ағаш)<br>Жазда жатсаң –<br>көлеңкесіне алады,<br>Қыста жатсаң –<br>жаның рахат табады.<br>(Ағаш)<br>**Бақылау.** Ағаштар бүр жарды, одан кейін жапырақ шықты, кейін гүлдеді. Басқа гүлдеген ағаштардың гүлімен салыстыру. Балаларды табиғатты қорғауға тәрбиелеу арқылы олардың әдемілігіне сүйсіндіру.<br>**Қимылды ойын. «Домалақты жерге түсіріп алма». (дене шынықтыру)**<br>Берілген дыбыс бойынша қасықты қолына алады. Қасыққа кішкентай домалақ шарды салып түсірмей берілген жерге жеткізу, ептілікке баулу. | Күн нұрына кеңелді,<br>Бүршік атып бар ...<br>(Ағаш)<br>Тақпақ.<br>Алма ағаштың<br>құшағы –<br>Қанат жайған бұтағы.<br>Жапырағы жүрегі,<br>Бұтақтары білегі.<br>**Бақылау.**<br>Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Жіпті көтеру». (дене шынықтыру)**<br>Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәреге келіп, жіпті бірінші болып | **Бақылау.**<br>Терек – ағаштардың бір түрі екені туралы түсінік беру, табиғатқа сүйсінуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Түйілген орамал». (дене шынықтыру)**<br>Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым-қатынасты, ойын шартын сақтауға үйрету.<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. Көшетті суару. Су бұрқақпен жапырақтарға су себелеу.<br>Балаларға табиғат бұрышындағы гүлдерді суарту, бүркіп шашу әдісін үйрету. Үлкендерге көмек көрсеткеніне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өз бетімен ойындар. Жақсы көретін ойыншықтармен ойнау. Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. **(дене шынықтыру)** | бойынша. Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен ұстасып тұрған баланы қозғауға болмайтынын айту. Ойынға деген қызығушылықты арттыру. Еңбек. Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту, еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету. (еңбек дағдылары) **Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)** Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру. | **Еңбек.** Аландағы жұмыстар. Жасаған құс ұясын ағашқа орнату. **(еңбек іс-әрекеті)** **Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)** «Доппен ойнаймыз». | тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы менептілігін дамыту. **Еңбек. (еңбек іс-әрекеті)** Табиғат бұрышындағы жұмыс. Гүлдерді отырғызу. Балаларды жерді қопсытып, суаруға үйрету. Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)** Ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу, рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру. | риза болып, мадақтау. Еңбек етуге деген оңды қатынасқа тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** **Өз бетімен ойындар.** Балалардың ойын тақырыбын өз бетінше таңдап алуы, шығармашылық қаблеттерін, қимыл-әрекеттерін дамыту. **(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар,** | | | | |

| | |
|---|---|
| | **дербес әрекет)** |
| **Түскі ас**<br>**12.50-13.10** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Салт-дәстүр. Жолаяқ.*<br>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы**<br>**13.10-15.30** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>**15.30-.15.40** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>Қайық жаттығуы (ішпен жату, қолдары иектің астында, жоғары тартылып, еңкею, тербелу).<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Бесін ас**<br>**15.40-16.00** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.15 | **Дамытушы жаттығу. "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?"**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. | **Дидактикалық ойын. "Кейіпкердің сөздерін жалғастыр".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі ертегінің кез келген кейіпкерінің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстыра сөйлеу | **Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап".**<br>Мақсат-міндеттер. Заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі балалардың ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді | **Дамытушы ойын. "Қимылдар тізбегі".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі қимылдар тізбегіне қарап, есте сақтап, тура сол қимылдар тізбегін дәлме-дәл қайта көрсетуге жаттықтыру; есте сақтау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; | **Дидактикалық ойын. "Тергеушілер".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға әртүрлі заттарды кезекпен көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құралдар.<br>Жұпты суреттер (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, көзге байқала қоймайтын бірнеше өзгерістер болады).<br>Шарты.<br>Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретте көруді ұсынады. Балалар екінші суретте, біріншіге қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Киім тігу шеберханасы".**<br>Мақсат-міндеттер. | мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Отбасы мүшелері жөнінде балалардың ұғымдардын нығайту; отбасы мүшелерінің | байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Сыртқы сипатында, құрмынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп | достыққа, ұйымшылдаққа тәрбиелеу.<br>Педагог немесе балалардың бірі қалған балалардың алдында бірнеше қимылдар тізбегін (кешенін) көрсетеді. Балалар мұқият қарап болғаннан кейін есте сақтап, қимылдарды қайта жаңғыртады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Туған күн".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасында туған күнді атау | үшін қажетін екенін түсіндіреді.<br>Ойынның тағы бір нұсқасы: қалаған бала түрлі заттар жатқан қораптан белгілі затты өздігінен алып, оған сипаттама береді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың түсінігінде киім тігу шеберханасы ұғымын бекіту; ойын барысында дизайнер, киім үлгісін пішуші маманы, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандықтардың киім тігу шеберханасында қандай орын алатыны туралы түсініктерін тиянақтау; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін; төзімділікке, еңбексүйгіштікке, адамның еңбегін қадірлеу қабілетіне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Ілмектер, ойыншық тігін машинасы, ойыншық қайшы, ойыншық үтік, жіптер, мата үлгілері, бор, сызғыш, | әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері.<br>Шарты.<br>Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог алдымен балалармен бірге күн тәртібіндегі қандай оқиғаны ойнау қажет | кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, аулада, ағаш үйшікте тұрады", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және тағы басқа нұсқалар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте әртүрлі тауарлар сатылатыны жайында мәліметтер беру; сатушы мен сатып | дәстүрі жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына деген сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Туған күнді өтеуге қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасанды пішіндері, журналдан қиылған суреттер; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп әрбір отбасыда туған күннің қалай өтетіні жайында әңгімелеп, тәттілерді әзірлеуге қандай құралдарды пайдаланатынын анықтайды; туған күнін атау дәстүрі | қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар).<br>Шарты.<br>Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындайды.<br>Олар үшін педагог белгілі бұрышты ұйымдастырып, безендіріп қояды.<br>Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын әкеліп, шеберлерге өз көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты зерттеп, жөндеп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарындаш, сәнді киімдердің суреттері басылған журналдар, киім үлгілерінің сызбалары.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, киім тігу шеберханасы туралы суреттерді қарайды, бұнда қызмет ететін мамандардың еңбегі жайында әңгімелеседі; түрлі сән журналдарын, сәнді киімдерді көрсету туралы бейнежазбаларды көреді, бәрін зерттейді.<br>Балалар дизайнер, киім үлгісін пішуші маман, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандарға бөлінеді, қолдарына қажетті жабдықтар алып, орындарына отырады.<br>Қалған балалар тұтынушылар болып, сән журналынан | екендігін анықтап алады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяққиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машиналарының макеттері.<br>Шарты.<br>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен әңгімелесулер, супермаркеттің суреттері, бейнежазбалар мен жарнамаларды көрсетіп, | қайдан келгенін талқылайды.<br>Балалар туған күнін өткізу үшін, педагогпен бірге қандай әрекеттер тізбегін жасау керектігін жоспарлайды.<br>Содан соң қалаған балалар өздерінің сол жоспар бойынша қандай міндеттерді атқаратыны жайында айтады, қажетті құралдары алып, туған күніне дайындай бастайды.<br>Туған күн иесін балалар санамақ арқылы таңдауы мүмкін. Оқу жылының аяғына дейін әрбір бала туған күнінің иесі болып үлгеруі тиіс.<br>Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін | береді.<br>Ойыншылар шеберлерге жұмысының ақысын төлейді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өздеріне киім үлгісін, тігіншімен бірге мата үлгісін таңдайды. Алғашында педагог ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қояды, өзі журналист ретінде ойынға қатысып жүреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның әдемі киімді киім жүруі үшін көптеген мамандар еңбек етеді, еңбекті қадірлеу керек; ал еңбекте өте төзімді және шебер болу қажет. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | супермаркетте адамның кез келген тауарды сатып алумен байланысты барлық мұқтажы орындалатынын түсіндіреді. Супермаркеттің алып жатқан орны кең және тауарлар көптеген сөрелерде топтасып орналасатыны жайында да айтылуы тиісті. Супермаркетте сатушы емес кеңесші мен есепшілер (есептеу машинасы) көп болатыны, кеңесшілер тауарларды сөрелерге уақытында орналастырып, сатып алушыларға тауарды таңдауға көмектесетіні, есепшілер тек таңдалған тауарларды санап беріп, қанша қаражатты беру | анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады. Туған күннің әдемі өтуіне бірнеше себеп болады: қонақтардың жақсы ниетпен келуі, тағамдардың дәмді болуы, ойын-сауық шараларының қызықты дайындалуы. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | керектігін айтатыны туралы балалар білу керек.<br>Балалар ойыншыларды санамақ арқылы таңдайды, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, арба, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады; кеңесшілер балаларға не таңдау керектігі туралы кеңес айтып жатады, есепшілер есептейді.<br>Педагог балалардың диалогтарын, қарым-қатынас үлгілерін, сөйлеу тізбектерін реттеп отырады, қосымша және тиянақтау сұрақтарын қойып жатады.<br>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сатылады;<br>супермаркет қоғамды орын болғандықтан, әдептілік ережелерін ұстану керек;<br>супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**16.15-16.30** | **«Игі істер қоржыны»**<br>Түрлі-түсті қағаздан дөңгелектерді немесе жүрекшелерді қиып алуға болады. Әр күннің соңында балаға «қоржынға» бүгін қанша игі істер жасаса, сонша дөңгелек салу ұсынылады. Бала қиналған жағдайда, оған көмектесу керек. Мұндай ойын баланы игі істер | **Іляс Жансүгіров «Домбыра» өлеңін жаттау**<br>Тарт күйіңді, домбыра!<br>Төгіл, төгіл тәтті күй,<br>Тау суындай сылдыра,<br>Желпін, желпін жел соқтыр!<br>Тауда тұман тұрмасын,<br>Көкте бұлт ыдыра!<br>Тыңдамаған қоймасын,<br>Ойды-қырды | **"Артық құсты тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қыстайтын құстарды сыртқы түрінен тануға жаттығу;<br>"жыл құстары" ұғымын нақтылау, олардың аттарын есте сақтау, қыстайтын құстарды ажырату, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Барысы. | Өнер туралы мақал-мәтелдер жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасауға ынталандырады. | қыдыра,<br>Құлшына тарт, домбыра!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Педагог жыл құстарын жемшашарға ұшып келген қыстайтын құстардың арасына арнайы орналастырады. Балалар құстарды мұқият тексеріп, артық құстың атын атайды. Педагог балалардан өз таңдауын түсіндіруді сұрайды.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, | | |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен 16.50-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. | | | | |

| | |
|---|---|
| | *Салт-дәстүр. Жолаяқ.*<br>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Ертеңгілікке дайындық.<br>Өнер бұрышында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.<br>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.<br>Мерекелік мерекелердің Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | «Баланы ойлануға қалай үйретуге болады?» атты тақырыпта ата-аналарға кеңес. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру». | «Отбасындағы бала тәрбиесінің маңызы» тақырыбында ата-аналарға кеңес. | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. |

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** **«»** мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 03.04 - 07.04.2023 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 03.04.2023 | 04.04.2023 | 05.04.2023 | 06.04.2023 | 07.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | Балаларды тәрбиелеуде қиын мәселелері бар ата-аналарға арналған кеңестер беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау; сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп"** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге). Мақсат-міндеттер. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрену. Еңбектенуге ниетін тәрбиелеу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кетіру әдісін таңдауға үйрету.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | ұқыпты карауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуге үйрету.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | ересектерге көмектесу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** |
| | Жиі қайталанатын сөздерді дыбыстау негізінде сөзді-ырғақты жаттығу. «Біз ғарышкерміз». Педагог балаларды ашық алаңға шақырады.<br>- Балалар, бүгін ғарышкер боламыз! Барлықтарың ұшуға дайындалыңдар.<br>- Алдымен, тыңдап аламыз, маған қосылып қайталаңдар.<br><br>Көкке ұшамын - (аяқтың арасы алшақ, қолды алдыға | **Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".** Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Зымыран ұшар ғарышқа"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды есу, созу, тегістеу әдістерін қолдана отырып зымыранды мүсіндеуге үйрету.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | **Вариативті компонент - Жас зерттеуші "Жұлдыздар әлемі"**<br>Мақсат-міндеттер: өлі табиғаттың түрлі нысандарын бақылау; балаларға жұлдыздар әлемі туралы жалпы түсінік беру.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Біздің ғарышқа саяхатымыз"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "ғарышқа саяхат" | **"Скафандр киеміз" саусақ жаттығуы.** (педагог сөздерін өзі айтып, қимылдарын балалармен бірге жасайды).<br>Арманшыл баламыз, (бас бармақтар жоғары)<br>Ғарышкер боламыз. (жұдырықтарды түйіп шынтақты бүгу)<br>Бір аяқты өткізіп, (қол белде, аяқ көтеріліп, орнына тұрады)<br>Екіншіні саламыз. (қол белде, екінші |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айқастыру)<br>Ұшқыш болар баламын. (теңселу)<br>Соңына ерем. (екі қолды жоғары созу, аяқтың ұшына тұру)<br>Ер ғарышкер ағаның.<br><br>Батыр болам - (қолды иыққа қойып айналдыру)<br>Көк аспанды сүйемін. (белді айналдыру)<br>Жұлдыздарға (аяқтың арасы алшақ, қолдарды екі жаққа созу, алақанды ашу, жабу)<br>Барып келіп жүремін. (Т. Молдағалиев)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | қабілеттерін дамыту;<br>шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**(таным іс-әрекеті)** | | тақырыбы аясында қарапайым сюжетті құрастыруға баулу; өз қиялдарына, ғарыш кемелері мен денелері, ғарышкерлер туралы түсініктеріне сүйеніп қағаз бетіне жоспарлап, орналастырып, салу дағдыларын жетілдіру.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | аяқ көтеріліп, орнына тұрады)<br><br>Қолды жеңге өткізіп, (бір қолды бүгулі қалыптан ашып, созу)<br>Қолды жеңге өткізіп, (екінші қолды бүгулі қалыптан ашып, созу)<br>Сыдырманы жүргізіп, (бір қолдың саусақтарын жинақтап, дене ортасы бойымен төменнен жоғарыға жүргізу)<br>Киеміз скафандрды. (екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне жауып салу, екі бетті екі алақанмен тіреп, баспен шайқау)<br><br>Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай!<br>Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | балақай! **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1-таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2-таяқшаны жоғары көтереді; 3-көкірек тұсына қояды ; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br>1-таяқшаны жоғары көтереді; 2-таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3-таяқшаны жоғары көтереді; 4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою.<br>1-отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1-таяқшаны жоғары көтеру; 2-таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3-таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4-бастапқы қалып. Жаттығу 6-8 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою.<br>1-2-таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде.<br>Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас 09.00-.09.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Ыстық құймақ пісірдім,<br>Тәрелкеме түсірдім.<br>Дәмді болды құймағым, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құйып жедім қаймағын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.20-09.30** | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырады күніміз.<br>Жарқырайды даламыз.<br>Қайырлы таң,<br>Қайырлы күн, балалар!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Жарық болсын күніміз,<br>Жарқын болсын үніміз.<br>Елін сүйіп ер жетер,<br>Біз болашақ гүліміз.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Шона Смаханұлы «Космосқа ұшамын».**<br>«Сәт сапар!» деп, достар берген<br>Гүлге толып құшағым,<br>Асамын да асқар өрден,<br>Космосқа ұшамын.<br>Болса-дағы қанша көркем,<br>Көкте қайтіп жай табам?!<br>Ораламын асыл өлкем -<br>Отаныма қайтадан.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **«Көңіл - күйдің кездесуі»**<br>Ойынның мақсат-міндеттері: мейірімділікке, өзгенің көңіл-күйін түсінуге тәрбиелеу.<br>Педагог эмоциялар бейнеленген карточкалардың екі тобын (пиктограммалар) орналастырады және балалардан әртүрлі эмоциялар қалай кездесетінін, жағымды және жағымсыз эмоцияларды елестетуді сұрайды. Тәрбиеші «жағымды» эмоцияны, ал бала «жағымсыз» эмоцияны көрсетеді, содан кейін карточкалардың орнын ауыстырады. Эмоцияларды қалай татуластыруға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | болатындығы туралы талқылайды. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері** "[ё] дыбысы және Ёё әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: балаларды Ё ё дыбысы және әрпімен таныстыру. Ұсынылған әрбір сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету.<br><br>**Қазақ тілі** "[И] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер: [И] дыбысын сөздің басында, ортасында кездесетінін ұғындыру, айтылуын дұрыс меңгерту, көру және есту қабілетін дамыту. | **Сауат ашу негіздері** "[в] дыбысы және Вв әрпі". Мақсат-міндеттер: В дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту.<br><br>**Математика негіздері** "Үй жануарларының өрістегі жолдарын салыстырайық" Мақсат-міндеттер: балаларды заттардың шамасын салыстыруда шартты өлшемді пайдалануға баула, сызғыштың сипатымен таныстыру; қоршаған объектілерді топтастырып, қосу, алу және тең ету | **Математика негіздері** "Өрістегі төлдерді санадың ба?" Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең бөліктерге бөліп сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға жаттықтыру; есептерді шығару барысында қосу ("+"), "алу" ("-") және "тең болады" ("=") белгілерін дұрыс пайдалану білігін жетілдіру.<br><br>**Қазақ тілі** "Отан деген не? А.Пушкинннің "Балықшы мен балық" туралы ертегісін әңгімелеу". | **Математика негіздері** "Өрістегі төлдерді санадың ба?" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең бөліктерге бөліп сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға жаттықтыру; есептерді шығару барысында қосу ("+"), "алу" ("-") және "тең болады" ("=") белгілерін дұрыс пайдалану білігін жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту** "«Түлкі мен қоян» орыс халқының ертегісі" (пысықтау) | **Сауат ашу негіздері** "[в] дыбысы және Вв әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: В дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту.<br><br>**Жапсыру** "Зымырайды зымыран" Мақсат-міндеттер: балаларды дайын тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шеңбер пішінді қағаздар арқылы зымыранның бейнесін құрастырып, жазық қағаз бетіне желімнің көмегімен жапсыруға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>"Гимнастикалық бөрене үстінде жаттығу жасау"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды гимнастикалық бөрене үстінде тепе-теңдік сақтай отырып жаттығу жасауға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Төрт түлік мал"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың Қазақстанда қолда өсірілетін түлік түрлері, үй жануарларына күтім жасау, олардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. | амалдарын есепте көрсетуге талпындырту.<br><br>**Музыка**<br>"Ғарышкерлер жыры"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білу, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, алақандарымен баяу, ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билей білу дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"«Түлкі мен қоян» орыс халқының ертегісі"<br>Мақсат-міндеттер: ертегіні оқу барысында оқиға желісі мен | Мақсат-міндеттер: "Отан оттан да ыстық "мақалы, суреттерге сүйене отырып, диалогтарда қарапайым сөйлемдер құруға жаттықтыру; А.С. Пушкиннің "Балықшы мен балық" ертегісінің негізгі мазмұнын мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Тепе-теңдікті сақтаймыз"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты бір қолымен жоғары лақтырып, бір қолымен қағып алуға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"С.Қалиев «Тұңғыш қазақ ғарышкері» өлеңін жаттау".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ғарыш туралы түсінік беру, | Мақсат-міндеттер: ертегіні оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру.<br><br>**Музыка**<br>"Атамекен"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге және музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Жер - ортақ үйіміз!"<br>Мақсат-міндеттер: Жер планетасы және ғаламшардағы | "Тепе-теңдікті сақтаймыз" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты бір қолымен жоғары лақтырып, бір қолымен қағып алуға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"С.Қалиев «Тұңғыш қазақ ғарышкері» өлеңін жаттау". (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ғарыш туралы түсінік беру, өлеңнің мазмұнын түсіне білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру. | өлеңнің мазмұнын түсіне білуге үйрету. | адамдардың өмірі туралы түсініктерін қалыптастыру, әртүрлі елдер мен ұлттарға қызығушылық пен құрмет сезімін ояту; балалардың сөздік қорын кеңейту. | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | **Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br>Тақпақ.<br>Ұшып, қонып жүр торғай,<br>Жем іздейді.<br>Серігіне табасын жегізбейді,<br>Құттай дәнді қиядан көзі шалып,<br>Байғұс сірә көрмейді өгіздерді.<br>Бақылау. Құстардың | **Көктемде ұзақ, тырна, қараторғайлардың ұшып келуін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br>Жұмбақтар.<br>Ұзақ тектес құс,<br>Шіркей жеп.<br>Ауыл маңынан<br>Ұзап кетпес құс.<br>(Қараторғай)<br>Талдың басында,<br>Жемі бар қасында.<br>Там тұр саялы, | **Құстардың ұяларын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ.<br>"Шым тостаған".<br>Далаға кім тастаған?<br>(Құстың ұясы)<br>**Бақылау.**<br>Тұмсығымен тістеген шөп, жүн-жұрқаны ұясына алып келген қараторғайды бақылау. Үй алдында ән салуын, қанат қағысын, басын | **Ұяны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ.<br>Ши түбінде шым кесе.<br>(Ұя)<br>Тақпақ.<br>Құстар ұя салады,<br>Жасауға жұмсақ ұяны.<br>Жабағы жүнді жияды,<br>Жайлы қып жасап ұяны | **Өсімдіктердің бірінші көктеуін бақылау (Ақселеу). (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br>Тақпақ.<br>Үлбіреген бақбақ,<br>Үлпілдеген аппақ.<br>"Уф!"-десем бақбақ,<br>Ұшасың ғой қаптап.<br>**Бақылау.** Назар аударыңыздар: жердің жылуымен жаңа өсімдіктер пайда бола бастайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді.<br>**Қимылды ойын. «Көптерді қуып жет». (дене шынықтыру)**<br>Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбексүйгіштікке баулу.<br>**Еңбек.** "Құстарды тамақтандыр". **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Әр балаға өзіне | Достарға аялы. (Құс ұясы)<br>**Бақылау.**<br>Көктемнің келуімен жәндіктердің жандануына байланысты, құстар көбейеді. Қар ерігенде ұзақтар құрт-құмырсқаны іздеп жерді шұқылайды. Олардың қимылдарына көңіл бөлу керек. Құстарға қамқор болуға баулу.<br>**Қимылды ойын. «Құлыншақ» (ұлттық ойын). (дене шынықтыру)**<br>Тізесін жоғары көтеріп, шеңберді айнала отырып, алға секіре білуге үйрету. Арқашықтықты сақтай білу, белгі бойынша кері жүруге үйрету, балалардың ұйымдастырушылық қабілетін дамыту.<br>**Еңбек.** Ауладағы жұмыс. Көшеттерді | шұлғып тұмсығын кеңінен ашады. Құс үйшігінің жанында, балаларды өзін байсалды ұстай білуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Өрт сөндірушілер». (дене шынықтыру)**<br>Гимнастика баспалдағынан жүру, балалардың өздерінің қимыл қозғалыстарын үйлестіре алуы. Сорғышты шайқау. Балалардың белгі бойынша қимыл әрекетін дамыту.<br>**Еңбек.** Жер қазу жұмысы (ағаштардың түптерін қопсыту, құрғақ жапырақтарды жинау).<br>Балаларды құрғақ жапырақтарды жинауға қатыстыру, белгілі бір жерге апарғызу. Балаларды | Жұмыртқасын салады.<br>**Бақылау.** Шатыр астындағы ұяны бақылау, ағаштағы құстардың ұяларының ерекшелігін белгілеу. Құстар ұяны жасайды. Өздері ағаш бұтақтарынан, жүннен, шөптен құрайды. Балапандарын ұрғашы құс басады, ал еркегі тамақ тауып, ұяның жанында ән айтып отырады.<br>**Қимылды ойын. «Кім шақырды?» (дене шынықтыру)**<br>Белгі арқылы шеңберге тұруға дағдыландыру. Жолдасының дауысын тануға үйрету, ойын шартын орындату. Жануардың дауысын салу, бұйрықсыз бұрылмау. Есте | Өсімдіктер алдымен күннің жылы қызуымен өседі. Бір-екі өсімдіктерді айыра білу. Өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Күшік пен мысықай». (дене шынықтыру)**<br>Гимнастикалық қабырғада 4 аяқтап өрмелеу қабілетін арттыру. Ептілік пен төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Гүлзарға гүл тұқымын себу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Өз еркімен таяқшамен қуыс жасауды және суаруды үйрету. Өз еңбегіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Құммен ойын. Алдын ала келісім арқылы өзара жұмыстарды бөлісу, бір-бірінің жұмысын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұнайтын ойынды ойнауға мүмкіншілік беру. **(дене шынықтыру)** | отырғызу. Балаларды бақта жұмыс істеуге баулу, гүлзар қазу, суару. Еңбекке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)<br>**Өз бетімен ойындар.** «Үй».<br>Балаларды 2-3 рөлге бөлу, ойын барысында бірлесу дағдыларын қалыптастыру. | тазалықты сақтауға және еңбек етуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Өз бетімен ойындар. «Гараж».**<br>Балалардың құралдарды дұрыс пайдалана білуге үйрету. Ойын барысында «жол» салуға басшылық жасау. Танымал ойындарды өз қатарларымен ұйымдастыру қабілетін арттыру. | сақтау мен төзімділік қабілетін арттыру.<br>**Еңбек.** Жер қазу жұмысы. Гүлзарлар қазу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Гүлзар жұмысында тәрбиешіге көмектесу, еңбек ету тапсырмаларын орындату. Ересектерге көмектесу, бастамасын мадақтау.<br>**Өз бетімен ойындар. «Ғарышкер». (шығармашылық іс-әрекет)**<br>Балалар құрылыс ойынында зымыран құруға үйрету, жағдай жасау, керек заттар мен ыңғайлы орын дайындау. Ойында татулық қарым-қатынасын тәрбиелеу. | үйлестіру және біріккен жігермен нәтижеге жетуге үйрету. |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар,** | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">дербес әрекет)</td></tr>
<tr><td>Түскі ас<br>12.50-13.10</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>Көркем сөз<br>Ыстық құймақ пісірдім,<br>Тәрелкеме түсірдім.<br>Дәмді болды құймағым,<br>Құйып жедім қаймағын.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы<br>13.10-15.30</td><td colspan="5">Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</td></tr>
<tr><td>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары<br>15.30-.15.40</td><td colspan="5">"Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>(дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Бесін ас<br>15.40-16.00</td><td colspan="5">Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.15</td><td>"Домино" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі</td><td>Дидактикалық ойын.<br>"Жаман - жақсы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда,</td><td>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті,</td><td>Ұлттық ойын.<br>Асықты тігіп ойнау<br>Бір топ бала, жастар жиылып келіп, тегіс жерді таңдап алады да оны тазартып, ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан тең етіп екіге бөледі.</td><td>Дамытушы ойын.<br>"Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін,</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер.<br>Ойынның нұсқалары көп.<br>Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз,<br>жақсы жігіт – көктегі жұлдыз.<br>Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, | қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады).<br>Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім. | Әр жағының қашықтығы балалардың жас мөлшеріне қарай белгіленеді. Сонда 1-1,20 см немесе 1,5 метрге дейінболады. Мұны «көн» деп атайды. Сонда ойнаушылардың өзара келісімі бойынша көннен 4-5 метр не одан да көп мөлшерде асық ататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді. Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады.<br>Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көнбе сызығынан шығарса, | логикасын, тапқырлығын дамыту.<br>Шарты.<br>1-нұсқа.<br>Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды немесе құбылысты көрсетеді.<br>2-нұсқа.<br>Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен қимылдарды көрсетеді.<br>3-нұсқа.<br>Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құбылыстар арасындағы себептік байланысты түсінуге үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға жаттығу жасау.<br>Міндеттері: балаларға сөйлем құрауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, келісілген сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Ойын барысы.<br>Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені…», «Балалар бастарына панама киді, өйткені…», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені…» | жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобусқа толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың".<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Кемемен саяхат".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы | Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:<br>- Бояудың бағысы қанша?<br>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала | оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар бойынша біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатынасушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді.<br>**(дене шынықтыру)** | **әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Ұшақпен сапар".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға ұшақпен сапарға шығу қандай әрекеттерден тұратынын, әуежайдың қандай орын екендігін түсіндіру; ұшқыш-пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы жаңа білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Еркін ойын: "Мұздату".**<br>Мақсаты: ерікті реттеу дағдыларын, ережелерге бағына білу қабілеттерін дамытуға арналған ойын.<br>Ойын барысы. Балалар әуеннің ырғағына секіріп, ойнап жүреді. Кенеттен әуен тоқтайды. Ойыншылар кідіріске ұшыраған күйінде қатып қалуы керек. Егер қатысушылардың біреуі қозғалып қойса, ол ойыннан шығарылады. Олар тек бір қатысушы қалғанға дейін ойнайды. | полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кемені жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың | "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**(дене шынықтыру)** | | ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар: "ұшақтың борты" - орындықтарды екі қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш-пилоттың алдында тұратын ұшақты жүрзуге арналған батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған ұшу алдында, ұшу барысында және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті.<br>Шарты.<br>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кемемен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды.<br>Балалар дайындық барысында теңіз | | | аяқталған кезде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті.<br>Шарты.<br>Педагог дайындық жұмысында ұшақпен сапарға шығу үшін, билеттерді салып алу қажеттілігі; ұшақпен ұшу алдында әуежай терминалында тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ бортына өтуге болатынын анықтайды.<br>Балалар әуежай, ұшақ салоны сияқты жерлерді суреттер және бейнежазбалардан алдын-ала көріп түсінеді.<br>Педагог стюардесса, пилот, бақылаушы полицей, есепші мамандарының адамдарды ұшақпен тасымалдау үшін қандай әрекеттер жасайтынын біртіндеп түсіндіреді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді. Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы басқа мамандық иелерінің қандай қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі | | | Ойын кезінде тек тиянақтау сұрақтары қойылады, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ) мамандардың міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға ұшақпен саяхаттау өте қызықты болатынын ойын барысында жеткізіп отыруы тиіс. Алғашында педагог балалардың мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тиіс.<br>Алғашында педагог балалардың жеке мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады.<br>Мамандар өз орындарына барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді содан соң кеме бортына шақырылады.<br>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше ережелерді орындау керек; тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз порты мен кеме борты - қоғамдық | | | орындарына барған кезде, балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ салонына шақырылады.<br>Стюардессалар көпшілікке жариялайтындай бірнеше ережені ескеруі керек: қол жүгін орнына салу; смартфондарды өшіру; қауіпсіздік белбеуін тағу; салонда шуламау, көршісіне кедергі жасамау; ұсынған тағамды алу; демалу; ұшақ қонғаннан кейін белбеуді шешу, қол жүгін алып шығу.<br>Стюардессалар мен ұшақтың пилотына қажетті нұсқауларды беріп жүргені дұрыс; балалар өз рөлдерін міндеттерін біртіндеп меңгеріп алады.<br>Ойынның соңында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орындардың бірі;<br>кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | | қорытынды жасауға болады: ұшақпен сапарға шығу кезінде көптеген ерекше ережелерді орындау керек;<br>жолаушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; әуежай мен ұшақ салоны - қоғамдық орын; ұшақ - ерекше әуе көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>**16.15-16.30** | Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу.<br>Әртүрлі бағыттағы | **"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды тез ойлануға тәрбиелеу.<br>Барысы. | **Өлең жаттау.**<br>Бала тілін дамыту.<br>Көкке ұшамын -<br>Ұшқыш болар баламын.<br>Соңына ерем<br>Ер ғарышкер ағаның.<br>(Тұманбай | **"Мен ғарышкер боламын" өлеңін жаттау.**<br>Аспан, аспан, арайлым,<br>Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын... | **Сергіту сәті.**<br>"Ғарышқа самғап ұшайық."<br>- Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, ұшақ болып ұшып, біраз сергіп алайықшы! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдері белгілерінің суреттері тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық.<br>Балалар суреттерді жылдам қойып шығады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | Молдағалиев)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Мен ғарышкер боламын.<br>Ж.Смақов<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Ғарышқа самғап ұшайық (саусақтарын бүгіп, қолдарын жоғары-төмен қозғау),<br>Аспан төсін құшайық (кеуде алдында бүгілген қолдарымен өзін құшақтау).<br>Қанаттарды кең жайып (қолдарды жан-жаққа тік жаю),<br>Ұшақ болып ұшайық (жайылған қолдармен ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу")<br>- Зуууу! Зуууу!<br>Балалар педагогке еліктеп әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды. |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуен**<br>**16.50-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Ыстық құймақ пісірдім,<br>Тәрелкеме түсірдім.<br>Дәмді болды құймағым,<br>Құйып жедім қаймағын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>Мақсат-міндеттер. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ халқынының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан |

| | |
|---|---|
| | қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.<br>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу.<br>Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.<br>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.<br>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп"** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кетіру әдісін таңдауға үйрету.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | еңбектенуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Гүлденген ағаштар"<br>Мақсат-міндеттер: көктем мезгілі келісімен табиғат оянып, ормандағы ағаштардың гүлдеп, бүршік атулары жайлы білім беру.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**«Түрлі-түсті гүл шоғы».**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоцианалды көңіл- | **"Дәрілік өсімдіктің атауын анықта?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға емдік қасиеті бар өсімдіктердің иісіне, түр-түсіне қарап, атауын табуға үйрету.<br>Шарты. Педагог дәрілік қасиеті бар өсімдіктерді дәріханадан әкеліп, кішкентай табақшаларға салып қояды. Балалар екі | **Вариативті компонент - Жас зерттеуші**<br>"Көктемгі ағаштар"<br>Мақсат-міндеттер: ағаштар туралы білімдерін кеңейту, ағаштарды ажырата білуге үйрету; ағаштардың маңызы туралы білімдерін кеңейту.<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>«Түстері бойынша бөл».<br>Өз еріктерімен | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Көктем көркі"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ашық және қою түсті жасыл түсті ермексаздарды қосу арқылы ағаштың ұшар басын жасап, мүсіндеудің шиыршықтау әдісін пайдалана отырып ағаш жапырақтарын жасау арқылы ағашты мүсіндеуге үйрету.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | **Пазл "Теңіздегі балықтар".**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың зейінін, ынтасын, байқампаздыққа, ойлау қабілетін, саусақ моторикасын, жылдамдығын дамытады. Теңіз балықтарының атауын атап білімдерін бекіту.<br>Ойын шарты.Теңіз балықтарының суреті бар пазлды құрау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күйін көтеру.<br>- Балалар біз, орман алаңымен келеміз деп елестетіңдер. Күн ашық, құстар сайрап жүр, самал жел соғып тұр. Өсімдіктердің хош иісін байқадыңдар ма?<br>Біз орманда саяхаттамыз, мұнда түрлі-түсті гүлдер бар, ақ, қызыл, көк, сары т.б..<br>Гүлдерді жұлуға болмайды. Олар біз секілді өмір сүреді. Енді, сіздерге ұнаған гүлді таңдаңыз. Оның түсін, көлемін байқаңыз, естеріңе сақтаңыздар. Енді бізге кейін оралу керек.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | топқа бөлініп табақшадағы кептірілген өсімдіктерді бақылайды. Әр топ өсімдіктердің атауын дұрыс тауып, олардың қасиеттерін естеріне түсіріп, айтып береді. Өсімдіктің атауы дұрыс табылса, тиісті таңбалауышты ыдыстың жанына қояды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br><br>**«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Сөйлеу тілін дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | суреттерді бояу.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | **"Көктем" өлеңін жаттау.**<br>Көктем қырға төрледі,<br>Төрт түлік мал төлдеді.<br>Бәйшешектер құлпырып,<br>Деп тұрғандай: «Көр мені!»<br>Жылы мезгіл жетіпті,<br>Тастадық біз етікті.<br>Қар көктемге жеткізбей,<br>Тауға шығып кетіпті!<br>К.Ыбырайұлы<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**“Не артық” ойыны**<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың қабылдауын анықтау, артық суретті айта білуге үйрету.<br>Шарты: 4 сурет берілген картокадағы артық суретті табу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | |
|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | **Жалпы дамыту жаттығулары "Қара жорға"**<br>1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау) |

| | |
|---|---|
| | 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br>1- оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу;<br>3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br>1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу;<br>3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1- екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br>1 - аяқты айқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас**<br>**09.00-.09.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Нәйім-нәйім, бауырсақ,<br>Қойға қарай жүгірсек,<br>Қой ішінде көк ісек,<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала үй күшік.<br>Нәйім-нәйім бауырсақ,<br>Бауырсақты қуырсақ.<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.20-09.30** | "Көктемгі ағаштар" тақырыбында әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Гүлденген ағаштар" суретіне қарап әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | Ағаштың түрлері, қасиеттері туралы әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | Ағашқа байланысты мақалдар жаттау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Тақырыпқа байланысты қызықты мәлімет айту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері** "[ц] дыбысы және Цц әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: балаларға [ц] дыбысы мен әрпін таныту. [ц] дыбысына байланысты жаңа сөздермен таныстыру.<br><br>**Қазақ тілі** "Й дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер. "Й" дыбысы мен әрпімен таныстыру. "Й" дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту. | **Сауат ашу негіздері** "[щ] дыбысы және Щщ әрпі". Мақсат-міндеттер: Щ дыбыстарын және Щ әріптерін таныстыру. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйрету.<br><br>**Математика негіздері** "Достық үйінің құрылысы" Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі оқиғалар, мен ертегілер мысалында және іс-тәжірибеде тұтас бөлікті тең екі және төртке бөлу тәсіліне үйрету.<br><br>**Музыка** "Көңілді көктем келді" | **Математика негіздері** "Достармен бөлісе біл" Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең төрт бөлікке бөліп, сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға, тез санауға жаттықтыру.<br><br>**Қазақ тілі** "Достық" ертегісін баяндау. Достық дегеніміз не?". Мақсаты: Қазақстандағы халықтар достығы туралы ұғымды дамыту; "Достық" ертегісінің сюжетін есте сақтауға, | **Математика негіздері** "Достармен бөлісе біл" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең төрт бөлікке бөліп, сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға, тез санауға жаттықтыру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту** "1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: 1 - мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін балаларға оқып беру арқылы түсіндіру.<br><br>**Музыка** "Біз бақытты баламыз" | **Сауат ашу негіздері** "[щ] дыбысы және Щщ әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: Щ дыбыстарын және Щ әріптерін таныстыруды қайталау. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйретуге дағдыландыру.<br><br>**Сурет салу** "Інжугүлдер" Мақсат-міндеттер: балаларды қылқалам мен мақта таяқшасымен салу техникаларын үйлесімді пайдалану іскерлігін ұштау; көктем гүлі інжугүлдің құрылым және түс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>"Құм толтырылған қапшықты лақтыру жаттығуын пысықтау"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 м) жүгіруге үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Қазақстандағы ұлттар мәдениеті"<br>Мақсат-міндеттер: балаларға Қазақстанда тұратын көп ұлттар туралы мәліметтер жиынтығын толықтыру. | Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға, музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға, дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратып, әуеннің басталуы мен аяқталуына мән бере білу қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні"<br>Мақсат-міндеттер: 1 - мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін балаларға оқып беру арқылы түсіндіру. | мағынасын түсінуге үйрету; стандартты емес жағдайларда достар айтқан негізгі сөз тіркестерін айтуға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Бір аяқты серпу арқылы орындыққа қарғып шығу"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірнеше қадам аттап барып бір аяқты серпу арқылы орындыққа қарғып шығуға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Көктем сәні"<br>Мақсат-міндеттер: ертегінің желісін кейіпкерлерін, мазмұнын түсіну. Ертегіні баяндауда өз ойларын алдымен ұштастыруға баулу. | Мақсат-міндеттер: балаларды еліміз туралы шығарманың мазмұнын тереңірек түсініп, соңына дейін тыңдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Тірі және өлі табиғат"<br>Мақсат-міндеттер: тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту; қойылған сұрақтың дұрыс жауабын табуға үйрету; қызығушылығын, есте сақтау қабілеттерін, шығармашылық қиялын дамыту. | ерекшеліктерін байқап, қағаз бетінде көрсете білу; қараңғы жасыл түсті араластырып жасау тәсіліне үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>"Бір аяқты серпу арқылы орындыққа қарғып шығуды пысықтау"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қырлы бөренелерден аттау арқылы орташа қарқынмен бір-бірлеп бір қатарда жүгіруге үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Көктем сәні" (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: ертегінің желісін кейіпкерлерін, мазмұнын түсіну. Ертегіні баяндауда өз ойларын алдымен ұштастыруға баулу. |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық 10.35-10.50** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен 10.50-12.30** | **Жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Шыбынның пайда болу ерекшеліктері, оның өмір сүруі туралы білімдерін дамыту. **Зерттеу.** Шыбындардың ұшуын қадағалау (ұшу ұзақтығы); шыбындардың көп шоғырланған ауданын табу (неге бұл аймақта шыбындардың көп шоғырланған және онымен қалай күресу керек). **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ас бұршақ тұқымын отырғызу. **(еңбек іс-** | **Жаяу жүргіншілер жолын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Жолдың жаяу жүргінші бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (кішкентай бұтақтарды жинау) Мақсат-міндеттер. Өз бетімен еңбектенуге үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)** **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал".** Мақсат-міндеттер. Балаларды ереже бойынша ойнауға үйрету, ептілікті, | **Өтіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Көлік түрлері туралы білімдерін бекіту, ересектердің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** "Өзіңе жұмыс тап". **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Балалармен осы жұмыстың мақсатын талқылау, еңбекті құрметтеу сезіміне тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Дәл тигіз". (дене шынықтыру)** | **"Серуендегі қауіпсіздік". Балабақшаның алаңында мақсатты түрде серуендеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Балаларды балабақша алаңын тексеруге шақыру, қауіпті жағдайлардың алдын-алу үшін не істеу керектігін талқылау. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарды тамақтандыру). Мақсат-міндеттер. Құстарды тамақтандыру үшін орынды таңдау; құстардың тіршілігін бақылау; балаларды құстарға қамқорлық жасауға шақыру. **(еңбек іс-әрекеті)** **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі". (дене шынықтыру)** | **Бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Әлемді тұтас қабылдаудың негізі ретінде, жер мен көктің бірлігі туралы сананы қалыптастыруды жалғастыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауладағы бұтақтарды жинау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Нұсқаулыққа сәйкес және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, жалпыға бірдей жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Асбұршақ отырғызу дағдыларын дамыту; еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Допты ұста". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Дәлдікті дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсат-міндеттер. Қабырғаға доппен ойнау техникасын жетілдіру. | батылдықты дамыту, ашық ойындарға деген қызығушылықты дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту**: "Жүгірейік". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Жылдамдықты, ептілікті дамыту. | Мақсат-міндеттер. Нақтылықты, ептілікті дамыту, өзіне деген сенімділікті қалыптастыру.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. | Мақсат-міндеттер. Балаларды жүгіруге жаттықтыру, ептілікті дамыту, дене белсенділігін арттыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Секірейік, шаршамайық" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттер. Балалар педагог белгілеген межеге дейін қос аяқтап секіреді. Ең бірінші секіріп, орнына қайтып келген бала жеңіске жетеді. | **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Ойын ережелерін айтуға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Ең жылдам".<br>Мақсат-міндеттер. Жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту. |
| **Серуеннен оралу 12.30-.12.50** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас 12.50-13.10** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз* | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Нәйім-нәйім, бауырсақ,<br>Қойға қарай жүгірсек,<br>Қой ішінде көк ісек,<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала үй күшік.<br>Нәйім-нәйім бауырсақ,<br>Бауырсақты қуырсақ.<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров)<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы<br>13.10-15.30</td><td colspan="5">Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</td></tr>
<tr><td>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары<br>15.30-.15.40</td><td colspan="5">Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты).<br>Аяқ массажы.<br>Мақсат-міндеттер: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету.<br>Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау .<br>(дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Бесін ас<br>15.40-16.00</td><td colspan="5">Алдына қойған асқа назар аудартру; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.15</td><td>Дидактикалық ойын «Қай өсімдік екенін тап».<br>Мақсат-міндеттер: тақырыпты сипаттау және оны сипаттама бойынша тану.<br>Ойын барысы.<br>Тәрбиеші бір баланы өсімдікті сипаттауға немесе ол туралы</td><td>"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу.<br>Ойын барысы. «Адам</td><td>"Күнді ата" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: күннің бөліктері туралы түсініктерді бекіту (таңертең, түстен кейін, кешке, түнге дейін)<br>Материалдар: күннің бөліктері</td><td>Дидактикалық ойын. "Ассоциациялар" (көктем мезгілі).<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың көктем мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "көктем мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға</td><td>Дидактикалық ойын. "Не жасырынғанын айт".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмбақ жасауға шақырады. Басқа балалар бұл қандай өсімдік екенін табуі керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Ұлттық ойын. Ханталапай**<br>Бұл отырып ойналатын ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады.Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асықтың ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт. Бір-бірден асық иіріледі де, қорытынды бойынша ойыншылардың кезектері анықталады. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға иіруі керек. | не істеді?» - тәрбиеші сұрақ қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені тудырды?». Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден шығып, оны өткізіп жібереді, бірақ егер ол сөзді ойлап тауып, атаса, оны қайтадан ойынға қосады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | бейнеленген карточкалар.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші балалармен бірге күннің неше бөліктен тұратындығын біледі, олардың аттарын атап, сәйкес суреттерді көрсетіп, дұрыс ретпен орналастыруды ұсынады (таңертең, түстен кейін, кешке, түнге).<br>Тәрбиеші күн құруды ұсынады және күннің бір бөлігін атайды. Балалар күннің қалған бөлігін тізімдейді және сәйкес суреттерді көрсетеді. Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Ұлттық ойын. Алтыатар ойыны**<br>Көндегі кенейлердің | ынталандыру; ой-қиялын дамыту.<br>Құралдар. Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба. Көктем мезгіліне байланысты мнемокарточкалар.<br>Шарты. Балалар көктем мезгіліне байланысты құбылыстарды, жанды және жансыз табиғатта болатын ерекшеліктерді атау керек.<br>Педагог балалардың тақырыпқа деген қызығушылығын ояту үшін тақпақты оқып беру мүмкін немесе балалардың қыс туралы білетін тақпақтарын кезекпен айтып бере алады.<br>Мысалы, Ө. Тұрманжановтың өлеңіне көңіл аударуға болады.<br>Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады далалар.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Қыр басына шығайық, | деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Шарты.<br>Алғашында жүргізушінің рөлін педагог, содан соң балалар кезекпен атқарады.<br>Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, бірақ оны атамайды.<br>Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.<br>Ойынның басында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым жән нақтылы беріп жатады, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды.<br>Мысалы,"Бұл өсімдік, қылқан жапырақты ағаштарға жатады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қалған ойыншылар өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» көз салады.Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады.<br>Хан алшы түспеген жағдайда иірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысы мен алшысын, тәйкесі мен тәйкесін бір-біріне соғып, бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе немесе бөгде асықты | **"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету.<br>Ойын барысы. Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** | бір шетіне түпте қалған ( сақасы шықпаған)баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны ─ 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Қалаған ертегіні** | Көктем тілін ұғайық.<br>Қызғалдақты терейік,<br>Теріп үйге келейік.<br>Көбелектей киінген,<br>Гүлді көріп сүйінген,<br>Алақайлап жүгірген,<br>Қып-қызыл бет – бүлдірген,<br>Қарындасқа қаршадай,<br>Жас балапан аршадай,<br>Гүлдің шоғын берейік,<br>Қуанғанын көрейік.<br>Педагог көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойынға көшеді. Егер балаларда қиындықтар туындап жатса, көктем туралы суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, кейін көз алдынан алып қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоциацияларды айтуды ұсына алады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | пішіні үшбұрышқа келеді"; "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпалы бар".<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Сюжеттік-рөлдік** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды. Межелі ұпай санын (100, 40) ойын жүргізуші алдын-ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады. Ескерту: Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орнынан қозғап түзетуге болмайды. Ойынның соңына дейін ханға бірде-бір асық тимеуі керек. Себебі ол – хан. **(дене шынықтыру)** | **Еркін ойын: "Менің бұлтым".** Мақсат-міндеттер: қиялды, зейінді, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту (ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады). Ойын барысы. Балалар ашық жерде, шөпте жайлы орналасады, тынышталып, көздерін жұмады. Тапсырма. Шабындықта демалуды елестетіп көріңіз. Құстардың дауысы естіледі, шөптер мен гүлдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды. Аспандағы бұлтты таңдап, оның неге ұқсайтынын айту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | **мазмұндау.** Мақсат-міндеттер: есте сақтау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; ертегілер әлемінде деген сүйіспеншілікті арттыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана".** Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар. Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді. Шарты. Педагог дайындық | **ойын. "Табиғи қорық".** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы, сөмкелер; ойыншық жануарлар және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жұмысында балалармен медицина мамандары жайында әңгімелесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек.<br>Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер | құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде табиғи қорық туралы суреттерді қарап, Қазақстандағы табиғи қорықтар жөнінде бейнебаяндарды тамашалайды.<br>Балалар орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері сияқты мамандардың табиғи қорықта не істейтіні (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге кесіп алуға тапсырма береді; ауру аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны көбейіп кеткен жыртқыштарды атып алады), қандай құралдарды қолданатыны туралы талқылап алу керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ететінін анықтайды. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып, белгілі орындарға қондырып, қимылға келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбау керек, оны қадағалап, көмегін беріп, қорғану да керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс 16.15-16.30** | **"Қағаздан бүктеу" оригами жұмысы.** Тақырыбы: "Тырна". Мақсат-міндеттер. Қағазды бүктеу арқылы әртүрлі аңдар, құстар мен гүлдердің пішіндерін жасауға мүмкіндік беру. **(шығармашылық іс-әрекет)** | **Жаңылтпаштар жаттау.**<br>1. Пеш үстінде бес мысық,<br>Пеш ішінде бес мысық.<br>Бес күзетші ... бес пысық.<br>2. Үш кіші ішік піштім,<br>Бес кіші ішік піштім,<br>Неше кіші ішік піштім?<br>3. Ұшып кетті үш құс,<br>Ұшып келді ұшқыш.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Тұманбай Молдағалиев «Гүлдер».**<br>Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,<br>Қызыл гүлдер, көк гүлдер,<br>«Жайнар кезім келді» - деп,<br>Қанаттарың желбіреп,<br>Таңмен бірге оянып,<br>Күн нұрына боянып,<br>Көрік бердің балаға.<br>Гүлдер, гүлдер не түрлі<br>Құлпырды да, жетілді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Жұмбақты ойдан шығару" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; дүниетанымын кеңейту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | |
| **Серуенге дайындық 16.30-16.50** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен 16.50-18.00** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Нәйім-нәйім, бауырсақ,<br>Қойға қарай жүгірсек,<br>Қой ішінде көк ісек,<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала үй күшік.<br>Нәйім-нәйім бауырсақ,<br>Бауырсақты қуырсақ.<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>Мақсат-міндеттер. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ халқынының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте |

| | |
|---|---|
| | қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.<br>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.<br>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.<br>Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу ); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)18.00-18.30 | «Ата-аналарға арналған 10 кеңес». | Кеңес:<br>«Саусақ жаттығулары». Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | Суреттер көрмесін ұйымдастыру. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | "Балаға баға бермеңіз, оның іс-әрекетін бағалаңыз" тақырыбында ата-аналарға кеңес. |

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Білім беру ұйымы:** «**Кәусар-Әли**» бөбекжай балабақшасы ЖШС
**Топ:** «» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жасар балалар

| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | 24.04 - 28.04.2023 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | 24.04.2023 | 25.04.2023 | 26.04.2023 | 27.04.2023 | 28.04.2023 |
| **Балаларды қабылдау 08.00-08.15** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру 08.15-08.30** | «Әжелердің немерелерді тәрбиелеуге арналған кеңестері» қабырға газеті. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер 08.30-08.55** | **"Өсімдіктерді құнарландыру".** Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің коректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. **(еңбек іс-әрекеті)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру).** Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. **(еңбек іс-әрекеті)** | ережелерді сақтауға үйрету: жеңдерді орау, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. **(еңбек іс-әрекеті)** | | желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** | біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты карауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **«Бес саусақ».**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортаң терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **«Төрт жақты лото».**<br>Мақсат-міндеттер. 1-ден 10-ға дейін санау, не бейнеленгенін, түсін, неше бірліктен тұратынын, саусақпен санап көрсету, балалардың ой-өрісін кеңейту, зейінді болуға тәрбиелеу.<br>Ойынның барысы. Бала аталған санды сурет арқылы, санның неше бірліктен тұратынын айтады және бәрін бірге | **"Дөңгелек, үшбұрыш, шаршыға ұқсайтын заттарды тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Пішіндерді қайталау, түстерді қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | **Үстел үсті ойыны «Есіңе сақта».**<br>Балаларға 5 түрлі сурет көрсетіледі, сосын педагог көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар қай суретті алып тастағанын байқап, атауын атайды. Педагог балалардың қаншалықты естеріде сақтағандарын тексереді.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | **Фотосуреттер қарастыру «Ұлттар достығы».**<br>Фотосуретте бейнеленген ұлттар достығы тақырыбында әңгімелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құрастырады. **(танымдық іс-әрекет)** | | | |

| | |
|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу 08.55-09.00** | **Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br>1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br>1-2-отырып, құрсауды алдына шығару; 3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br>1-құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою.<br>1-2-тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру.<br>Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1-құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас 09.00-.09.20** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Ас атасы ақ нанды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қадірлейміз шашпаймыз.<br>Тамақтану үстінде,<br>Асықпаймыз, саспаймыз.<br>Сүлгімен де орынды,<br>Пайдалана аламыз.<br>Шанышқы мен қасықты,<br>Қалай ұстайм қараңыз.<br>Тамақтану тәртібін,<br>Ұстанатын баламыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 09.20-09.30** | "Бір шаңырақ астында" тақырыбында әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Бәріне ортақ мереке" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Қалалар" сөздік ойыны. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Кемпірқосақтың түстері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Түстерді ажырата білуге үйрету; ашық және күлгін түстерді сезіну қабілетін жетілдіру, үлкен-кіші көлеміне қарай доғаларды дұрыс орналастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09.30-10.35** | **Сауат ашу негіздері** "[ч] дыбысы және Чч әрпі". Мақсат-міндеттер: әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. Оқудың түрлерін | **Сауат ашу негіздері** "[ч] дыбысы және Чч әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. | **Математика негіздері** "Мереке қарсаңында" Мақсат-міндеттер: балалардың 10 көлеміндегі сандар мен цифрлар мен | **Математика негіздері** "Мереке қарсаңында" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың 10 көлеміндегі сандар | **Сауат ашу негіздері** "ь,ъ әрпімен таныстыру". Мақсат-міндеттер: оқушыларды ъ белгісімен таныстыру, оның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
